8. Использовать дополнительные параметры и доступность сайта;

В дополнительных параметрах вы можете указать открытость вашего сайта, то есть ваш сайт может быть открыт для всех лиц, либо для приглашенных участников. Этот параметр можно будет изменить в дальнейшем.

9. Завершающим действием при создании сайта — это нажатие кнопки «Создать» [6].

Зачастую на данном этапе появляется ошибка «Выбранное вами местоположение недоступно». Это означает, что сайт с таким названием уже существует и нужно изменить его имя.

После прохождения данных этапов вы можете приступить к заполнению сайта видеоматериалом, ссылками и документами, чтобы поделиться своим

опытом в изучении английского языка, а также найти другие специализированные Google сайты для получения новых знаний.

Подводя итоги, стоит отметить, что дистанционное обучение, как один из современных видов получения знаний имеет полное право на существование в системе образования наравне с традиционными формами обучения

Использованные источники:

1. Вымятнин В.М. Информационно-технологическое обеспечение ДО // Открытое и дистанционное образование. - 2019. - № 1
2. Демкин В.П., Можеева Г.В. Технологии дистанционного обучения. - Томск, 2012 г.
3. И.Ильина, Р.Нургалиева: Методика преподавания английского языка; Учебное пособие рек.МО и науки РК для орг.тех. и проф.образования. Астана:Фолиант, 2016г.
4. Якоб Нильсен., Хоа Лоранжер., «Web-дизайн. Удобство использования Web-сайтов» 2019г.
5. Коряковцева Н.Ф.Теория обучения иностранным языкам; образовательные технологии-учебное пособие 201с.-Высшее профессиональное образование, 2015г.
6. Шмидт Э., Розенберг Дж.-Как работает Гугл издательство, Эксмо 2017г.

Научный руководитель: доцент Сидешова З.Г.

ҚАЗАҚ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ МИФТІК НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Аяпбергенов А.

alimwewe@list.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қиял-ғажайып ертегілер – ұлтымыздың фольклорындағы ең ескі жанрлардың бірі де бірегейі болып табылады. Оның пайда болу уақыты – алғашқы қоғамның пайда болуы уақытына тең. Сол себепті, ертегілердің осы жанрында адамзаттың көне тұрмысының біраз белгілері сақталған. Мәселен, матриархат уақытына жататын аналық ру мен біраз әдет-ғұрыптардың көрінісі: аналық мекен, дуалдық ұйым, аналық неке, одан бөлек магия, тотемизм, анимизм және тағыда басқалары сықылды наным-сенімдерді соның ішінде діни де наным-сенімдерді жатқызуымызға болады. Алайда, ескі заманның бұл көріністерін одан кейінгі уақыттың адамдары тек қиял ғана деп түсінген. Сондықтан, ертегі айтушы адамдар әрдайым өз ертегілерін «баяғы өткен заманда болған» деп бастайтын болған.

Қазақ халқының және ұйғыр халқының қиял-ғажайып ертегілері өзінара ұқсас болып келгендіктен олардың ортасында әртүрлі жанрлық ерекшеліктері

айырмашылық толы болып келеді [1, 192-б.]. Оның ішінде ең алғашқы пайда болған қауымға тән өте қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілерді кездестіруге болады.

Жоғарыда айтылған жанрдың мазмұнына, поэтикасына, қаңқа құрылысына сол кездегі батырлық жырлардың ықпалы зор болған. Қиял-ғажайып ертегілерінің біразының сюжеттік желісінде батырлық жырларындағындай тұрақты эпилогтар, прологтар кездеседі. Көп жағдайда, сюжеттің прологында ертегі кейіпкерлерінің қарт әке-шешесі мен кейіпкердің тууы туралы баян етіледі. Кәрілік жасына жеткенше перзент сүймей, баладан құр қалған құбас ата мен әже тәңірден перзент сұрап, түр-түрлі әулие маңында түнеп, жалбарынады. Олардың сұраған дұғалары қабыл болып бір балалы болады. Ол әрдайым сол ертегінің бас кейіпкері болады. Осы секілді сюжеттерді ұлтымыздың қиял-ғажайып ертегілерінде көптеп кездестіруге болады.

Ұлттық қиял-ғажайып ертегілеріміздің сюжеттік мазмұны әралуан болып келеді. Мысалы, онда бүкіл әлемдік, яғни, халықаралық сюжеттер, бізге өзге ұлтардан ауысқан да, тек өзімізге ғана тән де сюжеттік желілер бар. Бұған себеп, халқымыз ешуақытта ешкіммен араласпай, жабық есік саясатын ұстанып, өмір сүрген емес, керісінше жан-жақтағы бүкіл көршілес мемлекеттермен, мейлі достық қарым-қатынаста болсын, мейлі дұшпандық қарым-қатынаста болсын, әйтеуір, қарқынды қарым-қатынаста болған.

Көне заманда туып, ерте дәуірдің сипатын сақтап келгендігімен, қиял-ғажайып ертегілері дәлме-дәл сол қалпында емес, жалпы тұлғалық жағына қарап отырсақ, сан түрлі өзгерістерге ұшырағанын байқауымызға болады.

Айтылып отырған ертегілердің бас кейіпкері, оның эстетикалық мұраты – халық идеалы болып табылады. Ертегінің жалғыз мұратын мадақтайды.

Қазақ ертегілер мен ұйғыр халықының ертегілерінің бір ұқсайтын тұстары - кейіпкерлерінің бір екенінде. Қазақ халық ертегілері мен ұйғыр халық ертегілерінің бас кейіпкерлері – мерген, аңшы, батыр, жауынгер, тазша бала, кенже бала, және осыдан басқа да әлеуметтік теңсіздіктің нағыз өкілдері [2, 97-б.]. Бұл ертегілердің кейіпкерлерінің барлығы халықтың арман-мақсатынан дүниеге келген идеалды қаһармандар, былай айтқанда идеалды – халықтық құбылыс. Көне кездерді табиғаттың түрлі күштерімен арпалысып, күнделікті тіршілікте өмір үшін аңға шығып аңдармен шайқасқа түскен кезде, халықтың армандары, идеалдары – солармен арпалысып жеңіске жететін балуан, мықты батыр, мерген кейіпкерлер болды.

Содан кейінгі заманда, халықтың рулық қауымға көшкенде кезде адамзаттық идеалы өз руын бөтен рулардан, қатыгез дұшпаннан қорғайтын батырлар болды. Бұл идеология қазақ ертегілерін көптеп кездесетіруімізге болады [3, 114-115 б.]. Бұл қоғам ауысқанда бұл идеал мүлдем басқа болып өзгеріс тапты. Бұдан кейін, ол идеал – жоғалып бара жатқан қоуымның салтын қолдаушы, атасының жолдарын қуушы. Ол қазақ тұрмысындағы қара шаңырақтың, мұрагері, иесі болып қалатын – кенже бала, яғни, ең кіші баласы. Ұлттық ертегілеріміздің біразында бас қаһарман - кенже бала. Қауымда әлеуметтік теңсіздіктің шегіне жеткен уақыттаға ертегі идеалды

етіп, мақтайтын образ - әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі, жәбірленуші, қиындық көруші. Бұл уақытта қиял-ғажайып ертегілер халық тұрмысына етене жақындап, бұқара армананын дәріптеп, толық бұқараланады, халық мақсатын эстетикалық мұратқа айналдырып жібереді. Аталған жанрдағы негізгі тақырып – сиқырлы нәрселердің арқасында басты кейіпкердің небір таңғажайыптары мен ауыр қиындықтардан үстемдікпен өтіп, мақсат-мұратына жетуі.

Оның ішінде, әрдайым әділеттілік жеңіске жетіп, зұлымдық жазасын алып отырады. Ертегілердің осы бір түрінде дәстүрлі идеялардың жиынтығы оның құрылымы, сюжеттік желілерімен және кейіпкерлердің айқын талданып, анықталған идеясымен бірге бірқазанда қайнасып кеткен. Бұл қатаң бірліктен сәл бұрмалану қиял-ғажайып ертегісінің мүлдем басқа түрін өмірге алып келеді. Егер кейіпкер бүкіл күшін толығымен қолданып, небір қиындықтарды ұтып шықса, ол батыр атанады да, мұндай кейіпкері бар ертегі өзіндік бір бөлек ерекшелігі арқылы бөлектеніп дараланатын, батырлық ертегілер деп аталынады. Екінші жағынан, дәстүрлі сюжеттік құрылыстан ауытқу қиял-ғажайып ертегілеріне біршама бөтен әрі жақын идеялармен құрастырылады. Қиял-ғажайып ертегілердің классиктік түрі кейіпкерді бөлек дүниеге жіберу, таңғажайып сайманды кезіртуі, күрделі тапсырмаларды орындауы, жауыз күштерден құтылып шығуы, құда түсуі, секілді құрылымдық бөлшектерді ішіне біріктіреді. Ол көп жағдайда кейіпкерді үйленуі, содан соң, таққа отыруымен бітеді. Ертегілердің классикалық типі батыс пен шығыс елдеріне кең таралған. Ұлтымыздың қиял - ғажайып ертегілері ерекшеленетін дара болып тұрған дүние деп айтуға болмайды, бұл нәрсенің біраз сюжеттері дүниежүзіне мәлім ертегілердің нұсқалалары болып табылады.

Ертегі жалпы алғанда кейіпкердің үйден сапарға шығымен басталады. Оның негізгі себептері де сан алуан болып келеді. Мәселен: бірде мыстан кемпірдің алдын ала ескертуі бұзылып, әкесі оған ұлын жіберуге мәжбүр болады ("Қаратай"), бірде үйірімен жылқы ұрланып, ағайынды жігіттер ұрыны іздеп шығады ("Сәрсенғали") [4, 36-б.]. Бұлай басталудың түрлері барынша ескі болып келеді.

Алғашқы рулық қағамның өзгеруі және жанұя ішіндегі келіспеушіліктердің пайда болуы арқасында ертегінің басталуының да жаңа кейіпі дүниеге келді: "Үш қыз" бен "Алтын айдар" ертегілерінде бәйбіше тоқалдан туған балаларды тастауына мәжбүрлеп, оның орнына күшік салып жібереді, осыдан кейін, хан тоқалды сарайынан қуады [5, 21-б.]. Ертегілердің осылай басталуы ұйғыр халық ертегілерінде де кезігеді ("Шынтемір батыр"). Бұдан кейінгі уақытта ертегілерге әлеуметтік мотивтер кіргізіле басталды. Кедей жігіттің хан қызын ұнатуы . Мысалы "Барып кел де, алып кел", "Адам білмес тас", "Кенже бала").

Түйіндей келе, ұлтымыздың танымындағы мифтік ұғымдарды зерттеуде ертегілер – қайталанбас қазына деуге әбден болады. Ертегілерде кездесетін жоғарыда келтірілген үзінділер мұхиттай терең мысалдардың ішіндегі бір

тамшысы ғана. Оларды толықтырып әрмен қарай зерттеу арқылы біздер халқымыздың мінез-кұлқын, таным, болмысын тереңірек тануымызға тамаша септігін тигізеді деп ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. –М., 1975. – С. 235.
2. Қазақ және әлем халықтарының ертегілері – «Балауса» баспасы, Алматы қ., 2009. -176 б.
3. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Уч. пособие. –М.: Флинта, 2004. – С. 197.
4. Ақыл алдырмайды. Қазақ ертегілерінің анталогиясы. –Алматы: «Аруна» баспасы, -72 бет.
5. Райымова Қ. Ертегінің тәрбиелік мәні. – // Бастауыш мектеп. – 1998. – №4. 20-21 б.

Ғылыми жетекші: PhD, доцент Кушкимбаева А.С.

ПРИМЕНЕНИЕ ГРУППОВЫХ ДИСКУССИЙ И ТЕХНИКИ ИХ ОРГАНИЗАЦИИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ В 8 КЛАССЕ

Әбілтаева Д.

dinara.abiltayeva@mail.ru

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

Особенности интерактивного обучения в современной школе направлены на формирование готовности обучающихся к учебной деятельности и групповому общению, что предполагает создание таких психологических условий, в которых школьник на уроке литературы может проявить свою познавательную активность, коммуникативные свойства и выразить индивидуальность.

Рассмотрим особенности дискуссионного метода проведения занятий.

Дискуссия – от латинского «discussion» рассмотрение, исследование. Способ организации совместной деятельности с целью интенсификации процесса принятия решения в группе (в социальной области).

Дискуссия – «спор, обсуждение какого-нибудь вопроса на собрании, в печати, в беседе», - читаем в «Толковом словаре русского языка» С.И. Ожегова [1, с.167].

Гракова В.В., Шингирей Т.А. рассматривает дискуссию «как публичный спор, сопоставление различных точек зрения и поиск правильного решения спорного вопроса» [2, с. 22], а также дискуссию как способ убеждения.

По высказыванию Мухиной С.А. «дискуссия – это коллективное обсуждение конкретной проблемы, сопоставление различных позиций, информации, идей» [3, с.352].

Таким образом, мы считаем, что дискуссия — это публичное обсуждение или свободный вербальный обмен знаниями, суждениями в соответствии со сложным вопросом или проблемой. Дискуссия включает сочетание взаимодополняющего диалога и обсуждения-спора, взаимодействие разных точек зрения, убеждений.

Дискуссионные методы применяются на уроках литературы как эффективное средство активизации группового взаимодействия школьников, формирования у них умений критического мышления.

Темой дискуссии в интерактивном обучении может быть такой вопрос, который допускает различные толкования и оценки, тесно связан с современной

жизнью, лично значим для обучаемого, затрагивает его этические взгляды. Это способствует формированию умений у школьника рассматривать вопросы неоднозначно, многосторонне.

Отметим важные аспекты использования дискуссии для обучающихся.

1. Дискуссия направлена на активное, глубокое, личностное усвоение знаний школьниками. Она может приводить к заинтересованности проблемой, к осмысленному усвоению новых знаний, возможно к пересмотру прежних установок.

2. Дискуссия активно развивает коммуникативные навыки школьников, навыки уверенности в проведении спора. Участники активно вовлекаются в предмет спора, даже пассивные на занятиях, так как общая увлеченность темой спора в группе предоставляет им возможность не только прислушиваться к одноклассникам, но и выразить свое мнение, спорить, аргументировать.

3. Осуществляется обратная связь, которая позволяет учителю видеть правильность суждений, умение направлять ход дискуссии, убирать второстепенные детали, отвлекающие от темы обсуждений и формулирования проблемы.

Рассмотрим технику проведения дискуссий.

- Выбор и формулирование темы проблемного характера, содержащей противоречивые точки зрения, дилеммы, состав группы участников.

- Определение содержания(основных вопросов) и тайм-менеджмента дискуссии. Времени должно быть достаточно, чтобы рассмотреть все вопросы и различные точки зрения на них и, вместе с тем, не должен быть потерян интерес к обсуждаемой проблеме.

- Подбор необходимых источников, а именно: своевременное прочтение художественных текстов, справочных материалов, необходимых для подготовки к дискуссии.

- Учитель формулирует конечную цель дискуссии, заключающейся в достижении обязательного консенсуса или важным является рассмотрение проблемы с различных сторон, чтобы дать возможность всем учащимся высказать свою точку зрения, используя определенный эквивалент лексики, терминологию(драма, комедия, фарс и др.)

- Способы контроля за ходом дискуссии, поддержка активности ее участников, а также стимулирование интереса всех участников.

- Фиксирование предложенных идей для дальнейшего решения проблемы, подведение промежуточных итогов.

Для того, чтобы обобщить предложения, высказанные группой и подытожить достигнутые высказывания, учитель обязательно сравнивает достигнутый результат с исходной целью, а также оценивает, насколько общее решение является групповым. Учитель при этом достаточно предполагает имеющиеся точки зрения на постановку и решение дискуссионной проблемы, разбирается в аспектах аргументации, может иметь свою точку зрения на решение спорного вопроса, которую он высказывает при подведении итогов дискуссии. Важна при этом доброжелательная атмосфера, свободная от ограничений. Подгрупп может быть несколько, число участников минимальным, чтобы сохранить неформальную обстановку. Участники должны владеть аргументацией, не повторяться, уметь выслушивать членов подгруппы и других групп, не перебивать, не допускать личной конфронтации. Учитель при этом тактично вводит открытые вопросы, требующие обсуждения. Может быть и так, что общее решение не всегда бывает достигнуто, тогда необходимо предположить дальнейшие действия для того, чтобы результат дискуссии мог устроить всех. Принимается групповое решение вместе с участниками, акцентируется внимание на вклад каждого ученика в решение проблемы(например, задание: «Придумайте другой конец «Ревизора»: как бы могли развиваться события в комедии?»)

Дискуссии проводятся в школе свободные и направляемые. Свободная дискуссия проводится тогда, когда аргументация школьника продуманна, осознанна. Используется прием парафразы, если необходимо направить выступления участников, снизить степень эмоциональности, использовать речевые обороты, прозвучавшие в выступлении обучающегося.

На педагогической практике в рамках учебной программы по литературе в 8 классе, при изучении комедии Н.В.Гоголя «Ревизор» мы использовали свободную дискуссию, так как она создавала условия для открытого выражения учениками своих мыслей, позиции и содействовала возникновению альтернативных мнений. Учащиеся сначала заполнили таблицу с заданием: «Докажите примерами из текста, что «Ревизор» соединяет в себе разные виды комедии»[4, с.11]. Восьмиклассники рассмотрели виды комедий:

- 1) комедию положений,
- 2) комедию нравов,
- 3) сатирическую комедию,
- 4) социальную комедию.

Заполнение таблицы подтверждалось примерами из текста комедии. Затем был предложен проблемный вопрос, который звучал так: «Почему жанр «Ревизора» Н.В.Гоголя не фарс?». Каждый ученик выразил свое мнение в группе и ответы на данный вопрос были различными, но важность ответа сопровождалась аргументацией суждений. Некоторые из них приведем ниже:

«Жанр «Ревизора» — комедия, в ней Гоголь развивает традиции общественной комедии, заложенные Фонвизиным и Грибоедовым и поддержанные другими русскими комедиографами».

«Так как фарс не учит как правильно себя вести, чтобы не попасть в такую же историю, как герои».

«Комедию «Ревизор» нельзя отнести к данному жанру, поскольку в ней заложен глубокий смысл. Автор высмеивает чиновничество того времени, во всей своей красе, указывает в лице своих героев человеческие пороки. В финале пьесы Гоголь дает понять, что рано или поздно за свои неблагонамеренные поступки и деяния придется поплатиться».

«Ревизор» - сатирическая комедия, в которой высмеиваются социальные и нравственные пороки российского общества. В «Ревизоре» тесно переплетены комедия положений и комедия характеров. Это произведение задумано как комедия, в которой автор выразил глубокое сожаление, высмеивая пороки героев. Этим и не похожа комедия «Ревизор» на фарс».

«Фарс - это пьеса легкого, игривого содержания с внешними комическими эффектами. А в комедии Н.В.Гоголя «Ревизор» этого нет. Тем более фарс не учит как себя вести для того чтобы не попасть в эту ситуацию».

«Потому что цель фарса развлечь зрителя, а «Ревизор» обличает общество».

Также при изучении данного произведения задавались открытые, закрытые и наводящие вопросы. Например, «Жалко ли вам городничего? Если да - когда? Почему? А если нет- когда и почему?» Итог в конце дискуссии — это не столько конец размышления над данным вопросом, сколько ориентир в дальнейших размышлениях школьников, а также углубленной работе над художественным текстом.

Таким образом, дискуссия, как форма интерактивного обучения на уроках литературы в 8 классе, представляла собой использование эффективных способов формирования речевых умений и навыков обучающихся. Техники использования дискуссионных форм развивали интеллектуальные умения критического мышления школьников, поскольку критическое мышление – интеллектуально организованный процесс, направленный на активную деятельность учащихся по осмыслению, применению, анализу, обобщению и оценке информации, признаками которого являются: внимание к альтернативным точкам зрения, наличие собственной позиции и умение ее аргументировать.

Использованные источники:

1. Ожегов С.И. и Шведов Н.Ю. Толковый словарь русского языка/ М.:ООО А ТЕМП, 2009.
2. Интерактивное взаимодействие в обучении учащихся / под общ. ред. В.В. Граковой, Т.А. Шингирей. — Минск: БГПУ, 2009.
3. Мухина С.А., Соловьева А.А. Современные инновационные технологии обучения – М.:ГЭОТАР-Медиа, 2008.

4. Русская литература. Учебник для 8 класса общеобразовательной школы: в 2 частях/Г.З.Шашкина и др. -Часть 2 -Алматы: Мектеп, 2018.

Научный руководитель: к.п.н., доцент Халимуллина Н.Р.

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СЕМАНТИКАСЫ

Әмірғали Ж.

zhanar.amirgali@gmail.com

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тіл де, тілдегі сөз қабаттары да – түптеп келгенде жалпы халықтың өмір тіршілігінің жемісі. Оның даму кезеңдерін анықтау, қалыптасу, өзгеру, даму тетіктерін білу тілдің қазіргі күйін айқындай түсуге жол ашады [1,5-6 б.].

«Адамзат мәдениетінің ұлан-байтақ Еуроазиялық жазықтықтағы үлкен бір аумағы «Түркі әлеміне» тән. Ол ғана емес, бұл феномен Жер шарының екінші жартысына да етек жайғаны айқындала бастады» деп белгілі тілші ғалым Ә.Ахметов көрсеткендей, «түркі тектес халықтар «Түркі әлемінің» тарихи шеңберінен шығып, жер жүзіндегі 50-ден астам мемлекеттің құзырында жасайтын ең ірі халықтар тобына еніп отыр». Тілінің, салт-дәстүр, дала мәдениетінің тұтастығымен ерекше көзге түсетін «түркі әлемі» туыстық, жақындық, қауымдастық жағынан да бұл кең дүниеде жападан жалғыз емес. «Алтай теориясы» бойынша түркілер тамыры тереңнен қосылатын (біреулер оны генеалогиялық, енді біреулер тарихи байланыс деп қарайтын) бер жағы моңғол, тұңғыс-манжұр, ар жағы жапон, корей, угрофин, орал халықтарымен де жақындығы ғылыми дәлелденген нәрсе. Бұл қауымдастықты салыстыра зерттеу «Алтай теориясының» өзекті мәселесі. Алайда осы бір ғылымға белгілі жалпылама мағлұматты атап өтуіміздегі мақсатымыз: кең байтақ Еуроазия жазықтығында есте жоқ ескі замандардан бері қалыптасып, өзіндік барша болмысы айқындалған «Түркі әлемінің» өзегі, ұйытқысы болып саналатын, «өлісі» бар, «тірісі» бар, көптеген түркі тілдерінің өзара алыс-жақындығына, ортақ заңдылықтарымен қатар өзіндік айырмашылықтары да этимологияға қатысты. Неге біз «түркілердің тегі бір, сөз түбірі (төркіні) ортақ» дей тұра, сол тілдердің жеке-дара дамуын, дербестігін мойындаймыз? Неге «түркі әлемін» құрайтын түркілердің бір тобы өзара жақсы (тілмашсыз-ақ) түсініссе, екінші бір тобы өзді-өзін шала түсініседі, не мүлдем түсінбейді, аудармашыны қажет етеді? Міне, туыстас түркі тілдерінің табиғатын, тарихи даму үрдісін танып-білудің алғашқы шарты осы сауалдарға жауап беруге байланысты. Ол сауалдың бір сыры түрік ғалымдарының түркі тілдерінің (біздің термин бойынша) баршасын «түрік тілінің лехжелері (яғни «түрік тілінің диалектілері») деп қарап, әрбір жеке тілді «қазақ түрікшесі, «өзбек түрікшесі», «татар түрікшесі» т.т. деп атауды дәстүрге айналдыруында болып отыр. Бір қарағанда бұлайша

атау тарихи логикаға жат емес. Ондағы аяқ тірер негіз: «түрік тілдері» деген атау (яғни отандық түркітанушылардың дәстүрлі қолданып келген «түркі тілдері» - орысша «тюркские языки») барша түркі тілдеріне өкілеттік міндетін атқарып тұрған атау. Екіншіден, түрк>түрік атауы VIII ғасырдан бастап, Кіші Азия аймағына жан-жақтан жиналып, шоғырланып, тоғысу барысында қалыптасқан конгломерат (қырық ру) қауымның жиынтық атауы. Бұл тоғысу процесінде (қыпшақ, қаңлы, үйсін, қарлуқ т.б.) көптеген түркі тайпаларының ішінен оғыз тайпасы тарихи беделі өсіп, этникалық доминант болып саналса да, түрк>түрік атауы Кіші Азияда шоғырланған барша тайпаның ортақ, жиынтық атауы болып қалыптасты. Міне, «түрк>түрік тілдері» атауының «қолданысында тарихи негіз бар» дегенде айтар уәжіміз осы. Шындыққа салыстыру арқылы көз жеткізуге болатыны дәлелдеуді керек етпейтін тұжырым. Түркі тілдері қаншама жеке-дара дамыса да, қым-қиғаш араласуы бұрынғы замандарға қарағанда әлдеқайда шектелсе де, белгілі топ арасындағы, әсіресе тіл саласындағы жақындық мол сақталғаны да белгілі. Мәселен, қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қарашай т.б. халықтардың өкілдері өзара тілмәшсіз-ақ еркін қарым-қатынас жасай береді. Оғыз тобына жататын түрік, әзербайжан, түрікмендер туралы да осыны айтуға болады. Ал, енді осы екі топ тілдердің өкілдерінің өзара ауызша қарым-қатынасында дәл сондай жағдай бар деп айту қиын. Енді, «осы бір құбылыстың себебі, түп-төркіні неде?» деген заңды сауал туады. Бұл сауалдың жауабы бізді тіл дамуындағы объективті себептерден көрі, барша түркі тілдерінің ортақ даму заңымен әрбірінің ішкі даму заңдылықтарына бастайтыны белгілі. Мәселен, екі топты құрайтын оғыз тілдері мен қыпшақ тілдері өкілдерін алып қарайық. Бұлар, тарихына бақсақ, екі басқа дүниеде пайда болған тайпалардан емес, кезінде бір географиялық аумақта өзара жақын, көршілес елдер ретінде бір-бірімен тайпалық конфедерация түрінде жіті араласқан этностар болып саналады. Солай бола тұрса да, көріп отырғанымыздай, бүгінгі түрік тілі мен қазақ тілінің арасында елеулі айырмашылықтардың қалыптасып үлгергенін байқау қиын емес. Олар ең алдымен фонетика саласынан, одан соң морфология, одан соң синтаксис салаларынан байқалады. Дыбыс пен морфологияға байланысты өзгерістердің көбісін біз лексикалық бірлік тұлғаларынан айқын көреміз [1, 6-7 б.]. Дегенмен, бір негізден тарайтын қос тілдің (қазақ-түрік) ортақ лексикасы бар екені даусыз.

Ортақ сөздердің лексика-семантикалық жүйесін кешенді, тұтас тану үшін ортақ сөздердің барлығы, олардың әрбір мағынасы түгел тізбеленіп түгенделуі керек. Ортақ лексиканың саны мен сапасын айқындау арқылы ғана жүйелілік сипатты түсіндіруге, талдауға болады. Қазіргі түрік тілі мен қазақ тіліне ортақ лексиканың сандық мөлшері – жалпы түркілік лексиканың сапалық қасиетінің көрсеткіші. Салыстырмалы зерттеу негізіне 3000-ға жуық сөз бен сөз тіркесі алынды. Қос тілдегі ортақ лексиканың сөз таптарына қатысы төмендегідей:

Зат есімдер: *аба* (аба), *ачлык* (аштық), *ад* (ат), *адалет* (әділет), *адалетлилик* (әділеттілік), *адам* (адам), *адамлык* (адамдық), *аадет* (әдет), *адым* (адым), *афат* (апат), *афион* (апиын), *ағ* (ау), *аға* (аға), *ағач* (ағаш), *ағалык* (ағалық),

ағырлық (ауырлық), ағыз (ауыз), ағыз бирлік (ауызбірлік), ағызлық (ауыздық), аһир (ақыр), аһир заман (ақырзаман), акче (ақша), акыл (ақыл), акылдәжы (ақылшы), акын (ағын), аклык (ақтық), аксақал (ақсақал), аксақлык (ақсақтық), акшам (ақшам), алақарға (алақарға), алан (алаң), алем (әлем), алым (алым), алтын (алтын), аман (аман), амир (әмір), анне (ана), андыз (андыз), ант (ант), ар (ар), ара (ара), араба (арба), аралык (аралық), арка (арқа), арпа (арпа), арсызлык (арсыздық), аршын (аршын), арт (арт), асил (асыл), асыр (ғасыр), аскер (әскер), аслан (арыстан), астар (астар), ашхане (асхана), ашык (асық), ата (ата), ай (ай), аяа (ая), аяак (аяқ), аяз (аяз), айдын (айдын), аят (аят), айғыр (айғыр), айып (айып), айлык (айлық), айна (айна), айран (айран), аз (аз), азап (азап), азар (азар), азык (азық), азрайл (әзірейіл), баба (баба), бағ (бау), бағ бахче (бау-бақша), бағым (бағын), бағырсак (бауырсақ), баһадыр (батыр), баһар (баһар), бахче (бақша), бахт (бақыт), балык (балық), балта (балта), байкуш (байғыз), байрак (байрақ), базар (базар), бебе (бөпе), бебек (бөбек), бедел (бедел), бек (бек), бел (бел), берекет (берекет), бакрач (бақыраш), бал (бал), бала (бала), балбал (балбал), балдыз (балдыз), бап (бап), бар (бар), баш (бас), башкурт (башқұрт), бай (бай), бесин (бесін), бешик (бесік), бет (бет), без (без), безек (безек), билек (білек), билезик (білезік), билим (білім), бирлик (бірлік), бит (бит), биз (біз), бор (бор), боран (боран), борч (борыш), бой (бой), боз (боз), бөлүм (бөлім), булут (бұлт), бурчак (бұршақ), бургу (бұрғы), бурун (мұрын), буз (мұз), джады (жады), джан (жан), джансыз (жансыз), джар (жар), джерахат (жарақат), джеза (жаза), джин (жын), джеханнем (жаһаннам), джекет (жекет), дженазе (жаназа), дженат (жәннат), джиһан (жиһан), джиһангер (жиһангер), джиһад (жиһад), джиһаз (жиһаз), джума (жұма), чадыр (шатыр), чаре (шара), чыкыш (шығыс), чил (шіл), чорба (сорпа), чөп (шөп), чаршы (шаршы), чай (шай), чайан (шаян), чечен (шешен), чинар (шынар), чечек (шешек), чубук (шыбық), чырпы (шырпы), чолак (шолақ), чулпан (шолпан), чөл (шөл), дағ (тау), дал (тал), далак (талақ), дар (дар), дары (тары), давул (дабыл), даз (таз), дефтер (дәптер), делил (дәлел), демир (темір), демирказык (темірқазық), дениз (теңіз), дередже (дәреже), дери (тері), дестур (дәстүр), дидар (дидар), дилджи (тілші), динар (динар), дирлик (тірлік), диш (тіс), дизгин (тізгін), дөшек (төсек)

Сын есімдер: *абат (абат), абес (әбес), ажайып (ғажайып), аджы (ашы), ач (аш), ачгөз (ашкөз), ачык (ашық), ачык сачык (ашық-шашық), адалетли (әділетті), адалетсиз (әділетсіз), адил (әділ), адсыз (атсыз), ағачсыз (ағашсыз), ағалык (ағалық), ағыр (ауыр), аһмак (ақымақ), ак (ақ), акчыл (ақшыл), акыллы (ақылды), акылсыз (ақылсыз), аксак (ақсақ), ал (ал), ала (ала), али (алып), аналы (аналы), анасыз (анасыз), арлы (арлы), арсыз (арсыз), артык (артық), аскери (әскери), астарлы (астарлы), ач (аш), аталык (аталық), айыплы (айыпты), айыпсыз (айыпсыз), айсыз (айсыз), азат (азат), азгын (азгын), азиз (әзіз), баһтиар (бақтияр), белирсиз (белгісіз), бахтлы (бақытты), башка (басқа), берекетсиз (берекетсіз), берк (берік), бейтараф (бейтарап), булутсуз (бұлтсыз), бүйүк (биік), джанлы (жанды), джансыз (жансыз), джөмерт (жомарт), чаресиз (шарасыз), чолак (шолақ), дар (тар), дара (дара), диндар (діндар), докума*

(тоқыма), *дерменсиз* (дәрменсіз), *дерли* (дертті), *дини* (діни), *дилсиз* (тілсіз), *дири* (тірі), *файдалы* (пайдалы), *гөк* (көк), *гөркем* (көркем), *герексиз* (керексіз), *гөкчил* (көкшіл), *гүчлү* (күшті), *гүчсүз* (күшсіз), *гүнаһсыз* (күнәсіз), *һас* (хас), *һата* (қате), *һайырлы* (қайырлы), *илк* (ілкі), *каты* (қатты)

Етістіктер: *ачыкмак* (ашығу), *буйурмак* (бұйыру), *чөкмек* (шөгу), *дикмек* (тігу), *дизмек* (тізу), *екмек* (егу), *гелмек* (келу), *гитмек* (кету), *гирмек* (кіру), *гөчмек* (көшу), *гөнмек* (көнү), *герилмек* (керілу), *гурурламак* (құрылдау), *гүреשמек* (күресу), *гүлмек* (күлу), *ичмек* (ішу), *инанмак* (илану), *илмек* (ілу), *калмак* (қалу), *караламак* (қаралау), *кайнамак* (қайнау), *кайттармак* (қайтару), *казмак* (қазу), *кесмек* (кесу), *кесилмек* (кесілу), *кестирмек* (кестіру), *кысканмак* (қызғану), *кыймак* (кию), *курулмак* (құрылу), *олмак* (болу)

Сан есімдер: *бир* (бір), *ики* (екі), *үч* (үш), *дөрт* (төрт), *беш* (бес), *алты* (алты), *йеди* (жеті), *секиз* (сегіз), *докуз* (тоғыз), *он* (он), *йырмы* (жиырма), *отуз* (отыз), *кырк* (қырық), *елли* (елу), *алтмыш* (алпыс), *йетмиш* (жетпіс), *сексен* (сексен), *доксан* (тоқсан), *йуз* (жүз), *бин* (мың)

Үстеулер: *ачыктан ачык* (ашықтан-ашық), *ағыздан ағыза* (ауыздан-ауызға), *арабча* (арабша), *аса* (аса), *азар* (азар), *бирден* (бірден), *бираз* (біраз), *бирликте* (бірлікте), *бүгүн* (бүгін), *джансыз* (жансыз), *чағатайджа* (шағатайша), *еркекче* (еркекше), *ерте* (ерте), *ертеси* (ертесіне), *есен* (есен), *гери* (кері), *геч* (кеш), *гүнбе гүн* (күнбе-күн), *гүндүз* (күндіз), *һазыр* (әзір), *ихтимал* (ықтимал), *илери* (ілгері), *йукары* (жоғары)

Модаль сөздер: *елбетте* (әлбетте), *герек* (керек), *һаджет* (қажет)

Бейтарап сөздер: *вар* (бар), *йок* (жоқ)

Екі тілге ортақ сөздің негізінен зат есім, сын есім, етістік болуы туыс тілдердің көп мағыналы ортақ лексикасы заттың атауы, сын-сапасы, қимыл-қозғалыстың атаулары арқылы көрініс береді деген сөз. Ортақ лексиканың тақырыптық топтарын жіктесек:

1. Туыстық атаулар (*ата, аға, ана, баба, бала, еркек, жеңге, жезде, қожа, қыз, ұл, қайын ата, қайын ана, қардаш, келін, жиен, қайын аға, балдыз*)

2. Жан-жануарлардың атаулары (*айғыр, арыстан, ат, есек, ягуар, қабылан, қаракөл қойы, қой, панда, барыс, пингвин, пума, антилопа, құндыз, теке, маймыл, марал, түйе*)

3. Құс-жәндік атаулары (*балық, байғыз, бит, шіл, фламинго, камбала, құзғын, қарға, кашалот, құс, қаз, кекілік, кесіртке, кене, көбелек, қырықаяқ, аққу, құрбақа, құрт, ләйлек, сазан, су жылан, тауық, тырна, жылан, шаян, тауыс, торғай*)

4. Дене мүшелерінің атаулары (*ауыз, аяқ, ая, арқа, балтыр, асық, бет, ет, жүрек, елі, білек, білезік, тізе, іш, бел, бас, талақ, мұрын, мойын, қарын, қол, құлақ, өт, өкше, табан, тіс, қабырға*)

5. Ыдыс-аяқ, құрал-жабдық атаулары (*ау, ауыздық, айна, бау, байрақ, бесік, біз, блокнот, бояу, бұрғы, шырпы, дәптер, тізгін, төсек, ине, қалқан, кесе, құты, перде, радио, себет, доп, тор, балта*)

6. Өсімдік атаулары (*андыз, арпа, бегония, бұршақ, шай, шынар, шешек, тары, алма, өрік, қияр, асқабақ, кактус, қамыс, қарағаш, қарбыз, қауын,*

қайың, көк, көкнар, лалагүл, лимон, лотос, маш, мимоза, анар, папирус, сарымсақ, соя, сүмбіл, шабдалы, темекі, жүзім, жапырақ, запыран, ананас, айва, бадам)

7. Табиғат құбылыстарының атаулары (ағын, аяз, ай, айдын, тау, шөл, күн, теңіз, жер, жел, сел, тасқын)

8. Ас-ауқат атаулары (Айран, бал, ет, жұмыртқа, ұн, сорпа, пицца, сүт, майонез, тұз, шай, какао, кекс, шекер, қымыз)

9. Жыл мезгілдері атаулары (қыс, бахар (көктем), жаз, күз)

Біздің зерттеу объектіміз ретінде алынып отырған дыбыстық өзгеріске ұшырағаны, ұшырамағаны, мағынасы сәйкес және сәйкес келмейтін (жалған эквиваленттер) сөздердің барлығын сандық және сапалық өзгерімін бағамдау, талдау, тұжырым жасау үшін этимологиялық сөздіктер, қазақ-түрік ғалымдарының зерттеулері, қос тілді сөздіктер пайдаланылды.

Қазақ тілін жалпы түрік тілдері негізінде салыстыра зерттеген еңбектердің қарасы мол екені айқын. Ал, қазақ тілін қыпшақ тілдерінен бөлек, оғыз тілдерімен салыстыра зерттеген салыстырмалы зерттеулер аз. Кеңес Одағы кезінде кеңестік түркітану ғылымы, көбінесе, өзге елдердің тілін танымдық тұрғыдан, оның өзінде тілдің формалдық сипаты мен құрылымдық жағын (грамматикалық) ғана зерттеп-зерделейтін. Ондай еңбектердің өзін де аса мол деуге болмайды [2, 152 б.]. Ал Түркияның тілші-әдебиетші ғалымдары тарапынан бұл бағытта талай еңбектер жазылған. Атап айтқанда: Е.Д.Өздемир, М.Арсланның «Салыстырмалы тіл білімінде Түркия түрікшесі мен Қазақ түрікшесіндегі әлем, аспан контекстінде ауа-райының құбылыстарына байланысты аталған активтердің салыстырмасы», «Бүгінгі түрік тілі мен қазақ түрікшесінің сөздік қоры және әлеуметтік өмірінің салыстырмалы лексикасы», Е.Атмаджа «Қазақ түрікшесіндегі «көз» соматикасымен құрылған фразеологизмдердің құрылымдық-семантикалық ерекшелігі», «Қазақ түрікшесіндегі мақал-мәтелдер және «тіл» соматикасына құрылған мақалдар», Б.Ақчалы «Қазақ түрікшесі мен Түркия түрікшесі мақал-мәтелдеріндегі жақсы-жаман ұғымдарының салыстырмасы», Б.Мұса «Қазақ түрікшесі мен Түркия түрікшесіндегі ортақ етістіктер», Ф.Бекч «Қазақ түрікшесіндегі соматикалық тұрақты тіркестердің Түркия түрікшесіндегі аударымы», Ф.Озкан, Г.Шадиева «Соматикалық фразеологизмдер» және т.б. жұмыстарды көптеп келтіруге болады. Ал бұл тақырып Қазақстанда енді ғана игеріле бастады. Алайда олар қазақ тіліне аударылып басылмағандықтан, қазақ зерттеушілеріне әлі де болсын қолжетімді болып ғылыми айналысқа түспей жатыр. Негізгі мәселе қазақ тіліндегі түрік тілін зерттеуге арналған еңбектердің аздығы екені ашыла түседі. Оның бір шетін соңғы кезде Түрік зерттеушілерінің өздері де жоғын іздегендей дабыл қағып жазып та жүр. Сондықтан біздің зерттеуіміз және ұсынғалы отырған «Қазақ-Түрік тілдерінің ортақ лексикасының салыстырмалы сөздігі» алдағы уақытта қазақ-түрік тілдері лексикасын зерттеушілер үшін қажетті материал болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 256 - бет. 2014 ж.
2. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК . – Астана, 2015. – 456 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997 – 256 бет.
4. Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша). Монография. – Алматы: Кантана-пресс, 2011. 552 б.
5. Г.М.Раева. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері. Монография. – Алматы: ЖК «LP-Zhasulan», 2019. – 154 б.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, Рауан, 1991. – 216 бет.
7. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе: Оқу құралы. – 2 бас. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 248 бет.
8. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк») – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 192 бет.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Мұратбек Б.Қ.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ИГЕРТУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Әнуар Н.С., Жазықбаева К.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Көркем шығарма – рухани жаңғыруға бастар зерде мен зейіннің құймасы. Ал қазіргі таңда оқырман моделі, көркем шығарма оқу мәселесі, оқырман талғамы туралы ой қозғау – қоғамның өзекті де жанды саласы. Мәселенің салмағы ауыр. Ең алдымен айтарымыз, көркем әдебиет – қастерлі өнер. Көркем әдебиеттің құндылығы ешқашан төмендемек те емес. Бұл жерде көркем шығарманы біреудің оқуы не оқымауының қатысы жоқ. Даусыз ақиқаты – әдеби шығарманың адамның күллі ойы мен қиялын баурап, биік қоғамдық идеяларға, арман мен мұраттарға жетелейтіндігі. Бұлайша тұжырым жасау – қазіргі құндылықтар алмасқан дәуірде ескірген сенім емес пе дерсіз?! Асылы, белгілі бір көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығына, оқырманның эстетикалық сезімге бөлей алатынына шүбә жоқ!

Көптеген мамандар цифрлық технологияға етене жақын өскен ұрпаққа білім беру тәсілдерін өзгерту керек деп санайды. Дәстүрлі білім беру жүйесінде технологиялардың әсері ерекше байқалады. Мысалы, кітаптағы мәтінді көрген оқушылар қолындағы телефонмен Instagram мен Snapchat секілді суретті қосымшаларға кіреді. Ол балалардың мәтінді қабылдауын бәсеңдетеді.

«Қазіргі таңда оқушыларға үзіліссіз күрделі әрі ұзын мәтін оқыту мүмкін емес. Бұрын оқушылар көп мәтін оқудан қашпайтын еді. Қазіргі балалар өте шыдамсыз», дейді Калифорния штатындағы Сакраменто мектебінің ұстазы Эрика Свифт. [3]

Білім беру саласында баланың зейіні түсінген адамға өте құнды. Себебі ол есте сақтау қабілетіне әсер етіп, тақырыпты терең түсінуге, жақсы меңгеруге әкеледі. Ал тақырыпқа ықылас қоя алмаған балалар ақпаратты өндей алмайтын болады. Осылайша тақырып балалардың естерінде қалмай, оқушылар анализ жасау, сыни ойлау, ақпарат туралы өз пікірін қалыптастыру секілді маңызды компоненттерден алыстайды. [2, 292-295 б.]

Педагогтардың электронды білім беру саласындағы білім мен біліктерін: базалық компьютерлік білім мен білік және кәсіби бағдарланған компьютерлік білімдер мен біліктер деп қарастыруға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің прогресивті өсімін ескерер болсақ, тек қана базалық компьютерлік білік пен дағдыны меңгеру жеткіліксіз. Ұстаздың әр тарапты ізденушілік қасиеті үнемі қозғалыста болуы, инновациялық-технологиялық бағыттағы ізденушілігі де үнемі үрдісте болуы тиіс. Электронды білім беру жүйесіне сай педагогтардың біліктілік деңгейлерін келесідей тараптарға жіктеуге болады: қарапайым-бейімдеушілік деңгей. Бұл деңгейде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Екінші іс-әрекеттік-ізденістік деңгей. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді. Үшінші жүйелік – шығармашылық деңгей. Электронды оқу-әдістемелік құралдар мен веб сайттар құрастыру. Білім беру стандарттары заманауи педагогтан жоғарыда аталған деңгейлердің 2 және 3 деңгейге сай болуы керек. Осы орайда, мектеп мұғалімдері дайын білім беру платформаларын қолданып қана қоймай, электрондық құралдарды жасап, өз тәжірибелерімен бөлісуде. [1]

Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. [4, 174-178б.]

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ахметқалиев Н.Н., Жұмаханова Ж.Б. Цифрлық білім беру – заманауи оқытудың кілті // 19.06.2020ж. URL: <https://bilimdinews.kz/?p=109692>
2. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану / А. Е. Абилхасимова. — Текст : непосредственный //

- Молодой ученый. — 2020. — № 14 (304). — С. 292-295. — URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/>
3. Қуанышбек А. ВВС: Цифрлық технология білім жүйесін өзгертуді талап ете ме? // 24.02.2019ж. URL: <https://baq.kz/news/othernews/digital/>
 4. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009.—Т.ІІІ.—Б.174–178.

Ғылыми жетекшіі: ф.ғ.к., доцент Айтбенбетова А.Қ.

АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚТЫҢ ЕМЛЕ ЖАЙЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Бақтығалиева Ә.Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақ лингвистикасы ғылымы өзінің даму тарихында түрлі көзқарастар мен ғылыми тұжырымдардың, теориялар мен зерттеулердің куәсі болған. Сондай дәйекті тұжырымдар мен ғылыми зерттеулердің авторы, қазақ тіл ғылымында ғана емес, ұлт психологиясын дамытуда, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде, жалпы қазақ халқының ұлттық болмысында өзіндік қолтаңбасы мен өрелі биіктігі бар Р. Сыздық – ғалым ретінде де, адамдық болмысы жағынан да қайталанбас тұлға. Академик Р. Сыздық тынымсыз ізденісі арқылы тіл ғылымының өзекті мәселелері қатарында аталатын әдеби тіл нормалары мен олардың қалыптасу ерекшеліктері, тіл мен сөйлеу мәдениетінің нормативті қалыптары, жазу мен емле заңдылықтары, Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі орны, А.Байтұрсынов және тіл білімі мәселелері, лингводидактика және қолданбалы лингвистика, Абай тілінің ерекшеліктері, түркітану мәселелері, тарихи лексикологияның негізгі қырлары, көркем мәтін лингвистикасы және оны талдау, тіл білімінің жаңа бағыттары, қазақ тілінің синхрондық және диахрондық жағдайы, тілдегі мақсатты-стильдік саралану секілді тілдік проблемаларды көтеру арқылы жалпы теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды тұжырымдардың жасалуына орасан зор үлес қосты. Соның ішінде ғалымның қазақ орфографиясына қосқан үлесі мол. Ол қазақ тілінің орфографиялық сөздігін түзісуге 1960 жылдан бері үзбей қалам тартып келеді. [1].

Ғалымның қазақ орфографиясына қатысты негізгі еңбектеріне қысқаша тоқталатын болсақ, олар:

1. «Қазақ тілі методикасының негізгі мәселелері» (1954 ж.);
2. «Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы бойынша анықтағыш» (1959 ж.);
3. «Қазақ тілі орфографиялық сөздігі (1960 ж.);

4. Қазақ тілінің анықтағышы (2016 ж);

5. Тілдік норма мен оның қалыптасуы (2001 ж) т.б.

Осы аталған еңбектерінің ішінде «Қазақ тілінің анықтағышы» атты туындының орны ерекше. Бұл еңбегінде бірқатар қағидалар айқындала түсті, біріккен сөздердің жазылуын реттейтін баптар қосылды. Әсіресе, ғылым мен техниканың әр алуан саласына қатысты терминдік мағынаға ие болған сөз тіркестерінің қосылып жазылатындығы баса көрсетілді. Екі түбірден құралып, техника, шаруашылық, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал- жабдық, ұғым атаулары мен мамандық, кәсіп пен қызмет иелерін атайтын сөздер бірігіп жазылады деген ереже заңдастырылады. Кісі аттарының емлесіне де ескертулер қосылды: екінші сыңары **к, қ** дыбыстарынан басталатын есімдердің естілуінше жазылатыны айтылады. Бұл өзгеріс, жаңалықтардың әрқайсысы өзіне тиісті ережелер ішіне енгізіліп, толық көрсетілді. Сондай-ақ еңбекте орфографиялық сөздік берілген. Оның өзге орфографиялық сөздіктерден айырмасы - мұнда сөз тіркестері реестр ретінде ұсынылады (қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігінде немесе мектепке арналған емле сөздіктерінде құрамындағы сөздер бір-бірінен бөлек жазылатын тіркестер сөзтізбеге шығарылмай, ұяда беріледі). Оның үстіне, мұнда өзге емле сөздіктерінде орын алмаған кейбір көне, жаңа, жергілікті сөздер мен сирек жұмсалатын тұлғалар қамтылды. Сондай-ақ **хисап /есеп, ертегі/ ертеқ** сияқты бірқатар жарыспалы тұлғалардың емле сөздіктерінде қатар орын алу себептері және қазіргі қазақ әдеби тіліндегі варианттар жайы түсіндіріледі.[2]

Академик Р.Сыздық еліміздегі латын әрпіне көшу үрдісінде назардан тыс қалдырмаған және бұл үрдісті қолдайтындығын айтқан. Бұл туралы 2001 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» алғы сөзінде «Тегінде, бүгінгі саясат пен өмір талабына орай жаңа латын жазуын қабылдау идеясы жүзеге асатыны даусыз шындық деп жазды. [3, 59].

Акад. Р.Сыздық латын графикасына негізделген қазақ жазуының орфографиялық тәртібін түзуде ең басты назар аударылуға тиіс мынадай тұстарын (ұсыныстарды) атап көрсетеді. Алдымен ғалым латын графикасына негізделген ереже жүйесінің баптарын тізіп толық кодексін ұсыну қиын, өйткені алдымен графиканың қазақ тіліне сай нақты әліпбиі түзілуі керек дегенді баса айтады. Р.Сыздық қазақ тілінің өзіне тән [ə], [θ], [i], [ʏ], [y], [κ], [ɣ], [ɲ] дыбыстардың таңбалары әліпбиде арнайы таңбамен берілу керектігін ескертеді. Ғалым латын және кирилше жазуымен бірдей келетін тақырыптарға қатысты емле баптары сақталады, яғни қос сөздердің бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, шылау сөздердің, бас әріптің жазылуына қатысты ереже баптары көп өзгермейді. Тек бөгде тілдік сөздерге қосымшалардың жалғану ретіне байланысты және бөгде тілдік сөздерді қазақыландырып жазуға байланысты бірнеше емле баптары енгізілуі керек дегенді ескертеді.

Р.Сыздық орфография қосамжар болмауы үшін қазіргі қазақ әліпбиіндегі **щ, ц, ё, я, ю** әріптерінің және **ь, ь** белгілерінің таңбасын әліпби құрамынан

мүлде алып тастап, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптарын қарастыру керек,- дейді. [4]

1996 жылы жарық көрген «Емле және тыныс белгілері» атты еңбегінде бірге және бөлек жазылатын сөздерді нақты мысалдармен жүйелеп көрсетеді.. Ғалымның пікірінше біріккен сөздердің бірқатары түбірін сақтап, енді бір шамасы өзгерген қалпында жазылады деп көрсетеді. Мысалы: **алабұға, алақоржын,кәсіподақ, өнертану, бүрсігүні, қарағаш, анару** . Ал біріккен сөз болатын сөздерді төмендегідей атауларға жатқызады:

1. Жалқы есімдер / топономикалық атаулар, кісі аттары/

2. Ғылым мен техниканың әртүрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған күрделі атаулар.

Флора мен фауна дүниесінің терминдік атаулары болып келетін күрделі сөздерді біріктіріп жазу үшін төмендегідей талаптар қояды:

1. **ақ, қара, көк, сары** т.б түсті білдіретін сын есімдер дербестігінен айырылған сөздермен бірігіп белгілі бір жан- жануар, құс, өсімдік атауын білдіреді: **алақоржын, ақиық, аққу, көкқұтан** т.б.

2. Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер екінші сыңары құс, ағаш, балық, құрт,шөп, гүл, торғай, жидек, жеміс сияқты аң-құс, өсімдіктің жалпы атауы болатын сөздер бірге жазылады. **Қараторғай, сарышөп, қызылжидек** т.б.

3. Бірінші сыңары есім сөз, екінші сыңары шөп, өсімдік, тауық, құрт сияқты жалпы атаулар: **әтіргүл, бояушөп, барқытгүл** т.б.

Ғалымның бұл еңбегінен сөздердің бөлек және бірге жазылуы ғылыми негізде жүйелілік пен бірізділікке құрылғанын көруімізге болады.

Қорыта келе, Рабиға Сыздық- сөз тарихына, сөз әсемдігіне, сазына, әуеніне, қолданылу мәдениетіне терең бойлап, білгірлікпен талдау жасаған сирек талант, ірі ғалым. Сөздің мәнін ашу, көне жазбалардағы сөздердің қалай қолданылғандығын анықтау зор жауапкершілікті, ұқыптылықты, төзімділікті қажет етеді. Профессор бұл қиындықтарды сезіп біле тұра тіл тарихын зерттеуге ерекше ден қойды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нұрдәулетова Б. «Қазақ орфографиясының мәселелері» /арнаулы семинарға арналған әдістемелік оқу құралы/ Ақтау, 2009.-59бет
2. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Алматы: Мектеп, 1959. 224 б.
3. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000 – 59 б.
4. Сыздықова Р.Г. Вопросы развития казахского правописания //Вопросы казахской филологии. Алма-Ата, 1964. С. 89

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Иманғазина А.Ә.

ЭМОЦИОНАЛДЫ БІРЛІКТЕР: КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ТІЛДІК ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Балғабаева О.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тіл білімінде "эмоционалдылық - (лат. Emovere-еліктіру, толқыту) фр. emation - қоршаған болмасқа деген адамның әртүрлі көңіл-күйі, сезімі, әсері. Эмоциялық өң берілген лексика ұнату мен ұялту, үрей мен қуаныш, масаттану мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы уайым, зарығу т.б. көптеген мағыналардың қолданылуы (қара. эмотивтік, экспрессивтік, одағай) деп түсіндірсе, экспрессивтілік (лат. expressio-выражение, мәнерлілік) ағыл. Expressivity expressivitat (мәнерлілік) - тіл единицаларының семантикалық стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі. Кез келген жаңа саланың ауқымы кең, қарымы құлаш болуы заңды. Көркем әдебиет тілі зерттеуге түскенімен, оның ашылмаған не жете зерттелмеген нысандары көптеп саналады. Тілде кейіпкер мінездемесіне қатысты тәсілдер «көркем шығарма тілі» деген ауқымды зерттеуде қамтылып, құрамдас талдауда жүреді. Кейіпкер мінезін беруші тәсілдер жан-жақты ашылып, тілдік тұрғыдан жеке арнайы талдауларға түсуі қажет.

Кейіпкер болмысын, мінез-құлқын айқын танытатын тәсіл – портрет. Көркем шығармада автор кейіпкерін тікелей өзі суреттейді не кейіпкердің мінез сипатын басқа бір кейіпкерлердің көзқарасы тұрғысынан береді. Қалай болғанда да мұның негізінде автордың өзі тұр. Авторлық мінездеме – көркем шығарманың тұрақты компоненттерінің бірі. Авторлық мінездеу құрамына кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін, жүріс-тұрысын яғни портретін және мінез-құлқын суреттеу жатады. Көркем шығармада кейіпкер тұлғасы бір ғана тәсілдің көмегімен жасалмайды, барлық амал-тәсілдердің жиынтығы кейіпкер сомдауға қызмет етеді. Портрет те – кейіпкерді мінездеуші амал. «Әдебиеттегі адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын, суреттеуді портрет дейтін болсақ, бұл да – образ жасаудың өзгеше бір тәсілі, жолы, амалы» [1,110]. Авторлық мінездеуді кең ауқымда қарастыруымыздың себебі қазақ тіл білімінде бұл тақырыпта арнайы зерттемелер жоқ. Портрет тек әдебиет ғылымы саласында зерттелініп келеді. Орыс тіл білімінде портреттік суреттеулерді тілдік тұрғыдан зерттеген көлемді еңбектер қатары баршылық [2,147].

Портрет – кез келген көркем шығарманың тұрақты құрылымдық элементтерінің бірі. Портрет атауы «кейіпкер» ұғымымен тығыз байланысты. Жалпы, портрет әдебиеттануда екі негізде ұсынылады:

1. Портрет – белгілі бір жазушы не ақын, өнер адамы, қоғам қайраткері жайлы деректі не мемуарлы очерк. Мұны «әдеби портрет» деп атайды.
2. Портрет көркем шығармада кейіпкердің сырт тұлғасын суреттеу деп ұғынылады. Бұл жағдайда портрет кейіпкерді мінездеуші амалдардың бірі болып табылады. Мұны «көркем портрет» деп атауға болады.

Міне, портретті осы екінші тұрғыдан түсіну, яғни көркем портрет жайы, әдебиеттік зерттеудің де, тілдік зерттеудің негізгі нысанасы болып табалады.

Портрет әдебиеттану ғылымында кең көлемде, тереңдей зерттелініп келеді. Портреттің өзіндік сипаты мен ерекшеліктері Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Х.Әдібаев, Б.Майтанов, А.Х.Иманов, Т.Рахымжанов т.б. ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Әдебиеттегі зерттеулерде портреттің кейіпкер бейнесін сомдаудағы қызметі баса айтылады. Әдеби қаһармандардың түрлі мінез-құлқын, бітім-болмысын, ұнамды, ұнамсыз қырларын танытуда портреттің рөлі ерекше. Әдебиетте портрет кейіпкер тұлғасымен тығыз бірлікте алынады.

Зерттеулерде портретті жасауда бейнелеу-көркемдеу құралдарының қатысы сөз етіледі. Теңеу, метафора, эпитет және басқа да бейнелі құралдардың қызметі ашылып, талданады. Кейінгі кездері портрет басқа да құрылымдық элементерімен бірге психологиялық талдаулардың құралы ретінде қарастырылып жүр. Ол Б.Майтанов, Т.Рақымжанов еңбектерінен көрінеді. Зерттеушілер портреттің психологизмді берудегі сипатына тоқталады. Б.Майтанов кейіпкер портретінің автор баяндауында және диалог репликаларында берілетіндігін С.Мұқанов, С.Сейфуллин т.б. шығармалары арқылы көрсетеді. Тағы бірде портрет диалог құрылымдағы ремаркада беріледі «диалог ремаркаларында үлкен бір іс, мәселе жайлы сұхбаттасушы кейіпкерлердің сөз, әңгіме мәніне сай бет-жүз құбылыстары қамтылып отырады» [3,232]. Диалогтағы ремаркаларда берілген әр алуан бет-әлпетін өзгерістері, түрлі дене қимылдары динамикалы портрет негізіне жатады.

Т.Рақымжанов «Портрет» терминінің әр түрлі мағынаны беретіндігін айта отырып, оған мынадай сипаттама береді: «Демек, әдебиеттегі кескіндеме адамның бет-әлпетін, бой-тұлғасын, өң-шырай өзгерісін, киімін, жүріс-тұрысын сипаттайды. Сол себепті, портрет, алдымен, – образ – характерді дараласа, екінші жағынан оны типтендіреді».

Көркем туындыдағы портрет орыс тілінде кең түрде, жан-жақты зерттелінген. Лингвистикалық зерттеулерде портреттік суреттеулердің түрлі тілдік аспектілері қарастырылған. Портреттің лексикалық, синтаксистік құрамы, оның лингвистикалық, лингвопоэтикалық ерекшеліктері көлемді ғылыми зерттеулердің нысаны болған. Портреттің синтаксистік ерекшеліктері Е.Н.Иванчикова, Г.В.Баскакова еңбектерінде, лексикалық құрамы В.Н.Гомонова, Г.Т.Линних, В.Линкова, И.И.Постникова, Т.А.Беркович, Г.В.Старикова зерттеулерінде, лексика-синтаксистік сипаты Т.В.Гамалей еңбегінде ғылыми талдауға түскен. Портреттің жеке автор шығармаларындағы қызметі Г.С.Цырица, Е.Я.Кедрова еңбектерінде қарастырылған. Портретті шет ел әдебиеті негізінде талдаған Н.В.Накацидзе, С.В.Титова, С.К.Восканян еңбектерін атауға болады. Зерттеулерде портретті тілдік талдау, ең алдымен, портрет атауының сипатын ашудан басталады.

«Көркем» портретті кең және тар көлемде қарастыру бар. Тар көлемде портрет кейіпкердің сырт тұлғасын, қимыл-қозғалысын суреттеу деп түсіндіріледі. Портретті көркем шығарманың құрылымдық элементі ретінде

кейіпкердің мінез болмысымен тығыз байланыста, кең түрде алып қарастырған тиімді. Г.С.Сырица, Г.В.Старикова, С.В.Титова, С.К.Восканян зерттеулерінде портрет «кейіпкер» ұғымымен тығыз байланыста алынып, оны мінездеуші амал ретінде көрінеді. Г.С.Сырица портретті «кейіпкер» құрылымының құрамды бөлшегі ретінде қарайды. Зерттеуде портрет пен «кейіпкер» ұғымы қатар жүреді. «портрет является составной частью структуры персонажа и включает изображения наружности человека, черт лица, фигуры, позы, мимики, жеста, походки, голоса, одежды, возраста и некоторые др. а также описания фона» [2,24].

Г.В.Старикова портретті көркем шығарманың құрылымдық элементі ретінде қарастырады. Портреттік суреттеулер кейіпкердің ішкі жан дүниесін танытуда нақты жағдайдағы эмоционалды күйін ашуда, сонымен бірге кейіпкерге автордың және басқа да кейіпкерлердің бағасын, көзқарасын беруде жұмсалады. Портретті кейіпкерді мінездеу амалдарының бірі деп қарайды. «Портрет в художественном произведении является элементом структуры эстетически организованного услоги и вместе с изображением поступков героя,его суждения и т.д. выступает как средство раскрытия характера героя». С.В.Титова портретті әдеби көркем бейне сомдау амалдарының бірі ретінде шығарма сюжетінің құрамды бөлшегі деп қарайды.

Көркем портрет автор бағасын, қатысын білдіреді. Белгілі бір кейіпкердің сырт пішінін суреттей отырып, жазушы ол жайында көзқарасын, жағымды және жағымсыз эмоциялық бағасын береді.

Зерттеулерде портретті басқа жанр түрлеріндегі портретпен салыстыру жүргізіледі. Әдетте көркем портрет бейнелеу сурет өнеріндегі портретпен салыстырылады. Портретті криминалистикадағы адам кескінін суреттеу түрімен де салыстыру бар. Салыстырулардың барлығы көркем шығармадағы портреттік суреттеулердің сипатын, өзіндік ерекшелігін, көркемдік қызметін айқындай ашу мақсатын көздейді.

Орыс тіліндегі зерттеулердегі тағы бір мәселе – портрет түрлері. Портрет көлеміне, мазмұнына, құрылымына, құрамына қарай ажыратылады. Әрбір зерттеушіде портреттің көптеген түрлері барлық зерттеуде қарастырылған. Портреттің сипаты, басқа жанр түрлеріндегі портреттен айырмашылығы, портреттің түрлерге жіктелуі бітіру жұмысының тарауларында кеңінен айтылады.

Қорыта келгенде, портретті талдаған лингвистикалық зерттеулерде негізінен екі мәселеге көңіл бөледі: 1)автор әдеби тілден қандай тілдік құралдарды тандап алған және 2) оларды қалай пайдаланғаны.

Әрине кейіпкер тұлғасын сомдаушы басқа да тілдік амалдар бар. Бірақ біз жалпы шығармаларды талдап отырғандықтан, сол шығармалардағы кейіпкер мінезіне қатысты тәсілдерді бітіру жұмысымызға негіз етіп алдық. Және бұл аталған тәсілдер кейіпкер мінез-құлығын танытуда негізгі, жетекші амалдар болып табылады. Эмоцияның негізінде қазіргі лингвистикалық сөздіктерде, грамматикалық оқулықтарда көрсетіліп жүрген эмоционалды - экспрессивті (эмотив-экспрессив) топтардағы сөздер пайда болса, ерік негізінде пайда

болған сөздер адамның қорыққан кезінде ах, а т.б., қуанған кезінде оһо, еһе т.б. осы сияқты дыбыс немесе дыбыстардан шыққан, яғни дыбыс пен дыбыстық шоғыр сөйлемін үрдісінде күнделікті қайталана келе, сөйлемінен (речь) тілге (язык) өткен. Олар тіл дамуында тілдік бірлік ретінде қалыптасып, санамыздағы тілдік қордан орын алған деп шамалаймыз. Аталмыш сөздер тобы шындық өмірде қорыққандықты, қуанғандықты т.б. осындай әсерлену, толқуды білдіретін сөздер болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. – Алматы, 1996.
2. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368с.
3. Сәрсекке Г. Р Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1999, 130 б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар II том. Алматы, 1983, 456 б.
5. Кәрімов Х. Қанатты тіл.– Алматы: Санат, 1995.– 144 б.
6. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998, 304 б.
8. Қазақ грамматикасы, Алматы. 2002.
9. Еңсебаева К. Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі. Фил.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1995,108 б.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к, доцент Айтбенбетова А.Қ.

ОСОБЕННОСТИ ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА С. ДОВЛАТОВА

Дарибаева А.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

Юмористический дискурс - это текст, который погружен в ситуацию смехового общения. Основными признаками подобной ситуации выступают следующие пункты: а) коммуникативное намерение участников общения оторваться от серьезного разговора, б) юмористический тон коммуникации, то есть стремление сократить дистанцию и критически пересмотреть современные представления в корректной форме, в) наличие определенных моделей юмористического поведения.

Коммуникативное намерение играет главную роль в композиции юмористического дискурса, в то же время главным оказывается и контраст между подготовленной и спонтанной речью. Этот контраст актуален для отправителя речи, так как желание рассказать новый анекдот или сообщить о забавном происшествии часто является движущим мотивом беседы. В меньшей

степени этот мотив представляет собой спонтанное юмористическое речевое действие. Для адресата актуален сам процесс коммуникативного взаимодействия, а не внутренняя мотивация поведения отправителя речи.

Мастер художественного слова, о котором мы пишем, прославился как человек довольно противоречивый, но присутствие у него незаурядного литературного таланта однозначно. Об этом свидетельствуют многие отзывы замечательных литературоведов и писателей, как-то: И. Бродский, В. Ерофеев, А. Арьев и др. Жанровую специфику художественных текстов С. Довлатова определяют как «юмористическую прозу», но сам писатель не пытался соответствовать традициям злободневной юмористической прозы М. Зощенко, И. Ильфа и Е. Петрова. Его творчество, скорее всего, было ориентировано на классиков русской литературы и зарубежный короткий рассказ. С. Довлатов особо отмечал и выделял художественные произведения А. Чехова, Э. Хэмингуэя, У. Фолкнера. Они влияли на становление его стиля и особого литературного почерка. С. Довлатов не стремился кого-то поучать, делить мир на чёрное и белое в отличие от советских авторов юмористического дискурса. Писатель более всего занимал позицию наблюдателя и крайне редко выдавал свою политическую позицию.

В центре жанра прозы юмора, прежде всего, находится внимательное отношение к миру и попытки объять этот мир, несмотря на абсурдность происходящего, а в основе всего этого - стремление поделиться своим видением и опыт работы с читателем. Несмотря на то, что комическое в произведениях С. Довлатова может принимать различные формы, за каждой шуткой таится доля горечи. Этот юмор основан на отклонении от нормы: герои произведения попадают в сложные или просто необычные ситуации, раскрывающие их характер и заставляющие читателя смеяться.

Проза С. Довлатова пронизана юмором: иногда трудно отличить, какой отрезок текста представлен юмористическим дискурсом, а какой - нет, поскольку автор иронично относится к миру, что брызжет со всех страниц его книг. Для выражения юмористического дискурса писателя свойственны такие черты его идиостиля.

Выделяют разные уровни прочтения художественных текстов С. Довлатова, и самое глубокое чтение предполагает восприятие юмора, основанного на стилизации, каламбуре, стилистических контрастах, жаргоне, лексемах, которые обозначают культурные реалии, и отсылках к политическим и культурным деятелям. Такой юмористический дискурс зависит прежде всего от наличия предваряющих знаний и способности распознать формальные структуры шутки.

Юмористический замысел осуществляется в процессе общения и требует присутствия адресата. Для нас представлял интерес текст в событийном аспекте, «речь, погруженная в жизнь» [3, с. 136-137].

Дискурс - это многогранное и сложное понятие, описывающее текст в комбинации экстралингвистических факторов, необходимых для его понимания. Юмористический дискурс всегда основан на противоречии или

элементе абсурда, а также он явно фокусируется на эффекте смеха и является источником знаний о системе ценностей, национальной идентичности и священных категориях культуры.

Анализируя произведения С. Довлатова, мы поняли, что теряются грани реальности и вымысла, лексика, от которой застывает на время, «цепкие» фразы, но при этом он, безусловно, мастер художественного слова. Например: 1) «Бескорыстное вранье — это не ложь, это поэзия». 2) «Час пик, обычное явление. Тут главное — найти источник положительных эмоций». 3) «Вообще я заметил, что человеческое обаяние истребить довольно трудно. Куда труднее, чем разум, принципы или убеждения» («Компромисс») [1].

С. Довлатов продолжил традицию анекдота - короткого рассказа, в котором основной составляющей выступает юмор, но автор вносит в него и собственное видение. Довлатов выбирает для своего повествования форму рассказа-анекдота. Анекдот в переводе с греческого языка означает «неопубликованный», то есть это небольшой, занимательный рассказ об обычном, но характерном происшествии.

В подобном рода рассказе происходит некое странное, необычное и нелепое событие, которое несовместимо с ежедневным течением жизни. Часто композиция анекдота разнится со слушательскими и читательскими ожиданиями. Тексты, построенные по законам анекдота и напоминающие действительность, не могут отождествляться с реальностью. Своим происхождением анекдотическая миниатюра обязана итальянской забавной новелле эпохи Возрождения — фацеции. Этот жанр получил широкое распространение в России со второй половины XVIII века. На современном этапе под анекдотом понимают небольшой шуточный рассказ с остроумной и неожиданной развязкой.

Анекдот близок к басне, но в отличие от басни он контекстуализирован, вырван, может показаться неинтересным или бессмысленным. В творчестве С. Довлатова анекдот играет особую роль и трансформируется из привычного жанра [2]. Для Довлатова роли рассказчика и автора чередуются, автор также может выступать в роли главного героя произведений. Достоверные факты, лица сосуществуют с вымышленными, в результате возникает мир, в достоверности которого вы не сомневаетесь, но при этом сложно отличить, где авторская выдумка, а где реальность. Например: 1) «Кроме того, дерзил я продуманно и ловко. Один мой знакомый называл этот стиль — «почтительной фамильярностью». На расстоянии люди становятся благоразумнее» («Компромисс»). 2) «Есть в моих добродетелях интересное свойство. Они расцветают и становятся заметными лишь на фоне какого-нибудь безобразия» («Компромисс») [4, с.102, 118].

Благодаря небольшому объему, ограниченному количеству персонажей, одной сюжетной линии, малому количеству проблем, автобиографичности произведения писателя читаются легко, запоминаются «словесные выражения», виден авторский стиль: «Там действует один лирический герой. Соблюдено некоторое единство места и времени. Декларируется в общем-то единственная

банальная идея — что мир абсурден... («Зона») [3, с.2]. Все произведения состоят из небольших эпизодов, которые объединены в одно композиционное целое. Позиция автора выражена четко, как будто он всегда был рядом, участвовал в описываемых событиях. Практически на каждой странице есть юмористическая фраза, но больше она похожа на сарказм и, конечно, способ изложения анекдотичен ... Но авторское представление об анекдотизме другое, можно сказать, что вся жизнь в его представлении - это «анекдот»». «Смеяться сквозь слезы» - это настолько правдоподобно описанные ситуации. Каждой книге предшествует предисловие, определенное определенным образом с самого начала: 1) Н. С. Довлатовой — за все мученья! («Компромисс»). 2) Имена, события, даты — все здесь подлинное. Выдумал я лишь те детали, которые несущественны, поэтому всякое сходство между героями книги и живыми людьми является злонамеренным. А всякий художественный домысел — непредвиденным и случайным. Автор («Зона») 3) ...Но и в такой, моя Россия, ты всех краев дороже мне... А.Блок («Чемодан») 4) Одиноким русским женщинам в Америке — с любовью, грустью и надеждой («Иностранка»). 5) С тревожным чувством берусь я за перо. Кого интересуют признания литературного неудачника? Что поучительного в его исповеди? «Ремесло». 6) Моей жене. Которая была права («Заповедник»). Себя Довлатов называл «рассказчиком», а не писателем. Потому что он никого не наставлял, не писал как надо жить, а излагал то, как живут в действительности: «Моя литература стала дополнением к жизни. Дополнением, без которого жизнь оказывалась совершенно непотребной» [3, с.22]. Главное - восстановить норму, ведь мир охвачен безумием и абсурдом. Но Довлатов, изображая абсурдное, противоестественное, не теряет чувства гармонии. Отсюда и позиция рассказчика, он не оценивает человеческие действия, персонажей, все герои равны, любой может ошибиться, быть вместо другого: «Я увидел, как низко может пасть человек. И как высоко он способен парить» [3, с.12]. «Мы были очень похожи и даже — взаимозаменяемы. Почти любой заключенный годился на роль охранника. Почти любой надзиратель заслуживал тюрьмы» [3, с.50].

Таким образом, юмористический дискурс Довлатова носит личный, исповедальный характер.

Использованные источники:

1. Кривулин В. Б. Поэзия и анекдот // Звезда. 1994. № 3. — С. 123.
2. Ширяева С. Н. Анекдот как одна из форм повествования С. Довлатова / С. Н. Ширяева. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 16 (75). — С. 195-197.
3. Сергей Довлатов. Зона. «Собрание прозы в 3х томах». Лимбус-пресс, Санкт-Петербург, 1993г.
4. Сергей Довлатов. Компромисс. «Собрание прозы в 3х томах». Лимбус-пресс, Санкт-Петербург, 1993г.

Научный руководитель: к.п.н., доцент Куздыбаева А.А.

ҚАЗАҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ ДҮНИЕНІҢ ЖАРАЛУЫ ТУРАЛЫ (КОСМОГОНИЯЛЫҚ) МИФТЕР

Дауылбаева Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Дүниенің пайда болуы жайлы сауалдар қай кез болсын адамзатты қызықтырып келеді. Осы тұрғыдан бірнеше аңыздар мен мифтер пайда болды. Бұндай мифтерді ғылымда космогониялық миф деп атайды. Космогония дегеніміз әлемнің, адамның және ғаламның пайда болуын орнатуға арналған мифологиялық баяндау болып табылады. Ежелгі грек космогониялық аңызы бойынша дүние хаостан пайда болған. Шексіз қараңғылық хаосты тудырады, ал хаостан «Аспан» - «Уран» мен «Жер» - «Гея» дүниеге келеді. Олар бір-біріне шексіз ғашық болып, олардың махаббатынан адамзат пайда болған деген наным бар. Бұндай аңыздар тек ежелгі грек шығармаларында ғана емес, түркі танымында да бар.

Адамзат қашан болсын әлемнің, дүниенің пайда болуы туралы бірнеше толғаныстар жасаған. Өйткені адам мен жаратылыс – ол біртұтас. Бұл туралы Ш. Уәлиханов мынадай ой айтады: «Жаратылыс пен адам! Міне, осы жаратылыс пен адам керемет, олардың сыры не болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білудің қажеттігі, өмір мен өлім туралы мәселе және адамның жаратылысқа қатынасы шаман дінін туғызды – әлемді немесе жаратылысты және өлген адамдардың рухын ұлы көруді туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және жаратылыс немесе әлем деп атайтын ұшы қиыры жоқ, мәңгі жасайтын әрқилы құбылыстардың бәрін зортұтатын болды» [1,19-б.].

Ғалымдар космогониялық мифтерді күллі мифтердің бастауы деп атайды. Өйткені, олардың пікірінше, ең алғаш дүниенің жаралуы туралы мифтер пайда болған. Бұған С. Сейфуллиннің мына бір сөзі мысал болмақ: «Адам ол заманда түрлі хайуандар туралы, жаратылыстың түрлі заттары, құбылыстары туралы әңгіме қылғанда, өздерінің түсіндірулеріне шындап нанып, әңгіме қылатын. Және оларды неше түрлі «керемет», «сиқыр» істеуге, неше түрлі құбылуға қолдарынан келеді деп сенген. Солардың бірін әңгіме қылған өзінің қиялын шын тәрізді қылып айтатын. Сонымен, бұрынғылар шын деген әңгімелер соңғыларға миф болып қала берген» [2,70-б.].

Әлемдік мифопоэтикада мифтердің космогониялық және космологиялық жанрлары бар екендігі дәлелдеген. Космологиялық мифтер дегеніміз аспан денелері туралы мифтер. Ал қазақ мифологиясында «космогония мен космология» ұғымдарының орындары бір-біріне алмастырып қолданылады. Біздің ойымызша, бұған себеп – космогониялық аңыздардың барлығының космонимдермен үндесіп жатырғандығында. Зерттеуші-ғалымдардың бірі Ш.Ыбыраев: «Салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне

қарағанда, ең қарапайым және ең көне мифтердің қатарына аспан денелері — Күн, Ай, Жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер жататын көрінеді» [3, 2-б.], — деп ғылыми тұжырым жасайды. Сондықтан космогониялық миф пен космологиялық мифтерді бірітпес деп атаған жөн. Тіпті, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жазылған «Бабалар сөзі: Жүзтомдық» еңбегінің ұзақ жылдар ел арасынан жиналған қазақ мифтері жөнінде айтылатын 78-томында «Космогониялық мифтер» атты тұтастай бөлім космологиялық мифтерге арналған. Бұл – екі ұғымды бөліп қарамаудың жөндігін көрсететін тағы бір бұлтартпас дәлел. Космогониялық мифтердің барлығы қоршаған дүние қашан, қалай жаратылды, жаратқан кім деген сауалдарға жауап іздейді. Жоғарыда айтып кеткендей, жаратылыс пен адам ұғымы тығыз байланысты болғандықтан жаратылыстың барлығын адамзат баласы «адам» ұғымымен сабақтастырып, аспан денелері де бір кезде адам болды деген түсінікті айшықтап көрсетеді. Күн сәулесінің өткірлігін мінезі тік, өжетерге ұқсатса, Ай сәулесінің әлсіздігін оның жұмсақ мінезіне сай әйел нәзіктігіне байланысты түсіндіру де олардың адам кейпінде ұғынылғанын дәлелдейді.

Қазақ мифологиясындағы дүниенің жаралуы туралы мифтерді бірнеше топқа жіктеп қарасақ болады:

1. Мәңгілік қараңғылық элементтері от пен судың шарпысуынан пайда болған хаос;
2. Жер беті жұмыртқа секілді тасты қақ айырылғанда пайда болса жартысы су, жартысы құрлық екен;
3. Алғашында күллі әлем судан тұрған, кейін аспан мен жер пайда болған;
4. Жаратушы аспан мен жерді қақ бөлу үшін теректі жаратқан;
5. Жерді көк өгіз көтеріп тұр, содан құлап кетпейді.

Космонимдер туралы әйгілі мифтердің бірі – бұл сымбатты Күннің ару Айға ғашық болып, бір-бірімен көрісуін аңсап өтуі. Олар айқаспағандықтан, кейде қамығып жылайды да, жер бетінде жаңбыр жауады, кейде ызаланып ашуға булықса дауыл орнап, қар борайды. Екеуі енді бір-бірінен үміттерін үзбей, көрісулерін аңсаса жер беті жайма шуақ болып, әлем жадырайды. Кейбір мифтерде Күн мен Ай қосылып, адамзат пен күллі тіршілік иесі пайда болды деген желілер кездеседі. Бұндай мифтік сенім тек қазақ халқында ғана емес, сонымен қатар көптеген түркі тайпаларында да бар. Мысалы, Веселовскийдің «Историческая поэтика» атты түркі халықтарын зертеу еңбегінде «Түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Әли-или, Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездеседі.» делінген [4, 539-б.]. Бұл түсінік түп-тамырымыз Күн мен Ай деген сенімнен, оларға табынушылықтан пайда болса керек.

Келесі қазақ танымындағы космогониялық мифтердің бірі – көк өгіздің Жер ғаламшарын ұстап тұруы. Ежелгі мифтік желі бойынша біздің Жерді көк өгіз ұстап тұр екен, сондықтан біз құлап кетпей тұрмыз. Өгіздің мүйізі тартып екінші жаққа ауысқанда, жер бетінде сілкініс болады екен. Ал сол көк өгізді

жайын балық көтеріп тұр, ол жайын дарияда тұр. Кейді тіпті, өгіздің бір мүйізі сынған, енді біреуі сынса ақырзаман орнайды дегенде аңыздар бар. Ал сол өгіздің өзі Жерді көтеріп шаршағандықтан, ақыретті өзі аңсайды екен. Тіпті ақырзаманды аңсаған өгіз туралы ауыз әдебиетінде жұмбақтар да кездеседі:

Бір жанды бұл уақытқа неғылып тұр,

Боларын қияметтін сағынып тұр.

Құдайдың құдіретін дұрыс деме,

Үстіне он төрт көрпе жамылып тұр.

(Шешуі: Жер астындағы көк өгіз)[5, 87-б.].

Бұндағы өгіз туралы мифтік түсінік дүниені ұстап тұрған бір тылсым күш бар деген космогониялық нанымға келіп саяды.

Тағы бір космогониялық аңыздардың бірі – Аспан мен Жердің тоғысуы. Бұл грек мифологиясындағы Гея мен Уранның бір-біріне ғашық болуына ұқсайды. Қазақ танымында Аспан «Көк Тәңірі» ретінде ұғынылса, Жер «Жер-Ана» немесе «Ұмай ана» образында танылады. Олардың бір-біріне ғашық болып, қосылуынан, Күн, Ай, жұлдыздар дүниеге келіп, адамзат баласы мен күллі тіршілік атаулысы пайда болған. Бұл миф арқылы халық арасында Көк Тәңірі мен Ұмай ана өз кіндігінен өнген ұрпақтарын асырап, өсіріп, қорғап, қолдап отырады деген наным қалыптасқан. Сондықтан көне түркі тайпалары Көк Тәңірге табынып, жақсылықты да, жамандықты да Көктен яғни, аспаннан күткен.

Қазақ мифінде хаостың ғарышқа айналуының дәлелі – жер мен көктің судан пайда болуы туралы миф. Мысалы: Аспан мен жердің жеке-жеке пайда болып, кейін үлкейіп, әлемді қаптаған судан аспан мен құрлық пайда болған. Ежелгі наным бойынша, адамзат күллі әлемді, аспанды да су деп білген. Қазақ тілінде «Тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі «көк», «аспан» ұғымымен байланысты, демек, «Тәңір» – көктегі (яғни жоғарыдағы) су болса, «теңіз» – жердегі (яғни төмендегі) су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал, жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни Тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған. Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» [6, 130-б.].

Космогониялық мифтердің тағы бір үлгісі – космонимдердің соның ішінде жұлдыздардың пайда болуы туралы аңыздар. Жоғарыда айтып кеткендей, адамзат қай кез болсын жаратылысты адам формасымен байланыстырған. Сондықтан жұлдыздар туралы мифтер де адам кейпімен ұқсастырылып берілген. Халық арасында Жетіқарақшы жұлдызының пайда болуы туралы мындай аңыз сақталған: «Жетіқарақшы бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған баукеспе ұрылар болыпты. Халық болып соңына

түскен соң, қылмысы басынан асқан жеті жеткізбей аспанға қашып шыққан. Бастаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана бүйірдегі екі жарық жұлдыз – екі батыр. Сонау көрінген қатар екі жұлдыз, Ақбозатпен Көкбозат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да, әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала аттайды. Оларды аңдыған жеті ұры да түнімен төңіректен айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ күзетуші алдыңғысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады» [7, 114-б.]. Бұндай типтегі аңыздар тек Жетіқарақшы жұлдызы туралы ғана емес, басқа Үркер, Үшарқар, Сүмбіле, Қамбар және т.б. аспан денелері туралы да кездеседі.

Қорытындылай келе, космогониялық аңыздардың қазақ мифологиясында көптеп көрініс табатынына көз жеткіздік. Космогониялық мифтер – барлық мифтердің бастапқы желісі. Өйткені адамзат баласы қоршаған дүние қашан, қалай жаратты, жаратқан кім деген сауалдарға әуел бастан жауап іздеген. Космогониялық мифтерде «адам» және «жаратылыс» біртұтас болып көрсетіледі. Осы заңдылық бойынша жаратылысты адам кейпінде суреттеу космогониялық аңыздарда жиі орын алады. Қазақ халқында сақталған бұндай мифтер әлі де терең зерттеуді қажет етеді...

Қолданылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Мақалаларыменхаттары. Алматы:Қазбірікмебас, 1949.- 170б.
2. СейфуллинС.Шығармалар.6 томдық.-Алматы,1964.6-т.130б.
3. Қазақтың мифтік әңгімелері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 4-б.
4. Веселовский А.Н. Историческая поэтика: Ленинград: Художественная литература, 1940. С. 649
5. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 192 б.
6. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалар. Алматы:Жазушы,1985.–468б
7. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. –Алматы: «Арыс» баспасы,2008,–376б.

Ғылыми жетекші: PhD, доцент Кушқимбаева А.С.

Б.САРЫБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Джулаева Г.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Жеке тұлға – тек психологияның нысаны ғана емес. Ол - әдебиеттің ең басты предметі. Бірақ әдебиеттің өзі жеке-дара ғылым саласы болғанымен,

басқа да ғылым түрлерімен байланыс таппаса, онда әдебиет ғылымы дамымай қалар еді. Әдебиеттің өз арнасында көркемдік психологизмнің ұлттық сипатының алар орны зор. Қай халық болса да, оның өзіне тән мінезі мен ерекшелігі болады. Қоғам байлығы – адам дейтін болсақ, ал адамның бәрін бір нүктеге бойлататын қазық – ұлт. Ал ұлттың мінез-құлқы мен бояу-өрнектері қаламгерлер шығармашылығынан орын тепсе, ол – заңдылық.

Тақырып өзегі әдебиеттану ғылымындағы көркем бейне, образ болғандықтан, зерттеуімізде айтылып отырғандай, көркем бейне немесе образ - әдебиеттің, яғни көркем шығарманың басты нысаны ретінде қаралады. С.Қирабаевтың «Әдебиет және дәуір талабы» атты еңбегінде әдебиеттегі адам бейнесіне мынадай тұжырым жасаған: «Әдебиеттің негізгі зерттейтіні – Адам мен оның өмірі, еңбегі екені жалпыға мәлім. Алайда оны көркем бейнелеудің жолы алуан түрлі. Біреу адам өмірін оның нақты іс-әрекетін суреттеу арқылы көрсетуге тырысса, біреулер оның ойын айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға көңіл бөледі. Осындайда адаммен қарым-қатынаста болатын өмір құбылыстарының ешқайсысы да сырт қалмайды. Адам сезімін, ой-дүниесін тереңірек бейнелеуге табиғат та, оның маңындағы жан-жануарлар тіршілігі де қатыса алады. Өйткені Адам – жалпы тіршіліктегі ең биік сапалы, саналы өмір иесі, қалған тіршілік құбылыстары оны толықтыруға, оның ренішті-қуанышты сезімдерін ашуға көмектеседі, оның жанын, ұғымын байытады» [2,58-б]. Расында, адамның жаны – түпсіз терең тұңғыық, өз алдына ұлы әлем. Оның тылсым сырын ашып суреттеу, сөз зергерінің негізгі нысаны. Э.Межелайтис айтқандай: «Адамның ішкі дүниесіне тереңірек үңілген сайын оның анағұрлым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. Адам жаны неғұрлым тереңірек суреттелсе, шығарма да күрделі болады» [3,448-б]. Бұл жердегі тереңірек суреттелу деген сөз – бар ынта-ықыласпен, күш-жігермен нанымды әрі сенімді, әр оқырманды тебіrentетіндей, сол оқиғамен иландыратындай халге жеткізу. Яки адам жанын суреттеу – жазушының шығармашылық кредосы. Осы ретте жазушының

Осы ретте замандас бейнесіне құрылған ең бір ерекше шығармаларының бірі – өзінің кітабымен аттас – «**Мейірім**» әңгімесі. Бұл әңгімені бастап оқығанда бірден түсінбейсің, тіпті Ұланды бастап кінәлап, оны жек көріп, сонша қатыгез деп ойлайсың. Ол әр оқырманның ойында болары анық. Шығармада қос суретшінің арасындағы оқиға сабақталады. Жалпы, өнер адамдары күйгелек, ызақор, сезімтал келетіні белгілі, олардың ойын біреу бөлсе, бүлдірсе, быж-тыж болып ашуланып, шығармашылық ізденісінің құдды күлі көкке ұшқан сезімдей болатыны сөзсіз. Ұлан суретті аяқтағысы келіп, оған ойына ой қосуға досын шеберханаға шақырады. Сурет салу барысында інісі жүгіріп жүріп, ыдыстағы бояуларын төгіп алып, ағасынан таяқ жейді, оның артында Ұланның анасы келіп, «қатыгезсің» деп ұрсып, көңіл-күйі жоқ Ұланды одан сайын депрессияға түсіріп, одан сайын өмірден баз кештіріп жібереді. Осы жерде бәрі Ұланды жынды ма, ызақор ма дерсіз. Оны бәлкім, біз түсінбейміз. Лирикалық қаһарман Ұланды көп ойлап, неліктен балажан емес, қатыгез екеніне түсінбей, үйіне келіп, «Айна» портретін бітіргісі келеді. «Айна» портретін салу арқылы лирикалық қаһарманның өмірге деген көзқарасын көріп

қоймаймыз, жазушының да өмірлік ұстанымын байқаймыз. Философиялық лиризмге құрылған бұл сюжеттен үлкен бір ой ұғамыз. Портретте үлкен көл, батып бара жатқан күн, әдемі қыз бейнеленген, және оны неліктен «Айна» атағанына былай жауап қатады: «Ертеңгі күні бұл сурет көрмеге қойылады. Сол кезде әр суретке атүсті қарап келе жатқан жұрт осы шығарманың алдында аңтарылады. Бәрі де қарайды. Қызығады. Әркімде әрқандай ой пайда болады. Біреулер тек қызыға қарайды. Жаратылысқа таңданаты. Сұлулыққа сүйсінеді. Ләззаттанады, рахаттанады. Табынады. Сұлулықтың алдындағы әлсіздіктерін мойындайды. Сосын осындай сұлулықтардың баянсыз екенін, түптің түбінде жоғалатынын еске алады. Айуандыққа салынған қолдың бүлдіретінін, олар бүлдірмеген күннің өзінде бұл сұлулықтың қартайып өз-өзінен бүлінетінін ойлайды. Қартаймауы, бүлінбеуі үшін адам болып туылмай, сурет боп қалатындығына қуанады. Өйткені, адамзат қоғамы қандай да тұнықты ластамай, пәктікті былғамай, ғажайыпты қор қылмай тынбайды. Бұл-бұлжымайтын заң. Қоғамды тұтастай кінәлауға болмас. Бәрінің қолы кір емес шығар. Сол адалдардың арасында бірен-саран айуандардың да бар-екені рас. Міне, солар – бәрін бүлдіретіндер. «Шөлмек мың күнде сынбайлы, бір күнде сынады» деген сөз бар. Сол шөлмекті мың тас емес, бір тас сындыратынын да ойлаған жөн. Сондықтан, ақылды десең де адамзат қоғамына сенбеу керек. Осы суретке қараған екінші бір топтың өкілдері оны әлдекімнен қызғанады. Белгісіз бір зобыр күштен қорғағысы келеді. Аяушылықпен қарайды. Киіндіргісі келеді. Ал, топастарды «Шіркін-ай, мына сұлуды бір күшса ғой...Фигурасын-ай, ә» деген сасық арман ғана мазалайды. Осы сияқты әркім әр түрлі ойда қалады. Сондықтан, бұл шығарманың атын «Айна» деп қойдым» [1,43-44 бб.] - деп, лирикалық қаһарман монологын жариялап, оқырманға үлкен ой тастайды. Бұл жердегі мәселе - картинада емес, жалпы жазушының өз ойы деп ұғыну керек. Осылайша ойға батып отырған сәтте, әлгі досы Ұлан хабарласып, кездескісі келетінін айтады. Екеуі кездесіп, ананы-мынаны айтып, Ұланды тіпті, жек көріп, қорлап, келемеж етеді. Бұл, бәлкім жоғарыдағы анасының сөзінен кейін осындай ой түйгендіктен болар. Ұлан одан сайын қорлағанына ызаланып, оның жанын ешкім түсінбей отырғанына қатты налып, тіптен кектенеді. Ұлан – өнерді биікке қойған, жаны таза, жүрегі суретшілік деп соғатын, еш ақша, дүниеге қызықпайтын адал жан. Сол адал жанның намысына тиіп, «әнші боларсың» деп тиісіп, одан сайын жүрегіне оқ қадайды. Ұланға өзі өмір сүріп отырған әлем сүреңсіз, адамдардың бәрі қатыгез, оның жанын ешкім түсінбейтіндей елестетеді. Бәрінен жиіркеніп, баз кешеді. Досының да қатегісін дегеніне, жалпы солай көрінетініне, неліктен адамдар оның жанын түсінбейтініне Ұлан ерекше өткенге көз жүгіртіп, әңгімесін бастайды. Ұлан мен Ерлік атты жеткіншек балалардың Меруерт атты қызға ғашық болып, күнде сол Меруертті көру үшін екеуі жолдан күтіп алып, шығарып салып, күнде көрмесе тұра алмайтындай әдетке айналдырады. Екеуі дайындалып, Меруертті біреуі менікі десе, екіншісі менікі деп, құдды бір затқа таласқандай айтысады. Сайып келгенде, күнде әдемі арманның жетегінде жүрген балалардың көңіліне су сепкендей болады. Меруерттің ата-анасы ажырасып, Меруерт анасымен бірге

сол ауылдан кетеді. Балалық шақтың ең бір психологиялық ауыр халін балалар бойларынан өткізеді. Меруерттің сол ауылдан кеткеніне қатты қиналып, екеуі жылап, бір-бірінен жұбатады. Өскен кезде оны тауып аламыз деген армандары да болады. Осылайша көңілі құлазып жүргенде Ұланның шешесі қыз босанып, атын Ұлан өзі қойғысы келіп, өміріндегі ең асыл сөзге айналып кеткен Меруерт деп қояды. Адал да бала махаббаттың символы болсын деп, бұрынғы Меруерт қасымда болмаса да, бала Меруерт өзіме жұбаныш болсын, орнын бассын деген ниетпен қойып, бөпесінің қасынан бір елі шықпайды. Алайда қатал тағдыр кішкентай бөбекті алты айлығында бұл өмірден алып кетеді. Жас баланың психологиясы одан бетер құлазиды. Жанындай жақсы көрген Меруертінен тірідей айырылса, өз қаны, бауыры, қарындасы Меруерттен өлілей айырылып, одан сайын күйзеліп, сәбилерді одан сайын жек көреді. Бұл жек көру – әрине, қатыгездіктен жек көру емес. Оның себебін Ұлан былай өрбітеді: «...Содан кейін сәбилерді жақсы көрген емеспін. Салқын қарауға, жек көруге тырысам. Жақсы көрсем өліп қалатын сияқты болады да тұрады. Сол кішкентай Меруертімді мейіріміммен өлтіріп алған сияқтымын. Олар кішкентай ғой, көтере алмайды ондайды. Сен де сөйт. Сәбилерді шектен тыс жақсы көрме. Енді түсінген шығарсың менің неге балажан емес екенімді...» [1,53-б.]. Бұл ой – сол кездегі кішкентай Ұланның ойы еді. Шынында, адамның өзінің көзі, өзінің мейірімі шектен тыс болса, әлсіз адам оны көтере алмайтыны дінде де, психологияда да, өмірде де жиі айтылатын нәрсе. Бұл – бір жағынан, сабақ та. Ұланның іштей елжіреп, балажан болса да, оны көрсете бермеуінің, мейірімін іштей тұншықтыруының себебінің осы екенін ойы терең оқырман бірден түсінеді. Осы оқиғалар Ұланды күрт өзгертеді. Тіпті, оның шешесі де Ұланның жанын түсінбейді. Ұзақ әңгімені тыңдап, тіпті өзінің ойынан бір жағынан ұялған лирикалық қаһарман бұрыннан неге айтпағанын сұрайды. Бұл жерден Ұланның ер азаматқа тән салмақтылық пен салиқалығын да байқаймыз. Әрине, бұл оқиғаны ешкімге жария қылмауға өз құқы бар, бірақ оны адамдардың өзі түсінсе екен деген ойына ешкім құлақ аспады. Осылай үлкен ой жетегінде отырған, телефон шырылдап, ауылдан анасы хабарласып, інісі ауырып жатқанын, тез келіп, ақша жағынан көмектескенін қалайтынын жеткізеді. Осы тұста Ұлан үйінен жеткілікті қаражат әкеліп, досының қолына ұстатады, жартысы да жететінін айтса да, бәрін беріп, балалар ауырмасыншы деген бір-ақ тілегінен біз Ұланның жүрегінің үлкен мейірімге толы екендігіне тәнті болып, бастапқы ойымызға ұялып, көзімізге жас аламыз. Ең психологиялық жағынан әсерлі шығарманы оқи отырып, адам жанын түсінуге тырысамыз. Сыртқы формаға, кез келген нәрсенің сырттай көрінісіне байыбына бармай, баға беріп, кей астарлы ойларды, адамның сезімінің қатпарлы, иірімді нәзік тереңдігіне бойлай бермейміз. Автордың да айтпағы да осы. Кітаптың атын осы шығармамен аттас қоюында да үлкен мән жатыр деп ойлаймыз.

Әдебиет – қазынасы мол кен, тереңі таусылмас мұхит. Әдебиеттің жырламайтын, қарастырмайтын тақырыбы жоқ. Әдебиеттің құдіреттілігі сонда, өмірдің сан алуан қыр-сырын егжей-тегжейіне жетіп, толыққанды жүйемен қамтамасыз етіліп, уақыт пен кеңістікке төтеп бере алады. Литвалық әдебиетші

Ян Парандовскийдің сөзіне сүйенсек: «Әрбір жазушының жаны – бейне бір толғаным, күйзеліс тағы басқа да толып жатқан сезімдер қоймасы іспетті», - дейді. Сонда, әдебиет – жазушы – кейіпкер деген үштік әрқашан бірлікте өмір сүреді дейміз. Өйткені әдебиеттің өзінде бірнеше категория жатыр, олар: шығарма, оның тақырыбы, идеясы, сюжеті, композициясы. Ал жазушы - әдебиет пен кейіпкерді өз сезімінің, өз жүрегінің қоймасынан, яки шығармашылық қиял мен өмірлік шындық байланысынан тудырады.

Б.Сарыбай – психолог-жазушы. Ол өзі суреттеп отырған кейіпкерін сұлу сөзбен жылтыратып бейнелемейді. Оның әлеуметтік-қоғамдық пішінін кескіндеп алып, бойына тәрбиелік нысанды сыйғызады. Тәрбиелік нысан дегеніміз - әр адам өзіне қажетті компоненттер арқылы тәлім алатын құрал. Көркем проза табиғатын зерттеуші – ғалым Г. Пірәлиева былай дейді: «Адам табиғатын зерттеу, адамтану мәселесі қай кезеңде де әлеуметтік мәселелерді шешудің басында тұрды. Сондықтан да қай қоғамда да жеке адамның тағдырын тілге тиек ете отырып, сол кезеңнің қоғамдық құрылысын, сол кезеңнің рухани қажеттілігін зерттеуге тырысатын жазушылар ол жұмбақтың шешуін тек адам психикасының құрылысынан іздейді» [4,20-б]. Заман күйі мен замандас бейнесін жасауда қаламгер әлеуметтік-тұрмыстық жағдай мен саяси-мәдени қоғамның жетегінен айналып өте алмайды. Өйткені адам, яғни көркем бейне өздігінен туып, жеке-дара дамитын құрылғы емес. Көркем бейне – кешенді құбылыс. Бейненің айналасына заман, дәуір, қоғам, замандас, қоршаған орта, табиғат сияқты маңызды факторлар жиналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сарыбай Б. Мейірім. – Астана: Фолиант, 2014.
2. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы.– Алматы: Жазушы, 1976.–300 б.
3. Межелайтис Э. Контрапункт. – Москва: Известия, 1972.
4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы:Алаш, 2003. – 328 б.

Ғылыми жетекші: PhD., доцент Кушкимбаева А.С.

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ, ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Дүйсенбаева А., Нұрболатова А., Ермакова Г.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті**

Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Қазақ тіл білімінде Т.Жанұзақов зерттеулерінен бастап, кейінгі зерттеушілер

Қ.Рысбергенова, Ұ.Ержанова, М.Мұсабаева, Б.Бияров, З.Жанғабылова, А.Арысбаев, Г.Мадиева, А.Жартыбаев, Б.Тілеубердиев т.с.с. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілеріде өзіне тән тарихы, ұлттық мәдениетке сәйкес әлеуметтік мәні мен қызметі, пайда болу жолы бар. Профессор Т.Жанұзақовтың қазақ антропонимдер құрылысының жаңарып, көбейе түсуіне әсер еткен деп көрсеткен әлеуметтік мәдени факторының бірі ислам дінінің тарауымен байланысты. Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері ұлттық болмыстың этномәдени, әлеуметтік мәнін, мазмұнын сипаттайтын, құжаттық қызметін анықтайтын қазіргі антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде антропонимдердің мәні ерекше. Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілерінің қалыптасуының әлеуметтік-мәдени негізі туралы ойды профессор С.Аманжоловтың мақаласынан да табамыз: «... жер мен су аттарын алсақ та, кісі аттарын алсақ та, олардың жасалуында белгілі заңдылық барын байқаймыз. Мұндағы кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетіні көрінеді. Тоғыз жол дегендеріміздің бірі — адамзаттың жақсы өмір сүргісі келуіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін ата-анаға өз баласына ең жақсы, ең белгілі, атақты адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін күрескендер болып көрінеді. Мысалы, ислам дінін қабылдаған жұрт үшін қадірлі, атақгы адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін күрескендер болып көрінеді. Сондықтан мұсылман діндегілердің аты бірде таза Мұхамед, Ғали, Омар, Оспан, Ахмет, Садық... болып келеді, бірде солардың басқа сөзбен қосындысы болып келеді (Мұхамедсадық, Сапарғали, Қожахмет, т.б.)».[2.5.13] Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты (онимдердің) таңбалық (кумулятивтік) табиғатына байланысты ономастикалық концептілер ментальді құрылымдар түрінде қалыптасып қызмет етеді. Ономастикалық концептілер қазақ этносының дүниетанымдық кеңістігінде, этнотілдік санасыда ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуімен қатар, ұлттық қауым мүшелері арасында этномәдени қарым-қатынастарын қамтамасыз етеді. Сол қатынас негізінде бәріне ортақ этномәдени ментальді кеңістік құрылып этнотілдік ұлттық сана қалыптасады. Сонын нәтижесінде тілде бәріне бірдей таныс, ортақ коннотацияларды еске түсіретін жалқы есімдер тілдік санада пайда болып, өз орнын алады. Мысал ретінде қазақ халқының ұлы акыны Абайдың есімін алайық. Барлық қазаққа ортақ Абай деген есімді естігенде әр қазаққа әр түрлі мәдени ұғымдар (коннотациялар) пайда болады. Осындай коннотациялардың тілдік санада орнығуына этномәдени ортанын, оқу-білім дәрежесі, әр адамның танымдық деңгейі үлкен әрі маңызды рөл атқарады.[13]

Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты ономастикалық және басқа да концептілер лингвомәдени ортада бірнеше қызмет атқаратынын атап өткеніміз жөн. Біріншіден, тілдік сананы қалыптастыратын құрылым, құрал ретінде ономастикалық концептілер кумулятивтік қызметімен сипатталады. Екіншіден,

ономастикалық концептілер өз ментальді кеңістігінде рухани құнылықтарды сақтап кейінгі ұрпақын тілдік санасына жеткізетін құрал ретінде жалғастырушы (трансляциялық) қызметін де атқарады. Үшіншіден, ортақ мәдениет кеңістігінде лингвоәлеуметтік социумның (этнос) мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Мәдениетаралық коммуникацияда кейде ономастикалық концептілердің қатынастық қызметі қиындай түседі - екі біртекті емес, бейгомогендік мәдениеттер өкілдері бір-бірін түсінбейді, себебі бірінің аялық білімінде бар ономастикалық концепт екіншісінде жоқ болуы мүмкін. Мәселен, Ресейдің бір түкпіріде тұратын Абай шығармаларын оқымаған орыс адамында (тілдік санасында) Абай туралы ментальді ономастикалық концепт мүлдем жоқ болуы әбден мүмкін.[87.13]

Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты ономастикалық концептілерде этномәдени ақпараттармен қатар әлеуметтік, идеологиялық, саяси ақпараттар туралы түсінік, ұғымдар жинақталған, сақталған. Осындай ақпараттарды, түсінік пен ұғымдарды өз бойына молынан жинақтаған ономастикалық концептілерді біз әлеуметтік ономастикалық концепт деп те атауымызға болатын сияқты. Осы терминологиялық сөз тіркесімінің үлгісімен этномәдени (лингвомәдени) ономастикалық концепт, саяси ономастикалық концепт атты концептілердің терминологиялық атауларын ғылыми терминология тіліне енгізуді жөн көрдік. Ономастикада жаңа ғылыми ұғым немесе құбылысты атау үшін ономастикалық метадиалектіде бұрын соңды болмаған атауларды қолдануға тура келеді.

Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты антропонимиялық үрдістер орын алып отырған әлеуметтік фактор топонимияда да өз көрікісін береді, сондай-ақ әлеуметтік фактор экономикалық фактормен тығыз байланысты болып келеді, сол себепті экономикадағы елеулі өзгерістер қоғамдық өзгерістерге негіз болып, сол негіз тұрғысында қоғамдық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық көзқарастар, танымдар өзгере түседі.

Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты концептілер дүниетанымның, күрделі ментальді құрылымдардың жиынтығы (кешені) ретінде қоғамның шаруашылық-экономикалық базисімен сәйкес қалыптасады. «Сананы тұрмыс билейді» демекші ономастикалық ментальді ұғымдар, жалпы ономастикалық процестер қоғам тіршілігіне байланысты, тәуелді, «салдарлы» болып келеді. Қазақстан егемендігін алғаннан бастап, одан да бұрын, қайта құру кезеңінде мәдени рухани ескерткіштер іспетті тарихи (этномәдени) географиялық атауларды қайта қалпына келтіру үшін үлкен қоғамдық қозғалыс басталды.

Бұқаралық - ақпарат құралдары беттерінде, радио мен теледидарда қазақ қоғамының зиялы өкілдері, қалың бұқараның ішінен шыққан ұлтжанды азаматтар елдігіміздің, егемендігіміздің келбетін көрсететін қазақ ономастикасының хал-ахуалын, көкейкесті мәселелерін белсенді түрде талқыға салды. Бұл мәселелердің түп-төркіні, негізгі себептері, танымы қазақ

қоғамының әлеуметтік, этнотілдік, адами-психологиялық ерекшеліктерінде, хал-ахуалында жатыр. Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты концептілердің вербалданған түрлері - лингвомәдени жалқы есімдер (антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, космонимдер т.б.) дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындаушы лингвомәдени көрсеткіштер болып табылады. Ономастикалық концептілер қызметінің лингвомәдени, әлеуметтік, саяси аспектілері қалыптасуына қатысты қарастырылып отырған антропонимиялық т.б. ономастикалық концептілердің өзіндік әлеуметтік табиғаты мен сипаты ерекше.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1988. - 566.
2. Аманжолов С. Қазақтілі теориясының негіздері. Алматы, 2002,- 368б.
3. Рысбергенова К.К. Историко — лингвистический анализ топонимов Южного Казахстана. Канд.дисс.авторефераты. Алматы, 1993. - 126.
4. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.
5. Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. дисс. авторефераты Алматы, 2005. - 10 б.
6. Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова) Алма-Ата, 1989. - 23 б.
7. Тілеубердиев Б.М.Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. - Алматы: 2006. Арыс, 2006, - 277б.
8. Тілеубердиев Б.М.Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. Фил.ғыл.док. ғылыми атағ.алу үшін дайындаған диссерт.авторефераты, Алматы,2006 .
9. Құрманбайұлы Ш.Ономастикалық жұмыстарды республикалық деңгейде ұймыстыру мәселелері туралы.
- 10.Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. Фил.ғыл.канд. ғылыми атағ.алу үшін дайындаған диссерт.авторефераты, Алматы,2007.
- 11.Сағынова Б.Ұ.Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика. Фил.ғыл.канд. ғылыми атағ.алу үшін дайындаған диссерт.авторефераты, Алматы,1999 .
- 12.Жұмағұлова Ж.Ж. Қазақ тіліндегі этноәлеуметтік атаулардың лингвомәдени сипаты. Фил.ғыл.канд. ғылыми атағ.алу үшін дайындаған диссерт.авторефераты, Алматы,2006.
- 13.Иманбердиева С.Тарихи ономастикалық кеңістік.Алматы,2010.
- 14.Момынова Б.Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар.Алматы,2012.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к.,доцент Н.М.Алдашев

ФОРМУЛЫ РЕЧЕВОГО ЭТИКЕТА В ДЕЛОВОМ ОБЩЕНИИ (НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОГО И КИТАЙСКОГО ЯЗЫКОВ)

Дүйсеней А.Ө., Мурзагалиева А.Р.

duiseney18@mail.ru, murzagaliyeva.00@mail.ru

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Деловое общение - это сложный многомерный процесс коммуникации между людьми в сфере услуг, предназначенный для достижения целей и решения конкретных проблем. Особенностью этого процесса является регулирование, то есть соблюдение установленных правил и принципов, национальными и культурными традициями, а также профессиональной этики поведения [1; с.19]. С помощью простых, вежливых выражений люди из разных стран выражают свое уважение собеседникам или деловым партнерам - в этом и заключается цель приветствия. Важно произвести для коммуникатора положительное впечатление, что в некоторой степени снижает психологическую дистанцию между ними и создает условия для дальнейших деловых переговоров.

Приветствия – «好!» «晚上晚上好!» на китайском языке, и «Доброе утро! / день!/вечер!» на русском языке. Среди китайцев, помимо обычного приветствия: «你好!» («Здравствуйте!») можно услышать формы вопроса: «最近怎么样过得好了!» («Как твои дела? Ты поел?»). Важную роль играет также социальный статус и возраст человека: «您好!» («Здравствуйте!» - уважаемая форма, подчеркивающая особую привязанность к человеку.) Общее пожелание китайцев - «Ni hao ma?», Что означает «Ты в порядке?». На что вы должны ответить: «Хао! Цзе!» - «Хорошо!», «Спасибо!». Выражение «欢迎! 欢迎!» (Юань Инь, Юань Инь!) – «Добро пожаловать!» чаще используется в деловой или формальной обстановке. Только на китайском языке нужно добавить в конце «имя»: «请允许我代表 ... 欢迎你们!» (Qingyunxuiwudaibiao ... huangyingnimeng!) - «Позвольте мне, я приветствую вас от имени нашего директора! Русское выражение: «Позвольте мне представить!» в китайском можно рассматривать как незаконченное предложение, где очень важная часть опущена. «请允许我代表 ... 欢迎你们!» (Qingyunxuwudaibiao ... HuangYingNiMeng!).

Согласие-это утверждение о правильности и принятии мнения собеседника, оценка этого мнения как соответствующего действительности, выражение схожестей позиций и установок коммуникаторов [2, с.72].

В деловом общении китайцы выражают свое одобрение следующими формулами:

1. (Ni mэн дэ грян и фэй чан ю чуань и. Во бай фэнчжи бай тун и Ни мэн! / Во ши фенман я!) - «Я полностью согласен с вами», или «Я очень доволен».

2. (我们完全同意你们), (Haozhui! In Manvantquantong и Nin te and ianian.)- «Хорошая идея! Мы полностью согласны с вашим мнением».

Под актом разговора в деловом общении мы понимаем действие, которое объединяет все виды негативных реакций: опровержение, возражение, аргументацию, выражение неудовлетворенности, неодобрение. Неправильный отказ в деловом общении может разрушить и навредить дальнейшему сотрудничеству. Если вы не хотите соглашаться, лучше передать это вежливо.

- «对不起·我还有事·只好当逃兵了». (Дуй бучи, у седж ю ши король, цзихао дан тао бин ле.) – Извините, но у меня очень много дел!

-«非常感谢您的盛情邀请!我也希望尽快与您见面·但是最近公务繁忙·我们--不得不把行程稍作调整!». (Фэй Чан Ган Се Се Нин Де Шэнкинджаокин! Син Ми Эр Се цзин Пей Ми. Да ман Ши Ши Кицзянгун Ву Фаньман, в Менбу Таг Бин Ли Фанаксин Чэншао Ян из Тяозэн.)- «Спасибо за приглашение! Я хотел бы встретиться с вами, но я очень занят. Предлагаю отложить встречу на другой день».

Специфика выражения просьбы на китайском языке, и особенно в деловой сфере, связаны с общим отношением, которое существовало веками, чтобы доставить как можно меньше проблем людям.[1;64]. В Китае есть поговорка: «求人矮三分» (Chi shen mai xin fun). «Когда вы спрашиваете у кого-то другого, вы чувствуете себя в три раза ниже» (fun- китайская единица измерения 0,33 см). Это говорит о том, что человеку неудобно обращаться к другому с просьбой о чем-либо. И это чувство существует сегодня среди китайцев, что хорошо подтверждается формулами выражения просьбы. С точки зрения речевого этикета, на китайском языке просьба должна быть нежной и очень вежливой. Поэтому часто используется следующее выражение, например: «能否尽快协助,我们办理好好这批的清关», «Можете ли вы упростить доставку документации для этого продукта в кратчайшие сроки?» Форма вопроса используется для того, чтобы выразить как можно более вежливо, как будто он хочет посоветоваться с собеседником, если у него есть возможность выполнить вашу просьбу. Такой вопрос не создает у собеседника впечатления, что это его долг, и он должен выполнить просьбу делового партнера, в отличие от другого варианта: «贵方尽快办理好这批这批», «Просим Вас, как можно в кратчайшие сроки упростить подготовку документов для перевозки этого продукта». Эта форма не воспринимается собеседником как очень приятная, несмотря на первые слова «Просим Вас». Еще одна особенность метки на китайском языке - использование формул для выражения просьбы, которая не подтверждает необходимость, а побуждает обратиться за помощью, например: «贵方但是,没有办法了», «Мы не хотим беспокоить вас в этом случае. Но выхода не было. И нам пришлось вас побеспокоить». Это еще одна возможность для партнера позитивно принять и выполнить просьбу.

В деловом общении прощание, безусловно, является важным этапом закрытия встречи или переговоров. Обе стороны склонны положить конец

переговорам на позитивной ноте, когда дело доходит до разделения в деловом общении. Формула прощания может иметь дополнительное значение в зависимости от ситуации, от содержания и результатах переговоров. Как правило, согласно действующим международным стандартам, тот, кто инициировал встречу в строго оговоренное время, является первым, кто прилагает встречу, а при необходимости продолжает переговоры, инициатор, который является признаком особого интереса к работе партнеров и компании. При ведении переговоров между людьми, заинтересованными в постоянном общении, обе стороны внимательно выслушивают замечания о расставании собеседника и стараются понять его настроение и отношение к общему делу [3, с.69]. Сравним несколько диалогов, завершающих деловую беседу: в некоторых случаях формулам прощания предшествуют благодарность, извинения, комплименты: «Спасибо за помощь! -Всего хорошего! -Извините, что отнял у вас много времени! -Простите не могу дольше вас задерживать! -Сожалею, что отвлек вас от дел! –До свидания! –До скорой встречи!».

«谢谢您的帮助！祝你好运！对不起,我不能再拘留你了！抱歉,要分散您的工作注意力,再见！再见！谢谢您的帮助！祝你好运！对不起,我不能再拘留你了！抱歉,要分散您的工作注意力,再见！再见» (Xiexie nin de bangzhu! Zhu ni hao yun! Duibuqi, wo buneng zai juliu nile! Baoqian, yao fensan nin de gongzuo zhuyi li, zaijian! Zaijian!)

В процессе коммуникации можно выделить два типа общения: вербальное и невербальное. Они также являются взаимосвязанными компонентами делового общения, которые можно использовать вместе и по отдельности. Вербальное общение - это наиболее универсальный способ передачи информации, потому что вербальный язык - это основной способ общения, созданное с помощью системы символов [1, с.85].

Повышенная ответственность участников за результат, возможность правильной формулировки цели сотрудничества, определение интересов партнеров, создание обоснования собственной позиции и выбор соответствующих реплик ситуаций, приводящих к успешному деловому взаимодействию. Чтобы овладеть культурой делового общения, необходимо переходить в характеристики роли партнера, стремиться к «модели», выработанной в сознании родного языка, которая должна действовать в соответствии с правилами коммуникативных ролей говорящего или слушателя для подготовки текста согласно со стилистическими нормами, а также для представления невербальных средств коммуникации. Однако особенно важно усвоить правила речевого этикета. Решение проблем межкультурного общения в деловом этикете следует начинать со сравнения национальных культур и выявления их различий, которые проявляются в социальном, языковом и соматическом поведении коммуникаторов.

Использованные источники:

1. Прохоров Ю.Е., Стернин И.А. Русские: Коммуникативное поведение. – М.: Флинта; Наука, 2006. -328 с.

2. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев. -М.,1996.-145с.
3. Прохоров Ю.Е. Лингвострановедение. Культуроведение. Страноведение: Теория и практика обучения русскому языку как иностранному.- М., 1998.-216 с.

Научный руководитель: к.ф.н.,доцент Г.И.Унгарбаева

ФОЛЬКЛОРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАҢАША ТӘСІЛІ

Елеусизова С.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ халқының тұрмыстық тәжірибесінде сәбидің әрбір өмірлік қадамы назардан тыс қалмай, тал бесіктен бастап баласының тәрбиелі де тәлімді болып өсуіне көп көңіл бөлген. Ол бізге ананың сүтімен, әкенің қанымен бойымызға дарыған бала тәрбиелеу әдісіміз. Бүгінгі күні технологияның дамыған заманы, мүмкіншіліктер өте көп. Дегенмен де бұның бала үшін тигізіп отырған кері әсері бары жасырын емес.

1. Мектеп жасына дейінгі бала тілінің уақытылы шықпауы.

2. Дыбыстар мен олардың дыбысталуында қателесіп жатады, жаңылыс өте көп.

3. Инклюзивті, ерекше білімді қажет ететін балалар санының артуы. Бұрын-соңды қазақ танымында дефектолог, логопед сынды мамандықтар болмады. Ол қазіргі таңда осындай мәселе кездесетін балаларға арналған қажеттіліктен туған мамандықтар. Ал бұрын қалай болған екен? Бұрын ата-бабамыз халық ауыз әдебиетінің түрлі жанрларына бой сүйей отырып, жоғарыда көрсетілген түрлі проблеманың алдын-алып отырған. Қалай жүзеге асты? Біздің негізгі кәсібіміз төрт түлікпен байланысты болғаны белгілі. Сол төрт түліктің атауын, олардың қалай дыбыс шығаратынын түсіндіре отырып, дыбысталу рецепторларын ретке келтіріп отырса, жаңылтпаш жаттату арқылы есте сақтау, халық әндері арқылы саз өнеріне қызығушылығын ояту, жұмбақ арқылы тапқырлық қабілетін арттырып, санамақ арқылы санап үйретуге және ондағы ұйқас сөздер арқылы шешендікке тәрбиелесе, ертегі арқылы бала психологиясын жетілдіріп, танымын арттырған. Ал осының барлығын бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға ата-ана білмесе, бала білмейді.

Осы ретте фольклор ғылымының түрлі бағыттарын қамтыған «Online.tarbiye» атты авторлық жобамды ұсынғым келеді.

Мақсаты: фольклор жанрының бастау бұлағы арқылы халық тағылымын насихаттау;

Фольклор саласының қайта жаңғыруына жаңа дем беру;

Балалар қызығушылығын халықтық тәрбиемен ұштастыру.

Қазіргі таңда балалар тез ұғынғыш, жақсы қабылдағыш боп келеді. Бұл әрине жақсы. Бірақ тигізер зардабы да бар. Әлеуметтік желідегі түрлі қосымшалар мен ойындар, оның ішінде «Like», «Snapchat», «Tik-tok» арқылы баланың ғаламторға деген тәуелділігінің артатындығын ескерген жөн. Өйткені олар қызықты әрі жалықтырмайды. Дегенмен оларды пайдалану барысында бала психикасына теріс әсер тигізетінін жоққа шығаруға болмайды. Ойыннан ұтылған жағдайда немесе өзі қалағандай етіп видео түсіре алмаса бала ашуға ерік беріп, мінезінде тұйықтық, диалогқа түсу сияқты түрлі өзгерістер пайда болады. Жоғарыда аталған мәселелердің шешімі – қазақ фольклорында. Мобильді ойындарды ұлттық ойынмен алмастырсақ, баланың шымыр боп өсуін, физикалық тұрғыдан мықты болуына әсер ете аламыз. Үй жағдайында қиындық тудыраар болса, оның орнын шахмат, тоғызқұмалақ сынды отырып ойнауға ыңғайлы әрі ойлау қабілеттерін арттыратын түрлерімен ауыстыруға болады. Ал қосымшалар орнына жаңылтпаш жаттату, жұмбақ жасыру, ертегі кейіпкерлері кейпінде ертегі айтып қызықты ұйымдастыруға болады. Қазіргі балалар танымындағы батыр бейнесі «Супермэн», «Өрмекші-адам», «Геракл» сынды ойдан құрастырылған образдармен шектесіп қалады. Ал батырлар жырын, тарихи өлеңдерді оқыту арқылы қазақ тарихындағы батырлар бейнесін қайта жандандырып, үлгі ете аламыз. Баланың зерек болуы үшін, ата-ана шығармашылыққа бет бұрып, түрлі әдістерді қолдануы тиіс деп есептейміз.

Жалпа жоба барысына тоқталсақ, 2020 жылдың қазан айында бастау алды.

Жобаны бастауымызға Б.Момышұлының «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші- баласына бесік жырын айтпаған анадан, екіншісі - немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшінші - бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан» деген қанатты сөзі түрткі болды. Қазіргі қоғамда кездесіп жатқан келеңсіз жағдайлар мүмкін осы ертегі тыңдамай өскендіктен де шығар деп ойлаймыз. «Дамыған заманда онлайн ата-әжеге айналуға ат салысайықшы» - деп пост жазған болатынбыз. (17.10.2020 жыл)

Жобаны бастамас бұрын, қаншалықты өзекті, жалпы қажеттілік бар ма деген сауалға жауап алу мақсатында «Google disk» платформасы арқылы ата-аналардан онлайн сауалнама алдық. Сауалнама нәтижесімен таныстыраар болсақ, «Балаңызға ертегі айтасыз ба?» 48,7% өте сирек, «Ресурсты қайдан аласыз?» 78% интернеттен, «Балаңызға мақалдың мәнін түсіндіріп, жұмбақтар қойып, жаңылтпаш жаттатқызасыз ба?» сұрағына «Қолға алғым келеді» 22 % көрсеткіш көрсетті. Яғни өзектілігі жоғары деңгейде екендігін аңғаруға болады.

Тиімділігі:

1. Оңай әрі жеңіл платформа, яғни бұл инстаграмм арқылы жүргізіледі.
2. Уақытты талғамайтындығы. Сіз кез келген уақытта парақшаға тіркелу арқылы жаңа посттарды бақылай аласыз.
3. Сұрыпталған материалдар. Жобаны бастамас бұрын түрлі ресурстармен жұмыстандық. Яғни оның ішінде магистратура бөлімінде оқып жатқан пәніміз «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея», балалар әдебиетіне қатысты кітаптар, интернет сайттары. Зерделеу барысында байқағаным – интернет сайттарындағы

материалдардың сауатсыз жазылуы, мәтін құрылымының өзгеріске ұшырағаны, «өте» ауызекі, тым жеңіл формада жазылуы.

Күтілетін нәтиже:

1. Алдымен жоба бойынша арнайы нұсқаулық дайындалды. Оның ішінде алдымен ата-аналармен марафондар, балалардың жас ерекшелігіне сай ұсынылатын материалдар тізімі, кері байланыс және ұсыныстарын енгіздік.

2. Бұл қазіргі таңда ұмыт болып бара жатқан ата-ана мен бала арасындағы қарапайым ғана әңгімелесу процесін ретке келтіреді. Яғни бұл ретте Сіз балаңыздың нені жақсы көреді немесе керісінше нені жақтырмайды, неден қорқады, балаңыз қаншалықты армандайды, жалпы көзқарасы мен ішкі әлеміне еруге үлкен мүмкіндік береді.

3. Және ең соңғысы, балаңыз бұл жоба барысында әбден дағдыланып, сізге күнделікті «Анашым, бүгін қандай ертегі тыңдаймыз немесе жұмбақ жасыршы» дегендей өтініштер айтатын болады.

Қазақ фольклорында осы айтылғандардың барлығы кездеседі десе де болады. Атам заманда ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың әрі дүниетанымы, әрі рухани мәдениеті болған діни нанымдар мен әртүрлі ырым-кәделер, мифтер түрінде өмір сүрген ежелгі фольклор бізге мұра болып та жеткен. Солармен бірге әр кезең қоғамында пайда болған басқа да көптеген ұғымдар мен түсініктер, мифтер мен әңгімелер де фольклорлық дүниелер болып, сол әр заманның белгі-бедерін, түсінік-пайымын да сақтап келген. Солардың бәрінің басы фольклорда қосылады.

Барлық қазына – халық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрімізде екендігін тағы да қайталап айтамыз. Ұл-қызыңыздың тәрбиелі де зерек боп өсуіне бір ғана «Балапан» бағдарламысының күші жетпейді. Алдымен ата-ана жауапты. Ал біз үнемі ізденіс үстінде жүруге, бағыт беріп, жол сілтеп отыруға қашан да дайынбыз. Өйткені бұл жобадан күтеріміз көп. Біздің мақсатымыз – ата-аналарға қашықтан бағыт беру арқылы, қазақ балаларына халықтық методика арқылы тәрбие беру.

Ғылыми жетекші: PhD., доцент Кушкимбаева А.С.

САЯСИ ЛИНГВИСТИКА: ҰҒЫМДЫҚ АҚПАРАТ

Ергалиева Д.Ғ., Удéroва Б.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тіл мен саясат бір-бірімен тығыз байланысты және бұл байланыс ең алдымен қарым-қатынас процесінде көрінеді, өйткені ешқандай саяси режим байланыссыз болмайды. Тіл саясаткерлер үшін әртүрлі функцияларды орындайды және оларға хабарлау, нұсқаулар беру, заңнамалық актілерді орындау, сендіру және т.б. саясаттың ерекшелігі, адам қызметінің басқа да салаларынан айырмашылығы, оның дискурсивті сипаты болып табылады:

көптеген саяси әрекеттер олардың ерекшелігі бойынша сөйлеу әрекеттері болып табылады. Бірқатар ғалымдар саяси белсенділік көбінесе тілдік қызметке байланысты болады деген пікірмен келісетіні кездейсоқ емес, ал қазіргі саясаттануда тілді саяси шындықты көрсету құралы ретінде емес, саясат өрісінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру үрдісі байқалады.

Зерттеушілер: саясат тілі, саяси коммуникация, саяси дискурс деген не? Барлық дерлік жұмыстарда бұл терминдер бір-бірін алмастыратын (синонимдер) ретінде қолданылады. Біздің ойымызша, соңғы екі ұғымды шын мәнінде қатал синонимдер ретінде қолдануға болады. Саяси тілге келетін болсақ, оның лингвистикалық мәртебесіне қатысты бірнеше түрлі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер бұл терминді априори ретінде қолдана отырып, ешқандай түсініктеме талап етпейді, ал басқалары саяси тіл құбылысының бар екендігіне күмәнданады, ал басқалары оның бар екенін жоққа шығармайды және оның ерекшеліктері неде екенін түсінуге тырысады.

Бірінші нұсқа, атап айтқанда, А. Н. Баранов және Е. г. Казакевич сияқты зерттеушілердің жұмысында "саяси тіл – бұл саяси коммуникацияға арналған ерекше белгі жүйесі: қоғамдық консенсусты дамыту, саяси және әлеуметтік-саяси шешімдерді қабылдау және негіздеу...» .

Екінші көзқарасты б. п. Паршиннен табуға болады: "саяси дискурстың өзіндік лингвистикалық ерекшеліктері аз және оларды анықтау оңай емес екені анық. Әдетте "саясат тілі" дегенді білдіретін нәрсе, әдетте, тиісті идиоэтикалық ("ұлттық") тілдердің-орыс, ағылшын, неміс, араб және т. б. грамматикалық, иә, жалпы және лексикалық нормаларынан аспайды. Мұндай шығулар орын алады және оларды тек төтенше жағдайларда ғана анықтауға және түсіндіруге болады – тек төтенше жағдайларда әдебиеттегі идиостилистік өзіндік ерекшелік тілдің өзіне немесе вербализация процестеріне әсер етеді (орыс әдебиетіндегі В.Хлебников немесе А. Платонов сияқты)" [1]. П. Б. Паршин саяси тіл дегеніміз-бұл тіл емес, кем дегенде тек тіл ғана емес. Осыған сүйене отырып, ол идеополиттік дискурс болып табылатын саяси лингвистика пәні туралы теорияны алға тартады, бұл өз кезегінде "саяси әрекеттің осы немесе басқа субъектісі не, қалай, кімге және не туралы сөйлесетіндігінің ерекшелігін" білдіреді [2].

Бұл сипаттағы көзқарас зерттеуші Д. Грейбердің жұмысында да көрінеді: "саяси Тіл белгілі бір вокабулярдың немесе нақты грамматикалық формалардың болуын жасамайды. Керісінше, бұл берілетін ақпараттың мазмұны, ақпарат таратылатын жағдайлар (әлеуметтік контекст) және орындалатын функциялар. Саяси агенттер (actors) саяси мақсаттар қою арқылы саяси тақырыптар туралы сөйлескен кезде, олар саясат тілінде сөйлейді" [3].

Үшінші көзқарасты ұстанушылар саясат тілі тек формасы ғана емес, оған ғана тән нақты мазмұны бар деп санайды. "Ресми түрде саясат тілі канонизацияланған өрнектер мен клишелердің аз ғана санымен ерекшеленеді" [4]. Кеңестік саяси дискурстың грамматикалық ерекшелігі ретінде П. Серио "номинализация мен композицияның гипертрофиялық тенденциясын" атап көрсетеді [5]. П. Серио, Ю. с. зерттеулерін талдай отырып. Степанов кеңестік

саяси дискурсқа "бастапқыда тілді, бұл жағдайда орыс тілін, ерекше менталитетті, бұл жағдайда ерекше идеологияны білдіру үшін ерекше қолдану" деп қарайды. Мұндай ерекше қолдану, Ю. С. Степановтың пікірінше, "тілдің кейбір ерекшеліктерін және, сайып келгенде, арнайы грамматика мен лексиканың ерекше ережелерін белсендіруге әкеледі" [6].

Дегенмен, "саясат тілінің" бар екенін жоққа шығаруға болмайды, өйткені ешқандай себеп жоқ және оны кәсіби тіл – ұлттық тілдің нұсқаларының бірі ретінде қарастырған жөн. Тіл білімінде қалыптасқан "кәсіби тілдер" терминінің неғұрлым нақты корреляциясы "кәсіби лексикалық жүйелер" анықтамасы болып табылады [7], өйткені кәсіби тілдердің өзіндік ерекшеліктері белгілі бір пәндік қызмет саласын көбейтуге арналған лексикада жатыр.

"Грамматикаға келетін болсақ, саясат тіліне тән кейбір грамматикалық ерекшеліктер туралы айту бізге заңсыз болып көрінеді, алайда басқа арнайы ішкі тілдер сияқты. Біздің ойымызша, белгілі бір грамматикалық формалар мен құрылымдарды неғұрлым белсенді қолдану тенденциясы осы немесе басқа тілдің "арнайы грамматиканың" болуы туралы айтуға негіз бермейді. Саяси тілге қатысты әдебиетте грамматиканың ерекшеліктері, мысалы, номинализацияланған құрылымдар-девербативтер мен негативті емес міндеттемелер арқылы бет-әлпетті жою тенденциясы [8], жеке есімдіктерді инклюзивті қолдану, біз, біздікі. Бұл грамматикалық ерекшеліктер, арнайы лексикадан айырмашылығы, тек саяси дискурсқа тән белгілер емес-бұл формалар мен конструкциялар байланыстың басқа түрлерінде де қолданылады (жиілік пен прагматикалық бағдардағы айырмашылықпен)" [9].

Біз ұсынған Дискурс теориясы тұрғысынан саяси дискурстың семиотикалық өрісін құрайтын белгілердің барлық құрамы және әдетте саясат тілі болып табылады. Саясат тілі – бұл мамандандырылған белгілер ғана емес-ауызша (саяси терминдер, антропонимдер және т.б.) және вербалды емес (саяси рәміздер, белгілер және т. б.), сонымен қатар мамандандырылмаған белгілер. Бастапқыда номинативті түрде осы байланыс саласына бағытталмаған, алайда оның тұрақты жұмыс істеуіне байланысты олардың мазмұндық ерекшеліктеріне ие болады (бұл, атап айтқанда, жеке есімдіктерге қатысты).

Саясат тілінің арнайы ішкі тіл ретіндегі ерекше белгілерінің бірі-саяси терминдердің деспециализациясының нәтижесінде тілдік қоғамдастықтың барлық мүшелері оны түсінуге қол жетімділігі. Осы негізде кейбір зерттеушілер саясат тілінің болуын жоққа шығарады. Саяси коммуникациядағы кең деспециализация саясат бұқаралық адресатқа бағытталған бірнеше кәсіби салалардың бірі екендігімен байланысты. Саяси қарым-қатынас тек бұқаралық ақпарат құралдарымен ғана емес, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары оның өмір сүруінің негізгі ортасы болып табылады, нәтижесінде саясат тілі кез-келген арнайы тілге тән корпоративті қасиеттен айырылады.

Терминдерді деспециализациялау (детерминология) процесі әдетте үш кезеңнен тұрады: 1) қолдануды кеңейту; бұқаралық коммуникация құралдары пайдаланатын терминдер өздерінің терминологиялық сипаттамаларын сақтай отырып, семантикалық құрылымды біршама жеңілдету тенденциясын

анықтайды; 2) терминді арнайы емес мәтіндерде қолдану және онымен байланысты қайта ойлау; мұндай стандартты емес қолдану, әдетте, экспрессивті түрде таңбаланған; 3) жаңа терминологиялық емес мән өзінің экспрессивтілігін жоғалтады, заңды болады және сөздіктерде туынды, негізінен бейтарап мән ретінде жазылады Әрине, саяси қарым – қатынас саласынан тыс толығымен анықталған саяси лексикаға мысалдар келтіруге болады-консенсус, диктатура, қарама-қайшылық [10]. Алайда, саясат тіліндегі деспециализацияның ерекшелігі, басқа кәсіби салалардан айырмашылығы, арнайы сөздіктің негізгі массасын детерминациялаудың бірінші кезеңінің ауқымды, әмбебап сипаты болып табылады. Бұл саяси тілдің семантикалық белгісіздігінің факторларының бірі болса керек.

"Саясат тілі" (language of politics) ұғымын нақтылау үшін оны "саяси тіл" (political or politicized language; ықтимал аудармасы – "саяси/саясаттандырылған тіл") ұғымынан ажырату қажет [11]. "Саясат тілі" саяси қызметтің терминологиясы мен Риторикасын білдіреді, онда саясаткерлер өздерінің кәсіби рөлінде әрекет етеді (басқа кәсіби салалардың дискурстары сияқты – дін, медицина, әділет және т.б.).

"Саяси тіл" - бұл кәсіби саясаткерлердің немесе мемлекеттік шенеуніктердің құзыреті емес; бұл тілдік қоғамдастықтың барлық мүшелері үшін ашық ресурс, ол жалпыхалықтық тілді сендіру және бақылау құралы ретінде нақты қолданумен байланысты немесе басқаша айтқанда, айла-шарғы жасау мақсатында қолданылатын тіл. Саяси тіл саласына саяси дұрыстықпен және тіл тазалығы үшін күреспен байланысты мәселелердің барлық спектрі де жатады.

А.Дэвис жүргізген делимитациямен келісе отырып, біз бұл тұжырымдамалардың қиылысуға қатысты екенін түсіндіреміз: көптеген жағдайларда саясат тілі манипуляция тілі болып табылады, бірақ ол оған толықтай енбейді: саясат тілінің кейбір аспектілері, атап айтқанда анықтамалық белгілер таза ақпараттық функцияны орындайды. Сонымен қатар, "саяси тіл" қарым – қатынастың көптеген басқа салаларында-тұрмыстық, жарнамалық, педагогикалық, діни қарым-қатынаста айла-шарғы жасау үшін қолданылады. Тілді саяси қолданумен байланысты проблемалардың бірі-тілдің номинативті-классификациялық мүмкіндіктерін шындыққа деген көзқарасты қалыптастыру құралы ретінде пайдалану (затбелгі мәселесі): тіл белгілі бір дәрежеде әлеуметтік мәселені шеше алады немесе керісінше жасай алады. Мысалы, drug abuse, mental illness, criminal сияқты номинациялар, М. Эдельманның пікірі бойынша [12], назарды олардың өмір сүруінің қалыптан тыс әлеуметтік-экономикалық ортасы фактісінен алшақтатып, жеке адамның әлсіздіктері мен нормадан ауытқуларына назар аударады. М. Эдельман сонымен қатар welfare жапсырмасы бұл мәселе адамдарды бос жүруге шақыратын қайырымдылық көмек деп санайды.

Сонымен, біздің пайымдауларымызды қорытындылай келе, болашақта біз саяси дискурс және саяси коммуникация терминдерін балама ретінде

қолданамыз, ал саясат тілі саяси дискурстың семиотикалық кеңістігін құрайтын белгілердің құрылымдық жиынтығын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Абызова В.Н.* К вопросу о методологии исследования текста // Текст как объект лингвистического анализа и перевода. М., 1984.
2. *Аймермахер К.* Знак. Текст. Культура. М., 2001.
3. *Анисимова Т.В.* Типология жанров деловой речи (риторический аспект). Автореф. Дисс.... Д-ра филол. Наук. Краснодар, 2000
4. Аргументация в публицистическом тексте (жанрово-стилевой аспект): учеб. Пособие. Свердловск, 1992
5. *Артемьева Е.Ю.* Основы психологии субъективной семантики. М., 1999.
6. *Арутюнова Н.Д.* Дискурс. Перформатив // Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990
7. *Ашуркова Т.Г.* Деактуализация названий лиц в публицистическом стиле во второй половине XX – начале XXI в. Дисс.... Канд. Филол. Наук. М., 2006.
8. *Бабенко Л.Г.* Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. М.; Екатеринбург, 2004.
9. *Бахтин М.М.* (Под маской). Фрейдизм. Формальный метод в литературоведении. Марксизм и философия языка: статьи. М., 2000.
10. *Бондарко А.В.* Грамматическая категория и контекст. Л., 1971
11. *Бондарко А.В.* Функциональная грамматика. Л., 1984.
12. *Васильева А.М.* О целостном комплексе стилеобразующих факторов на уровне макростилей // Функциональная стилистика: Теория стилей и их языковая реализация. Пермь, 1986.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Айтбенбетова А.Қ.

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІ
ТҮСТАРЫ**

Есалинова А.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Әрбір мұғалімнің қазіргі оқу әдістерін жетік меңгеруі шеберліктің бір кыры болып есептелінеді. Оған қоса, оқушылардың іс-әрекетін қуаттау, бағыт-бағдар беру, белгілі бір мақсатты әрекетке ынталандыру да жаңа талаптардың бірі десек болады. сондықтан да, қазіргі таңда оқу мен оқытуға қойылатын талап пен мақсат түбегейлі өзгерді. «Интербелсенді оқу/оқыту әрбір үйренушінің талабы мен талпынысын, күш-жігері мен қайрат-энергиясын

бірлесе білім алу процесін ұйымдастыру арқылы бірнеше есе ұлғайту мүмкіншілігін береді» [1,74].

Қазіргі таңда білім алу кеңістігі анағұрлым ұлғайды. Толығырақ айтар болсақ, ақпарат ағыны буырқанған теңіз толқындары сияқты. Сондықтан бүгінгінің адамдарының алдында, теңіз толқынынан кемесін өзіндік айла-тәсілдерімен аударып алмай аман шығу, болмаса ағынның жетегінде кетіп, өз бағдарынан ауытқып қалу, тоқырау, тежелу сияқты дағдарыстар бар. Сол себепті де, орта мектептің білім алушыларына алдымен, өмір бойы қажетті біліп алу және де қажетті білімін бәсекеге толы заманымызда өзінің, мемлекеттің игілігіне, дамуына жарату міндеті тұрғанынын саналы түрде үйренткеніміз жөн.

Біз өмір сүріп отырған бүгінгі күнде әрбір қазақстандық жас жоғары білім алу мүмкіндігінен шеттетілмеуі тиіс. Ол ақылы ма, әлде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім ала ма, бастысы саналы ғұмырында өзіне қажетті тереңдік пен жан-жақтылықты, бейімділік пен жаңашылдықты ұғынғаны дұрыс. Бір мамандықты тандап, зейнет жасына дейін жаны қаласа да, қаламаса да дипломды «кәдеге асыру» деген жаңсақтықтан жастарымыз қателеспесе дейміз. Яғни, жаны қаламаған кәсіптен өзі рухани ләззат алмайтыны және қоғам одан еш пайда көрмейтіндігін сезінуі тиіс. Сол себепті, біз алдымен мектеп жасындағы балалардан «Кім боламын?» деген арман қанатын өсіріп, қомдап, дем бергеніміз дұрыс. Арманшыл, қиялшыл бала болашақ қоғамның негізін қалайды. Үлкен мақсаттар мен ғылыми жеңістер, жетістіктер осы «арман қанатынан» бастау алары анық.

Қазақ қашаннан баласын бесікте жатқан кезеңінен сөзбен, сөздің құдіретімен, киесімен тәрбиеледі. Ауыз әдебиетіміздегі ел қорғаны болған батырлар, ақылды да, сұлу қыздар, елін сүйген данышпан билер мен қаһарман хандар, жомарт байлар, еңбекқор кедейлер (кейінен бай болады), өз туған үйінен бақыт іздеп шығып, мұратына жетіп жатқан осындай жағымды образдарды шебер бейнелеген ертегілердің өзі жас баланы өмірлік мақсатқа жетелейді. Осындай ұлы мақсатқа жетелейтін туындыларды біз мектеп жасындағы балаларға қандай деңгейде оқыта алып жатырмыз. Және де оны қалай оқытпақпыз?

Әдебиет тікелей өнермен сабақтас пән. Жаңашылдықты, жаңғыруды, жасампаздықты қажет етеді. Заман ағымын ескерсек, қазіргі оқушыны таңқалдыру, оларды білімнің қажеттігіне сендіру өте күрделі, тіпті қиын десек те болады. Қоғамдағы жағдай, халықтың әлеуметтік тұрмысындағы өзгерістер, рухани құндылықтарға деген көзқарастың төмендеуі орта мектептің оқушысының санасына, дамуына, қай тұрғыдан болса да әсер етері анық. Осы тұста қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері оқушыға барынша дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын арттыру, талап ете білу, тұлғалық қабілеттерін ашып, дамыту және т.б. ықпал түрлерін іске асыруда хас шеберге айналуы тиіс. Ол үшін алдымен, ескі көзқарастан ажырап, әдебиетті оқытудың, оқыта білудің жаңаша әдістеріне көшкен дұрыс.

Әдебиетті білу – ол әдеби туындының өзегін дөп тауып, өмірлік кәдеге жаратуымен өлшенуі тиіс. Ол үшін әрине көркем шығарманы мұғалім өзі толық игеруі шарт. Оны түрлі әдіс-тәсілдермен оқушысына игертіп, қызығушылығын дамытып, өмірлік қажетіне жарайтындай сабақ беруі тиіс. Қазіргі оқыту жүйесінде біз жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беру деген тіркесті көптеп қолданамыз. Ал әдебиетті жаңаша оқыту дегеніміз не? Кейбір пән мұғалімдері оны жеті модульді жүзеге асырумен өлшейді. Яғни, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, «шоу» түрінде сабақ өткізсем, пәнді оқытуда мақсатыма жеттім деп есептейді. Ал шындығында осындай «қойылым» сабақтардың бала үшін қаншалықты пайдасы бар?

Әдебиет ол өз алдына өнер. А.Байтұрсынов көрсеткен өнер түрлерінің ішіндегі ең маңыздысы да. Қазақ әдебиетін оқытуда әр оқытушы өз алдына сан түрлі мақсаттар қояды. Дұрыс қойылған мақсат әр сабақтың нәтижелілігіне, оның маңызына және қызықты өтуіне бірме-бір әсер етеді. Мұғалімнің мақсаты дәл айқындалғанда, тақырыпты игерту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерде тиімділігі арта түседі. Жасалған жұмыстың қорытындысы, сапасы артады. Мәселен, сабақ деген сөздің анықтамасынан гөрі, оның түпкі мағынасы үлкен тереңдікті білдіреді. Мектеп қабырғасында оқытылатын әрбір пән бойынша өтетін оқу материалдары бала үшін ертеңгі шынайы өмірінде қажетті сабақ, яғни болашақ өмірінің кәдесіне жарайтын ақпарат, таным, пікір, үйрену болуы керек.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда әр пәннің өзіндік орны бар болғанымен, барлық білімнің негізі, оны игеру құрамы болып саналатын әдебиет пәнінің атқаратын қызметі өте үлкен. Өйткені, ғылымның қай саласына қатысты болса да білімді меңгеруге қажетті ой қорыту, оны дәлелді түрде дәйектілікпен айта білу, оқығанын жүйелі баяндау секілді іскерлік дағдыларды, тілдік фактілерді, оның ішкі заңдылықтарын оқушы тану арқылы игереді. Ішкі дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі – тіл байлығы. Өз ойын нақты, терең мағыналы, әрі көркем жеткізе білетін, шешен де, ойлы сөйлей білетін, Абайша айтқанда, жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамда ғана тұлғалық қасиет қалыптасады.

Әдеби нұсқаларды оқытуда басты талап, көркем туындының негізгі өзегін, қаламгердің басты идеясын оқушыға жеткізе білу. Мәселен, Аяз би ертегісі, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», М.Жұмабаевтың «Батыр Баяны» және т.б. туындылардың тізбегін жалғастырып кете беруге болады. Бұл шығармалардың әрқайсының өзіндік тереңдігі мен тағылымдық мән-мағынасы бар. Жаңартылған білім мазмұны бойынша бұл шығармалардың барлығына кем дегенде бес-алты сағат берілген. Тапсырмалар түрі сан алуан. Бірақ, басты талап оқушының әрбір туындыдан рухани азық алуында жатыр. Сол себепті, шығарманы оқи отырып, қазақтың ұлт ретінде болмысын танып, оның ұлылығын, өресінің биіктігін бала сезініп, өз ұлтының сана биіктігімен мақтана алуы тиіс. Қазіргі қоғамның сұранысы мен қажеттелігі мүлдем ерек. Бұрынғы дәстүрлі оқыту ол дайын асқа тік қасық сынды, белгілі

бір қасаң шарттардан, жаттандылықтан тұрды. Ол өткен заманның шеңберден шықпайтын адамы үшін қолайлы болғанымен, бүгінгі туысы мен ойлауы мүлдем бөлек балаларымыз үшін әсте үйлеспейтін жүйе деп ойлаймыз.

Дьюи «дәстүрлі» білім беруді енжарлықпен білім алу үрдісі ретінде сипаттайды және өзара әрекеттің немес сыни қатысудың төмен деңгейін қажет ететін жаттап алу әдісін сынайды. Ал «дәстүрлі оқыту» қандай оқыту? Ол – қазіргі мұғалімнің 45 минуттағы іс-әрекеті. Мұғалім кіреді, сабақ сұрайды, сабақ түсіндіреді. 4-5 оқушыны бағалайды, қалғандары сол қалпында қалады. Бұл жердегі мұғалім тарапынан берілген дайын білімге оқушылар өздігінен әрі қарай дамыту, іздену, ойласу, атсалысу, салыстыру, пікір алысу, пікір таластыру т.б. жайлар қолға алынбайды. Мұндай білімнің аясы тар, көбінесе жаттанды еске сақтауға алып келеді. Сондықтан көбінесе санада механикалық есте сақтау арқылы алынған білім ойлаудың төменгі деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Ары қарай терең ойлану үрдісі іске асырылмайды» [2,33].

Жалпы көркем туындыны балаға оқыту барысында, шығармаға, ондағы кейіпкердің әрекетіне сын көзбен қарауды үйреткен жөн. Бұрынғы қалыптасқан дағды бойынша шығарманы құр мазмұндатып немесе жатқа өлеңді оқығаны үшін бағалау анау айтқандай нәтиже бермейді. Мұндай оқытудан қазақ әдебиетінің оқырманын да қалыптастыра алмаймыз. Жаңартылға білім мазмұны бойынша бар басымдылық оқушыға беріледі. Мәселен, болашақта өз сабақтарымызда көркем туындыны игеруде Insert, Джигсо, Үш қадамдық сұхбат, Стикерлі диалог әдісін қолданған жөн. Бұрынғы дәстүрлі оқытудағыдай, мұғалімнің баяндауымен, бақылауымен жүзеге асатын процесті түрлендіруде бастысы шеберлік болып қала бермек. Ал негізгі басымдылық көркем туындыны талдауға, пікір айтуға, достары арқылы білім алуға беріледі. Ал практикалық сабақта білім алушы негізгі тақырып төңірегінде барынша өз бетімен әрекет ету мүмкіндігіне ие болады. Әдетте, орта мектепте қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы бұрынғы оқыту жүйесі бойынша білім алушылардың бірнешеуі сабақ айтып, қалғандары «тыңдаушы» ретінде пассив рөл атқаратын. Ал қазіргі әдебиет сабақтарында топқа немесе жұпқа, үштікке белгілі бір әдеби туындыны игеру туралы жазылған нұсқаулықты беріп, өздері жана материалмен танысып, оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақылдаса отырып, өзгелерге тәжірибе ретінде көрсетіп шығады. Бірлесе жұмыс жасай отырып, жетістікке ұмтылады. Шағын топтар арасынан лидерлер шығады. Ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеті бар білім алушылар өз қабілеттерін одан әрі дамытып, өзін-өзі көрсетіп, мүмкіндігін бағлай алады.

Оқытудың жаңа инновациялық тәсілдері бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі, оқушылардың өздігінен оқып, ақпаратпен танысып, оны қорытып, сабақ айтуы, кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жасауды үйренуде бір күннің іс-әрекеті емес, оған да белгілі бір уақыт, ізденіс, оқушының бейімі қажет. Рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді, не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін нақты зерделей білсе, бұл да оң нәтиже береді. «Мұнда

балаларға еркіндік беріледі. Тіпті олардың қате жауаптарын да дұрыс деп есептейді. Олардың ой тұжырымдамасында, баланың қателіктері арқылы үйренуі сол жасына, ситуациясына байланысты лайықты деп есептелінеді. Бірақ бала күндердің күнінде де өз ойларын дамыта отырып қателігін білетін, әрі түзейтін болады деп сенеді. Бірақ қалай болғанда да оқытуды ұйымдастырудаға көшбасшылық ұстаздың еншісінде болуы тиіс. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек» [1,27].

Оқу мен оқытудағы жаңашылдықты қабылдап, оны ілгерлетуде ұстаздар қауымының жігері мен шыдамдылығы аса қажет. Бәрімізге белгілі оқу үрдісі екіге бөлінеді. Алғашқысы мұғалімнің оқытуы; екіншісі оқушының өз бетінше оқуы. Жаңалықтың бәрі де соңғысымен байланысты. Оған қоса, білімді беруде, білім алуда мотивация да болуы қажет. Ол үшін оқушылар белгілі бір пәнді оқуда қандай да бір арнайы смарт мақсат құрастырып, өзіндік межені анықтап алады. Соның ішінде, кері байланыстың өзіндік тиімді тұстары көптеп саналады. Ең бастысы, оқу мен оқытудың қалай өткендігін, қаншалықты дәрежеде нәтижеге қол жеткізгендігін мөлшерлеп анықтай алады. Сабақтан басталатын бұл әдісті өмір бойы қолдануда оның артықшылықтарын балаға үйретудің түрлі тәсілі бар. Сонымен бірге, қандай да бір әрекеттің сапалығын анықтауда кері байланысты түрлендіре қолдану да сабақ әр түрлі рең бермек.

Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етуімен айналысады. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары бірі – оның балаға үлгілі көрсетіп және тура жол көрсетуші болуы керек. Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің қашанда куәсі. Сонымен бірге, жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші, білім беру саласын, мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі басынан кешірген адам, нағыз ұстаз, шынайы бапкердей болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.– Алматы, 2013.-448б.
2. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: Білім, 2012.-272 б.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народные образование, 1998.-256 с.

Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы Г.К.Тәңірбергенова

ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТЕРМИН МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Есениязова Г.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 1 курс магистранты

Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыру, қолданысқа енгізу үрдісі жүргізіліп жатыр. Терминдерді зерттеуші, терминтаным негізін қалаушы ғалымдар мен зерттеушілердің саны артты, осы күнге дейін біраз ғылыми еңбектер де жиналды. Терминология өз алдына зерттеу пәні бар жас ғылым саласы болып дамып келе жатыр. Оның дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы алатын орны нығайып, термин жасам мәселесінде пайда болған қарама-қайшылықтар көп ізденіс пен жүйелі зерттеулерді қажет етеді.

Дәстүрлі терминологияда ең алғашқы қазақша терминдерді жасаушы – Ахмет Байтұрсынов. Ол туралы Ө.Айтбайұлы «қазақ әдебиетінде ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тілі тарихында А. Байтұрсыновтың алатын орны сондай» деп сипаттайды [1,29].

Қазақ даласында оқудың ана тілінде жүргізілуі үшін оқу-ағарту ісінде тың жол салды, қазақ балаларына арнап алғашқы әліппе, қазақ тіліне арналған алғашқы 3 бөлімнен тұратын оқулық «Тіл құралын» басып шығарды. Бірінші бөлімі-фонетикаға, екінші бөлімі-морфологияға, үшінші бөлімі -синтаксиске арналды. «Тіл жұмсар» деген атпен алғашқы қолданбалы грамматика жазып шықты. Аталған еңбектерінде, қазақ тіліне алғаш буын, дыбыс, әріп, жалғау, жұрнақ, рай, түбір сөз, туынды сөз терминдері енгізді. [1,34]. Бірақ ол, «термин» деп атаған жоқ, оның орнына «пән сөзі» деп атағанды жөн көрді. Көптеген зерттеушілер, А. Байтұрсынұлы термин жасауда лексика-морфологиялық және морфология-синтаксистік тәсілдерге сүйенген деп пікір айтады [1,37].

Қазақ терминологиясы өркендеуі 30-жылдардан бастап профессор Құдайберген Жұбанов есімімен тығыз байланысты. 1933 жылы құрылған Мемлекеттік терминологиялық комитеттің тұңғыш төрағасы қызметін атқаруда, қазақ тілінің терминдерін біржүйеге келтіріп, қалыптастыру жұмыстарымен шұғылданды. Терминдер жайында «О специфике слов-терминов», «Қазақ әдебиеті тілінің терминдері» деген ғылыми мақалалары сол кездегі терминге қатысты ауқымды мәселелерді көтере білді. Қазақ терминологиясын бір жүйеге келтіру үшін, ғалым термин қалыптастырудың 11 қағидасын ұсынды. Сондай-ақ 10 мыңнан аса терминді бекітті. Ол ұсынған «ф», «х» әріптері терминдерді қалыптастыруда өзіндік рөлі болды [1, 54].

Академик Ө.Айтбайұлы «Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері» еңбегінде қазақ тіліндегі терминологияның жүз жылдық тарихы, кезең-кезеңге бөлініп, даму жолдары сараланған. Ғалымның пікірінше, терминология лексикологияның өзекті бөлігін құрайды. Терминологияның дамуы тарихи құбылыстармен тікелей байланысты деп пайымдайды, дәйектер келтіреді. Сөз, термин, номенклатура ұғымдарының ара-жігін ашып көрсетеді. Қазақ терминологиясы дамуының жолын терминжасамның төрт түрлі: семантикалық, сөзжасам амалдары, қалықалау тәсілі, дайын терминдерді алу тәсілдерімен

жасалғандығына тоқталып, қазақ тілінің ерекшелігін ескеру керек екенін баса көрсетеді [1,161].

Қазақ тіліндегі терминдердің түп төркінін анықтауда, негізгі көздерін табуда академик Ә.Қайдардың қазақ тілінің лексикалық түбірін түркі тілдерімен салыстырып қараған еңбектерінде түбір ортақтығын анықтаған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986) құнды еңбек болып табылады [2].

Тіл білімінің бір емес, бірнеше саласын қамтыған еңбектері мыңнан асып жығылатын, оның ішінде сөздік жасау шебері Б. Қалиұлы. Құнды еңбектерін қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, терминология, этнолингвистика салаларына арнаған ғалым зерттеуші. Оның «Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері жинағына» - терминтаным мәселелеріне қозғаған арнап әр жылдары жазылған ғылыми-зерттеу мақалалар енгізілген [3,67].

Тәуелсіздігімізді жариялап, егеменді ел болғаннан бергі терминологияның жаңа бағытта өркендеуін Ш.Құрманбайұлы атымен байланыстырамыз.

Қазақ терминологиясының алаш кезеңіндегі дамуын зерттеуге арналған оның «Алаш және терминтану. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы» атты еңбегін айрықша атаған орынды [4]. Алаш зиялыларының қазақ тілінің терминқорын қалыптастырудағы бағыттарын зерттеді, «Қазақ терминологиясы» деген 936 беттен тұратын ауқымды еңбегі қазақ тілінің ерекшелігі, терминдену кезінде болатын мағыналылық, құрылымдық өзгерістері, терминологиядағы қазіргі жағдай мәселелері қамтылған. Сондай-ақ, бір терминнің түрліше қолданылып жүру мәселелері, ғылыми терминологиясы дамыған тілдердің қатарына қосылу үшін атқарылуы керек жұмыстарды тізіп көрсетеді [4,35].

Қазақ тілінің терминологиясына жан-жақты зертеу жүргізген, С. Әлісжан еңбектерінің ерекшелігі, түркі тілдес лингвистикалық терминдерді зерттеуінде [5,12]. Исакова С.С зерттеулері қазақ терминологиясының лексикалық құрамына басымдық береді, терминдердің прагматикалық қызметін қарастырады [6]. Сондай-ақ, «Қолданбалы терминология» Жоғары оқу орнындарының филология студенттеріне арналған таптырмас оқу құралы болып отыр [7].

Қазақ терминографиясын жан-жақты қараған Әбдірәсілов Е. Ол туралы «Қазақ терминографиясының жүйесі» монографиясында қамтылады [8]

Орыс терминологиясының дамуына А.А.Реформатский, А.В Супренаская, Б.Н.Головин, Т.Л.Канделаки, В.П.Даниленко, Г.В.Степанов, және т.б. ғалымдар, сонымен бірге бүгінгі таңда осы істің ізбасарлары, жалғастырушылары Н.В.Подольская, Н.В.Васильев, К.М.Мусаев және т.б. өз үлестерін қосып отыр.

Термин теориясының дамуына елеулі жаңалық енгізгендердің бірі академик В.В. Виноградов. Жалпы қолданылатын сөзден терминнің айырмашылығы, терминнің дефинитивтік қызметі. Термин анықтамасы – бұл дефиниция, ұғымды анықтау. Сөз номинативті және дефинитивті қызмет

атқарады, логикалық анықтама құралы болып табылса – бұл ғылыми термин деп анықтама берді [9,5].

Лейчик В.М., терминтанымның қалыптасу кезеңдерін былай бөледі [10,121]: 1. Дайындық кезеңі. Д.С. Лотте, Э.К. Дрезен, лингвист Г.О. Винокур, А.А. Реформатский еңбектерінде пайда болуы. 2. Екінші кезең. Арнайы лексикаға деген көзқарастың артуы, пайда болуы, терминтанымды ғылыми-қолданбалы пән ретінде бөліп алуы. 3. Үшінші кезең. Терминтанымның өз алдына толық пән ретінде дамуы, оқу құралдарының, хрестоматия, жүйелі термин сөздіктердің шығуы, С.В. Гринев, Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин, В.М. Лейчик, Г.П. Мельников. Төртінші кезең. Алғаш рет терминді когнитологиямен байланыстыруда алғашқы әрекеттер көрініс берді. Бесінші кезең. Бұл, В.Ф. Новодранова, В.М. Лейчик, еңбектерінде «когнитивтік терминтаным» атауының пайда болуымен байланысты.

Ю.В. Сложеникинаның «терминология негіздері» кітабында, терминология негіздері, лингвистикалық аспектілері баяндалады. Автор, кітапта арнайы лексикалардың жіктелуіне, терминге қойылатын талаптардың мазмұны бойынша, грамматикалық, прагматикалық аспектілеріне тоқталады. Сондай-ақ, терминжасам әдістерін, парадигматикасын, мазмұны бойынша өзгеріске түсуін, варианттылығын, когнициясын, дидактикасын баяндайды [9,26].

Ағылшын тілінде жарияланған деректерге сүйенетін болсақ, шет елдік лингвистикалық терминологиялық зерттеулер жүргізген ғалымдар: R. Brown (1954), V. Fleisher (1974), E. Wüster (1966, 1974, 1977), G. Rondeau (1965), P.V. Gove (1961), J.C. Sager (1988, 1990), M.T. Cabre (1999) және басқалары. Терминологияның қалыптасуын австриялық лингвист ғалым Eugen Wüster (1898-1977), орыс ғалымы Дмитрий Лоттемен байланыстырады. Бұл ретте, Eugen Wüster терминологияны сөздікке біріктірді, бұл оның негізгі еңбегі «Терминологияның жалпы теориясына» негіз болды. 1975 жылы Инфотерм симпозиумының ашылуында Eugen Wüster терминологиялық теорияның негізгі қалаушылар деп, төрт ғалымды атады [11,26]. Олар: арнайы терминдерің жүйелілік табиғатын ескерген неміс ғалымы А. Schloman, тілдің жүйелілік табиғатына алғаш назар аударған швейцариялық лингвист F. de Saussure, орыс ғалымы E. Dresen және E. Holmstrom.

Juan C. Sager 1990 жылы басылған «A practical course in terminology processing» «терминология жасаудың практикалық курсы» атауы практикалық деп берілгенмен, қамтылған мәселелер теориялық мәселелерге жақын келеді. Кітапта, дәстүрлі лингвистика, когнитивті лингвистика, түсінік, дефиниция, стандарттау мәселелерін қамтыған [11].

Auger (1988) бойынша қазіргі терминнологияның даму кезеңін 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады 1. түпнұсқа (1930–1960) 2. құрылымдау (1960–1975) 3. Өркендеуі (1975–1985) 4. таралуы (1985–present) [11,32].

M. Teresa Cabré «Terminology: theory, methods, applications» (1992), 7 бөлімнен тұратын кітабында, терминологияның қалыптасуы, қызметі, теориялық және практикалық аспектілері, терминологияның лексикологиямен, лексикографиямен байланысы баяндалған [12].

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде термин мәселесімен айналысқан зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін саралай келе, тіл біліміндегі терминдерді зерттеу жұмыстарымен айналысу бір кезеңде белең алған деп айтуға болады. Қазақ тіл білімінде қазіргі термин мәселесін зерттеу А.Байтұрсынов, орыс тіл білімінде А.А. Реформатский, В.В.Виноградов, ағылшын тіл білімінде австриялық Е. Wüster негізін салып кеткен теориялық және әдістемелік білім негізінде жүзеге асуда. Қазіргі қазақ тіл білімінде жаңа терминдерді түзуде Қ.Жұбанов ұсынған терминдерді жасаудың қағидалары әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ.

Термин мәселесі қай тілде де, қай кезеңде де өзектілігін жоғалтпайды. Сөздік қордың терминдермен толығыуына күн сайын, сағат сайын дамып отырған ғылым мен ғылыми жаңалықтар себеп болып отыр. Бір ұлттың тілінің жойылып кетуін болдырмау үшін, тілдің тазалығын сақтау үшін термин мәселесін зерттеу, терминжасам әдістерін қалыптастырып, арнайы сөздіктерді басып шығаруда көптеген зерттеуші-ғалымдардың ерен еңбегі жатыр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013.- 400 бет.
2. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Наука, 1986. – 322 с
3. Байынқол Қалиұлы. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы, 2008. 160 бет
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: 2014. – 952 бет.
5. Сарқыт Әлісжан. Түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдер. Тіл және қоғам альманах. № 1 (43)/ 2016. – 12 бет.
6. Исакова С.С. Қазақ терминтаным: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі, Алматы, 2007 ж. – 159 б.
7. Исакова С.С. Қолданбалы терминология. Жоғары оқу орындарының 011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. Ақтөбе, 2015, 175 бет.
8. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. - Астана, 2005. - 208 б
9. Сложеникина Ю.В. Основы терминологии: Лингвистические аспекты теории термина. – М.Книжный дом «Либроком»,2016-120 с
10. Лейчик В.М. Когнитивное терминоведение — пятый этап развития терминоведения как ведущей научной дисциплины рубежа XX—XXI вв. // Когнитивная лингвистика: новые проблемы познания. М.; Рязань, 2007. С. 121
11. Juan Sager, A Practical Course in Terminology Processing. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 1990.
12. Cabré, M. Teresa. Terminology : theory, methods, and applications. John Benjamin Publishing Company Amsterdam/Philadelphia. 1992-262.

ПРОБЛЕМАТИКА ПЕРЕВОДА ПОЭТИЧЕСКОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ СО СТИЛИСТИЧЕСКОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ

Жакупова А.К., Ержанова Г.А.

asselzhakupova85@gmail.com, erzhanova.gulzhan@inbox.ru

Актюбинский региональный университет им.К. Жубанова

Среди всех жанров литературного искусства особые сложности возникают при переводе поэтических произведений. Жесткие «рамки», в которых находятся поэтические произведения в связи со спецификой данного жанра, необходимость отразить в переводе содержание, а также ритмико-мелодический и композиционно-структурный аспект оригинала, зависимость стихотворения от особенностей языка, на котором оно написано, — все эти факторы делают перевод поэтического текста одной из наиболее сложных областей переводческой деятельности.

Многие лингвисты-ученые и литературоведы сходятся во мнении, что для того, чтобы переводить поэзию переводчик должен быть сам поэтом.

В.А.Жуковский, являясь одним из самых признанных поэтов-переводчиков своего времени превознес эту профессию, высказав свое суждение о том, что «переводчик в прозе – раб, в поэзии – соперник». С этим утверждением согласны многие поэты-переводчики, среди которых и гений перевода С.Я. Маршак, который познакомил советского читателя с зарубежной классикой У. Шекспира, Р. Киплинга, Д. Китса и другими именитыми поэтами-классиками.

В своей статье «Поэзия перевода» С.Я. Маршак говорит о том, что благодаря накопленному опыту, становится очевидным, что «стремление к буквальной точности ведет к переводческой абракадабре, к насилию над своим языком, к потере поэтической ценности переводимого. В то же время, излишне вольное обращение с текстом подлинника нередко приводит к искажению оригинала, к обезличиванию, стирающего его индивидуальные и национальные черты». [1, с .371].

Это высказывание гения перевода находит свой отклик у профессора и переводчика Е.В. Бреуса, который утверждает, что «вольный перевод выступает противоположностью буквального. Буквальный перевод недостаточно трансформирован, а вольный перевод является излишне трансформированным. Переводчик может позволить себе отход от подлинника лишь в том случае, если это диктуется нормами переводящего языка. Неоправданный отход от подлинника ведет к тому, что переводчик выходит за круг своих обязанностей и выступает в несвойственной ему роли автора текста». [2, с. 17].

Тем самым можно сказать, что переводчик поэзии, балансируя между двумя гранями – точностью и вольностью, степень которых может меняться в ту или иную сторону, должен стараться передать истинный образ поэта, которого переводит, его стиль, дух, стремление, характер, настроение, чувства, темперамент и интенции. В то же самое время не стоит забывать и о самом стихотворном произведении, т.е. оригинале. Не менее важно донести до иноязычного читателя образы, красочность, колорит, дух времени самого произведения, сохраняя при этом строй, ритмику, рифму, мелодичность и интонацию подлинника.

Очень ценно мнение С.Я. Маршака о том, что перевод поэзии является искусством, трудным и в то же самое время высоким. Два его утверждения противоречащих друг другу, но по сути являющиеся верными звучат так:

«Первое. Перевод стихов невозможен.

Второе. Каждый раз это исключение». [1, с.375].

Этим высказыванием С.Я. Маршак хочет сказать, что перевод поэзии очень сложная, подчас непосильная задача не только для рядовых переводчиков или литературоведов, но порой и для именитых мастеров пера. И каждый раз, когда переводчику удастся справиться с этой задачей, это достойно звания исключения из правил.

Талантливый переводчик своего времени С.Я. Маршак призывает переводчиков поэзии переводить так, чтобы читатель, читая перевод из произведений зарубежных классиков, был уверен, что он читает именно этого классика, что поэт-переводчик смог сохранить индивидуальный стиль автора, его неповторимый почерк, что он проник в эту эпоху и культуру и постиг ее изнутри.

Так как достижения полного соответствия оригинала с его переводом невозможно, переводчик поэзии должен быть готов к тому, что потерь формальных и содержательных единиц не избежать. Выбирая между формой и содержанием, переводчик должен находить баланс, так как наиболее адекватным является такой перевод, который более полно представляет формальный и содержательный аспект оригинального поэтического произведения.

Русский поэт, переводчик, испанист С.Ф. Гончаренко выделяет 3 отличных друг от друга метода перевода одного и того же оригинала поэтического произведения:

«1) Поэтический перевод, где с помощью поэтического текста осуществляется одновременная передача смысловой и эстетической информации.

Сол тұста қазақ терминологиясында өзіндік басты мәселенің бірі оның принциптерін қалыптастыру болған еді. Қ.Жұбанов өзі қарап бекіткен 10 мыңнан аса терминдерді өзінің принциптерімен топтастырып, нақтылаған еді. Қазақ терминологиясының принциптері туралы өз ойларын Қ.Жұбанов 1935 жылы 20 мамырда Алматыда өткен мәдениет қайраткерлерінің бірінші құрылтайында баяндап береді. Ол съезде терминологияның 11 принципін ұсынады. Олардың жалпы мазмұны төмендегідей болды:

1. Көптеген әдеби тілдерде аударылмай қалыптасқан халықаралық терминдерді аудармай сол қалпында қолдану (*революция, совет, теория, практика, тенденция, хирургия, климат, абсолютный т.б.*).

2. Әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынған халықаралық терминдер (*производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение т.т*) қазақ тіліне де аударылады, егер аударма термин мағынасын дәл бере алмай, бұзатын болса, онда оларды (*сословие, состав, клетка, слет т.т*) орыс тілінде қалдыру.

3. Әр қилы пәнде бір мағынада білдіретін терминдерді бірегейлетіп алу: мысалы форма-форма (*философия, физика*), материя-материя (*физика, философия*), корень -түбір (*математика, ботаника, лингвистика*).

4. Білімнің әр саласына әр қилы мағына білдіретін терминдер (*мануфактура, продукт, легенда*) бір салада термин ретінде басқасында жай сөз ретінде қолданылады. Мысалы: *мануфактура* экономикалық даму кезінде термин болады, бірақ тауар түріне жатпайды.

5. Халықаралық сөздер түрінде қалыптасқан терминдер орыс тіліндегі үлгімен қабылданады (*пролетариат, физика, биология*).

6. Терминдерді түсініксіз етіп жіберетін жасанды сөзжасамға бармай-ақ, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне де, атаудың ғылыми мәнін де толық қамти алатын терминдердің (Мысалы: *беріліс-передача, көпкіл-многоугольник, тоқыма-текстиль, тәжірибе- практика т.б*) баламасын табу.

7. *-изация, -ификация, -ация* тәрізді формальды элементтермен

(машинизация, электрофикация, *объективация*) келетін сөздерді қазақ тіліндегі *материаландыру, электрлендіру, объективтенулер* түрінде қалыптастырулар келеді.

8. Қазақ тіліне халықаралық терминдермен ілесіп *-ист, -изм* қосымшалары және *ре, сиын, суп, де, анти, контр* тәрізді префикстер енгізіледі.

9. *-авто, -аэро, -авиа* сияқты қысқартылған формаларға қазақ сөздері бірігіп (*авиажол, эрошана, авиашана, автоқатынас*) жазылады.

10. Қаркөмір (Қарағанды уголь), Халкомжер (Наркомзем) т.т сияқтыларды қысқартып қолдану.

11. Бұрын терминологиялық қолданыстан шығып қалған *диктатура, ревалюция совет, теория, практика* деген терминдерді қазақ тіліне кері кіргізу[1.501].

Профессор Қ.Жұбанов ұсынған бұл принциптері съезде 10 пунктке шақталып негізделіп қабылданды. Бұл принциптер қазақ терминологиясының қазіргі дамуына негіз болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазіргі таңда ғалым еңбектері де сұранысқа ие болып отыруы оның зерттеулерінің өміршендігін танытады. Сондықтан қазақ жазуын жүйелеп, терминологиясын қалыптастырудағы Қ.Жұбанов еңбегін ерекше құрмет тұтамыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы.- Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. -584 б.
2. Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Оқу құралы.- Алматы: «Мемл. тіл. оқыту орт», 2010. -380 б.
3. Садуақас Н.А. Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің дыбыс жүйесі. - Ақтөбе: Ақтөбе МПИ, 2005.- 171 б.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Садуақас Н.А.

ОТРАЖЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ПАНДЕМИИ В МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Клименко В., Юдакова А.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

Год назад в истории человечества произошел сокрушительный поворот, повлекший за собой значительные изменения в жизненном укладе и мировосприятии людей и приведший к повышению смертности во всех странах мира. Поворот этот связан с коронавирусной пандемией, которая застала врасплох население всех частей земли, т.к. первоначально казалось, что это заболевание затронет только население Китая (там были зафиксированы первые случаи), как это уже неоднократно случалось (птичий и свиной грипп и т.п.).

Но неизвестная до того времени болезнь буквально захлестнула весь мир, заставив человечество жить и мыслить по-новому.

При этом пандемия не является чем-то новым и неизведанным для людей. Ещё в VI веке до н.э. была зарегистрирована первая эпидемия чумы под названием «юстиниановая», вспыхнувшая в эпоху расцвета культуры Восточно-Римской империи, при императоре Юстиниане, который сам стал жертвой «черной смерти».

Следующая волна страшной чумы охватила Западную Европу в 14 веке. Ее пик пришелся на 1346-1353 годы, жертвами болезни стали от 30 до 60% населения Европы. Слабо развитая медицина, густонаселенность Европы способствовали быстрому распространению практически неизлечимого заболевания. Но помимо неэффективной средневековой медицины, большую проблему создавала деятельность католической церкви, подогревавшая религиозный фанатизм и нетерпимость. Невежество прихожан, неверная трактовка христианских догм, приводили к распространению чумы и массовым заражениям. Отсутствие элементарных знаний в области медицины и санитарии в поисках защиты у всевышних сил сгоняло людей в церкви, в которых они подвергались еще большему риску заражения из-за скопления людей и выполнения различных обрядов (целование креста и икон и т.п.), якобы оберегающих верующих от болезни.

Ужасные события того времени, связанные с чумой, в частности, потеря отца и дочери, послужили для Джованни Боккаччо толчком к созданию «Декамерона», история создания которого относится к 1348-1351 годам, времени разгара пандемии. Трагическую картину эпидемии чумы в 1348 году в Италии Боккаччо нарисовал в первой новелле «Декамерона»: «Славную Флоренцию, лучший город Италии посетила губительная чума... От этой болезни не помогали и не излечивали ни врачи, ни снадобья... Так как для великого множества мертвых тел, которые каждый час подносили к церквам, не хватало освященной земли, то на переполненных кладбищах при церквах рыли огромные ямы и туда опускали целыми сотнями трупы. Во Флоренции умерло, как уверяют, 100 тысяч человек...» [1].

Дж. Боккаччо повествует о том, сколько простых и знатных людей умерло. Он дает понять, что деньгами и властью от страшной болезни не откупиться. Для нее все равны. Писатель указывает на быстротечность жизни, на то, что никогда и никто не знает, когда страшная старуха с косою придет за любимым. Герои «Декамерона», уединившись на лоне природы, говоря современным языком, самоизолировались и воссоздали по крупицам привычный порядок вещей, чем и спаслись от чумы.

Как известно, Боккаччо осуждал нелепое и бессмысленное повиновение церкви, принимая во внимание то, что массовые мероприятия вели к распространению «черной смерти». Некая параллель, связанная с массовыми скоплениями, проводится в первой новелле второго дня, рассказанной Неифилой. В новелле звучит также осуждение автором невежества и людской глупости. За вполне обычной историей скрывается прямое сравнение с

событиями того времени. Хотя в ней отсутствует прямое указание на наличие эпидемии во Флоренции, автор ссылается в новелле на главные причины распространения эпидемии, а именно массовые скопления людей в церкви и проведение обрядов, которые, действительно, способствовали распространению болезни. «Не помогали и умиленные моления, не однажды повторявшиеся, устроенные благочестивыми людьми, в процессиях или другим способом» [1]. Автор «Декамерона» осуждал нелепость религиозных обрядов, раболепное повиновение безграмотного населения, которые приводили к огромным жертвам.

Аналогичной проблеме посвящена и пушкинская мини-пьеса «Пир во время чумы», которую поэт написал, когда оказался запертым из-за эпидемии холеры в имении Большое Болдино. В 1830 году А.С. Пушкин прочитал произведение «Город чумы» Дж. Вильсона. Оно состояло из сцен, не связанных между собой. Александр Сергеевич выбрал эпизод про пир и обработал эту сцену в соответствии со своим пониманием поставленной проблемы.

Алина Чадаева в своей статье о «Маленькой трагедии А.С. Пушкина в наши дни» говорит о том, что: «Маленькая трагедия» А.С. Пушкина «Пир во время чумы» – предвидение и пророчество поэта о великой планетарной Трагедии – о духовной пандемии человечества и о проявлении «ГНЕВА БОЖИЯ» в форме вселенской физической смертоносной эпидемии» [2].

А.С. Пушкин показывает нам страх людей перед смертью. Перед лицом гибели от чумы люди ведут себя совершенно по-разному. Одни ищут утешения в Боге, другие переживают горечь разлуки с близкими в песнях, поэзии, а кто-то топит горечь утраты и страх в вине. Но есть и люди, которые делают вид, что смерти не существует. Они, намеренно бравидуя, наслаждаются жизнью, любят, пируют. Но смерть не даёт забыть о себе, когда телега с мёртвыми проезжает по улице. Оптимизм пиршества приглушается, смерть, словно нависает над героями, всем городом.

Можно выделить две основные вариации в трактовке «Пира». За исходную точку берется ситуация, заданная заголовком, т.е. в буквальном смысле пира во время самой настоящей чумы. Ситуация эта морально предосудительна и оставляет критику лишь две возможности: оправдания (вариация первая) или осуждения (вариация вторая) пирующих. Оправдательный тон задан был В.Г. Белинским. По его мнению, «основная мысль – оргия во время чумы, оргия отчаяния, тем более ужасная, чем более веселая <...> Песня председателя оргии в честь чумы – яркая картина гробового сладострастия, отчаянного веселья; в ней слышится даже вдохновение несчастья и, может быть, преступления сильной натуры» [3].

Ситуация, описанная в пьесе, подчеркнута условна. Действие происходит во время бедствия, которому не может противостоять человек, от которого нет ни спасения, ни возможности сбежать. Никакая бравада не может избавить героев от мыслей о «черной смерти».

О подобном же разгуле чумы писал Н. М. Карамзин в своем труде «История государства Российского»: «В 1349 году зараза из Скандинавии

пришла в Псков и Новгород. Болезнь обнаруживалась железами в мягких частях тела. Человек харкал кровью и на второй или третий день издыхал. Нельзя вообразить зрелища столь ужасного: юноши и старцы, супруги и дети лежали в гробах друг подле друга, в один день исчезали семейства многочисленные. Каждый иерей по утру находил в своей церкви тридцать и более усопших; отпевали всех вместе, и на кладбищах уже не было места для новых могил: погребали за городом в лесах... Одним словом, думали, что всем умереть должно». В эпидемию «черной смерти» XIV века погибли многие из коронованных особ, исторических личностей и аристократов [4].

Литература всегда откликалась на все события, которые происходили в мире. Не стали исключением и события, связанные с текущей пандемией. Конечно, в первую очередь откликнулась публицистика, как короткий и быстрореагирующий жанр.

В наше время повторяется печальный опыт прошлых веков, когда люди, не соблюдая элементарных санитарных правил, подвергают себя и своих близких риску, посещая массовые мероприятия. Несмотря на ограничительные меры и предусматриваемую уголовную ответственность за нарушение режима, люди продолжают посещать тои, поминки, праздновать свадьбы, нарушают правила дистанционирования, превышают положенное количество человек в закрытых помещениях. На сегодняшний день по данным ВОЗ (Всемирной организации здоровья) всего в мире подверглись заражению 121396573 человек, из которых 2684507 случаев оказались летальными [5].

20 марта 2020 года издание Daily Star сообщило о вопиющем случае, произошедшем в австралийском городе Сидней. Празднование свадьбы привело к заражению коронавирусом 31 человека. Марина Ваничкина от 20 июля 2020 года написала статью о свадьбе в Индии, празднование которой привело к заражению 80 человек: «Дикий случай фанатизма, который продемонстрировали семьи молодоженов, обернулся массовым заражением гостей. Несмотря на строгий запрет на проведение многолюдных мероприятий в Индии, родственники жениха и невесты решили проигнорировать решение властей, устроив пышную свадьбу» [6]. При этом жертвой массового скопления стал даже сам жених, умерший после заражения коронавирусом.

Не стали исключением и страны Средней Азии, обычаи которых ментально очень близки. Национальные традиции этих стран предусматривают обязательно многолюдное собрание на похороны, свадьбы, дни рождения. Для народов среднеазиатских стран недопустимо не оказывать внимание в печальные и радостные моменты в жизни человека. Естественно, что указанные выше мероприятия способствуют распространению коронавирусной инфекции, о чем неоднократно пишут представители медицины и СМИ.

Так, министр здравоохранения республики Узбекистан А. Шадманов сообщил, что одновременно 79 человек стали жертвами болезни после проведения свадебного торжества [7].

Казахстан занимает 57 место в мире по количеству заболевших коронавирусной инфекцией. Всего в республике насчитывается 226767 случаев заражения, из которых 2873 летальные.

В современном мире происходит то же, что и 675 лет назад. Мир переживает болезнь, которую невозможно игнорировать. Коронавирус сегодня сравнивают с «Юстиниановой» чумой. Весь мир надеется, что пандемия, которая охватила всю планету, обойдется меньшим количеством жертв, благодаря новейшим медицинским технологиям, самоотверженной работе медиков [8].

Но как мы и говорили, не стоит надеяться только на веру, как это было в «Декамероне» Боккаччо, или вести праздную жизнь и не думать о последствиях и сострадании остальным, как в пьесе А.С. Пушкина «Пир во время чумы». Потому что, как показано в произведении Н.С. Карамзина, вирус не щадит никого, будь ты хоть князь, хоть метрополит, хоть обычный юноша. И единственное, что следует делать, так это придерживаться санитарных норм и не посещать людных мест, будь то храм или чей-то праздничный ужин.

Обращение к произведениям мировой литературы помогает нам понять всю угрозу тяжелейшего заболевания, ответственность, которая стоит перед каждым человеком за здоровье свое и окружающих. Сопоставляя ситуации, смоделированные в классических произведениях, и современную пандемию, понимаешь, что здоровье нашей планеты во многом зависит от нашего разумного поведения.

Использованные источники:

1. Боккаччо Дж. Декамерон. – М.: Художественная литература, 1970.
2. Чадаева А. Русская народная линия. «Чума во время пира». – uskline
3. Белинский В.Г. Собрание сочинений в 3-х томах. – М.: ГИХЛ, 1978.
4. Карамзин Н.М. История государства Российского. – <https://www.prlib.ru/karamzin>
5. Коронавирус: статистика по странам. – minfin
6. Ваничкина М. Секретная свадьба... – Экспресс газета, № 3. [Электронный ресурс] eg.ru
7. Шадманов А. Новости Узбекистана. – Podrobno.uz.
8. Ганин В. «Война с черной смертью»: от обороны к наступлению. – [Электронный ресурс] m.nkj.ru

Научный руководитель: магистр г.н., ст. преп. Коробкова Т.В.

ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЭВФЕМИЗМОВ В КАЗАХСТАНСКИХ СМИ

Котвицкая А.И., Зенина С.С.

kotviskaya_ana@mail.ru, svetlanazenina68@gmail.com

В последние десятилетия в СМИ активно употребляются новые эвфемизмы, связанные с различными сферами жизнедеятельности, прежде всего с политико-экономической и социально-культурной.

Понятие «эвфемизм» давно стало предметом пристального научного изучения, соответственно, в лингвистической литературе существует довольно много определений данного понятия. Так, О.С. Ахманова дает нам следующее определение: «Эмоционально-нейтральные слова, выражения, употребленные вместо синонимичных им слов или выражений, представляющихся говорящему неприличными, грубыми или нетактичными», например: рус. «пожилой» вместо «старый», «уклониться от истины» вместо «соврать...» [1, с.592]

Эвфемизмы характеризуются большой степенью подвижности. Ими заменяются также табуизированные названия, архаичные (рус. «хозяин» вместо «медведь», «шут с ним» вместо «черт с ним» и новые («летальный исход» вместо «смерть», «новообразование» вместо «опухоль»).

По определению Д.Н. Шмелева, эвфемизмы - это «слова и выражения, служащие в определенных условиях для замены тех обозначений, которые представляются говорящему нежелательными, не вполне вежливыми, слишком резкими» [2, с.402].

Б.А. Ларин считает, что по семантической структуре эвфемизмы - одна из разновидностей тропа, то есть метонимии, метафоры, синекдохи и др. Отличие этой разновидности в ее назначении и в сфере применения [3, с.112]. Эвфемизмы имеют целью не образное представление действительности, как тропы поэтического языка, а прикрытие неприглядных явлений жизни или нескромных мыслей, намерений.

Исходя из выше перечисленных дефиниций, мы предлагаем следующее определение: Эвфемизмы – стилистически нейтральные слова или выражения, используемые для смягчения грубых или непристойных слов или выражений, а также для маскировки, вуалирования или искажения определенных факторов действительности.

Целями эвфемизации являются:

1) Стремление избегать коммуникативных конфликтов, не создавать у собеседника ощущение коммуникативного дискомфорта.

2) Вуалирование, камуфляж существа дела, например, *упорядочивание* или *регулирование цен* (означает их повышение).

3) Скрыть от окружающих то, что говорящий хочет сообщить только конкретному адресату.

Эвфемизация характерна для всех сфер жизни человека, но более всего она присуща политической области. К примеру, в дипломатии часто используются камуфлирующие выражения типа *определенные круги, адекватные меры, непредсказуемые последствия* и т.п.; репрессивные действия власти обозначаются эвфемизмами: *высшая мера (смертная казнь), применить*

санкции (это может означать задержание, штраф, арест для физического лица или экономическую блокаду страны и т.п.).

Политические эвфемизмы используются в текстах политической коммуникации для того, чтобы смягчить негативные ассоциации, связанные с некоторыми фактами, часто это происходит за счет искажения смысла самого факта.

Н.Г.Заварзина считает, что чаще всего эвфемистические обороты в современной речи и в СМИ используются для обозначения:

- 1) органов власти и их деятельности («задержать» вместо «арестовать»);
- 2) военных действий и их участников («разработка необычных видов оружия» подразумевается «бактериологического оружия»);
- 3) экономических методов («финансовая пирамида» замена «финансовой аферы»);
- 4) национальных и социальных групп («афроамериканец») [4, с.54].

Эвфемизмы употребляются в различных сферах. С их помощью СМИ воздействуют на аудиторию путем изменения оценки определенных явлений, событий, подменой понятий в некоторых сферах жизни.

Проведя анализ казахстанских СМИ, мы выявили, что журналисты используют эвфемизмы в основном для смягчения грубых слов или вуалирования пугающих, нелицеприятных явлений.

Так, одним из наиболее используемых эвфемизмов стал *конфликт* в значении *локальная война, вооруженное столкновение*.

Для оправдания военных действий в другой стране используют словосочетание *«превентивная война»*.

Некоторые эвфемизмы связаны с социальными явлениями. К примеру, в характеристике казахстанских жителей сельской местности применяются термины и книжные слова: *«Создалась промежуточная маргинализирующая среда, которая теперь имеет более критический настрой по отношению к происходящему, более восприимчива к призывам о мобилизации»* (caravan.kz).

В этом примере речь идет о бедных слоях населения, не имеющих хорошего образования. Так вуалируется понятие «бедность».

Употребляются и другие эвфемизмы, скрывающие серьезные социально-культурные проблемы: *лицо без определенного места жительства (БОМЖ), снижение уровня жизни, социальная изоляция, недоступность бытовых благ, социально уязвимые слои населения и др.*

В экономической сфере также широко функционирует эвфемизация. Например, в статье «Более 70 человек стали жертвами финансовой пирамиды в ЗКО» (24.kz) используется эвфемизм «финансовая пирамида». Он был использован для того чтобы завуалировать значение «обман».

В правовой сфере также функционируют эвфемистические выражения, например, лексема «задержаны» употребляется вместо более негативного «арестованы». Так, в газете «Kazakhstan Today» журналист использовал следующий эвфемизм: *«Трое мужчин, из которых двое граждане Таджикистана и один гражданин Грузии, задержаны при подготовке к*

совершению тяжких и особо тяжких преступлений в отношении предпринимателей города». Или же, пример мошенничества: «В дежурную часть УП Туркестана обратился местный житель - знакомая обманным путем **выманила** у него крупную сумму денег». В статье был употреблен эвфемизм «выманила». Он был использован для смягчения более отрицательного слова «украла», что является синонимом данного эвфемизма.

Частотными являются эвфемизмы «люди с особыми потребностями» и «люди с ограниченными возможностями», которые заменяют лексему, имеющую негативную коннотацию - «инвалиды», например:

- «Сейчас во всем мире тенденция такова, что **люди с особыми потребностями** хотят и могут жить в равных условиях с остальными» (24.kz).

- «Вениамин Алаев - рассказывает о том, как бороться с правовыми пробелами, что нужно предпринимать, чтобы развивать инклюзивное образование и какие вопросы волнуют **людей с ограниченными возможностями**» (24.kz).

Эвфемизмы как в СМИ, так и в повседневной нашей речи имеют очень важную роль и ценность. Эвфемизмы необходимы для того, чтобы завуалировать, преобразовать грубые, бранные слова, а если в качестве образца брать политическую речь и политический текст, то они помогают прикрыть неприглядные явления жизни.

В современных условиях эвфемизация затрагивает различные сферы жизни, но самое актуальное направление - это социально-экономические темы, связанные с обществом и властью.

Использованные источники:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов.. – М., 1969. – 608 с.
2. Шмелёв Д.Н. Эвфемизм // Энциклопедия. – М: Рус. язык, 1979. – 806 с.
3. Ларин Б.А. Об эвфемизмах // Проблемы языкознания: сб.статей, посв. 75-летию акад. И.И. Мещанинова. – Л.: ЛГУ, 1961. – (Учен. зап. Ленингр. ун-та, №301. – Серия филол. наук. – Вып. 60. – С. 110 – 124.
4. Заварзина Н.Г. Эвфемизмы как проявление «политической корректности» // Русская речь. – 2006. – № 2. – С. 54 – 56.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗІРГІ МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қадыржан Г.Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етуімен айналысады. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары бірі – оның балаға үлгілі көрсетіп және тура жол көрсетуші болуы керек. Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек,

көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің қашанда куәсі. Сонымен бірге, жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші, білім беру саласын, мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі басынан кешірген адам, нағыз ұстаз, шынайы бапкердей болады. Осы күнге дейін өз құндылығын жоймаған сөздердің бірі: «мұғалім ұлтты жасайды». Дәл осы даналық сөзде мұғалім жұмысының бүкіл әлеуметтік және тағылымдық мәні жатыр. Барлық заман мен халықтардың алдыңғы қатарлы мұғалімдерінің жұмыс принциптерін мұра ете отырып, мұғалім қазіргі қоғамдағы шығармашылық күш болып табылады. Мұғалім өз оқушыларына ғылым негіздерін үйретіп қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, сонымен қатар оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін, рухын қалыптастыруға, оларды өз ізденісімен материалдық құндылықтарды құруға дайындауға арналған. Шын мәнінде мұғалім елдің өндірістік күштерін дамытудың, оның әлеуметтік қарқыны мен шығармашылық әлеуетінің бастауында тұр.

Өз мамандығы бойынша мұғалім – жасампаз, өйткені ол адамды тәрбиелеп шығарады. Мұғалімдік – бұл кәсіп. Оның мақсаты: білім, білік, дағдыларды қалыптастыру ғана емес, әр баланың жеке тұлға ретінде дамуына көмектесу, өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалай білуін қамтамасыз ету. Мұғалім – бұл білімді сәтті беруге ықпал ететін бірқатар қасиеттерге ие кәсіби маман. Ол қажет болса, суретші, әнші де, жазушы да. Бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасай алатын, оларды материалды оқу процесінде өз бетінше ойлауға және сұрақтар қоюға, балалардың жеке бейімділігі мен дарындылығын дамытуға үйрететін адам. Елде, қоғамда болып жатқан өзгерістер қазіргі мұғалімге жаңа талаптар қойды. Бұл ғылым мен кішкентай баланың арасында тұрған жанды көпір. Ол білімді және өз пәнін терең біледі. Мұғалім мамандығында сәл тоқтап немесе аялдап шегіне жету мүмкін емес, үнемі өсіп, дамып отыруы керек. Бұны кеше ғана күллі адамзат басынан өткерген бүкіл әлемдік карантин сөзсіз дәлелдеді. Мұғалімнің орнын ешқандай техника да, технология да баса алмады. Мәңгіліктің мамандығы екендігіне барлығымыз шүбәсіз көз жеткіздік.

Қазіргі мұғалім – өз ісінің шебері болуы қажет. Оның қазіргі оқу әдістерін жетік меңгеруі шеберліктің бір қыры боп есептелінеді. Оған қоса, білім алушылардың іс-әрекетін қуаттау, бағыт-бағдар беру, белгілі бір мақсатты әрекетке ынталандыру да жаңа талаптардың бірі десек болады. «Оқыту – бұл адамның кез келген бір оқу мүмкіндігімен өзара әрекеттестік кезіндегі мінезін қалыптастыру үшін жинақталған бейімділік, өмірлік тәжірибе, әлеуметтік қатынастар, құндылықтар, пікірлер мен сенімдердің күрделі құрамы. Оны мектептен, жоғары оқу орындарынан және де өмірлік тәжірибеден жинақтауға болады. Адамзат уақыт талабынан қалмау үшін өмір бойына оқып өтуіне тура келеді» [1,45]. Оның ерекшелігі үнемі өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі сынау және жоғары мәдениетке деген ұмтылыс. Мұғалімнің еңбегі – шығармашылықтың қайнар көзі. Шеберлікті шыңдауда біз өз тарапымыздан мына қағиданы ұсынсақ дейміз: «Өзіңізді шектемеңіз. Көптеген адамдар өздерін қалай жасау

керектігін білетін нәрселермен ғана шектейді. Сіз көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Сіз тек не істеп жатқаныңызға сенуіңіз керек». Басты ұран ретінде бұл сөздерді алса, алар асуы мол болары анық, айқын. Жақсы мұғалім үшін тек жақсы білім ғана емес, сонымен қатар, мейірімді жан мен сезімтал жүрек болу шарт.

Қазіргі заманғы қарқынды тірлік бір орында тұруға емес, үнемі жетілдіруге мәжбүр етеді. Мектеп баланың білім алуға қызығушылық танытуы үшін жағдай жасалатын орын. Мұғалім баланың үстінен төніп, бұйырық беруші емес, жанында сырлас, дос ретінде де тұруы керек, оқушының іс-әрекетіне көмектесуі және қолдауы, бағыттауы және дұрыс ұйымдастыруы қажет. Оған қоса, мұғалім заманауи талаптарға сай болып, өздігінен кәсіби өсуі, өздігінен білім алуы, жаңа ақпараттық технологиялар саласында жан-жақтылық көрсетсе, шеберлік шыңына жақындай түседі. Жалпы қандай да бір қызметте сатылай өсу деген ұғымды әрбір жас маман тереңнен түсінген дұрыс. Мәселен, жапон дүниетанымында «шакунин» деген ұғым бар. Бұл өз кәсіпті ертең бүгіннен де артық меңгеріп, жұмыс сапасын күн санап жақсарту, нәтижесін сәт сайын сапалы ету деген түсінікке саяды. Осы көзқарас негізінде айтар болсақ, қазіргі заманғы мұғалім міндетті түрде алға жылжуы керек, өйткені мұғалімнің жұмысы шексіз шығармашылықтың сарқылмас көзі болып табылады. Біздің ойымызша, бүгінгі күні өзекті болып тұрған жаңа мектеп моделі – ең алдымен, мұғалімнің жоғары кәсібилігі, инновациялық бағдарламалар мен жаңа технологиялары ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамып, жетілдіріліп отыратын зерттеудің аймағы болғаны дұрыс. Яғни, мектеп оқушының ғана емес, мұғалімнің өз ортасында кәсіби биіктікке қол жеткізуге мүмкіндік беретіндей жаңаша түрге көшуі тиіс. Қазіргі мұғалім уақытпен санаса өмір сүретін тұлға. Үнемі оқу қабілеті мен дайындығы – бұл мұғалім мамандығының ерек сипаты. Біз ақпараттық және коммуникативтік технологиялар ғасырының талаптарын ескерсек, мұғалімнің үздіксіз білім алуы мен тұлғалық жетілуін белсенді процесс ретінде жүйелегеніміз жөн болар еді деп ойлаймыз.

Сонымен, ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болуы керек? Ең бастысы, ол қазақ әдебиетінде сан ғасырлардан бері айтылып келе жатқан, бақытты адам танымына, болмысына сай болуы шарт. Жалпы бала психологиясы тұрғысынан айтар болсақ, оқушылар өздерінің тәлімгерін жақсы сезінеді және олар өздерін қаншалықты жақсы көретінін де мөлшерлей алады да. Оған көптеген зерттеулер дәлел. Тағы бір ескерер жайт, мұғалім шынайы болуы керек, тіпті болса соған ұмтылсын. Біздің жасанды немесе виртуальды қоғамымызда бұл адами қасиеттерді бала барынша жоғары бағалайды. Оны үздіксіз педагогикалық тәжірибеде байқаған болатынбыз. Жақсы мұғалім әрқашан өз қателіктерін мойындауға да дайын болады. Егер біз қателіктерімізді мойындауды үйренсек, онда біз балаларымыздан мінсіз мінез-құлықты талап етіп, әуреге түспес едік. Ең бастысы, мұғалімнің жүрегінде өмірге, өзіне, пәнге және балаларға деген махаббат болып, жағымды ахуал (энергетика) болса болғаны. Сөзімізді В.А.Сухомлинскийдің келесідей пікірімен толықтырсақ

дейміз: «Балаға деген сүйіспеншіліксіз мұғалім – дауыссыз әнші, есту қабілеті жоқ музыкант, түстерді ажырата алмайтын суретші сияқты».

Мұғалім үшін бұл мамандық емес, бұл өмір салты болуы керек, ал шеберлік кездейсоқ сәттілік емес, жүйелі ізденіс пен жұмыс, көбінесе өрескел, күнделікті, мазасыз ойларға, сәтсіздіктер мен жеңістерге толы болмақ [2,63]. Мұғалімнің жетістігі неде? Біз бұл сұраққа Конфуцийдің сөзімен жауап бергіміз келеді: «Әлемдегі ең әдемі көрініс – сіз оған жол көрсеткеннен кейін өмір жолымен сенімді жүретін баланың көрінісі». Біздің ойымызша, мұғалімнің оқу процесін ұйымдастыра білудегі шеберлігі, баланың тәрбиесі мен қалыптасуына қолайлы жағдай жасау. Бүгінгі таңда қабілеттерді, тәуелсіздікті, қызығушылықты, ғылыми және моральдық мәселелер туралы ойлау қабілетін дамыту маңызды. Тәрбие жұмысын тиімді жүргізу – бұл патриотизм, азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру, ел тарихындағы жетістіктерді де, қателіктерді де талдай білу дегенді білдіреді. Мұғалім болу ұлт алдындағы өте жауапты кәсіп, өйткені ол балалар үшін адам мен азаматтың үлгісі, азаматтық міндеттерін орындау үлгісі болып табылады. Маңызды міндеттердің бірі ұлтты жеке тұлғалардан қалыптастыру. Ал ұлт деген не? Ұлт – адамзаттың тарихи қалыптасқан бөлігі, ол тілдің, аумақтың, экономикалық өмір мен мәдениеттің тұрақты ортақтығымен біріктірілген. Жалпы болашақ өз мамандығымыз бен ұлт келешегінің жайын сөз етер болсақ, бір мақаланың көлемі оны көтермесі анық. Біздің ойымызша, жан дүниесіндегі мұғалім ішінара бала болып қалуы керек: оның көзімен қоршаған әлемге қарап, таңдануға, онымен бірге жаңа нәрсені ашуға және біртіндеп үйренуге қабілетті болса дейміз. Қаншалықты қиын болса да, ол барлық проблемаларын мектеп табалдырығынан тыс қалдырып, оқушылардың жүрегі мен жан дүниесіне үміт пен ақылдылықты, мейірімділікті санасына егуге тырысады. Мұғалімнің рөлі көп қырлы. Бұл туралы белгілі жазушы-педагог С.Л.Соловейчик өте жақсы айтты: «Ол әртіс, бірақ оның тыңдармандары мен көрермендері оған қошемет көрсетпейді. Ол мүсінші, бірақ оның жұмысын ешкім көрмейді. Ол дәрігер, бірақ оның пациенттері оны емдегені үшін сирек алғыс айтады және әрдайым емделгісі келмейді. Күнделікті шабыт үшін күш қайдан алады? Тек өз ісіңнің ұлылығының санасында ғана». Жеке тұлғаны қалыптастыруда, біз мұғалімге жүздеген, тіпті мыңдаған талап қоюымызға болады, бірақ біздіңше ең басты талап ол – балаға, оның жаратылысына, болмысына деген шексіз құрмет пен жауапкершілік болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: Білім, 2012.-272 б.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народные образование, 1998.-256 с.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.– Алматы, 2013.-448б.

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазиханқызы Г., Жанұзақова А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Жалпы, көне ұйғыр жазба ескерткіштері ертеректе Моңғолия, Шығыс Түркістан жерлерінен кездеседі және шамамен V ғасырда қалыптасқан. Бұл тарихи ескерткіштер жазудың төрт түрін, атап айтсақ, ұйғыр, санихей, араб пен руна графикасында болған. Осы уақыттарда Шығыс Түркістанда соғды әліпбиіне негізделген ұйғыр жазулары етек ала бастаған болатын. Ал оңтүстік Сібірден, Моңғолия және Жетісу жерлеріне дейін руна жазуы болып тарай бастаған еді. Осы мәселеге қатысты деректерді Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың авторлығымен жарияланған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбектегі Ғ. Айдаров жазған «Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі» бөлімінен оқуға болады [1.140-142]. Мұнда түбір сөздер, туынды сөздер, біріккен сөздер, күрделі сөздер, көптелу, тәуелдену, септелу, жіктелу категориялары әңгімеленеді. Ескерткіштерден нақты мысалдар келтіріледі.

Алдымен, ұйғыр сөзіне түсініктеме беріп өтсем. «Ұйғыр» атауының түркі халықтарымен етене байланысы бар. Бұл атаудың мән-мағынасының өзі ерекше бір мәнге ие. Яғни, бірігу және ұйысу. Деректерге сүйенсек, өткен ғасырдың отызыншы жылдары осы атауы қабылданып, жазбаларға енген-ді. Атауының қабылдануына сай, «Көне ұйғыр жазуының да» тарихы кеңге етек жайылғаны тайға таңба басқандай-ақ белгілі. «Көне ұйғыр жазуының» әліпбиінде 23 таңба 28 әріптің орнына жұмсалады [2.111]. Бес таңба дауысты дыбыстың, ал қалған он жеті таңба дауыссыз дыбыстың орнына жұмсалады. Жазылу тәртібінің өзі жоғарыдан төменге және солдан оңға қарай бағытталады. Ұйғыр әліпбиі өзінің жасалуы мен айтылуына қарай дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінеді. Ескі ұйғыр ескерткіштерінің дауысты дыбыстарының жасалуы мен айтылуына байланысты ерте заманнан қалыптасқан заңдылықтары бар. Қазіргі таңдағы түркі тілдерінің көпшілігіндегідей ерін және тілдің қатысы жағынан бір-бірімен өзара үндесіп айтылады. Сондай ақ ұйғыр әліпбиі жоғарыдан төменге қарай, солдан оңға бағыттала жазылады. Әріп дыбыстардың таңбасы болғанымен, олардың саны сол тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы қажет емес. Жеке тілдердің ерекшеліктеріне сәйкес, жазуға жеңілдік туғызу үшін жазу тіліндегі әріптер саны әр торлы болуы мүмкін.

Көне ұйғыр жазбалары ежелгі идықұт тіліне жақын, бірақ оның тармағына жатпайды. Бұл екі тіл Қашқариядағы Қарахан және Турфандағы Идықұт алпауыт жерлерде ұзақ уақыт қатар өмір сүрді. Ұйғыр-қарахан тілінде сөйлейтін М. Қашқари оны «хакани» деп атаған. Ұйғыр-қарахан тіліндегі,

негізінен діни мазмұндағы көптеген ескерткіштер бүгінгі күнге дейін сақталған. Ең қызықты ескерткіш-Юсуф Хас -Хаджибтің трактаты - «Құтағду білік» - 1070 жылдан басталған «бақыт әкелетін білім» кітабы еді. Идықұттардың саяси әлсіреуімен және оның шағатай мемлекетіне енуімен XIV-XV ғасырларда ұйғыр-Қараханид тілі іс жүзінде идықұт тілін ығыстырды, ол буддистер мен несториандық ұйғырлардың дін тілі болып қала берді, содан кейін Турфан мен кумул ұйғырларының исламға көбірек айналуымен мүлдем жоғалып кетті. Мавераннахрда 10-шы ғасырда Қараханидтер жаулап алып, иран тілдері басым болған ұйғыр-қараханид тілі біртіндеп Иран тілдерін ығыстырды, мұны Қашқари былай деп жазған болатын: «Қалаларда түркі тілінде көбірек сөйлейтін тұрғындар бар, тек түркі тілінде сөйлейтін тұрғындар бар, түркі және иран тілдерінде сөйлейтін тұрғындар бар, бірақ тек иран тілінде сөйлейтін тұрғындар жоқ». Ұйғыр-қарахан тілінің жалғасы ортағасырлық шағатай тілі, қазіргі жаңа ұйғыр және өзбек тілдері болып табылады. Қазіргі таңдағыдай, көне ұйғыр жазбаларындағы дыбыстардың да қыры мен сыры мол дүние. Оның да өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Ескерткіштегі кез-келген дыбысты әрбір дыбыспен тіркестіруге болмайды.

Түркі тайпаларынан құралған Көне Ұйғыр қағанаты Көне Түрік қағанатының құлауы есебінен құрылған болатын. Көне Ұйғыр қағанатының құрылу мезгілі 741 жылдары деп есептеледі [3.67]. 95 жылдан кейін қырғыздар тарапынан көрген қысымнан соң Көне Ұйғыр қағанаты да өз дәуірін тәмәмдап, құлаған болатын. Ұйғыр қағанатының алғашқы қағандарының бірі әрі бірегейі Мойын Шор қағаны болды. Ұйғыр қағанаты Көне Түркі жазуын жалғастырып өтті. Мойын Шор қағанынан соң билік басына келген Бөгі қағаны еді. Бөгі қағанының бір ерекше тұсы, ол-Сирия жақтан жол түскен манихей дінін уағыздаушыларға құлақ түріп, солардың айтқанын бұлжытпай орындау болды. Манихей дінімен қоса манихей жазуы да ере келді. Манихей жазуы жаңа Соғды әліпбиі негізінде құрылған болатын. Манихей жазуы түрік тілінің дыбыс жүйесімен мүлдем сай келмейді. Ерекше жазудың әсері болар түрік тілі демде ығыса қойды. Аңғарғанымыздай, көне түркілердің ұрпағы есептелген Ұйғыр қағанаты дінін де, тілін де түбегейлі жаңартты.

Көне ұйғыр жазулары XI-XII ғасырлар шамасында араб жазуымен қатар қолданыста болды. Сөйтіп, ұйғыр жазуы Хорезм мен Орта Азияда XVI ғасырдың соңғы кезіне деін қолданыста болып, сары ұйғырлар XIX ғасырдың бас кезеңіне дейін қолданған болатын. Көне ұйғыр жазуымен жазылған ортақ түркі тілдерінде деректер көп және олардың қатарына манихей, христиан, будда мағлұматтары мен ұйғыр халқының өздеріне тән әкімшілік, шаруашылық, заңға байланысты ескерткіштері жатады. Әйгілі оқымысты Жүсіп Баласағұнның «Құтағду білік» атты еңбегінің бір нұсқасы да осы көне ұйғыр жазумен жазылған болатын [4.51].

Көне ұйғыр жазуымен жазылған ескі деректерге әр түрлі аударма, шолу, транскрипциялар жасауда С.Е.Малов, В.В.Радлов, Ф.В.Мюллер, А.Лекок, П.Пеллюю, В.Банг секілді бірқатар ағартушы ғалымдар еңбек сіңірген болатын. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің фонетика, лексика, грамматика сияқты

айрықшылықтарын зерттеуде А.Фон.Габен, А.М.Щербак және Э.М.Тенишев сияқты ғалымдар зор үлестерін қосты. Көне ұйғыр жазуымен жазылған мағлұматтар жалпы барлық түркі халықтарына ортақ, алайда олардың ұқсас жақтары қазіргі түркі тілдеріндегіден өзгешелеу болып келеді. Мұндай ерекшеліктер жеке ру тайпалардың бірінен бірі аймақ, әкімшілік, т.б. жақтарынан бөлініп өз алдарына жеке дербес ұлт болып қалыптасуы мен олардың өзіндік даму ерекшеліктері бар. Жалпы, көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштер жетерлік және көлемі жағынан алуан түрлі. Солардың бірқатарына Алтун йаруқ, Құтағду білік, Хуастуанифт, Мираж-наме, Бахтияр-наме және Ғибатул хақайықты жатқызуға болады [4.51]. Бұл жазбалар тек ұйғыр халқының тарихын зерттеп қана қоймай, барша түркі халықтарының тарихын зерттеуде де құнды деректер болып есептеледі.

Көне ұйғыр ескерткіштерінің қатарына бұл айтылғандардан бөлек бірсыпыра жазбалар жатады. «Махаббатнаманың» «Оғызнаманың» бір нұсқалары ұйғыр жазуымен таңбаланған деген дерек бар. «Махаббатнаманың» ұйғыр тілінде жазылған қолжазбасы 1432 жылы, ал «Оғызнаманың» ұйғырша жазбасы ғасырлар IX-X төңірегінде жазылған деген болжам бар. Оғызнама ескерткішінің ұйғыр қолжазбасымен арнайы шұғылданған А.М.Щербак Турфан аймағын мекен еткен қарлұқ ұйғыр тілінің диалектісі түрінде қарайды.

Ұйғыр қағанатының адамдарының білімге деген құштарлығының жоғары екендігіне сай, жаңа тілді де жетік меңгеріп кетті. Тарих тағылымына көз жүгіртсек, 10 ғасыр бойы орын алған жазу араб жазуы келгенше Ұйғыр қағанатының айнасы есептеліп келді. Бөгі қағанның тағы бір даралығы- «Құдадғу білікті», «Оғыз намені» аудартып, халық арасында таратуы болды. Манихей жазуы, яғни, көне ұйғыр жазуы жоғарыдан төмен қарай бағытталып, сонымен қоса әліпбиінде 23 әріп болатын-ды. Таңғаларлық манихей жазуының ерекше тұсы-әріптің өзі сөз басында, ортасында, соңында жазыла беретін болған. Деректерге сүйенер болсақ, Араб саяхатшысы Мубарак шах дерегінде «Ұйғыр қағанатының бұл жазуды таңдауының қате болғандығын» хабарлайды. Дегенмен де, Шыңғыс ханның өзі манихей жазуын наймандардан алып, өз ұлысының жазуы деп жария етті. Моңғол жазуы- «Моңғол бітігі» деп атады.

Шығыс түркістандағы ұйғыр мемлекетіне (IX-Xғғ.) тән ескерткіштер мен турфан жазулары арқылы сақталған жазба ескерткіштер де бар[5.139]. Кейіннен XIII ғ. ұйғыр жазуын моңғолдар, ал олардан — маньчжурлар алған. XI-XII ғғ. Қараханидтер тұсында ұйғырлар бірте-бірте көне ұйғыр жазуын ығыстырған араб жазуын кеңінен қолдана бастады. Ежелгі югур алфавиті түркі тілінің дыбыстарын жеткізуге нашар бейімделген. Қажетті графикалық белгілердің болмауы жақын құралдардың арнайы артикуляцияларын беру үшін қолдануға әкелді, бұл дыбыстардың нақты айтылуы мен олардың графикалық белгіленуі арасындағы алшақтыққа әкелді. Үлкен мәдени және тарихи маңызы бар ежелгі ұйғыр тіліндегі ескерткіштердің едәуір саны сақталған.

Сонымен, қорытындылай келе біз көне ұйғыр жазуының терең тарихы бар ежелгі жазба ескерткіштер екенін байқадық. Аталмыш жазба біраз ежелгі

халықтардың ортақ мүдделерін біріктірген, әлі күнге дейін қолданыста бола алатын жәдігер екенін дәлелдей алды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Мектеп, 1971. -272 б.
2. Айдаров Ғ. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Рауан, 1995.-160 б.
3. Бүркіт О. Түркітану:Оқу құралы.- Алматы: Арыс, 2000.-140 б.
4. Сабыр М., Сәдуақас Н. Көне түркі тілі. Орал: Ағартушы, 2007.-160 б.
5. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. –Алматы: Арыс, 2004. -360 б.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Садуақас Н.А.

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («Ана тілі» газеті материалдары негізінде)**

Қайруллаева Г., Көшкінбай А., Ғани А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тілдік мұрасы, рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, сөйлеу әдебі принциптері ұлтымыздың қазынасы – қазақ тілінде, оның тілдік құрылымдарында көрініс тауып, сақталып жинақталған. Еліміз егемендік алған бергі тұста қазақ тілінің бай мұрасын, халқымыздың тілдік ерекшелігін, ғылыми тұрғыдан одан әрі жан-жақты зерттеуге үлкен мүмкіндіктер туды. Осындай жаңа леп әкелген «Ана тілі» газеті болып табылады. Қазіргі кезеңде әлемде қалыптасып отырған гессаяси жағдайда халықаралық қауымдастық тарапынан елімізге оның өткен тарихына, мәдениеті мен өнеріне, тіліне деген қызығушылық артып келеді. Сондықтан «Ана тілі» газеті арқылы қазақ тіліндегі кірме сөздердің және термин сөздердің игерілуі, тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениеті, олардың қазақ тілінде көрініс табуы, қазақ тілінің болмысын, табиғатын, өзін тануға жол ашпақ. Аталмыш тақырыпта сөз қозғай отырып, тарихи-лексикологиялық, морфологиялық тілдік материалды дәстүрлі, салыстырмалы тарихи әдіспен қарау қажеттігі туып отыр. Атап айтқанда, осы зерттеу тілдік жүйені зерттеудің кейінгі дәуірде пайда болған түрлерінің бірі – қосымшалардың (басқа тілден енген) дамуын тереңдеп барлаудың бір жолы – оның құрылымын тек тілдің өз ішінде қараумен бірге, тілден тыс, яғни ақиқат өмірмен тығыз байланысты қарауды мақсат етеді. «Ана тілі» газеті арқылы ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік ететін қай халықтың болмасын, оның ішінде қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде басқа тілдерден енген қосымшалардың қолданысын бейнелейтін өзіне тән белгілері болатындығын сөз етуге болады. Осымен байланысты ұлттық

болмыс пен танымдық бейнелейтін қазақ тіліндегі сөз маржандарының табиғатын шолуда тіл байлығымыздың ең өзекті саласының бірі ретінде – «Ана тілі» газетіндегі қазақ тіліндегі сөздердің игерілуі, термин және аударма мәселесі, тіл және сөйлеу мәдениеті орыс тілі арқылы енген қосымшалардың қолданылу ерекшелігі болып отыр. Тілге өз әсерін тигізетін «төңкерісшіл» жағдаят, қоғамдағы жаңаша қарым-қатынастар қазақ тілінің жаңаша қолданысына, сөзжасамына өз әсерін тигізді. Ең алдымен тілге енген кірме сөздердің қолданысы меноны игеру мәселесі, стилистикалық көшірмелер /транспортировка/ жасау, деархизация үдерісі, қазіргі қазақ тілінің әр түрлі лексикалық топтарындағы өзгерістердің және т.б. тілдік құбылыстарды игеру.(1,2)Баспалар мен редакциялардың басшылыққа алуы міндет екендігі көрсетілмеген, қазақ тілінің қазіргі жазу тәжірибесінде, яғни қазақ тілі қолданылып жүрген барлық салада - Ережелердің жаңа нұсқасындағы қағидалар - ескерілмей, орфографиялық сөздіктерге енгізілгеніментасада қалып қойып жүрген бірер сөздің қатарлары бар. Бұның себебі неде? Барлық түйін - аталған құжат пен қазақ тілінің дамуы арасындағы алшақтықта, теория мен практиканың арасындағы сәйкессіздікте. Дей тұрсақ та, қазіргі жазу тәжірибесінде бекітілген ережелер мен қолда бар сөздіктерден алшақ, кейде тіпті кереғар жазылып жүрген сөздер легі баршылық. Бұның өзі қазақ емлесін, және қажетті анықтама құралдарды әлсін-әлсін жетілдіріп, қайта қарап отыруды қажет етеді. Емле жазу-сызу мәселелерін қолға ала бастағаннан бері бір сөздің немесе бір типтес сөздің өзін жазу, орфограммасын қалыптастыру әр кезде әр қилы айтылып, әр түрлі ереже қабылданып келеді. Айқындауды қажет ететін осы сөз сауаттылықтың көзі, оқырман қауымды білімге, көзі ашықтыққа және тіл мәдениетіне тәрбиелейтін құрал – күнделікті бұқаралық-ақпарат құралдары мен баспасөз беттерінде ала-құла жазылады. Атап айтарлық бір жағдаят, кірме сөздердің игерілуі басқа тілге дендеп енуі қалыпты тілдік құбылыс деп есептелінеді.Себебі тарихи өзгерістер мен қоғамдағы саяси-әлеуметтік ақуал ең алдымен сол тілдің сөздік қорынан көрінеді. Мысалы көне грек тілі мен латын тіліі кәрі құрлық деп аталатын Еуропада, славян әлемінде көне славян тілі, мұсылмандық Шығыста – араб тілінің әсері қандай болғанын тарихтан білеміз. Қандай халық болмасын оның тілінде кірме сөздер еген,болады және алдағы уақытта джа бола береді.Кірме сөздердің тілдегі ену үрдісін зерттеген тілші-ғалымдар мынадай қызықты жағдайды анықтап отыр. Мысалы, неміс тілінде кірме сөздер он мыңдап саналады,ал ағылшын тілінің жартысынан көбісі кірме сөдер екендігін анықтаған. Орыс тілі – ғалымдар орыс тілінің лексикалық қабатын кірме сөздер құрайтындығын айта келіп, шамамен 10 пайызы кірме сөздер деп есептеп отыр. Оның ішінде кірме сөздердің көпшілігі тек стилистикалық бояуы бар, сала арлық сөздер болып келеді. Мұдай сөздердің қатарына кәсіби сөздер мен варваризмдерді,термин сөзде мен спецификалық мәні бар кітаби сөздерді жатқызады.

Қазіргі қазақ тілінің даму барысында кірме сөздердің қолдану аясы мен игерілуі сөздік қордың баюына үлкен әсер етті,оны толықтырды.Сондықтан кіме сөздермен байып,толығып отырған қазақ тілі,қазіргі уақытта қазақ тілінің

грамматикалық және дыбыстық құрлымын сақтауға өз әсерін тигізуде. Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімінде кірме сөздердің игерілуі туралы мәселе өзінің актуальдығын жойған жоқ. Алайда үстірт қарағанда қазақ тіліндегі кірме сөздердің енуі, игерілуі туралы мәселелер жан-жақты шешілген сияқты көрінгенімен, шын мәнісінде олай емес екендігі анық. Сондықтан кірме сөздерге қатысты сұрақтар әлі толық шешіліп бола қойған жоқ. Мысалы, кірме сөздер және олардың игерілуі дегенде көбіне – көп бір тілден екінші тілге енген сөздер деп қаралады. Алайда, кірме сөздердің енуі мен игерілуі туралы айтқанда ең алдымен тіл ғылымында аксиома сияқты қалыптасқан бір жақты пікір жоқ. Керісінше, кірме сөздердің әлеуметтік және тілтанымдық жағынан зерттеу мәселесі күрделі болып отыр. Сонымен бірге кірме сөздердің мәртебесін анықтау да оның үрдісі мен сөзжасамдық қабілеті туралы айтуды қажет етеді. Шындығына келгенде қазақ тіліне тән төл сөздер мен кірме сөздердің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсаттықтарды айқындаудың өзі бір мәселе болып отыр. Себебі, қазақ тіліне тән төл сөздің жасалуы мен енуі қай тілден енді немесе жаңасөз қалай жасалды деген сұрақтар келіп шығады. Мысалы, қазақ тілінде толыққанды сөз болып қолданылып жүрген полк сөзі неміс тілінен орыс тілі арқылы біздің тілімізге енген. Кейбір жағдайларда кірме сөздердің кейбіреулері морфемалары да басқа тілден енген әрі ол морфемалары да әр түрлі топқа жататын немесе бір-біріне жақын тілдердің сөздері екендігі көрініп тұрады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінің айналымында жүрген *лифтер сөзін алайық. Бұл сөздің түбірі* – ағылшын тілінен енген «**lift**» сөзі, **-ер** суффиксі француз тіліндегі **-eur** қосымшасының бірігуінен жасалған, орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген. Мұндай сөздердің қатарына қазақ тілінде айналымда жүрген минер, тапер, режиссер сияқты сөздер де кіреді. Бұл сөздердің бойындағы тағы бір ерекшелік, олардың ағылшын тіліндегі түбір сөз бен француз тіліндегі қосымшаның бірігуі арқылы жасалғандығы деп есептейміз. (1,2,3,4) Мұндай сөздердің қолданысына байланысты да орыс тіл білімінде бір ізділік жоқ. Мысалы, орыс ғалымы А.В.Калинин: «Конечно, странно слышать, что дрижер, радиопьеса, кинопрограмма – русские слова. Но если это странно слышать, то считать их заимствованными было бы неверно с научной точки зрения» - деп көрсетеді. (5,64) Қазақ тілінде де өзіндік мәні сақталған, алайда шығу тегі жағынан басқа тілден енген кірме сөз болып саналатын және де өзінің бойында шетелдік тілдік элементтерді сақтап қолданылатын сөздер қазіргі уақытта көптеп кездеседі. Мысалы: «Диалог» сөзі «конфликт жағдайларды бейбітшілік жолмен шешу» деген мағынада қолданылады «Диалог» - сөзінің қолданыс шеңберінің кеңеюі, оның мағыналық бояуына да, реңкіне де өз әсерін тигізуде. Баспасөз тілі мен теледидар тілі өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяғы мен 90-шы жылдардың басы аралығында қазақ тілінің дамуына ерекше әсер еткенін байқауға болады. Біздің байқауымызша «диалог» сөзі тағы да мынадай мағынада жұмсалады: а) дискуссия ә) келісім б) пікір алысу Ал іскери топтардың және іскери адамдардың арасында «диалог» сөзі - еңбектестік, ынтымақ, ынтымақтастық, қызметтестік мағынасында да қолданылады. Бұқаралық – ақпарат

құралдарының тіліне сол кезде үлкен өзгерістер енді. Қазақ тілінің әр түрлі қабаттарындағы өзгерістер, әр түрлі жоғары және төменгі деңгейдегі қолданыстағы жаргон сөздер, ауызекі сөйлеу тіліндегі дөрекі, тұрпайы сөздерде өзінің «азаматтығын» алып қолданысқа енді. Жеке тұлғалар қоғамдық құбылыс ретінде семантикалық құбылыс болып семинар қызмет атқаруы. Саяси баға беруде және оларға қатысушыларды жеке тұлғаларды көрсетуде семантикалық құбылыс жеке адамдардың айтуына қатысты болып келеді. Себебі мұндай сөздер қазақ тілінде шетелден енген әрі оның тілдік элементтері шетелдік сөздер болып келетін сөздер көптеп кездеседі. Сондықтан мұндай сөздер қазақ тілінің топырағында жасалып, қазақ тілінде «азаматтық алған сөздер».

Мысалы, қазақ тіліндегі сын есімнің –лық, -лік, -дық, -дік, тық, -тік жұрнақтары дервациялық мағынаға ие болып отыр. Мысалы, тарихилық, аристократиялық, романтикалық, сатиралық, географиялық, модельдік және т.б. (8,9,10) Мұндай сөздердің сөзжасамдық жасалу үлгілері мынадай болып келеді: сөзжасамдық үлгі + туынды негіз + морф + –лық, -лік, -дық, -дік, тық, -тік жұрнақтары болып келеді. Қазақ тіліндегі кірме сөздер туралы сөз қозғағанда – калька туралы айтпай кету мүмкін емес. Калька сөзі қазақ тіліне француз тіліндегі /calque/ сөзі орыс тілі арқылы енді. Мысалы, водород, кислород – латын тіліндегі *hydrogenium* және *oxideenium* деген сөздерден жасалған. Қорыта айтқанда, баспасөз тілі, нақтырық айтсақ «Ана тілі» газетіндегі тілдік материалдарды алып қарайтын болсақ, мынадай тілдік материалдарды қамтитындығын көреміз:

- кеңес дәуіріндегі шындық өмірдің көріністерінің деактуализацияға ұшырауы;
- қазақ тілі лексикасының деидеологиязацияға ұшырауы;
- лексикалық кейбір топтардың саяси мәнге ие болуы;
- саяси терминдердің кейбіреулерінің десаяси терминдерге айналуы;
- семантикалық үлгілердің /модельдердің/ белсенді қызмет атқара бастауы, кейбір жеке тұлғалардың қоғамдық өзгеріс ретінде қабылдануы;
- қоғамдық-саяси жағдайларды бағалаудың метофаризациялық өзгеріске түсуі;
- саяси лексикадағы қалыптасқан бұрынғы мағынаның коррелляцияға ұшырауы және жаңадан пайда болуы;

Қолданылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және термин жасау ісі. // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №7-8, 1997 ж. /
2. Әбдуали Қ. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, «Ана тілі», 1998, 303 бет.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. А., 1990, 33 бет.
4. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жанаша көзқарас. А., 1993.
5. Калинин А.В. Лексика русского языка. -М., 1978, стр.64. /
6. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері. -Алматы, Рауан. 1997-240б.

7. Кеңесбаев І., Балақаев М., Қайдаров Ә., Сарыбаев Ш. Қазақ әдеби тілі тарихының зерттелу жайы мен міндеттері.// Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары.-Алматы:Ғылым,1987.
8. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы.Алматы.2002ж.
9. Мемлекеттік тілді үйрету жолдары:теориясы мен тәжірибесі. Астана,2004ж.
10. Қазақ грамматикасы. Алматы,2000 жыл
11. Қайдаров Ә. «Тіл байлығы рухани қазына» «Қазақ тілі мен әдебиеті журналы» 1991 ж.,№7,3-10 беттер.
12. «Ана тілі» газетінің 2010-2018 жылдардағы басылымдары

Ғылыми жетекшіі: ф.ғ.к., доцент Н.М.Алдашев

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ЛЕКСИКАЛЫҚ- МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ИГЕРУ

Қасанова М., Құрманғазиева Д., Сәліш Г., Тағыберген А.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ тіліне енген кірме сөздер ең алдымен сол тілдің грамматикалық заңдылықтарына бағынады. Қазақ тілінде жоқ немесе тілге тән емес жұрнақтар түсіп қалады немесе қазақ тілінің жұрнақтарымен алмасады. Сонымен бірге басқа тілден енген сөздердегі суффикстер өзінің алғашқы қосымшалық мағынасынан айырылып, тұтас бір сөз болып жұмсалады. Мысалы, *gradus, notarius, aquifrium, colloquium, градус, нотариус, аквариум, коллоквиум*. Кейбір француз және неміс тілінің сөздері орыс тілінде сол тілдің флексиялық заңдылықтарын қабылдап, қазақ тілінде де сол дайын тілдік формада қолданады. Мысалы, *die Bucht - бухта, die Rakete – ракета*. Кірме сөздердің қазақ тіліне келіп енуі кезеңінде ол сөздердің қосымшалары өзінің алғашқы формаларын сақтайды. Мысалы, *пленум, консилиум, форум, госпиталь, фартук, галстук* және т.б. Кейбір кірме сөздер өзінің алғашқы жекелік немесе көпшелік мағынасын өзгертеді немесе сақтап қалады. Мысалы, неміс тілінде қолданылатын *локон, клапан* деген сөздер көптік мәнді білдіретін сөздер болып жұмсалса қазақ тіліне енген кезде бұл сөздер зат есімнің жекелік мәнде қызмет атқарады. Кейде кірме сөздер өзінің грамматикалық тұлғалануы мүлдем өзгеріп кетеді, яғни ол сөздер алғашқы тұрған сөз табынан екінші сөз табына ауысады. Мысалы, *кворум* - сөзі көптік мағынада родительный падежінде тұрса, қазақ тілінде бұл сөз зат есімде тұрып қызмет атқарады. Ескеретін бір жағдай, кірме сөздердің барлығы бірдей өзгеріске түспей өзінің алғашқы фонетикалық және грамматикалық формаларын сақтап қалады. Мысалы, аталье, полонез, коктейль, майонез, термос, радио, какао, оазис, кино, пальто, кофе, мини, плиссе, хаки және т.б. Әсіресе, қазақ тілінде белсенді қызмет атқарып жүрген ИНТЕРНЕТ сөзінің жасалу үлгісі мен қызметі ерекше. Осы ИНТЕРНЕТ сөзі

көпшілікке түсінікті, кең қолданыста бар сөзге айналды. ИНТЕРНЕТ сөзді қазақ тілінде жұмсалғанда ең алдымен қазақ тіліне тән қосымшаларды қабылдап қызмет атқаруда, алайда осы сөзді жазу емлемемізде әт түрлі жазылып, қосымшалар да әр түрлі формада жалғанып келеді: Мысалы, баспасөз беттерінде ИНТЕРНЕТ сөзі латын тілінде немесе орыс тіліндегі үлгімен де жазылуда. ИНТЕРНЕТ-пен, ИНТЕРНЕТ-тен, ИНТЕРНЕТ-тің, ИНТЕРНЕТ-ке және т.б. ИНТЕРНЕТ сөзіне қатысты орыс тілінде оны сөздік құрамына енгізген. Ресей Ғылым Академиясының Лингвистикалық зерртеулер институтының «Жаңа сөздер сөздігі» бөлімінің маманы Е.А.Левашованың айтуынша ИНТЕРНЕТ сөзі орыс тілінің сөздік құрамына зат есім, мужской род етіп енгізілген және де орыс тілінде бұрыннан да бар, жалпы халыққа түсінікті сөз ретінде қабылданып отыр. Сондықтан жоғарыда атап өтеніміздей Е.А. Левашованың көрсетуінше ИНТЕРНЕТ сөзі орыс тілінің сөздік қорына еркін еніп отыр. Қазіргі қазақ тілінде де осы үрдісті байқаймыз. 2007 жылы жарық көрген орфографиялық сөздікте ИНТЕРНЕТ сөзі реестрге енгізілген. Қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің лексикалық тұрғыдан игерілуі дегенде ең алдымен кірме сөздерді лексикалық бірлік (единица) тұрғысында қарастырамыз. Кірме сөздердің лексикалық тұрғыдан игерілуі дегенде біз заттың, ұғымның нақты атауын білдіретін және де сол сөздің бойында кірме сөзге ешқандай белгілердің қалмағандығын көрсеткенде ғана оны толық игерілген сөз деп есептейміз. Мысалы, қазақ тілінде қолданыста жүрген *пальто* сөзі – француз тілінен енген сөз. Алайда белгілі бір заттың атауын білдіріп тұрған бұл сөз біздің күнделікті өмірімізге толық енгендігі соншалық, оны француз тілінен енген кірме сөз деп қарамаймыз. Сол сияқты *спорт* сөзі ағылшын тілінен енді. Қазіргі уақытта спорт сөзінің қазақ қоғамында айналымға енгендігі соншалық оны ағылшын тіліне қатаысты немесе ағылшын спорты деп қарамайтындығымыз анық. Демек, *пальто және спорт* сөзі қазақ тілінде толық игерілген сөз деп танымыз. Сонымен бірге қазақ тіліндегі көптеген кірме сөздер лексикалық тұрғыдан игеріліп болды. Мысалы қазіргі қазақ тілінің айналымында жүрген *пиджак, комбаин, кекс, ринг, теннис, волейбол, рельс* сияқты сөздерді ағылшын тілдікі, *галстук, фартук, локон*, сияқты сөздерді неміс тілдікі, *балет трюмо, котлет* француз тілдікі деп айта қою мамандар болмаса жай қарапайым халық үшін күнделікті аталдық айналымда жүрген сөз болып есептелінеді. Сонымен бірге қазақ тілінде лексикалық тұрғыдан игерілген сөздер мен қатар экзотикалық мәні бар сөздерде кездеседі. Мысалы, *сейм, пиала, лаваш, хурал, сантим, кюре, қышлақ, фрау, джок, зурна, гонак* және т.б. Бұл сөздердің ерекшелігі сонда олар қазақ тілінде қолданылады, алайда мағынасында қазақы азаматтық алған мағынасы жоқ. Оның орнына шетелден енген кірме сөз екендігі сақталынып тұр. Қазіргі қазақ тіліндегі экзотикалық мәні басым кірме сөздерді басқа сөздермен алмастыруға келетін немесе келмейтін сөздер деп топтауға болады. Тіліміздегі алмастыруға келетін сөздердің қатарына мағынасына көп нұсқан келмей қолданылатын сөздер жатады. Мысалы, *мистер-господин – мырза, фрау – госпажа – ханым* және т.б. Экзотикалық мәнге ие болып отырған мұндай сөздердің бойында ұлттық

бояу, коллорит сақталады. Ал аударуға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейтін экзотикалық мәні бар сөздердің жұмсалу аясы басқаша болып келеді. Мысалы, *франк-рубль*-сөздерін теңге сөзімен алмастыруға келмейді. Сол сияқты қазақ тілінде қолданыс та бар *сари, иен, доллар* деген сөздерді де алмастыруға болмайды. Мұндай экзотикалық сөздерден варваризм сөздерді айыру қажет. Себебі варваризмдер толқ мәнді кірме сөздер, қазақ тілінде өзіндік бояуға ие болып жұмсалады. Варваризм сөздер көркем шығармааларда жергілікті халықтың ұлттық бояуын, коллоритін көрсету мақсатында да жұмсалады. Қазақ елінің тәуелсіздігін алған өткен ғасырдың аяғындағы әлеуметтік саяси және қоғамдық өзгерістер қазіргі қазақ тілінің үлгілеріндегі қолданылып келген әр түрлі сферадағы сөздік құрамға өзінің үлкен «төңкерісшіл әсерін» тигізді. Бұл – қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамына, тіл дамуына әсер ететін сыртқы жағдаяттардың, яғни экстралингвистикалық факторлардың әсері болып табылады. Қоғам өзгерісінің, ғылым мен техниканың, мәдениет пен шаруашылық салаларындағы жаңалықтардың негізгі үлгілері еңбек үдерісінің күрделенуі, еңбекке қатысты мамандықтар мен кәсіптердің құрал-жабдықтардың жаңаша өркендеуінің ықпалынан пайда болды. XX ғасырдың 90-шы жылдарында қазақ тілінде нақты семантикалық үдеріс көрініс берді. Себебі осы кездегі тілдік құбылыстарды зерттеген қазақ тілші ғалымдары осындай құбылыстарға талдау жасай келіп, ең алдымен қазақ лексикасындағы семантикалық өзгерістердің үдерісін «қайта құру», басқа тілдерден әсіресе орыс тілінен енген кірме сөздер «орысша термин» ыңғайында бағаланды. Қазақ тілінің лексикалық жүйесін жаңаша қалыптастыру және ғылым мен техника әр алуан саласының негізгі тілдік тамыры – жаңа сөздерді төл тіліміздің өз әлеуетіне негіздей отырып жасау қажеттілігі туындады. Сонымен бірге әліпби мен графикаға өзгерістер енгізу туралы айтылып, ұсыныстар жасала бастаған тұста кірме сөздерді «қазақыландыру» бағдары бойынша осы қайта құру «төңкерісшіл» бет бұрыстың екпінімен кірме сөздердің және терминдердің қазақша үлгілері жасала бастады. [10,11]

Тарихтан белгілі болғандай, сол қоғамдағы көптеген әлеуметтік, мәдени және қоғамдық-саяси өзгерістер көптеген кеңес заманын бейнелеген сөздердің қазіргі тілдік айналымда деактуализацияға ұшарағаны байқалуда. Бұл- заңды құбылыс, тілдік үдеріс деп қабылдауымыз қажет. Бұған дәлел, сол кездердегі белсенді қызмет атқарған, қазіргі кезде ондай актуалдығынан айрылған, семантикалық архаизмге айналып бара жатқан сөздер. Кеңес заманы кезеңіндегі «*аванс, құн заңы, деколонизация, демпинг, ақша рентасы, КССР-дағы өндірістің заемдік құралдары*» деген ұғымдар өзінің актуалдығынан айырылды. Мысалы, сол кезеңдегі контексте қолданыста жиі қолданылған «*халық шаруашылығын жоспарлы түрде басқару, пропорциональды дамыту заңы, еңбегіне қарай бөлу заңы, социализм кезіндегі баға заңы және т.б.*» деп айтылған әрі солай жазылған сөз тіркестері мен сөз үлгілері қазіргі уақытта жаңаша пайымдаулар мен тұжырымдамаларды қажет етіп отыр. Мысалы, Компания басшысымен кездесті. 2008 жылдың 8 қазанда ҚР Премьер-Министрі «Русал» бірлескен компаниясының бас директоры, басқарма төрағасы

Александр Булыгинмен кездесті деп хабарлады Премьер- Министрдің баспасөз қызметі.«ЕҚ»газ.,8.10.2008ж. Тараптар әлемдік қаржы рыногындағы жағдайдың одан әрі дамуы мен оның Екібастұз бассейніндегі «Богатырь» және «Северный» көмір разрездерін басқару жөніндегі бірлескен кәсіпорындарының жұмысына әсері жайын талқылады. «ЕҚ»газ.,8.10.2008ж. Премьер - Министрдің баспасөз қызметі.«Электронды үкімет» дамытылмақ. Кеңес барысында ақпараттық- коммуникациялық технологияны (АКТ) және «электронды үкіметті» (ЭҮ) дамытудың әлемдік көрсеткіштері қаралды.Сонымен қатар бұл жеке жобаларға *инвестиция* тарту үшін, сондай-ақ осы заманғы әлемде Қазақстанның бәсекелестігіне ықпал ететін сапалы экономикалық негіздеме әзірлеуге мүмкіндік туғызатынын атап өтті. Сол себепті, «бірлескен компаниясы, қаржы рыногы, акционерлік қоғам, электронды үкімет, инвестиция тарту, ақпараттық- коммуникациялық технология, сапалы экономикалық негіздеме» деген қазақша үлгіде жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық құрылымы айқын көрініп тұр. . «халық шаруашылығын жоспарлы түрде, пропорциональды дамыту заңы ,еңбегіне қарай бөлу заңы, социализм кезіндегі баға заңы және т.б.» деген сөздердің мағаналарының белсенділігі төмендеп,бұл үлгілердің өз қызметінің бәсеңдеп, деактуализацияға ұшарай бастады. Сол сияқты «колхоз, совхоз, социалистік жарыс» деген сөздің мағынасы, семантикалық өрісі тарылып,, қазіргі уақытта еліміздегі әртүрлі компаниялар,холдингтер, ұлттық қорлар, бірлескен кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атауларының алмастырғандығын көреміз.Мысалы, Биыл «Богатырь Аксес Көмір» ЖШС –ның жарты акциясын мемлекет меншіктегені белгілі. Өздеріңізге мәлім, Қызылорда облысындағы энергетика дағдарысының дүрбелеңі жөнінде бұдан бұрын да жазғанбыз. Холдинг ахуалы талқыланды.«Қызылорда электр жүйесін реттеу компаниясы» (КРЭК) мамандарының берген уәждеріне назар аударалық. Сонымен, венчурлық қорлар құрылғалы бері не бітті? «Ұлттық инновациялық қор» АҚ басқармасы төрағасының міндетін атқарушы Әуелбек Тоғжанов./ «ЕҚ»газ.,17.09.08. / Бұл даму кезеңіне Қазақстан Республикасы Алматы қаласының қаржылық орталығының қызметін реттеу агенттігі (АӨҚО ҚРА) екі жылдық өнімді қызметінің арқасында қол жеткізді. Айтылған екі жылдың кем дегенде жартысын АӨҚО халықаралық қаржы нарықтарының ретсіз дамуы жағдайларында өткізді, биыл өз кезегінде өңірлік қаржы орталығының стратегиясы анықталды../ «ЕҚ»газ.,17.09.08. / «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өзіне еншілес «KazMunaiGaz РКOP Investment B .V» компаниясы арқылы 2,5 миллиард доллар несиеге қол жеткізді. Шетелдік банктерден алынатын несие жөніндегі бұл келісімге қыркүйектің басында қол қойылды.Сондықтан да қазіргі басты мәселелердің бірі- замануи технологияларды енгізу болып табылады. «ЕҚ»газ.,17.09.08. /

Тағы бір айта кететін мәселе қысқарған сөздердің мерзімді баспасөз тілі экономикалық терминдерді қолданғанда оған қажет ететін үнемдеу заңдылығына толық жауап береді, яғни баспасөз тілі өзінің стильдік табиғатына

сай аз сөзбен кең көлемдегі ақпаратты жеткізуге ұмтылады. Бұл үшін экономикалық терминдерді күрделі атаулардың қысқартылған үлгісін пайдаланады. Бір контекстегі күрделі атаудың немесе буындық қысқарған үлгісі сол күрделі атаудың жанында жақша ішінде беріледі де, әрі қарай қысқарған сөз күрдел атауды ығыстырып, қолданыстан шығарып, яғни мерзімді баспасөз тілінің дағдылы лексикалық единицаларының қатарына қосылады. Айта кету керек, мұндай сипат өзге стильдердің табиғатына да тән. Сонымен қатар ғылыми-техникалық салаларда, қоғамдық-саяси аяларда қолданылатын тікелей орыс тілінен қабылданған қысқартуларды қазір қазақ әдеби тілі ең алдымен қысқарымға тірек болатын күрделі атауды тәржімалап, содан кейін оны — қазақшаланған күрделі атауды қалыптасқан сөз қысқарту әдістеріне орайластыра қысқартып жазып келді. Қазіргі қысқартымдарды жасау үстінде осы әдістер басшылыққа алынады: мысалы, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы, ЕАО-Еуропа –Азия Одағы, БСҰ-Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы, РӨБ- Республикалық өндіріс бірлестік, ӨБ-өндірістік бірлестік, ЭЫҰ-экономикалық ынтымақтастық ұйымы, ЕЫХҚ-Европалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық қоғамы, ИКҰ-ислам конференциясы ұйымы, және т.б. Бұндай қысқартулар әсіресе актілерде, жарлықтарда, жарғылар мен өкімдер де, дипломатиялық стильді крайтын нота, меморандум, сондай-ақ ресми ақпарат материалдарында, экономикалық мағынасы мен мәні бар атаулар мен терминдерді беруде кең қолданылады. Бұлар көпшілік жағдайда түсіндірмелі әдіспен, яғни күрделі қазақша атауы қоса көрсетіліп беріледі. Немесе тексте ең алдымен күрделі атау толық жазылып, оның жаңадан жасалған қысқартылған үлгісі жақша ішінде беріледі де, баянрдауда одан әрі қарай күрделі атау түсіріліп, бірыңғай қысқартылған тұлға қолданылады. [10]

Сол сияқты *актив, пассив, аукцион, жалға беру аренда, банк, валюта, валюта курсы, ипотека, акционерлік қоғам және т.б.* деген экономикалық мағынасы мен терминдік мәні басым осындай сөздер қазіргі уақытта жалпы халыққа мағыналары түсінікті әрі күнделікті тілдік айналымда актив қолданылатын сөздер болып табылады. Сонымен бірге және т.б. экономикалық мағынасы мен терминдік мәні басым осындай сөздер сөздер мен сөз тіркестері жарыса қолданылып келеді. Бұл да қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бір семантикалық үрдістердің бір көрінісі деп қарауға болады.

Қорыта айтқанда, азіргі қазақ тіліндегі жаңа семантикалық үрдістер ғылыми тіл айналымында толыққанды үлгідегі сөздер болып жұмсалып келеді. Сонымен бірге күнделікті ауызекі сөйлеу тілімізде сөздік құрамға еліміздің экономикасының қарқындап дамуының көрінісін бейнелей алатын сөздердің маңызы үлкен екенін байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері. - Алматы, Рауан. 1997-240б.

2. Құрманбайұлы Ш.Қазақ тілі лексиканың терминдеуінің үрдістері: филол.ғыл.док...автореф.Алматы,1999.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (ред.А.Ы.Ысқақов)//10т.Шығ.Ғылым. 1976.Т.2-695б.
4. Аманжолов К.Тасболатов А.Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі.-Алматы:Білім 1999-92б.
5. Баскаков Н.А. Система спряжения или изменения слов по лицам.Сб.Исследования по сравнительной грамматике тюрник языков.Морфология,II 1956,стр.276-277.
6. Крысин Л.П. Словообразование или займствование?Займствование в русском языке // Русский язык в школе.-1997.-№6,стр.84-88.
7. Концевая Г.М.,Концевой М.Б.Интернет в зеркале языка.//Русский язык и литература.-1998.-№2.
8. Русский язык:энциклопедия/под ред.,Ф.П.Филина –м.,1979.
9. Словарь иностранных слов.-М.,Русский язык,1980.
10. Толковый словарь русского языка конца XX века.Языковые изменения/под ред.,Г.Н.Скляревской РАН,Институт лингвистических исследований.-СПб.Из-во «Фолио-Пресс»,1998.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қуанғалиева Т.Қ.,

tolganay.kuangaliyeva@bk.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Критериалды бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін білім беру процесінің барлық қатысушыларына бұрын белгілі болған және білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, ұжымдық әзірленген критерийлермен салыстыруға негізделген және білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін процесс. Сондай-ақ, критериалды бағалауға оқушылардың академиялық белсенділіктерін бағалауды да жатқызуға болады және бұл заманауи оқыту жүйесінің өзекті талаптарының бірі. Күнделікті сабақтарда қолданылатын тәсілдердің нәтижесінде біз оқушылардың үлгерімі мен оқуына баға алу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Оқытуды тиімді бағалау білім беру мен оқытудағы маңызды кезең болып табылады. Өйткені, бұл оқу барысында оқушылардың алға жылжу және нәтижелерге қол жеткізу үшін нақты қадамдар жасауына ықпал ететін күш. Күнделікті сабақта оқушылар топтық жұмыста өздерін бағалай алады. Олар әр жұмыстың өзіндік критерийі бар екенін түсініп, оны салыстыра отырып, объективті бағалауды талап ете алады. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты нығайтады және сабақ деңгейін жоғарылатады және әр оқушы өзін көшбасшылар қатарына қоя алады.

Заманауи білім беру жүйесінің ерекшелігі – оқушының кез-келген қызметке құзыреттілігін қалыптастыру, жетілдіру және дамыту. Біз оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруды оның білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалау негізінде бағалауымыз керек. Басты рөлді оқушылардың білімі ғана емес, сонымен қатар олардың жеке қасиеттерін дамыту, сыртқы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты мақсаттар қояды. Сондықтан оқуға деген көзқарас өзгеріп, оқу нәтижелерін бағалауда жаңа бағыт алынады.

Критериалды бағалауды білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда салыстыру және қол жеткізу процесі ретінде де қарастыруға болады. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты жаңа процесс шеңберінде оқыту сапасын арттыру болып табылады. Бұл оқушылардың білімінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі. Қалыптастырушы бағалау мұғалімге оқушылардың мектептегі мақсаттарына жету процесін бақылауға мүмкіндік береді және оқу процесіне уақтылы өзгерістер мен түзетулер енгізуге көмектеседі, ал оқушы өзінің білімі үшін жоғары жауапкершілікті сезінеді. Ол күнделікті тәжірибеде қолданылады, студенттер үшін де, оқытушылар үшін де қолданылады. Осы бағалау іс-әрекетінің көмегімен мұғалім пәнді оқу мақсатын нақты анықтай алады, оқушыға тақырыпты бір, үйлесімді үлгіде ұсынуға, нәтижелерді бақылаудың тиісті әдістерін анықтауға және жоғары деңгейге жетуге көмектеседі. Сабақтарда қалыптастырушы бағалауды қолдану оқытушы мен студент арасындағы сыртқы кері байланысты ішкі кері байланысқа көшіру болып табылады, бұл білім беру субъектісінің деңгейін арттыруға ықпал етеді. Оқушы өзін басқарады, өз іс-әрекетінің тәсілдерін таңдайды және нәтижелерін бағалайды. Осылайша, оқушы өзінің негізгі құзыреттіліктерін мақсат қою, күтілетін нәтижені жоспарлау және оны басқару тәжірибесін жинақтау арқылы қалыптастырады. Мұғалімдер оқу үшін бағаларды қолданғанда, оқуды бағалаумен қатар, бағалау оқытудың ең пайдалы құралына айналады. Бағалауда күмәнді ойларды тудыратын сәттер бар. Оқушының өзін-өзі бағалауы кейде шындыққа жетпейді. Бірақ бұл жағдайда оқушының сол сәтте жақсы қадам жасауға мүмкіндігі бар. Сыныптастарды бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, өйткені ол мотивация деңгейін арттырады, сынға ықпал етеді және өзіне деген сенімділікті арттырады.

Дәстүрлі түрде білім беру орындарында, соның ішінде мектептерде оқушыларды төрт балдан тұратын жүйеге негізделген бағалау жүйесі сақталған: 2 ("қанағаттанарлықсыз"), 3 ("қанағаттанарлық"), 4 ("жақсы"), 5 ("өте жақсы"). Теориялық тұрғыдан алғанда, оны бір нүкте деп қараймыз, бірақ іс жүзінде бұл нүкте қолданылмайды. Тізілімде атап өткен мұғалім бірқатар позицияларға бағытталған, нәтижесінде әр нүкте деңгейлердің интегралды индикаторына айналады: оқушы белгілі бір стандартқа қатысты, оқушы тұтастай сыныпқа қатысты, алдыңғы кезеңде оқушы өзіне қатысты, ал бұл факторларды белгіленген белгіде тек мұғаліммен сөйлесу арқылы бөлуге болады. Қазіргі бағалау жүйесі, жоғарыда айтылғандай, үш функцияға ие. Осы функцияларға

сүйене отырып, бағалау жүйесі мәселені шешуге ықпал ететін бірқатар мәселелерді анықтадық. Бағалау жүйесі: оқу материалы қаншалықты тиімді меңгерілгенін, практикалық дағдылар қалыптасқанын анықтауға; әрбір студенттің жалпы біліктілік деңгейінің өзгеруін, сондай-ақ оның танымдық іс-әрекеттің әртүрлі салаларындағы табыстылық серпінін тіркеуге мүмкіндік беруге тиіс; олардағы ақпаратты барабар түсіндіру мүмкіндігі жасалды, ол үшін бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды бағаларды бөлу мағынасында толығымен ашық болуы керек; білім алушының жетістіктерін өзін-өзі бағалауды, сондай-ақ оқу іс-әрекеті процесінде онымен болып жатқан оқиғалардың көрінісін жеңілдететін және дамытатын механизм жасалды. Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшісі, сондай-ақ әкімшілік пен мектептің педагогикалық ұжымы арасында тұрақты байланыс қамтамасыз. Осы талаптарды дәйекті қолдану бағалау жүйесінің функционалды маңыздылығын өзгертетінін байқауға болады. Ақпараттық-диагностикалық функция күшейтіледі, реттеуші функцияның мазмұны өзгереді, қылмыстық ынталандыру функциясынан ауытқу орын алады.

Критериалды бағалауды бір жағынан жетістіктер мен сәтсіздіктер туралы ойлануға мүмкіндік беретін жеткілікті күшті құралға жатқызуға болады. Бірақ бұл максималды нәтижеге жету үшін жеткіліксіз, студент рефлексиялық дағдыларды дамытуы қажет. Мазмұнды да, эмоционалды да көрініс кез-келген жұмыстың міндетті қорытынды кезеңі болып табылады. Рефлексия оқушыға орындалған жұмысты түсінуге көмектеседі, орындалған жұмысты бағалауды білдіруге итермелейді, мұғалім үшін кері байланыс құралы болып табылады, бұл орындалған жұмыстың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Рефлексия екі жолмен жүргізілді: жазбаша сауалнама және ауызша пікір алмасу.

Критериалды бағалауда біраз қиындықтар да туындауы мүмкін және олардың деңгейлерінің сипаттамалары прогрестің нақты анықтамаларын бермеген немесе нақты прогреске сілтеме жасамаған кезде пайда болуы мүмкін. Мысалы, Кокс (1995) Англиядағы ұлттық оқу бағдарламасындағы деңгейлердің сипаттамаларын сынға алды, өйткені олар сенімді түсіндірулерге мүмкіндік беру үшін қажет болатын нақты прогрессияға ие емес деп санайды. Кокс олардың тым жалпы және дерексіз екендігіне шағымданды. Мысалы, сандар мен алгебраның үшінші деңгейінің сипаттамасына енгізілген критерийлердің бірі "ақыл-ой стратегиясын дамыту" болды. Кокс бірқатар түсіндірулерден аулақ болу үшін және прогрессияны анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мұндай өлшем неғұрлым нақты анықталуы керек деп сендірді. Сейнсбери мен Сизмур (1998) бірізділікті сақтау үшін деңгейлік сипаттамалардың сөздерінен тыс, жалпы "критерийді" әзірлеу үшін мұғалімдер арасында бар түсінікке қарау керек деп ұсынды. Уильям атап өткендей (1993), содан кейін оқу бағдарламаларын жасаушылар мен тест жасаушылардың іс жүргізу құқығы дамиды. Бұл топтарға "мұғалімдерді" қосуға болады, өйткені олардың іс жүргізу құқығы оқыту, оқыту және бағалау кезеңінде жасалады.

Әр деңгейде қандай өлшемдерді қарастыру керек екендігі туралы шешім қабылдаған кезде, деңгейлер баланың емес, өнімділікті сипаттайтынын есте ұстаған жөн. Тиімділік деңгейлерін анықтау кезінде тәсілдердің бірі қанша деңгей болуы керек екендігі туралы шешім болуы мүмкін, оны бірқатар білім беру, саяси және әлеуметтік себептермен қабылдауға болады. Бастапқы нұсқаулық ретінде мұғалімдермен кеңесу кезінде критерийлер жобасын таңдауға болады, содан кейін олардың әр деңгейіне қанша бала қол жеткізе алатындығын ұсынуға кеңес беріледі. Содан кейін бұл критерийлер алдын-ала тестілеу арқылы бағаланады. Критерийлердің жобасын жақсарту үшін балалар жұмысының нақты нәтижелері (мысалы, сұрақтарға жауаптар, сонымен қатар бағалауды бөлу) қолданылады. Әр деңгейдегі орташа балға ие адамдардың өнімділігі осы деңгейдегі өнімділікті анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Алдын-ала тестілеу деректері алдын-ала тестілеумен қамтылғандарға деңгей критерийлерін тым тар шектеуге жол бермеу үшін сыныптағы үлгерім туралы ақпаратпен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бастапқы нормативтік тәсіл масштаб анықталғаннан кейін критериалды байланыстыруға жол беруі мүмкін.

Қорытындыласақ, білім алушылардың оқу жетістігін бағалау – қай кезде де маңызды мәселе. Мектепте ата-аналар мен мұғалімдердің арасында оқушылардың бағасы жөнінде дау туып, ата-аналар балаларының бағаларының төмендігіне, «баға әділ қойылмады», - деп мұғалімдерге қарсы келіп жатады. Бұл келіспеушіліктің алдын алудың бірден-бір жолы оқушылардың білімін критерий арқылы бағалау. Критерий арқылы бағалауды пайдаланғанда, мұғалімдер мен оқушының арасында ашық қарым-қатынас болады да, ата-ана мен мұғалімнің арасындағы түсініспеушілік жойылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нұрболатқызы И.Г. Критериалды бағалауды қалай түсінуге болады? 2018.
2. Hattie J., Timperley H. The power of feedback. Review of Educational Research, 2007. 81-112p.
3. Ақтамбаевна И.А. Критериалды бағалау - сапалы оқытудың кілті, 2017

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., аға оқытушы Қондыбай Т.Қ.

THE IMPORTANCE OF USING GAMES IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE AS A FOREIGN LANGUAGE

Құрымбаева Ж.Б.

kurymbaeva99@bk.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Abstract

The aim of this paper is to investigate how games are relevant and successful in EFL classrooms. In this analysis, two types of qualitative research methods were used: semi-structured interviews and observation. This research makes extensive use of multi-method triangulation. The data was collected using an audio-recorded interview and observation. It is a case study in which two undergraduate students are taught English using an adapted game named 'Twister.' Based on the data, it was decided that games should be used in second language learning classrooms to provide an environment for learners that is enjoyable, motivating, and conducive to high learning success.

1. Introduction

Games are one of EFL's most crucial components. They include activities that have goals and rules while remaining enjoyable. Games are "an activity with rules, an objective, and an element of fun," according to Hadfield (1990; cited in Deesri, 2002, p.1). Language games, according to some scholars, should be incorporated into the core of the foreign language teaching program rather than being viewed as an afterthought because, in addition to being enjoyable, they involve goals and are governed by rules (Haldfield, 1999). According to S. M. Silvers, author of *Games for the Classroom and English Speaking Club*, games are frequently agreed upon by many teachers as resources that avoid monotonous repetitions in the lesson and are used to fill time (Silvers 1992). He believes that many teachers overlook the fact that real learning can take place in a comfortable setting, and that learners can use the target language that they have previously been exposed to and studied. Greenall's concept states that games encourage positive competition among students participating in a language activity (Greenall, 1990). The fact that games provide numerous benefits to students demonstrates support for using games in the classroom. Many seasoned writers agreed that games are beneficial to education. Each of the following reasons is addressed by Lee (Lee, 1995): Games provide an opportunity to break away from an unusual routine, but they are also frequently critical in terms of encouragement and challenges. Furthermore, games provide learners with motivation to engage and communicate effectively, as well as the persistence to continue the effort of learning and build a framework to use the language meaningfully, reducing anxiety and allowing learners to study in a comfortable and enjoyable environment. Games have numerous advantages for both language teachers and students. They assist learners in learning the target language when they engage in games and have fun while learning the target language, and it is also a pleasure for the teacher that he presents the language in an enjoyable environment, which strengthens the job. This point is emphasized by McCallum (1980, p. ix), who claims that "games automatically attract student interest, and a properly introduced game may be one of the most motivating techniques." Another advantage is that they help clarify the stress of situations by using games in a foreign language environment. In a language learning environment, a stress free environment should be provided. Games are very helpful at the moment because students feel unprotected and their positive feelings and trust increase because they do not fear punishment or criticism, and learn the language openly (Crookal, 1990). The purpose of this paper is to demonstrate the

value of EFL games. In the following section, the role of games in EFL courses is discussed in greater detail.

2. Literature Review

Games are one of the key elements in EFL classrooms. They include events that have objectives and rules, but are still pleasant. Games are "activity with rules, objectives, and an element of fun," according to Hadfield (1990; cited in Deesri, 2002). Federal language games could be seen as a framework for the development of a concrete context for language acquisition. The students can develop an understanding of written and spoken English through games according to Constantinescu (2012).. Games help students to learn the terms and structures and to practice proper utterance and orthography. Although most teachers do not know this as an apprenticeship strategy, games play an important role in language learning classrooms. However, the learner process has many advantages. For starters, games prevent a worldly and repetitive lesson. In contrast, they promote a fruitful and supportive atmosphere in the classroom where students are the focus for their learning.

Games are often fun for students so that they pick up more than traditional lessons. The students learn the language with the help of games and still have fun in their classroom. And they are favored by shy and tentative children (Mei & Yu-Jing, 2000). This increases the enthusiasm of children, because they play as an alternative option, allowing students to continue working in the classroom. This reduces the burden of foreign language learning (Mei & Yu-jing, 2000).

Games have different advantages to promote target-language learning in EFL classrooms. One of the advantages of games is that students' concern for learning languages decreases when playing games. Language class teachers believe that in the target language they don't know they must succeed. Moreover, students were seriously distressed by their instructor's criticism and discipline when they were making a mistake. Games enter the picture at this time because they minimize fear, increase positive feelings and increase confidence, because learners do not fear punishment nor critique when they openly practice their target language (Crookal, 1990).

Since students take part in games actively, they are called events centered on learners. Crookall says it does (1990). Through sport, the position of learners and teachers is reversed and inspires the students to participate actively in their education. This means that games allow students to learn themselves. Another advantage of games from an educational point of view is their ability to provide a meaningful language framework. Teachers can make games to create various environments in which students can learn unconsciously because the focus is not on the language or message. As a result, when you focus on a game, you acquire the target language in a manner which is unconscious in acquiring its mother tongue (Cross, 2000).According to Constantinescu (2012), the following are some of the benefits of games:

- “Games help students develop their English repertoire in a familiar and relaxed setting (even for students with special needs), where they feel secure. Furthermore, English is commonly used for computers.

- Games increase enthusiasm and the ability to better oneself.
- Challenge and competitiveness are essential components of any game, and students concentrate more on completing the challenge.
 - An interdisciplinary approach is used.
 - Students apply experience from other courses as well.
 - Games help students develop their observation skills.
 - Games have well-defined rules and goals. Games foster critical thinking, problem solving, and creativity.
 - Games include modern and dynamic means of teaching/practicing that can be used in place of conventional worksheets.
 - Games can be tailored to various levels of experience.
 - Educational games are simple to understand and implement.
 - Educational games in the classroom do not take long to play.
 - There are numerous free online educational games available.
 - Immediate reviews for both students and teachers.
 - The outcomes are more evident (and, in some cases, both visual and acoustic) and have a greater effect.
 - The working time is normally defined from the start and is strictly adhered to.
 - Games foster group learning while also allowing students to learn at their own pace and cognitive level; games can be used as student incentives in the classroom.”
 - Students may be able to play games solely for amusement.

Teachers, however, need to be persuaded to play games for more reasons. Teachers should be extremely cautious with regard to the games to use, how to connect them to the curriculum, the textbook, and especially how useful it is. Teachers must be extremely careful when selecting and altering EFL classroom games. In the selection of language games, teachers must look at a number of factors according to Constantinescu (2012):

- “Games should have a goal. They are used to inspire pupils, not just for entertainment, and should emphasize the use of language.
- Students must read, practice, or refresh language components by their own means.
 - The material should be suitable. It should be acceptable for the curriculum, right from all angles, and not encourage negative values (e.g. violence).
 - Games in the classroom should be technically simple to use.
 - Games should be appropriate for the students' age and level of knowledge, and they should keep all students involved.
 - It is best to use short games; otherwise, students will lose interest.”

Besides these benefits, the motivation of learners is another important aspect to consider because they are much more motivated to learn the language when students are playing a game. "Games attracted students' curiosity so quickly, and a properly implemented game might be one of the highest motivation techniques" according to

McCallum (1980, p. ix). "Games spur the motivation of the students and the competition in games, but they strive to be more active in games than in other courses, according to Avedon (1971; cites in Deesri, 2002)." This increases the participation of students in the classroom activities and therefore increases students' enthusiasm and desire to learn. Aside from the numerous benefits, there are several drawbacks of using games in EFL classrooms. According to Stojkovic and Jerotijevic (2011), some drawbacks of games are as follows: "

1) Disciplinary issues; students can become overly noisy."

2) Deviating from the primary goal of the game-play operation, possibly as a result of insufficient rule guidance, resulting in excessive play and a lack of learning

3) If the games are already familiar or repetitive, students can not participate as entirely.

4) Some students, especially teenagers, can regard games as unnecessary and childish."

Teachers usually use games at the ends of the lesson or warm-up exercises if time is permitted. Teachers use games to disassemble the book's monotony, fill in extra time and review the examination. Lee (1979) reports that games should not only be used when the teacher and the students have nothing to do but rather be at the heart of the language learning process (As cited in Uberman, 1998). They have a greater influence than fun in the classroom on the teaching of students. They are important for English students in terms of education and benefit. In addition, Rixon (1979) states that games can be used at all levels, if they are carefully selected and appropriate (As cited in Uberman, 1998).

In conclusion, games offer language teachers a great pedagogical value with many advantages if they are introduced in classrooms in foreign languages. The study of language-games shows that games play a crucial role in teaching and learning contexts in a wide range of fields in foreign language.

Methology

In this qualitative case study, semi-structured interviews and observation were used as data recovery methods. The reason for using a case study is that it enables the researcher to explore more deeply and collect rich and useful information from participants. Yin (1984, p.23) describes the case study research method as an empirical study that examines a contemporary phenomenon within their context in real life; does not clearly identify the limitations of the phenomenon and the context and uses multiple sources of evidence. Many researchers (Miles and Huberman 1994; Debreli 2012; Silverman 2011) believe that the collection of extensive context data through flexible questions or close observation of incidents and occasions is more flexible in terms of quality research. The objective of this study was to study the impact of the Twister game on vocabulary learning in students outside EFL in English Preparatory Schools so a thorough review of the learning process of the participants would be necessary. This resulted in the selection of qualitative data gathering tools to enable the students to study and learn more in detail. Many people think that sports, interviews, reflective reports and observations are the most commonly used data collection tools (Cohen, Manion & Morrison, 2012). Kopinak

describes multi-method triangulation as "gathering knowledge of the same phenomenon with more than one method to determine whether the results of research are convergent and therefore more valid" (Kopinak, 1999). More instruments will provide more comprehensive and multilevel knowledge of the reality being analyzed according to Kopinak.

The current analysis does not plan to generalize significantly and it is not interested in disclosing statistical data for comparisons, which are another great reason for using a qualitative research design. It aims to provide a more comprehensive photograph by providing a comprehensive picture from a few people. The following sections provide more detailed information about the participants and instruments used in this analysis for data collection.

3.1. Data Collection Instruments

One of several qualitative data collection tool discussed in this analysis was chosen for play, observation and interview instruments. Since the objective of the study was to discover Twister's positive effects on elementary-level EFL students, Twister Game was considered a qualitative tool. Semi-structured interviews and observations were the other tools after Twister. The following two paragraphs discuss these three approaches in detail.

Game (Twister)

Games in the classroom are particularly useful because they provide students with multiple opportunities to learn the language. Accordingly, there are three necessary stages, according to Carrier (1980) as mentioned by Sánchez, Morfn, & Campos 2007, in which games can be used, i.e. as an introduction, as a creator, and as a conclusion. The lesson begins with stimulation when games are used as an icebreaker. The interest of the students has been shown since the beginning of the lesson. Moreover, the degree of students plays a critical role. In addition, previous activities can be tested by games. Moreover, games are included to highlight an item that the instructor considers necessary for review or practice after the lesson has been done. At the end of the course, a relaxing conclusion will be provided by games. The students therefore have the chance to practice the studied item, and the teacher determines whether the item is done well by the students. Games have a positive impact at every point in the lesson according to Sánchez, Morfn and Campos (2007), since they allow students to enjoy learning a language in secret practice.

Twister is an American traditional game. It consists of a board of directors and a pointer. The board has four sections: right foot, left leg and right hand. The board has four sections. There are four colorful circles in each area: green, red, yellow and blue. It has six rows in green, red, yellow and blue. The Twister mat is very wide.

The aim of this study was to evaluate its impact on EFL basic language learning of students in a common game activity called "Twister." Twister is a game which is commonly used in EFL lessons, but has still to be empirically demonstrated in its effects. This report examines the effectiveness of this game, used as a data collection tool and as a game for evaluation.

3.1.2. Semi-Structured Interviews

In this analysis a half-structured interview is preferred because the interviews ask questions and gather oral data (Kuale, 2006). One of the main reasons why semi-structured interviews are preferred over structured interviews is that they provide more comprehensive data since they include inquiries for further exploratory information. The use of semi-structured interviews is also justified by a thorough understanding of perceptions, behavior and feelings of those interviewed. The rationale for interviews was that scientists wanted to see unconsiderable variables, such as behaviour, expectations and opinions of the students (Mackey & Gass, 2005). Non-participant observations have also been used to collect data on attitudes and acts of participants in the study EFL context (Mackey & Gass, 2005).

In this research, a semi-structured interview with students was conducted with the aim of learning English vocabulary in games. With this objective in mind, researchers created an interview form. After all game tasks had been completed, four participants were interviewed and allowed to say that their identities were kept confidential and that their statements were only used for research purposes.

Conclusion

They wanted to figure out if using games was valuable in ESL classrooms. According to the research, having fun while learning a language is associated with gaming results in higher motivation as well. Without a doubt, games help in reducing anxiety when speaking the target language. Games are very useful in teaching English because they not only allow students to have fun and an abundance of entertainment, but also enable them to put their new words and concepts to the test. And finally, games can be seen as resources for vocabulary instruction and training. Playful learning in the ESL classrooms (Uberman, 1998).

In summary, it is apparent that games are great for both learners and teachers, provided they have an educational objective.

References:

1. Avedon, M.E., & Brian, B. S.(1971). *Learning Through Games*. The Study of Games. John Wiley & Sons. Bartle, R. (2004).
2. *Designing Virtual Worlds*. Indianapolis: New Riders. Carrier, M. (1980).
3. *Games and activities for the language learner*. Nelson. Cohen, L., Manion, L., & Morrison, K. (2011). *Research Methods in Educations*, Routledge. Constantinescu, R. S. (2012).
4. *Learning by playing: Using computer games in teaching English grammar to high school students*. Education Source. 110-115. Crookal, D. (1990).
5. *Simulation, gaming, and language learning*. Newbury House. Cross, D. (2000).
6. *A practical handbook of language teaching*. Longman. Debreli, E. (2012).
7. *Change in beliefs of pre-service teachers about teaching and learning English as a foreign language throughout an undergraduate pre-service teacher training program*. *Procedia Social and Behavioral Science*, 46, 367-373. Gee, J. (2003).

8. What video games have to teach us about learning and literacy. Macmillan. Greenall, S. (1990). Language games and activities. Hulton Educational Publications Ltd. Hadfield, J. (1990).
9. An Collection of Games and Activities for Low to Mid- Intermediate students of English Intermediate Communication Games. Thomus and Nelson and Sons Ltd. Huyen, N. T. (N.D). L
10. Learning Vocabulary Through Games. Asian EFL Journal . Kawulich, B. B. (2015). Participant Observation as a Data Collection Method. Forum: Qualitative Social Research . Lee, W.R. (2000).
11. Language teaching games and contests. Oxford University Press. Mackey, A., & Gass, S. M. (2005). Second Language Research. Routledge Malarcher, C. (1997).
12. Index Cards: A Natural Resource for Teachers. Forum, from McCallum, G. P. (1980).
13. 101 word games: For students of English as a second or foreign language. Oxford University Press. Mei, Y.Y., & Yu-jing, J. (2000).
14. Using games in an EFL class for children. Daejin Univeristy ELT Research Paper. Meijer, P. C. (2002).
15. Multi-Method Triangulation in a Qualitative Study on Teachers' Practical Knowledge: An Attempt to. Kluwer Academic Publishers , 145-167.
16. Miles, M., & Huberman, A. (1994). Qualitative Data Analysis. Sage Publications. Patton, Q. M. (2002).
17. Qualitative Research & Evaluation Methods. Sage Publications. Rixon, B. D. (1979).
18. Communication Games. NFER & Nelson for the British Council. Sanchez, M. M. M., Morfin, A. P., & Campos, V. E. P. (2007).
19. Interactive games in the teaching-learning process of a foreign language, Teoría y Praxis, 4, 47-66. Silverman, D. (2011).
20. Interpreting Qualitative Data. Sage Publications. Silvers, S. M. (1992).
21. Games for the classroom and English speaking club.
22. English teaching forum. Stojkovic, M. K., & Jerotijevic, D. M. (2011).
23. Reasons for Using or Avoiding Games in an EFL Classroom. From <http://eca.state.gov/forum/vols/vol33/no1/p35.html>. Uberman, A. (1998).
24. The use of games for vocabulary presentation and revision. Forum, from <http://exchanges.state.gov/forum/vols/vol36/no1/p20.htm> Yıltanlılar, A. & Caganaga, K. C. (2015).
25. THE ROLE OF USING GAMES IN ELT: TEENAGERS. International Journal of Innovative Education Research , 15-25. Yin, R. K. (1984).

Ғылыми жетекшісі: Амиргалиева Ж.Н.

В.М. КОЖЕВНИКОВТЫҢ «ҚАЛҚАН МЕН ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қытайбек З.С.

zabira.sultanbekovna98@gmail.com

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

XX ғасырдың 80-ші жылдары кеңес жазушылары Ұлы Отан соғысы тақырыбында көптеген шығармалар жазды, бұл тақырып кеңес әдебиетінде ең өзекті тақырыптардың бірі болды. Шығармалардың сюжеттері өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді оятып, ел мен жерді қорғау дәріптелді. Сол тұста осы тақырыпта қалам тербеген әйгілі, талантты кеңес жазушылары мен журналистерінің бірі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Социалистік Еңбек Ері Вадим Кожевников болды.

Әдеби шығарма турасындағы әңгімені тақырыптан бастаған жөн, себебі тақырып – өнер туындысының іргетасы болып табылады. Үйдің қабырғасын қалап, төбесін жаппас бұрын іргетасы қаланатыны секілді, көркем шығарманың туу процесі де тақырыптан басталатындығы даусыз. «Әуелі тақырып пайда болады, - дейді Валентин Катаев, - пайда болады да, жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді [1, 160 б.]. Осы тұста шығарма атауын бір-біріне кереғар, қарама-қарсы ұғымдармен берер болсақ, оқырманды елең еткізері анық. Атауына қарап шығарманы оқуға еліре түсесің. Сондай бір шығармалардың қатарында В.М.Кожевниковтың «Қалқан мен қылыш» романын атай аламыз. Демек оксюморон әдеби кеңістікте ең әуелі прозалық шығармалардың атауы ретінде кездеседі. Оксюморон - ең тиімді көркемдеуіш құралдардың бірі... логикалық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келмейтін кереғар сөздердің тіркесуі [2, 128 б.]. Бұл атаулар көркем шығарманың композициялық құрылымын, көркемдік табиғатын айшықтай түседі. Роман өз атауын қалқан мен қылыш бейнеленген мемлекеттік қауіпсіздік органдары эмблемасының арқасында алды – қылыш жауды жойса, ал қалқан адамдарды қауіп-қатерден қорғайды.

Жазушы творчестволық процестің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді. Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да...- бәрі де бар. Осының бәрі - болашақ шығарманың матриалы. Бастапқыда Вадим Кожевников кеңес барлаушысы, полковник Рудольф Иванович Абельдің (шын аты Уильям Генрихович Фишер) Америкадағы өмірі турасында кітап жазуды армандады. Бұл туралы АҚШ-та тұратын жазушының қызы Надежда Кожевникова өз естелігінде айтады. 50 жылдардың аяғына таман Кожевников тіпті Америкада бірнеше ай өткізіп, онда ол Абельдің Америкадағы өмірін зерттейді. Еске салайық, 1957 жылы Абель АҚШ-та тұтқындалып, 30 жылға сотталды. 1962 жылы ол 1960 жылы мамырда КСРО әуе кеңістігінде атылған

американдық ұшқыш Фрэнсис Пауэрске айырбастау нәтижесінде КСРО-ға оралады.

Бірақ сол жылдары әлемдегі саяси жағдай өзгергендіктен, Кожевниковке кітапта американдық емес, неміс кезеңіндегі оқиғаларды көрсетуге кеңес берілді. Осылайша автор Ригадан келген немістің басшылығымен неміс барлаушына қызмет ететін кеңестік барлаушы туралы роман жазуға мәжбүр болды. 1965 жылы "Знамя" журналында алғаш рет басылып шыққан бұл шығарма соғыс жылдарында әскери барлау туралы кеңестік әдебиеттерде өз орнын берік алды. 1965 жылы «Жеңістің 20 жылдығына» Ұлы Отан соғысы туралы көптеген кітаптар жарық көргенімен, Вадим Кожевниковтың "Қалқан мен қылыш" романы оқырмандар тарапынан сұранысқа ие болды, себебі кітап кеңес халқының жауларын айна-қатесіз шынайы түрде көрсеткен алғашқы адал романдардың бірі болды. 2021 жылы Вадим Кожевниковтың әйгілі "Қалқан мен қылыш" романының жарияланғанына 56 жыл толады, ол жазушының ең танымал шығармаларының бірі болды.

Роман мынадай жолдармен басталады: "1940 жылдың жазында Ригада кеңес азаматы өлтірілді, ұлты неміс...", [3, 6 б.] - романды детектив жанрының санатында қарастыруға әдбен болады, сонымен қатар ол жаудың артындағы кеңестік барлаушылардың жұмысына негізделген шытырман оқиғалы сюжетті алып жүрді. Детективтік әдебиет (ағылш. detective - әйгілеу, әшкерелеу) - шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма. Детективтік әдебиет сюжеті жұмбақ қылмыс саларын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналады. Басты кейіпкер ретінде із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар мен қылмыскер алынып, алуан түрлі оқиғалар арқылы екі жақтың ашық та астыртын қақтығыстарынан соң қылмыс әшкереленеді [4]. Алайда автор романның мазмұнын ең бай өмірлік материалмен қамтамасыз ете отырып, кейіпкердің өмірбаянын ұрпақ пен бүкіл халықтың өмірбаянымен үйлестіруді негізгі мақсат етіп қойды. Бұл шығарма - Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі аса қауіпті кеңестік барлау жұмыстарына құрмет ретінде жазылған шығарма.

1940 жылы Ұлы Отан соғысы басталмас бұрын романның негізгі кейіпкері - кеңес барлаушысы Александр Белов Ригадан Германияға неміс репатрианты Иоганн Вайс деген атпен өзінің досы, этникалық неміс Генрих Шварцкопфпен бірге кетеді. Қызмет көрсету міндеті бойынша Белов-Вайс Кеңес Одағының жауы болуы керек. Ол Үшінші Рейхтің басқа өкілдерінен айырмашылығы болмас үшін өмір салтын өзгертуі тиіс болды. Бұл кеңестік барлаушы үшін өте қиын сынақ болды, алайда қиындықтың бәрін жеңіп, сынақтан мүдірмей өтті.

Романда Иоганн Вайстың бүкіл мансап жолындағы өсуі суреттеледі: солдаттан бастап жоғары лауазымды офицерге дейін. 1944 жылға қарай Вайс Абверде СС гауптштурмфюрер дәрежесіне көтерілді және Берлинге СД қызметіне ауыстырылды. Ол барлық офицерлер мұқият тексеруден өткізілетін Абверде осындай жоғары лауазымға қалай қол жеткізді? Бұл оның кәсіби жетістігі! Қызмет түріне сәйкес ерекше тапсырмалар орындайтын офицер Вайс фашистік Германияның құнды құжаттарына қол жеткізді. Ол Германияның қак

ортасында кеңестік барлау желісін құра алды. Оған Химмлер мен Шелленберг сияқты саяси тергеуші әрі тыңшы мамандар сенім артты.

Көркем әдебиеттегі жинақтау – типке әкелсе, даралау – мінезге әкеледі. Образ осылай туады [1, 111 б.]. Көркем әдебиет – шындықты образ арқылы танитын идеологияның бір түрі. Жеке оқиғаны таңдап алып, сол арқылы образдың бетін ашып, жазушы өзінің идеясын беру деген өте қиын жұмыс. Жазушы Вадим Кожевников бар ерік-жігерін салып, логиканы жұмылдыра және барлаудың негізгі міндеттерін түсіне отырып, кеңес қолбасшылығына Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашизммен күресуге көмектесетін барлаушының мінезін шебер, жоғары кәсіби түрде жасай білді.

Шығарманың ерекше, моральдық мәні - онда басты кейіпкердің ержүректігі мен қайсарлығы қалай суреттелгендігінде. Белов-Вайстың әр күні міндеттердің шамадан тыс жүктелуімен әрі сол міндетті абыроймен атқарып шығуымен ерекшеленеді. Кез келген жауынгердің солай жасайтындығы белгілі. Оқырман оның жанының қалай өмір сүретінін, жамандықты жазалауға, оның көмегіне мұқтаж адамдарға көмектесуге қабілетсіздігінен қалай зардап шегетінін сезінеді. Романда екінші бір адамның тағдырына әсер етерліктей сәттер ерекше, Белов-Вайс өз мүмкіндіктерін батыл және ақылды қолдана отырып, адамдарды құтқарады және оларға антифашистік күреске қосылуға көмектеседі. Роман тек бір агент Белов-Вайстың әрекетін ғана емес, сонымен бірге оның екі отандасы Эльза мен Зубовтың іс-әрекеттерін де ашып көрсетеді, олар күн сайын өз өмірлерін Отан игілігі үшін қатерге тігеді, біреуі фашистердің сенімін ояту үшін ампутацияға (қол немесе аяқ секілді дененің бір бөлігін хирургиялық жолмен алып тастау) дейін бел буады. Тек бұл ғана емес, романда лагерь өмірінен көріністер, балаларды азаптау, әскери тұтқындар көрсетілген...

Романның ең бір әсерлі тұсы – Белов – Вайстың көз алдында чекист Бруноның КСРО-ға шабуыл жасағалы жатқандығын ескерту мақсатында өзін құрбан етуі. Сонымен қатар Иоганн Вайстың басқа фашистермен бірге балалар концлагеріне келген кезде, онда балаларға түрлі изуверлік тәжірибелер жүргізілгендігін де айта аламыз. Алла Демидова есімді кейіпкер таусылған, аш балаларға шоколад салынған қорапты ұсынады. Балалар бізге кәмпиттерді улау мақсатында беріп жатыр деген оймен алып, жерге жата бастайды: « Бұның тіпті ауырғанын да сезбей ұйықтап кетесің» [3, 143 б.]. Екінші бір эпизод, Вайс және оның достары концлагерьдің миналанған қақпасына жақындап, әртүрлі тілдерде тұтқындарға тордан мүмкіндігінше алыстауды ескертеді. Жарылыстан соң ауыр вагонетканың адамдарға қарай бет алғандығын көрген Саша Белов оның астына түсуге дейін барады. Мінекей, осы сынды эпизодтарды оқып отырып денең түршігеді, кейіпкерлермен бірдей күй кешесің. Осы тұстардан автордың сөз саптауы, уақиғаны суреттеудегі асқан шеберлігі ерекше көрінеді.

Қорыта айтқанда, «Қалқан мен қылыш» романы шығарма атауының үдесінен толық шыға білген, романтикалық реализмнің суреттерін айқын бейнелей білген, адамзат игілігі үшін ерік-жігерін аямаған жандар ерлігін шынайы көрсете білген көркем шығарма болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Оқу құралы. — Алматы: Мектеп, 1970. — 380 б.
2. Введенская Л.А. Стилистические фигуры, основанные на антонимах // Учебные записки Курского и Белгородского пед. ин-тов. Краткие очерки по русскому языку. – Т. XXV. – Вып. 2. – Курск, 1966.
3. Щит и меч / В. М. Кожевников — «Азбука-Аттикус», 1965 — (Русская литература. Большие книги)
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. м.а. Әділбекова Л.М.

ОБРАЗ ГОРОДА АЛМА-АТА В ЛИТЕРАТУРЕ

Лизунова Д.И.

diana.lizunova@yandex.kz

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

«Города подобны книгам – их нужно научиться читать. Научившемуся они говорят правду даже тогда, когда пытаются солгать», - сказал Мишель Бютор в своей книге «Роман как исследование» [1, с. 27].

Семиотика как наука о знаках и знаковых системах выставляет на первый план категорию текста как знакового образования. На уроках литературы в общеобразовательных школах именно тексты являются предметом осмысления. Многие города, даже где мы никогда не бывали, сразу приходят на ум благодаря определенным, знаковым произведениям литературы, искусства и кинематографа. То есть стоит лишь услышать название какой-либо местности или города, как в памяти всплывают ассоциации с тем или иным художественным произведением.

В русском литературоведении специальных исследований о городе как художественном пространстве сравнительно немного. В основном исследователи рассматривают эту проблему в связи с выяснением его роли в формировании поэтической манеры, стиля художника. При этом основным объектом внимания, в силу своей политической и культурной значимости, становятся две столицы — Петербург и Москва, ибо именно там культивировались духовные и художественные традиции эпохи.

В казахстанской литературе — как в казахской, так и русской — образ города и в особенности старой столицы — Алма-Аты не занял должного места в художественной эпической прозе. Наиболее значительным является обращение к этой теме Домбровского, создавшего облик «необычайного города» Алма-Аты 30-х гг.

Актуальность данной научно - исследовательской работы обусловлена тем, что до сих пор нет ни одной весомой работы на русском языке о социально-культурном пространстве южной столицы Республики Казахстан, об «алма-атинском тексте», как о литературоведческой категории.

Приведем, краткую историческую справку о городе Алма-Ата. Как административный и экономический центр Алматы сформировался примерно в X веке, – утверждал академик-археолог Карл Байпаков [2, с. 36]. На территории современной южной столицы Казахстана археологи нашли остатки крупного города: кузнечную мастерскую, гончарные изделия, которые могли производиться только в крупных ремесленных центрах. И самый важный артефакт – существовавший в этом городе крупный монетный двор. На найденных двух десятках монет написано на арабском, что они чеканились в 1271–1272 годах в городе Алматы. То есть уже в XIII веке город носил то же название, что и теперь.

Доктор исторических наук, знаток древнемонгольского языка Зардыхан Кинаятулы [3, с. 184] утверждал, что местность Алматы существовала, возможно, и гораздо ранее XIII века. Этот факт зафиксирован в “Тарих-и Рашиди” тюркского государственного деятеля Мухаммада Хайдара Дулати [4, с. 18].

В Позднее Средневековье в этом районе существовала стоянка тюркских и монгольских кочевников — Алма́ту, позже обнаруженная археологами, 1854 — на её месте заложено военное укрепление Заили́йское, затем Ве́рное, 1867 — Алма́тинское, 1867—1921 — Ве́рный, с 1921 — Алма́-Ата́, с 1993 года государственными органами Казахстана на русском и казахском языках город называется Алма́ты. С 1927 по 1936 год Алма-Ата была второй столицей Казахской АССР, с 1936 по 1991 годы столицей Казахской ССР, с 1991 по 1997 годы первой столицей Республики Казахстан. В 1997 году столицу перенесли в Акмолу (с 6 мая 1998 — Астана, в настоящее время г. Нур-Султан), однако, за Алма-Атой закрепляется статус «Южной столицы Казахстана». Сейчас Алматы — крупнейший город Казахстана. По данным на начало 2020 года в мегаполисе проживает почти 2 миллиона человек.

Если обратиться к вопросу о происхождении названия города, то в казахском языке, как и в ряде других тюркских языков, "Ата" в сочетании с каким-нибудь определяющим словом переводится не как "Дед", а придаёт смысловую окраску словосочетанию. Когда к слову или к имени прибавляют "Ата", то, значит, хотят выразить уважение и перевод здесь уместен смысловой - "старейшина". Получается в названии "Алма-Ата" отнеслись с уважением к яблоне. "Алматы" переводится, как "Яблоне́вый", "Яблочный".

Миф о происхождении названия от казахских слов «яблоко» - «алма́» и дед - «ата́» (в советских изданиях использовали оборот «Отец Яблок») появился в попытке объяснить этимологию названия, придуманного 5 февраля 1921 года на собрании Президиума ЦИК Туркестанской АССР в тогдашнем Верном. Именно на этом совещании и было закреплено наименование «Алма-Ата» в качестве официального названия.

Обобщая сказанное, можно сделать вывод, что на протяжении тысячелетней истории города менялось и графическое написание его названия, и орфоэпическая норма его произношения.

О городе Алматы (Верном, Алма-Ате) написан ряд знаковых произведений, начиная с путевых записок П. П. Семенова-Тян-Шанского и Чокана Валиханова, сделанных при самом зарождении будущей столицы Казахстана.

В городе работали десятки талантливых людей, оставивших свой след в истории и культуре Алма-Аты: писателей, художников, ученых и журналистов. Но все это, в основной своей массе, были документальные, исторические, публицистические, мемуарные и научно-популярные произведения. Художественных творений, создавших литературную ауру города и приобретших статус знаковых для города Алма-Аты не так уж и много. Это работы, формирующие так называемый «алма-атинский текст» - труды Дмитрия Фурманова, Петра Краснова и, в особенности, Юрия Домбровского.

Дмитрий Андреевич Фурманов известен нам, прежде всего, как комиссар легендарной Чапаевской дивизии, автор знаменитого в советское время романа "Чапаев". В Верный он приезжает в 1920 году, участвует в подавлении мятежа Верненского гарнизона. Эти события и стали ядром его романа "Мятеж". Первое издание, которого вышло в 1925 году. По словам автора, из Ташкента с его фруктовыми садами, жарким солнцем, голубым прозрачным небом и разноцветными халатами местных жителей до Верного путь занимал около восьми сотен верст, часть из которого можно было преодолеть на поезде: «По железной дороге можно было тогда ехать до станции Бурной, а дальше – верст шестьсот – на перекладных, на тройках. <...> Только возле киргизских поселков и раскиданных здесь и там угрюмых серых юрт – одиноко, сиротливо чернеют какие-то чахлые незнакомые деревца. Узбека здесь не встретишь, ютятся только киргизы» [5, с. 16].

С современной точки зрения роман "Мятеж" выглядит устаревшим, тенденциозным и однобоким, но он был распропагандирован на весь СССР, издавался десятки раз, был экранизирован еще в 1928 году, по нему ставились театральные постановки, телеспектакли и даже опера. Именно благодаря ему в тот период времени жителям в разных республиках СССР запомнился город Верный. На данный момент это произведение остается одним из самых известных об исследуемом городе.

Следующий автор, чьи произведения прославили Семиреченский край, – это известный военачальник Первой мировой и Гражданской войны, генерал Петр Николаевич Краснов. Литературное наследие его достаточно велико, он оставил потомкам множество документальных, художественных и мемуарных произведений о крае. Но только одна из его "семиреченских" книг добилась значительного успеха – это авантюрно-приключенческий роман "Амазонка пустыни". В нем читательское восприятие будоражит яблочный образ Алма-Аты:

« - Попробуйте, Фанни. Яблочный кисель был перед ней.

— Откуда у вас эта прелесть?

— Специальное изобретение города Верного. Яблочный порошок» [6, с. 106].

Юрий Осипович Домбровский со своей знаменитой диалогией "Хранитель древностей" – "Факультет ненужных вещей" доказал, что семиотическое поле города Алма-Ата оказывает влияние на формирование специфического социально-культурного пространства. Вообще-то сама диалогия Домбровского это вовсе не произведение о городе, а о совсем других вещах – о вечных человеческих ценностях, любви, предательстве, свободе духа в условиях тирании, о выживании рядового советского человека в гнетущей атмосфере всеобщей шпиономании и доноительства. Но Алма-Ата фоном проходит через все это произведение, действие которого разворачивается в этом городе у подножия хребта Заилийского Алатау.

Образ города Алма-Аты врывается в сознание читателя с первых же строк романа "Хранитель древностей": «Впервые я увидел этот необычайный город, столь непохожий ни на один из городов в мире, в 1933 году и помню, как он меня тогда удивил. Выезжал я из Москвы в ростепель, в хмурую и теплую погоду. <...> А здесь я сразу очутился среди южного лета» [7, с. 6].

Затем автор дает развернутое поэтическое описание Алма-Атинского тополя: «А над садами тополя. Потом я узнал – они и есть в городе самое главное. Без них ни рассказать об Алма-Ате, ни подумать о ней невозможно. <...> Алма-атинский тополь – замечательное дерево. Он высок, прям и всегда почти совершенно неподвижен. Когда налетает буран, другие деревья, гудя, гнутся в дугу, а он едва-едва помахивает вершиной. Не дерево, а колоссальная триумфальная колонна на площади (не забудьте, каждому из этих великанов по доброй сотне лет). Но нет дерева более живого и говорливого, чем тополь. От самых корней до вершин он полон живой мелкой листвой, шумит, пульсирует, переливается серебром и чернью» [7, с. 8].

Читая это описание, сразу вспоминаешь легенду о Байтереке: мир стоит на горе Кок-Тобе, на ее вершине растет огромное дерево Байтерек. В его кроне священная птица Самрук откладывает золотое яйцо — Солнце, которое регулярно съедает дракон Айдахар. Так идет смена дня и ночи, лета и зимы... Это яркий пример календарного мифа. Стоит отметить, что гора Кок Тобе расположена в самом центре Алматы.

Затем автор в "Хранителе древностей" автор пишет: «И вдруг произошло чудо: я пересек улицу и очутился в совершенно ином городе. Улицы здесь были широкие, мощные, дома многоэтажные, изукрашенные сверху донизу» [7, с.9]. Здесь читатель уже видит лик города Верный, сотворенный зодчими Зенковыми. Павел Матвеевич Зенков первый глава Верного разработал первоначальную прямоугольную планировку города. Его сын - Андрей Павлович Зенков - стал выдающимся архитектором, одним из основоположников сейсмостойкого строительства. Построенные им здания, в том числе одна из визитных карточек Алма-Аты Вознесенский кафедральный собор, выстояли во время сильнейшего землетрясения 1911 года. Андрей

Павлович Зенков писал «При грандиозной высоте, собор представлял гибкую конструкцию. Колокольня гнулась и качалась, как вершина высокого дерева, и работала, как гибкий брус» [7, с. 14]. Эту цитату приводит в своей книге и Домбровский. История создания собора и его использования в конце 1920-х — начале 1930-х годов очень ярко описаны в романах Юрия Домбровского «Хранитель древностей» и «Факультет ненужных вещей».

В романе неповторимо передана аура города – читатель как бы видит перед собой, словно воочию, Алма-Ату тридцатых годов XX века, город, в котором, несмотря на произошедшие глобальные потрясения революции и социальной ломки, осталось еще очень многое от века XIX и от старого патриархального Верного. Любовь к Алма-Ате Домбровский пронес через всю свою жизнь.

Роман был написан через тридцать лет после обозначенной писателем даты, и эти годы жизни Юрия Осиповича вместили в себя и высылку его, урождённого москвича и московского студента, из Москвы в Алма-Ату, и кратковременный арест в Алма-Ате в 1937-м, и два новых ареста при попытках выехать из Алма-Аты в Москву в 1939 и 1949 годах с последующими лагерными сроками на Колыме и в Тайшете. Любой другой человек, казалось бы, должен был ненавидеть Алма-Ату как город-тюрьму, Домбровский же безумно любил ее. Вернувшись после реабилитации в Москву, все свои московские годы вплоть до кончины в 1978-м, он регулярно приезжал и подолгу жил в Алма-Ате. И главное - одарил казахстанцев двумя великими романами, значащими для южной столицы нашей страны примерно то же, что пушкинский «Медный всадник», романы Достоевского, стихи Ахматовой и Бродского - для Петербурга, булгаковские «Белая гвардия» и «Дни Турбиных» - для Киева, а его же «Мастер и Маргарита» - для Москвы.

Конец 1980-х – начало 1990-х годов прошлого века стали временем пиковой популярности "алма-атинских" романов Юрия Домбровского. Без преувеличения можно сказать, что Юрий Осипович Домбровский прославил в своих романах любимую им Алма-Ату по всему миру.

На основе аналитического прочтения произведений Д. А. Фурманова, П. Н. Краснова и Ю. О. Домбровского выявляются типологические признаки семиосферы южной столицы. Благодаря проделанному анализу произведений, в которых Алма-Ата является центральным образом-топосом, можно утверждать, что критериями выделения «алма-атинского текста» служит лексический состав произведений, составляющий художественный код прочтения:

— слова с семантикой цвета (слова-доминанты белый, розовый, голубой, пестрый, серый), вкуса (вкусный, острый, свежий, душистый, сладкий), запаха (ароматы яблок, яблонь, тополя), звука (шум города, плеск волн Алмаатинки);

— слова-топонимы (Алмаатинка);

— слова, обозначающие специфику алматинского ландшафта (горы, изгиб реки, кривые улицы и переулки, захолустная сторона, заглохлые сады, старые заборы, высотные дома);

— образ толпы.

Использованные источники:

1. Бютор М. Роман как исследование – Москва: Издательство Московского университета, 2000, 208 с.
2. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII в.) - Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР. 1986
3. Зардыхан Кинаятулы. К переосмыслению монгольской эпохи в истории Казахстана // Отан тарихы. 2003. № 1;
4. Мухаммад Хайдара Дулати. “Тарих-и Рашиди” // <http://www.vostlit.info>
5. Фурманов Д. А. Мятеж - М. : Правда, 1980. - 304 с.
6. Краснов П. Н. Амазонка пустыни // <https://www.litmir.me/br/?b=133223&p=1>
7. Домбровский Ю.О. Хранитель древностей: Роман, новеллы. – Алма-Ата: Жазушы, 1989

Научный руководитель: к.ф.н., доцент Идрисова Э.Т.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БЕЙНЕ КЛИПТЕРМЕН, ТЕЛЕДИДАРМЕН, БЕЙНЕ ЖӘНЕ YOUTUBE МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ

Меделбаева Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақпараттық технологияның қарқынды дамыған кезеңінде қоғам болашақ мамандарға білімді өз бетінше алу үшін дағдыларды меңгеру, оларды түрлі мәселелерді шешуде тиімді қолдана білу, деректерді жинау және талдау, дәлелді қорытындыларды жинауды атқару талабын қойып отыр. Табысты болу үшін коммуникабелді болу, түрлі жағдайда бірлесе жұмыс жасау, қазіргі ақпараттық технологияны пайдаланып, пайда болған мәселелерді шешу жолдарын таба отырып, сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау, өзінің мәдени деңгейін көтеру үшін өз бетінше жұмыс істеу сияқты міндеттерді қоя бастады. Оқу процесінде аталған дағдыларға ие болу, оны дамыту белсенді оқыту технологиясының көмегімен жүзеге асады.

Қазіргі уақытта жаһандық компьютерлену адамның бүкіл іс-әрекет саласын, оның ішінде ғылым мен білім беруді де қамтып отыр. Интернеттің дамуы мен оқу процесін жеңілдететін компьютерлік бағдарламалардың көптігі шетел тілін үйренудің тиімділігін арттырды. Компьютерлік оқу бағдарламалары оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарағанда көп артықшылыққа ие. Олар тікелей аудиовизуалды интерактивті өзара әрекеттің құралдары болып табылады. Оларды дәстүрлі тәсілдермен қатар қолдану сөйлеу қызметінің түрлерін жаттықтыруға, тілдік және сөйлеу дағдыларын автоматтандыруға,

оқушының өзіндік жұмысын белсендіруге мүмкіндік береді. Тіл үйренушілердің танымдық белсенділігін, білім сапасын, мотивациясын арттыруға әсер етеді.

Компьютерлік коммуникациялық технологиялар оқушылардың шығармашылық белсенділігін көтеретін әдістерді жаңаша жүзеге асыруға көмектеседі. Олар түрлі білім беру сайттарында, тақырыптық форумдарда басқа да оқу орындарының оқушыларымен виртуалды пікірталасқа түсе алады. Сондықтан оқу процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды оқуды жекелендірудің белсенді формасының бірі деп қарастыруға болады [2. б.103-104].

Жаңа технологияның интерактивтілігі, полимодалдық, мультимедиалық, мазмұнды визуализациялау сияқты ажырамас бөлшектері оқыту процесінде маңызды рөл атқарады. Мұғалім бүгінде компьютерді түрлі формада ақпаратты беру, оқушыларда пәндік және арнайы білім мен дағды қалыптастыру, алған білім деңгейін бақылау және түзеуді жүзеге асыру, оқытудың түрлі формаларын ұйымдастыру, оқыту процесін бақылау сияқты практикалық міндеттерді шешу үшін қолданады. Компьютер оқу процесінің кез келген сатысында қолданылуы мүмкін. Сандық технологияны барлық жерге енгізу тұтас білім беру жүйесіне кешенді ықпал етіп жатыр. Олар барлық пән мамандарының оқыту қызметінің ажырамас бөлшегіне айналды, бұдан «Ағылшын тілі» пәні де шеттеп қалмады.

Ағылшын тілі сабақтарында және класстан тыс жұмыста оқытушылар Интернет-қорларды, коммуникация құралдарын, электронды оқыту бағдарламаларын және т.б. қолданады. Бұл қатарда мультимедианы ерекше атаймыз, ол ағылшын тілін оқытуда қолданылатын компьютерлік технологияның құрамдас бөлшегі болып табылады.

Шынайы қарым-қатынасты көрсететін оқыту процесінің белсенді, сан алуан тілдік мультимедиалық бағдарламалары оқушыларға нағыз, шынайы сөйлесуге жақын коммуникативтік жағдайды жасап береді. Мультимедиалық технологияның мүмкіндіктері сөйлеудің түрлі үлгілерін беріп қоймайды, сонымен қатар түрлі, динамикалық, статикалық жағдайларын жасайды.

«Мультимедиа» ұғымын анықтайтын анықтамалар өте көп. Бірақ оларды біріктіретін пікір – мультимедиа дегеніміз түрлі тәсілмен ұсынылған мәтіндік, графикалық, анимациялық, видео және дыбыстық ақпарат.

Н.А.Савченконың пікірі бойынша, мультимедиа – бұл бір ақпараттық ортаға жиналған түрлі мәліметтермен (графика, мәтін, дыбыс, видео) диалогтік тәртіпте жұмыс жасауға мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені; анимациялық компьютерлік графикамен, мәтінмен, сөйлеумен, жоғары сапалы дыбыспен жұмысты қамтамасыз ететін интерактивті біріккен жүйелер; Қозғалмайтын бейнелер мен қозғалыстағы видеолар; түрлі типтегі ақпаратты өңдеу құралдарын қолдану; үш нәрсенің синтезі: сандық сипаттағы ақпарат (мәтіндер, графика, анимация), визуалды бейнелік ақпарат (видео, фото, картиналар және т.б.), дыбыстық ақпарат (сөйлеу, музыка, басқа да дыбыстар); ақпараттың ерекше жалпылама түрі дәстүрлі статистикалық

визуал (мәтін мен графика) мен түрлі типтегі қозғалыстағы ақпаратты (сөйлеу, музыка, видеолар, анимация) біріктіреді [1. б.32].

Кей ғалымдар мультимедианы бір сандық көріністегі мәліметтердің бірнеше түрінің үйлесімі деп түсіндіреді. Кейбіреулері бұл жалғыз ақпараттық ортада ұйымдасқан түрлі мәліметтермен (графика, мәтін, видео, дыбыс) диалогтік тәртіпте жұмыс жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық және аппараттық құралдар кешені деп есептейді. Басқа ғалымдар мультимедиа – компьютерде әдеттегі ақпаратты дыбыс пен қозғалыстағы бейнелерді бағдарламалау мен техникалық құралдар арқылы біріктірген арнайы технология деген пікірді ұстанады.

М.А.Богатыреваның пікірі бойынша ағылшын тілін оқыту процесінде мультимедианың маңызды рөлі келесі қызметтерді атқарумен қамтамасыз етіледі:

1) түрлі ақпаратты бір нысанға (мәтін, дыбыс, видео және т.б.) біріктіріп, адамның түрлі сезім мүшелеріне әсер ететіндей ұсыну;

2) сыни ойлауды дамыту;

3) когнитивтік процесті ынталандыру;

4) оқушылармен интерактивті өзара әрекетті жүзеге асыру;

5) оқушының сұранысына бейімделу;

6) оқу процесін жекелендіру;

7) мультимедиалық ортада топтық жұмысты ұйымдастыру;

8) топта жұмыс істеу дағдысын дамыту;

9) тұрақты мотивацияны қалыптастыру;

10) оқу және кәсіби дағдыларды дамыту үшін шынайы өмірге жақын орта қалыптастыру (виртуалды зертхана, экскурсия, мұражай және т.б.) [1.б.33].

Тілдік мультимедиалық бағдарламалардың осы әдістерінң барлығы оқушыларда ағылшын тілі үшін коммуникативтік артықшылық қалыптастыру керек. Шетел тілінің коммуникативтік құзыреті алты құрамдас бөлшектен тұрады: лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, әлеуметтік мәдени, әлеуметтік, дискурсивтік, компенсаторлық.

Жоғарда айтылғандарға сүйенетін болсақ, мультимедиалық оқыту келесі қағидаттарға сәйкес болуы керек:

- тұтастық қағидасы, яғни нақты дидактикалық жүйенің шынайы қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін оқытудың мақсаттарының, әдіс-құралдарының, формаларының, талаптарының қалыпты жүйесін жинақталған күйде көрсететін бағдарлама;

- жаңғырту (қолдану) қағидасы, яғни белгілі педагогикалық ортаның ерекшелігін ескере отырып, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану оқытудың алға қойған мақсатына жетуіне көмектеседі;

- бейімделу қағидасы, яғни оқыту процесінің оқушының тұлғасына бейімделуі. Оқыту процесі кішкене процестерден тұруы керек, олардың өз кезегінде нақты оқушының танымдық қажеттілігіне жауап беретін ерекшеліктері болуы тиіс;

- ақпараттың көптік қағидасы. Бұл ұсынылған білімді меңгеру үшін оңтайлы талаптарды жасайтын оқушыға ақпаратты беру процесін жеңілдететін технологияны жасауды талап етеді.

Оқытудың мультимедиалық құралдарын жіктеудің бірнеше түрі бар. Жіктеу критерийі ретінде оның функциялық және әдістемелік негізі қолданылады.

Сонымен біз мультимедиалық оқыту деп түрлі ақпаратты жиынтық ретінде ұсынуға, оны мақсатты қолдана білуге мүмкіндік беретін компьютерлік технологиялар қолданылатын білім беру процесі деп түсіне аламыз. Мультимедианы бұлай түсіндіру шетел тілін оқыту тұрғысынан оңтайлы және практикада зор маңызға ие.

Мультимедиалық мүмкіндіктер оқушыларға сөйлеуді үйреніп жатқан тілінде тыңдауға, оны өз қабылдау деңгейіне сай бейімдеуге көмектеседі, дыбысталу жылдамдығын реттей алу мүмкіндігі сөйлемдерді жеке сөздерге бөлуге мүмкіндік береді. Бұл сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыра отырып, өзге тілді түсінудегі қиындықтарды жеңілдетеді. Микрофонды қолдану мен сөздің дыбысталуын бақылау жеке жұмыс жасауға, фонетикалық дағдылардың қалыптасуына әсер етеді [1. б.36].

Компьютерді қолдану арқылы ағылшын тілін үйрену бірқатар артықшылықтарға ие:

1) оқушының компьютерге қызығушылығы оқыту процесіне барынша келуге көмектеседі;

2) оқушылар компьютермен диалогты қуана жүргізеді, оларда ортақ, компьютерлік, тілдік мәдениет қалыптасады;

3) оқыту жекеленеді;

4) тікелей қайтарымды байланысты қамтамасыз ету мүмкіндігі;

5) компьютер қателіктер қайталанғанда теріс эмоция білдірмейді;

6) бағаның объективтігі;

7) жаттығулар мен тапсырмалардың тиімді орындалуы байқалады.

Мультимедиалық оқытудың маңызды ерекшелігі жекелік және тұлғаға бағытталған әдістерін жүзеге асыру болып табылады. Қазіргі уақытта шетел тілдерін электронды оқыту жүйесін жетілдіру білім беруді модернизациялаудың болашағы бар, дамып келе жатқан бағыты. Ол мұғалім мен оқушыға сабаққа берілген уақытты сауатты пайдалануға, өз бетінше жұмыс істеуге көп уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа мультимедиалық оқыту ағылшын тілінен болатын түрлі емтихандарға дайындық процесін түзеуге көмектеседі, себебі мультимедиалық технология мұғалімге оқытудың құралдары мен әдістерінің кең таңдауын ұсынады.

Мультимедиалық құралдар арқылы ағылшын тілін меңгеру сапасын арттыратын табиғи тілдік орта болмаған жағдайда шетел тіліндегі шынайы тілдік ортаған жақын ортаны жасауға болады. Тақырыптық жаңалықтарды, оқу видеоматериалдарын, Интернет-мақалаларды, көркем фильмдерді қарау, мультимедиалық бағдарламаларды, электрондық оқулықтарды,

мультимедиалық анықтамаларды, энциклопедияларды, сөздіктерді қолдану сабақты қызықты етуге, сол арқылы оқушының тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Оқушылардың өзіндік жұмысы үшін үйде компьютермен жұмыс істеуге арналған электронды сөздіктерді пайдалануға болады.

Әрине бұл жерде мұғалімнің қызметі компьютердің мүмкіндіктері мен оның тоқтаусыз жұмыс жасауына байланысты. Сонымен қатар оқу процесінің топтық және жарыстық сипатын сақтау маңызды, яғни оқушылар өз жетістіктерін өзінің сыныптастарының жетістіктерімен салыстыра алатындай мүмкіндікке ие болуы керек екенін ұмытпаған жөн.

Компьютер көмегімен оқытудың кемшіліктері де жоқ емес. Мысалы компьютердің тиімділігін асыра пайдалану, өте жарқын суреттер; дайын сандық бағдарламаларды дәстүрлі сабаққа бейімдеу қиын болып жатады. Себебі олар оқытудың мектептік бағдарламасына, әдістемелік мақсатқа, дидактикалық қағидаларға сәйкес келе бермейді.

Сонымен қандай мультимедиалық технологиялар оқушыларда сөйлеуді дамыту үшін пайдалы екенін және оны қалай қолдану керектігіне тоқталайық.

Бүгінгі күні мультимедиалық технологияның ең көп қолданыстағы өнімі мультимедиалық презентациялар болап табылады. Оларды қолдану ағылшын тілі сабағында класстың белсенді жұмыс істеуінің әрекетті тәсілі болып келеді. Олар көрнекілік мүмкіндіктері мен аудио-видео материалдарды, графикалық және анимациялық суреттерді, мәтіндік материалды үйлестіру арқасында материалды тиімді меңгеруге әсер етеді. Мультимедиалық презентацияны қолдану қағидасы экран-тақта арқылы көрсету, проектор мен компьютер болып табылады.

Бұл жердегі мәселе мультимедиалық презентация біздің білім беру саласында оқытудың ажырамас бөлшегіне әлі айналып үлгермеді. Оның ақпаратты қабылдау мен меңгеру уақытын қысқартатын тиімділігі ескерілмей келеді. Ал оны құру кезінде оқушы оның мазмұнымен жұмыс жасар еді: қажетті, басты нәрсені таңдап алып, логикалық құрылымдарды біріктіріп, жүйелеп, жүзеге асырып үйренер еді. Мультимедиалық презентацияларды жасау технологиясын оқыту қажеттілігі сауатты құрылған презентациялар өзіне назар аудартып, оқу-танымлық әрекеттің өнімділігін арттырып, мотивацияны жоғарылатар еді.

Мультимедиалық презентация – бұл компьютерлік Power Point бағдарламасы арқылы жасалған, түрлі көрнекілікті – мәтінді, видеоны, аудионы, суретті үйлестіретін арнайы оқу материалдары. Ол стандартты презентациядан видео, аудио, 3Д үлгілер, суреттер, фотолар, мәтін, анимация, навигация элементтері болуымен ерекшеленеді. Бұл элементтердің үйлесімі нақты жағдайға байланысты әр жағдайда әртүрлі болуы мүмкін.

Ағылшын тілі сабағында мультимедиалық технологияның мүмкіндіктері мен функциялары мультимедиалық презентация көмегімен жүзеге асытынын көрдік. Осы жерде қорыта кетсек,

- лексика мен грамматиканы үйренуде көрнекілік тиімділігі мен эмоциялық қабылдануына әсер етеді. Бұған берілген тақырыпқа сәйкес ақпаратты әдемі жеткізу мүмкіндігі;

- өзіндік жұмыс немесе үй жұмысын тексеру ретінде белсенді қолдануға болады;

- берілген шығармашылық тапсырма бойынша топтық жобаларды жасау кезінде виртуалды орта жасау құралы;

- тек графикалық емес, аудиовизуалды формада берлігендіктен лексикалық және грамматикалық материалды қабылдауды жеңілдетеді [1. б.41].

Мультимедиалық презентациялар ақпараттық технологияның білім беру процесінде қолданылатын бағдарламалық құралы болғандықтан оны көрсетуде де, дайындау кезінде де белгілі компьютерлік қорлардың болуы маңызды. Мультимедиалық презентациялар арқылы ақпаратты таңдау, өңдеу және ұсыну үшін кең таралған компьютерлік бағдарламалар қолданылады:

1) Microsoft Word – қажетті мәтінді форматтайды.

2) Microsoft Power Point- анимация, сурет, дыбыс қолданған, видеороликтері бар түрлі слайдтарды жасауға көмектеседі. Бұл бағдарламаның басты артықшылығы – артық білім мен дағдысыз түрлі аудитория мен мақсатқа сай презентацияға оңай өзгеріс енгізуге болатыны.

3) Windows Media-мультимедиалық презентацияға салынған аудио және видео файлдарды ойнатуға мүмкіндік береді.

4) Internet Explorer-мультимедиалық презентацияларда гиперсілтеме арқылы берілген web-парақшаларды қарауға арналған стандартты браузер.

Мультимедианың үлкен мүмкіндіктері мен қолданудағы қарапайымдылығы оқытушыдан сабаққа дайындалу кезінде жалпы ережелерді сақтауды талап етеді:

- презентация слайдтарын оқушыларға түсінікті болатындай ретте құру;

- презентацияны үлкен экранға дайындау кезінде оқушы мен экран арасындағы ара қашықтық ескерілуі керек. Мәтін өте ұсақ болмауы керек және артындағы фон көзге ұрмайтындай болуы керек.

- презентациямен жұмыс уақытын есептеу.

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру мен дамытудың қуатты құралының бірі педагогикалық процеске видеоматериалдарды қосу болып табылады. Видеосабактарды қолдану оқудың негізгі қағидаларын жүзеге асыруға көмектеседі: шынайы, коммуникативтік бағытты, көрнекі, ситуативті, мәдениеттер диалогі және мәдени қабылдау.

Видеосабактар аудиовизуалды көрнекілігі арқылы оқушыға әсер ету дәрежесін күшейтеді, мұны сөйлеу дағдысын дамыту және сөз қорын бекіту үшін қолдану қажет. Оқытудың кең таралған әдістерінің бірі ретінде видео сабақтар материалды жақсы береді. Мақсаты- тілдік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, бекіту.

Оқыту процесінде видеоны қолдану сонымен қатар білім беру материалдарының қол жетімділік стандарттарына сай болуы керек. Оқыту видеоларының әдістемелік әлеуеті әлі толықтай талданбаған, әлі де болса нақты

білім беру міндеттерін шешудегі оның артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау жұмыстары жүріп жатыр. Заманауи ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде шетел тілін оқыту процесін ұйымдастыру техникалық, сонымен қатар әдістемелік мағыналарды талап етеді. Қазіргі уақыттың қажеттілігі – оқытуға арналған дайын мультимедиалық өнімдерді рәсімдеу мен ұсынудың нұсқаулығын жасау болып отыр.

YouTube видеохостингі ағылшын тілін үйренудің пайдалы қоры болып табылады. Себебі видеоматериалдар шынайы, күнделікті өмірге бағытталған. Сондықтан хостинг бүкіл әлемде танымал.

Видео сабақтарға тапсырма ретінде оқушыларға сабақта тыңдалғаннан «скрипт» жазу, белсенді лексиканы көшіру, қаралған видеоматериалдар тақырыбына толық хабарлама дайындау сияқты тапсырмалар беруге болады. Одан басқа эпизодты қарауға, тақырыптық лексиканы қолданып эпизодты қайта қарау кезінде оны өз бетімен дыбыстауға да болады. Сонымен қатар оқушылар видеоның бір бөлігін қарап, оқиганың ары қарай өрбуін өздері құрастыруына болады. Оқушыларға бірнеше видеоэпизод ұсынып, оларды логикалық тұрғыдан ретімен құрып шығуды ұсынуға болады. Соңында қаралған эпизод тақырыбы бойынша видеода көрсетілген дәлелдерді міндетті түрде қолдану арқылы дөңгелек үстел немесе пікірталас ұйымдастыруға болады.

Қазір мультимедиалық технология оқу процесін ақпараттандырудың перспективалық

бағыттарының бірі. Оның ішінде ағылшын тілін меңгеруге қолдану өзінің тиімділігін дәлелдеп келеді. Себебі мультимедиалық технологияның арқасында ауызша тіл статикалықтан динамикалыққа ауысты, яғни үйренген нәрсені қолдануға мүмкіндік туды. Мультимедиалық технологияны қашықтықтан жеке оқытуға да, топпен оқытуға да қолдануға болады.

Интернет қорларын пайдалану ағылшын тілі сабағында өте қажет. Интернетте уақыт пен кеңістік тұрғысынан шектеу жоқ, оны қолданушылар тараптар үшін қызықты тақырыптарда шынайы қарым-қатынас жасай алады.

Қазіргі уақытта білім беру саласындағы мультимедианы қолданудың түрлі аспектілері белсенді зерттеліп жатыр, мультимедиалық технологияның техникалық, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бөлініп, орта және жоғары мектептегі оқыту- тәрбие беру процесінде мақсатты және өнімді қолдану қажеттілігі баса көрсетіліп жүр. Көптеген педагогтар мен психологтар заманауи ақпараттық технология оқушылардың қолын ақпараттың дәстүрлі емес көздеріне жеткізді деп қорытты.

Мультимедиалық технологияны қолданудағы басты нәрселердің бірі бұл технологияны қолданудың шекарасын нақты түсіну болып табылады. Оқу процесін толығымен көңіл көтеретін нәрсеге айналдырып жібермеу керек, оқыту тиімді болу керегін естен шығармаған жөн. Мультимедиалық технологияны шамадан тыс қолдану оқушыларға психологиялық, эмоциялық тұрғыдан күш түсіруі мүмкін. Бұл оқу процесінің тиімділігін кемітеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мультимедийное обучение говорению при подготовке к Единому Государственному экзамену по английскому языку. Екатеринбург, 2018. - 31-59 б.
2. Иновационные технологии обучения иностранному языку в вузе и школе: Реализация современных.- ФГОС. Воронеж. Издательский дом ВНУ, 2019. - 103-104 б.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, г.ғ. магистрі Уайс А.А.

ИЗ ИСТОРИИ РОССИЙСКОЙ РОК-ПОЭЗИИ

Мурзагалиев Т.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Явление рок-культуры с давних пор привлекает внимание культурологов и социологов. Это касается как, например, иностранных, так и российских учёных-исследователей. Как контркультура, она возникла в пределах полувека назад, а в настоящее время рок – неотъемлемая часть мирового музыкального искусства.

Впервые термин «рок-поэзия» был использован в антологии «The Poetry Of Rock» в 1969 году, в русский язык его ввел в 1982 году А. Троицкий на страницах самиздата «Ухо». С этого момента термин стал академически использоваться. Полуподпольный статус рок-музыки в 1960-е – 1980-е годы привлекал в ее ряды талантливых поэтов и музыкантов, желающих донести до слушателей порой запретные идеи. Если в западной субкультуре рок был прежде всего альтернативная музыка со словами, то в СССР слова рок-композиций играли ведущую роль, впрочем, как и в бардовской песне.

Именно это способствовало особому интересу к авторской рок-поэзии как со стороны слушателей, так и со стороны филологов. Складывается особая, не имеющая полновесных иностранных аналогов «рок-филология», в рамках которой песенный текст исследуется как с литературоведческой, так и с лингвистической позиций.

Интересные исследования рок-текстов были сделаны И. Кормильцевым, О.Ю. Пановой (Суровой), Ю.В. Доманским и др. в сборнике «Русская рок-поэзия: текст и контекст» [1]. Ученые подвергают анализу совершенно с разных сторон стихотворные тексты рок-песен.

В 50-60-е годы 20 столетия, во времена «оттепели», поэтическое искусство пошло в массы: поэты выступали на стадионах, на площадях, в больших залах (Р. Рождественский, Ев. Евтушенко, Б. Ахмадулина и др.), в то же время авторская (бардовская) песня стала стирать границы между поэтическим и музыкальным искусством (А. Галич, Б. Окуджава, В. Высоцкий, Н. Матвеева, Ю. Ким, Ю. Визбор, Е. Клячкин, А. Городницкий). Всё это подготовило почву

для появления на культурной арене Советского союза рок-музыки, для которой глобальная публика и влияние на слушателя через музыку и литературный текст в одно и то же время стали характерными чертами.

Термин «рок» длительное время не употреблялся применительно к музыкальной культуре в СССР, поэтому первые рок-группы классифицировались аббревиатурой ВИА (вокально-инструментальный ансамбль). Репертуар первых рок-групп существенно отличался от привычных советскому человеку эстрадных групп, которые исполняли допущенные официальной цензурой песни («Самоцветы», «Ариэль», «Синяя птица», «Песняры», «Поющие сердца»). И только к 1980 году власти принимают определение «рок» и тем самым признают культурное явление рок-музыки в СССР. В это же время в Москве был официально зарегистрирован первый рок-клуб, а в Тбилиси проведён первый в стране Советов рок-фестиваль «Весенние ритмы». И уже в 1990-е годы рок-поэзию начали серьезно исследовать как отдельное музыкально-поэтическое явление, в связи с чем на филологическом факультете МГУ им. М.В. Ломоносова даже изучался отдельный специальный курс «Русскоязычная рок-поэзия».

Родоначальником советской рок-поэзии считается Андрей Макаревич (в настоящее время заслуженный артист России), создавший в 1969 году существующую и по сей день группу «Машина времени». Макаревич в то время был еще учеником 19-й московской школы, увлечённым битломаном. В первый состав группы вошли одноклассники Макаревича: Юрий Борзов, Игорь Мазаев, Павел Рубин и Александр Иванов. За все время существования группы ее состав неоднократно менялся, но Андрей Макаревич оставался неизменным членом группы «Машина времени».

Официальное признание группа получила в 1979 году, а в 1980 году – заняла первое место на премьерном всесоюзном рок-фестивале в городе Тбилиси.

Особой чертой творчества Макаревича считается хитросплетение мотивов бардовских песен и ритмов рок-музыки, его иногда именуют рок-бардом. Неслучайно Макаревич нередко выступает перед публикой лишь с гитарой, без аккомпанемента группы. Его песни большей частью философские («Костёр», «Вагонные споры», «Но путь зовёт нас», «Бег по кругу»), но временами многие пытаются найти в песнях группы политический подтекст: «Марионетки», «Поворот», «Не надо сгибаться под меняющимся миром».

Говоря о российском роке, невозможно не упомянуть еще одного «дедушку» русского рока – Бориса Гребенщикова, также известного как БГ. Он в 1971 году основал ленинградскую рок-группу «Аквариум». Название группы символично указывает на существование особого мира для рок-музыкантов. Творчество «Аквариума» всегда отличалось эксцентричностью и смелостью. Герой песен Б. Гребенщикова, живущий в мире полуснов, погружен в свой обособленный мир, который пытается сохранить и защитить.

Конечно, самой феноменальной фигурой русского рока является Виктор Цой – общепризнанная величина в мировой рок-музыке. В. Цой основал

группу «Кино», которая покорила музыкальный рок-Олимп в 1981-1990-х годах. В. Цой стал символом перестроечного времени, времени перемен. Его песни звучали с какой-то особой обостренностью. Советские люди были готовы услышать порой незатейливые тексты певца, в которых звучали, как тогда всем казалось, призывы к новому. Илья Кормильцев сказал о поэзии В. Цоя: «Поэзия Цоя – это точный слепок с определенного пласта подростковой психологии. В его текстах – максимализм, агрессия, педалирование темы войны и войны всех против всех, сражения без цели и смысла – это состояние войны, вечного противостояния, в котором подросток находится по отношению к миру» [2]. Из более 300 песен В. Цоя особую популярность получили песни «Звезда по имени Солнце», «Группа крови», «Восьмиклассница», «Кукушка», «Время есть, а денег нет», «Пачка сигарет», «Черный альбом», «Хочу перемен!» и мн. др.

Нельзя представить российский рок без группы «ДДТ», основанной в 1980 году Юрием Шевчуком. Тексты песен ленинградской рок-группы отличаются особой поэтичностью, образностью, метафоричностью. Ю. Шевчук – любимец современных ценителей рока. Публике особенно полюбились песни группы «ДДТ»: «Мне досталась эта роль», «Мажоры», «Черный пес Петербург», «Не стреляй», «Ты не один», «В небе вороны», «Храм», «Я зажег все свечи в церквях».

Безусловным прорывом в российском роке можно считать творчество группы «Наутилус Помпилиус». Лидером, появившейся в 1982 году рок-группы, стал композитор и поэт Вячеслав Бутусов, а автором большинства текстов песен Илья Кормильцев. Группа просуществовала до 1997 года и запомнилась своими хитами: «Скованные одной цепью», «Шар цвета хаки», «Последнее письмо (Прощай, Америка!)», «Я хочу быть с тобой», «Хожение по воде» (Апостол Андрей), «Тутанхамон», «Крылья», «Дыхание». Философский характер песен «Наутилус Помпилиус» притягивают к себе слушателей.

Многие известные российские рок-группы своим рождением обязаны провинциальным городам, отдаленным районам. Например, Юрий Шевчук начинал свое творчество в Уфе, а Вячеслав Бутусов – в Екатеринбурге.

В связи с этим хочется отметить рок-группу из казахстанского г. Актобе «Адаптация». Увлеченный творчеством Егора Летова молодой артист Ермен «Анти» (Ержанов) в 1992 году собирает друзей-единомышленников в группу и начинает выступать сначала в Актобе, а затем группа гастролирует по всему постсоветскому пространству.

«Адаптация» мгновенно делается ядром актюбинского панк-клуба. Животрепещущие слова песен, балладная распевность и энергетика Ермена привлекают внимание публики. В песнях группы поднимаются общественные проблемы, поэтому многие критики относят «Адаптацию» к «протестному року». В жанровом отношении музыка группы – это жёсткий панк-рок.

С 2014 года работа рок-группы была перенесена в Санкт-Петербург. «Адаптация» – ядро независимой сцены Актобе, в которую входят такие исполнители как «Западный Фронт», «Белканов-Бэнд», «Крестовый поход

детей» и др. Без сомнения, «Адаптация» – самая известная рок-группа Казахстана, которая долгие годы функционировала в России. Музыка и слова песен Ержанова, зачастую строгие и бескомпромиссные, снискали группе популярность. Осенью 2020 года Ермен Ержанов объявил о роспуске «Адаптации», объяснив это усталостью и желанием побыть с семьей.

В настоящее время рок-музыка в России представляет собой сложившееся культурное явление, которое по сути является протестным. Русская рок-культура расширила свои границы и влияет на процессы, происходящие в стране. В связи с этим обращают на себя слова В. Н. Сырова о том, что рок-культура давно перешла в «в культуру общечеловеческую», расширяющую «границы духовного мира и открывающему дорогу к внутреннему самопознанию человека» [3].

Использованные источники:

1. Русская рок-поэзия: текст и контекст. // Сборник научных трудов. – Екатеринбург: УГПУ, 2011.
2. Жбанков М.Р. Контркультура // Социология: энцикл. / сост. А.А. Грицанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколова, О.В. Терещенко. – Минск: Книжный Дом, 2003.
3. Сыров В.Н. Об одной антиномии рок – культуры. // Гармония и дисгармония в искусстве. – Нижний Новгород, 2007.

Научный руководитель: магистр г.н., ст. преп. Коробкова Т.В.

СОВРЕМЕННЫЙ МЕДИАДИСКУРС КАК СЛОЖНОЕ КОММУНИКАТИВНОЕ ЯВЛЕНИЕ

Муханбетқалиев М.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

Базовым дискурсивным определением является понятие дискурса, хотя его единого определения до сих пор не существует. Это связано с тем, что дискурс является междисциплинарным предметом изучения. Изучается дискурс в лингвистике, семиотике, компьютерной лингвистике, литературоведении, психологии, логике, социологии, философии и др.

Вся информация сегодня доступна каждому. Основной источник информации - СМИ. Через средства массовой информации человек узнает много нового о мире и фактах.

Большинство ученых отмечают возрастающее влияние средств массовой информации из года в год. В результате появилось много статей по теме СМИ. Итак, в 20 веке медиалингвистика начала заниматься вопросами, связанными с языком СМИ. Т.Г. Добросклонская выделила термин «медиалингвистика» как

самостоятельное научное направление [1]. Предмет исследования выступает функционирование языка в области массовой коммуникации.

Ключевыми понятиями медиалингвистики являются медиадискурс и медиатекст. Эти две основные формы языка СМИ находятся в центре ее изучения и по настоящее время функционирование и соотношение данных понятий остаются актуальными.

Хотя дискурс не имеет точного определения, охватывающего все его характеристики, он, тем не менее, остается многомерным феноменом. Поскольку дискурс используется во многих областях науки, таких как социология, лингвистика и т. п., что позволяет проводить всесторонний анализ.

В 1952 г. данное понятие было введено ученым Дж. Хабермасом для обозначения формы речевого общения, требующей рационального рассмотрения правил и ценностей, а также норм общественной жизни. В то же время коллега Я. Хабермаса Э. Бенвенисте представил свою теорию определения термина «дискурс» и определил этот термин как язык, приписываемый говорящему.

Осы тұрғыда тіл ғалымдары, тіпті халық арасында біршама қарама-қайшылықты көзқарастар қалыптасқан болатын. Бірі «үлкен кісілерге үйрену өте қиын», «реформа жасау барысында қоржындағы барлық қағазды өзгертуге тура келеді, бұл ел экономикасын босқа шашу» десе, енді бір осы ойды қостап «өзгертулер барысында қаншама кітаптар оқылмай қалады» деген пікірден ары аса алмады. Әрине, «Оқылатын кітап қандай жазу болса да оқылады, оқылмайтын кітап қалай жазылса да оқылмайды» деген сөз еске түседі. Ал жаһандануды жарқын жол деп қараушылар латын қарпіне негізделген жазуды дұрыс деп санап, өз нұсқаларын айтып та, беріп те үлгерді. «Бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу, әлбетте кейбір қиындықтар тудыруы мүмкін. Бірақ осыны желеу ететіндердің тарихқа көз жүгірткендері абзал деп білеміз. Қазақ ашаршылдық жылдары араб әліпбиінен латынға, соғыс жылдары латын әліпбиінен кириллицаға көшкенде аса оңай болмаған шығар. Бүгінгі күніміз сол жылдардан әлдеқайда шүкіршілік ететіндей емес пе?! Қазіргі компьютер заманында, қоғамның едәуір бөлігі латын әліпбиіндегі таңбаларды тани, оқи алатын мейлінше өркениетті, ілгері қоғамда «қиын болады», «сауатсыз болып қаламыз» деу – тауықты түйеге, түйені тауға теңегенмен бірдей. Сондықтан өзімізді шаршатпай, өзгелерді тура жолдан айнытпай, жаңаны қабылдаған жөн» деген Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» АҚ-тың атқарушы директоры Ербол Тілешовтың сөзін орынды деп санаймыз[2]. Бірі маңызды қадам, енді бірі заман талабына балаған әдіпби мәселесінен дамыған 30 елдің қатарына кіруге ниет етіп отырған Қазақстанның ұтары бар ма? Біріншіден, латын жазуын әлем елдерінің 80 пайызы қолданып отыр, яғни ол бүгін-ертең маңызын жоғалтар «өлі тіл» емес. Ол – өркениет тілі. Екіншіден, соның негізінде мемлекеттілігі бар түркі тілдес ағайындарымызбен ара-қатынасымыз одан әрі жақсарады. Түбі бір түркілердің тілдік жазулары да байланыста болар еді. Үшіншіден, IT заманында технологияларды қолданғанда, мысалы, әлеуметтік желі немесе т.с.с. пернетақтада тіл ауыстырып отырудың қажеті болмайды. Бұл бір жағынан уақыт үнемдесе, екінші жағынан үш тілділік, яғни ағылшын тілін меңгеріп келе жатқан жастар үшін өте қолайлы. Төртіншіден, ол еліміздің әлемдік аренаға шығуына мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарымызды шет елдіктерге аудармасыз, тікелей түсінуге жағдай жасайды. Қарапайым мысал, Қазақстанға келген шетелдік латын қарпімен жазылған көше атауын оп-оңай оқып, керегін тауып кете береді. Бесіншіден, ең маңыздысы латын жазуына негізделген әліпбиде кірме дыбыстардың болмауында. Сондықтан оның артықшылығын сезінгеніміз жөн. Осындай артықшылықтарды көре білген Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін

зерделеп алуымыз керек», - деген еді[3]. Ал кейін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» деп, латын қарпіне ауысуды мақсат етіп беріп, көптеген тапсырмалар жүктеген болатын. Соның негізінде бірнеше әліпби нұсқалары шығып, оның артықшылығы мен кемшілігі талқыланды. Тіпті бүкіл Қазақстандық болып тәжірибелік нұсқадағы латын жазуымен диктант жазып, сынақтан өткізген де болатынбыз. Әрине, мұның барлығы дұрыс әліпби, А. Байтұрсыновша айтсақ, жақсы емле жасаудың баспалдағы.

Қ.Күдеринаның айтуынша, латын әліпбиінің алғашқы нұсқалары сонау араб пен латын графикасының таласқа түскен сәттерінде, 1927-1928 жылдары жарияланған. Ол емле 24 әріп пен 1 дәйекшеден тұрған. Бұл сол кездегі теориялық ережені дұрыс қамтыған емленің бірі болды. Кейін Н. Төреқұлов 28 әріптен тұратын өзінің нұсқасын ұсынды. Бұл емлені Т.Шонанұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов, Е.Д. Поливанов т.б Қызылорда төрінде талқылап, жетілдіре түсті. Ал С. Аманжолов латын қарпімен таңбаланатын қазақ жазуының мынадай қателіктерін көрсеткен болатын: «1. Әліпбиде х, f, v таңбаларының болмауы; 2. «И, у» таңбаларының жоқтығы, соның салдарынан миссисипи, миссури сияқты сөздердің б, 7 әріптің орнына, 13-19 әріпке дейін жазылуы; 3. Фонетикалық принциптің ұсталынуы; 4. Кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (келі, динамы); 5. Сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, зоология, биология, театр сөздерінің зоологыйа, быйалогыйа, тыйатыр болып таңбалануы...»[4]. Осындай олқылықтардың болмауы үшін белгілі ғалым Қ.Жұбанов: «Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсысының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз «таза қазақша», мынаның «тегі жат» деп, сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ; тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек» деп, латын графикасы жөніндегі ғылыми зерттеулерін маңызды ақпарат ретінде қосты[5]. Әсіресе, Қ. Жұбанов өз кезінде халықаралық мәні бар сөздерді дұрыс таңбалау мақсатында қазақ әліпбиіне «ф, х, h» әріптерін енгізу туралы ұсыныс білдіреді және қазақ тілінде ешқашан дауысты болмаған «и, у» әріптері жайлы сөз қозғап, «ұу, үу» және «ый, ій»-лердің қос әріппен таңбалануына қарсы болады [5, 345]. Бұл пікірі қазіргі латын әліпбиінің соңғы нұсқасында ескеріледі. Осылайша 2025 жылға дейін көшіп болуды көздеген жаңа емленің бірнеше варианты шығып, әрқайсысы фонетикалық, морфологиялық тұрғыдан қарастырылды: бірі қос таңбалық ережені ұстанып жасаса, енді бірде апострофтарды қолдану тәсілі берілді және кейінгі нұсқасында бұл екі әдісті біріктіріп жаңа емленің түрін ұсынды. Бұл халық арасында біршама пікірлер қалыптастырған болатын. Мысалы, «Ashana» сөзін кей адамдар «Ашана» деп оқыса, енді бірі «асхана» деп дұрыс қалпында қабылдады. Осылайша халықты екіжақты көзқарасқа әкеліп тіреді.

2021 жылдың 28 қаңтарында қазақ жазуының жаңа нұсқасы бекітілді. Ол латын алфавитінің негізгі 31 таңбасынан тұрды және қазақтың ерекше

дыбыстары жекешеленіп белгіленді: ә (ä), ө (ö), ұ (φ), ү (ü), ғ (ğ), ш (ş). Қазақ лингвистикасына елеулі үлес қосып, жаңа әліпбидің қыр-сырын зерттеп, соған сай өз көзқарастарын білдіріп үлгерген тұлғалар да бар. Филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері Ә. Жүнісбек: «28 қаңтарда ұсынған әліпбидің 95 пайызы дұрыс. Сондай нұсқаны 90 жылдардың басында академик Әбдуали Қайдар ұсынған. Жаңа нұсқаның түрік әліпбиіне ұқсауы артықшылық. Біздің тіліміз жақын, дыбыстарымыз бір. Бұл тек біздің ұлттық мәдениетімізді дамытуға бағытталған амал», -деп, жаңа нұсқадағы емлені қолдап, латын әліпбиін қабылдағаннан жинаған әдебиеттеріміз ешқайда жоғалып кетпейді деген пікірімен бөлісті. Өз кезегімізде біз де реформаланған жаңа әліпбидің нұсқасын қолдаймыз. Себебі, біріншіден, оқуға да, жазуға да өте қолайлы. Екіншіден, бір таңба – бір дыбыс теориясына сай, үшіншіден, басы артық кірме дыбыстардың жоқтығы. Бұл – қазақ халқының төл дыбыстарын беруде және орфографиялық, орфоэпиялық талаптарға сай жасалған деген көзқарастамыз.

Қорытындылай келе, латын қарпі негізіндегі қазақ жазуы – заман талабы. Бәсекеге қабілетті 30 елдің ішіне кіруге әрекет жасап жатқан Қазақстанның рухани жаңғыру аясындағы бірден-бір оңтайлы шешімі. Латын әліпбиіне өтудің қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеруге ықпалы зор. Себебі тіліміз басқа елдердің тілдерімен бір деңгейде тұрады, оған қоса, өзге елдермен және шетте жүрген қандастарымызбен қарым-қатынас жасауда тиімділігін көрсетеді [6]. Сондықтан жалпы халық болып жаңа әліпбиді үйреніп, жазуға машықтанғанымыз абзал. Ал қазақ жазуына жасалып отырған бұл реформа соңғы әрі нақтысы болады деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// //Егемен Қазақстан газеті. №70 (29051).12 сәуір,2017 жыл. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> 26.04. 2017.
2. <https://old2.aikyn.kz/2018/06/12/56106.html>
3. Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық.// Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. //Егемен Қазақстан. 2006. 25 қазан.
4. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010, 144-б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999, 337-б.
6. Сайлауқызы С. Өлі тіл деп есептелген көне иврит жазуы тірілгенде, жаны бар қазақ тілі неге жанданбасқа? – Егемен Қазақстан, 2008ж, 23 қаңтар.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к, доцент Садуақас Н.А.

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Нияр Г.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Дискурс талдау теориясы лингвистиканың жеке саласы ретінде қалыптасқан ғылым, өзіне тән зерттеу нысаны мен ғылыми аппаратына, ғылыми зерттеу әдістемесіне ие. Дискурс талдау теориясы пәнаралық сипаттағы ғылым деп есептелетіндіктен, дискурсты лингвистикалық бірлік ретінде тану және оның өзіндік белгісін ажыратуға негіз болатын көрсеткіштерін айқындау – тілтанымдағы проблемалардың бірі. Жалпы дискурс талдау теориясы аталғандардан бөлек төмендегідей де жіктеліп жүр: лингвистикалық бағыттағы дискурс теориясы (У.Лабов, Э.Гоффман), семиотикалық бағыттағы дискурс теориясы (Р.Барт, П.Серио), коммуникативтік-семиотикалық бағыттағы дискурс теориясы (Е.Шейгал, О.Русакова), коммуникативтік-мәдени бағыттағы дискурс теориясы (В.Красных, В.Карасик).

«Дискурс» сөзі бізге француз тілінен енген және сөзбе-сөз «диалогтық сөйлеу» деп аударылады [8, 89]. Бұл анықтама дискурс тұжырымдамасының алғашқы және жиі қолданылатын түсіндірмесі болды. Бірақ 19 ғасырда бұл термин полисемияға айналды. Джейкоб Вильгельм Гримнің 1860 жылғы «Deutsches Woerterbuch» неміс тілінің сөздігінде «дискурс» терминіне келесі анықтамалар берілген: 1) әңгіме, диалог; 2) сөйлеу, дәріс [9, 35].

Тіл білімінде дискурс ұғымы әр түрлі жолдармен анықталады. Жалпы, ауызша дискурсты “Не туралы айтылды, нені меңзеді және не істелінді?” сұрақтарымен анықтауға болады. Дискурс тұжырымдамасын көптеген түсіндірмелерін егжей-тегжейлі талдаған В.И. Карасик өз еңбектерінде былай деп жазған: «Көптеген зерттеу жұмыстары дискурсты зерттеуге арналған, олардың авторлары бұл құбылысты соншалықты әртүрлі ғылыми жүйелерде түсіндіреді, сондықтан «дискурс» ұғымының өзі «тіл» ұғымына қарағанда кеңірек болды» [16, 5]. Еуропалық зерттеу дәстүрінде ұзақ уақыт бойы «дискурс» және «мәтін» ұғымдары синоним ретінде саналып келді. Дискурс категориясын алғаш рет американдық лингвист А.Харрис 1952 жылы жарнама тіліне арналған мақаласында анықтады [21, 2].

Бірақ та лингвистикада "дискурс" ұғымын қолдануға баса назар аударылады. Тіл білімінде қазірге дейін дискурс зерттеуінде біржақты және бірдей пікір келтірілмеген. Шетелдік зерттеулердегі дискурсты лингвистикалық түсіну бір мәнді емес. Мысалы, П. Серио 1999 жылы дискурс анализіне арналған мақаласында “дискурс” терминінің бірнеше мағынасын анықтайды:

- "сөйлеу" ұғымының баламасы, яғни кез-келген нақты тұжырым;
- сөйлесудің негізгі түрі;
- тілдік бірліктерді қолдану, олардың сөйлеу актуализациясы;

- әлеуметтік немесе идеологиялық тұрғыдан шектеулі мәлімдеме түрі, мысалы, әкімшілік дискурс;
- мәтінді жасау шарттарын зерттеуге арналған теориялық құрылым [20, 413].

Ал ресейлік ғалым М.Л.Макаров дискурсты формальды, функционалды және ситуациялық интерпретация жағынан анықтады. Контекст дискурс белгісі ретінде зерттеушілердің назарын не айтылды және шынымен не айтылғысы келгенінің қарама-қайшылығына, яғни коммуникация жағдайына аударады[15, 280].

Волгоград мектебінің өкілі Н.Д. Арутюнова дискурсты талдаудың екі аспектісін анықтайды: коммуникативті (дискурс экстралингвистикалық мәліметтер мен әлеуметтік әрекет ретінде) және когнитивті (дискурс сананың механизмі ретінде). Лингвист дискурсты «экстралингвистикалық-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен үйлескен мәтін; оқиға аспектісінде алынған мәтін; сөйлеу мақсатты бағытталған әлеуметтік іс-әрекет ретінде, адамдардың өзара әрекеттесуінде, олардың сана механизмдерінде (танымдық процестерде) қатысатын компонент ретінде қарастырған [6, 207].

Э.Д.Сүлейменова қазақстандық лингвистиканың дискурсындағы дискурсты зерттейді, атап айтқанда, ол өз зерттеулерінде былай деп атап көрсеткен: «Тілді оның нақты өзгеріп жатқан әлеммен және жаңа технологиялар әлемімен динамикалық өзара әрекеттесуінде зерттеу, жеке тұлғаның және жалпы қоғамның ақпаратты қабылдау, сақтау және беру мүмкіндіктері кеңейе түсті, мәтіндердің жаңа түрлерінің пайда болуы және ескі жанрлар мен стильдердің жаңаруы өзекті болды[3, 26].

С.С.Исакова ғылыми дискурсқа қатысты жазылған ғылыми мақаласында «Дискурс жанры ұжымдық және жеке тілдік тәжірибеге байланысты қалыптасады. Әрбір дискурстық жанрдың ерекшелігі оның мақсатымен, принциптері мен нормаларымен анықталады» деген пікір білдіре отырып университеттік дискурстың ерекшелігін, яғни бір жағынан теориялық білім беріп қоймай, практикалық мәнге де ие дейді[5, 98].

Қ.Б.Күдерінова “Қазақ дискурсының ұлттық және заманауи ерекшеліктері» атты мақаласында дискурсқа мынандай анықтама береді: Дискурстың ең қарапайым түсінігі – тілдік қарым-қатынас шегіндегі қанағаттану сезімі. Коммуникацияға қатысатын бір субъектінің тілдік қатынастан қажетті түсінік алуы, енді бір субъектілердің өзара білім алуы, келесі бір субъектінің өз білімін өзгеге бергенінен өзіне риза болып, көңілі толуы, біреуге ақпарат не білім бере отырып, өз сөзін жарыққа шығару барысында өзі үшін де жаңа білімге ие болуы, білімін толықтыруы – міне, осы айтылғандар дискурстың мақсаты да болып табылады” деп дискурсқа анықтама бере отырып, сөйлеу дискурсының маңызды екенін атап көрсеткен[11, 55].

Әдебиеттерге шолу жасау арқылы дискурс терминінің көп қырлы, күрделі екендігін көрсетуге болады, өйткені ол тілдің негізгі аспектілерін қамтиды: когнитивті (адамның сөйлеу-ойлау қызметі) және мәтіндік (қоғамның да, жеке

адамның да тілді қолдануы). Осыдан дискурс ұғымының кең екенінің түсінуге болады.

Ертегі дискурсы лингвистерді және әдебиеттанушылардың назарын зерттеуде күрделігімен және көп қырлы объект болуымен аударды. Зерттеудің теориялық негізі Н.А.Акименко, В.И.Карасик, О.А.Плахова, В.Я.Пропп, Т.Ван Дейк және тағы да басқа ғалымдарының еңбектерінен құралады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, ертегі зерттеу пәні ретінде жеке ғылыми пән емес, тәуелсіз ғылым бола алатын ақпарат көзі болып табылады.

Ертегілер оқырманға халықтың аңыздарымен, наным-сенімдерімен және дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Ертегілерді түсінудің негізгі факторы мәдени дәстүрлерді білу болып табылады, олар өз кезегінде әрбір нақты қоғамда адамгершілік нормаларының қалыптасуына негіз болады. Ертегі дискурсы кез-келген адам санасының ажырамас бөлігі болғандықтан, ұлттық өзіндік сана-сезімді қалыптастыратынын да айта кеткен жөн.

Ю.С.Городова 2017 жылы өзінің “Специфика сказочного дискурса в англоязычном эпосе” диссертациялық жұмысында зерттеу барысында ағылшын тіліндегі ертегі дискурсындағы ертегі мәтіндерінің лингвомәдени ерекшеліктерін қарастырады. Ертегі дискурсы - бұл қиялмен құрылған кейіпкерлер мен олармен байланысты ертегі оқиғаларынан тұратын виртуалды кеңістіктер жиынтығы. Автор ертегі мәтіндерін талдай келе ертегілердегі жиі кездесетін ертегі дискурсының жетекші стратегияларын ашып көрсетті: жануарлар туралы ертегілерде - бұл адамгершілік стратегиясы, қиял-ғажайып ертегілерде - ғажайыпты растауға бағытталған стратегиялар, және эпикалық поэмалар мен аңыздар - батырды дәріптеуге арналған стратегиялар [19, 69].

Н.А.Акименко “Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса” автореферат диссертация жұмысында ертегі санатының негізгі параметрлері - бұл қиял-ғажайып, аксиология (құндылықтардың болуы), анық емес хронотоп, құрылымдық және семантикалық қайталануы туралы зерттеген. Автор зерттеу жұмысында ертегі дискурсы ертегі контекстінде жазылған коммуникативті процесс ретінде түсіндіріледі және оның нәтижесі - ертегі санатының нақты параметрлерін (ғажайып, аксиология, бұлыңғыр хронотоп, құрылымдық және семантикалық итерация) бейнелейтін мәтін болып табылады [2, 23].

Ертегі дискурсының мақсаты - сатиралық немесе дидактикалық әсерге қол жеткізуге арналған қиял-ғажайып ойдан шығарылған оқиғаны эстетикалық қабылдау. Ертегі дискурсындағы қарым-қатынас арнасы ауызша немесе жазбаша, контактілі немесе алыс, тікелей немесе делдалдық болып табылады. Қарым-қатынас реңктері ертегі дискурсының жанрына байланысты өзгеріп отырады. Қиял-ғажайып ертегіде ол көркемдік, эстетикалық, аңызда ақпараттық, тағылымдық, күнделікті өмірде әзіл-қалжыңға толы. Ертегі дискурста әмбебап ерекшеліктермен бірге (қатысушылар, мақсаттар, стратегиялар және т.б.) спецификалық ерекшеліктері де бар: эпикалық, баяндау, көркем шығармаға деген көзқарас, эстетика, ойын-сауық. Ертегі дискурсының ерекше қасиеттері - зерттелетін объектінің әлеуметтік сипаттамаларын

көрсететін тұрақтылық, уақыттылық, әмбебаптылық деп ашып көрсеткен болатын [1, 130].

Н.В.Мамонова “О специфике британского сказочного дискурса ” ертегі дискурсының ерекшеліктері туралы зерттеулерге қысқаша шолу мақаласында ертегі дискурсы көп қырлы ұғым ретінде көрсеткен. Ертегі дискурсының ерекшелігін түсіну үшін пайда болу тарихын және фольклорда ертегінің басты жанр ретінде дамуын ескеру керек. Автордың ойынша британдық ертегі дискурсын британдық фольклордың негізгі компонент ретінде көрсетуге болады. Ертегі дискурсы - бұл, мысалы, педагогикалық, саяси немесе кез-келген басқа дискурс сияқты құбылыстармен бірдей емес құбылыс. Ол көркем дискурсмен терең байланысты (және оның ерекше түрі), бірақ сонымен бірге көркем дискурс (егер біз бұл арқылы көркем әдебиеттің дискурсын айтсақ) көбінесе жеке шығармашылық болып табылады, онда жеке мағына жүзеге асырылады. Ертегі дискурсында әрқашан ұжымдық маңызы ерекше орын алады [14, 153].

Д.В.Бережкова “Понятие «доброта» в концептуальном пространстве английской народной сказки”мақаласында ертегі дискурсының белгілеріне мыналарды жатқызады: әмбебап белгілер – ұжымдық, мақсаттылық, тақырыптық, аксиологиялық, стратегиялар, сюжеттердің кейбір түрлері, кейіпкерлер, белгілі бір құрылымның болуы, ал спецификалық - эпикалық, баяндау, көркем шығарма, қиял-ғажайыпқа бағытталған, эстетика, ойын-сауық және дидактикалық[3, 26].

У.В.Каримова “Лингвокультурологические характеристики сказочного дискурса” мақаласында қиял-ғажайып ертегілерде ғажайыптың параметрі аксиологиялық және анық емес хронотоппен үйлесетінін зерттеген. Ертегі дискурсының өзегіне анималистік және кумулятивтік ертегілер кіреді, мұнда ертегідегі қиял-ғажайып, аксиологиялық және қайталанатын параметр басым болады. Аңыздар мен “Le Morte d'Arthur” ертегі дискурсының жақын перифериясына жатады. Ағылшын ертегілері реалистік ерекшеліктерімен және анекдоттарға ұқсастығымен ерекшеленетінін атап көрсеткен. Лингвомәдени ұғым ретіндегі ағылшын ертегілігі шындық ерекшеліктері мен нақты кеңістіктік-уақыттық сипаттамаларына ие, бұл британдықтардың рационалды табиғаты туралы айтады. Тұрмыс-салт ертегілерде реалистік типі басым болады. Осы типтегі ертегілер ағылшын лингвомәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді, мұнда басты құндылықтардың бірі және коммуникативті этномәдени тәртіп нормасы әзіл болып табылады. Мақсаты мен функционалдық ерекшеліктері бойынша тұрмыс-салт ертегілер ағылшын анекдоттарымен әзіл-сықақ дискурстың жанрларына жақын келеді [13, 82].

Соборная И.С. “Этнокультурные особенности сказочного дискурса” лингвориториялық аспект еңбегінде ертегі дискурсының поэтикасы халықтың мәдени тәжірибесінің, ұлттық дүниетанымы мен менталитетінің көрсеткіші ретінде зерттелген. Ертегінің фольклорлық жанр ретінде ұзақ тарихы бар. Оның пайда болу кезеңі архаикалық қоғам дәуірі болып саналады, өйткені ертегі көне мифтермен, ырымдармен, тайпалық әдет-ғұрыппен байланысты сюжетпен

құрылған. Шынымен ертегі миф сияқты, көне әдет-ғұрыптар, халықтық әдет-ғұрыптар, мифология шеңберіндегі әрекеттер негізінде пайда болды. Кейінірек мифологиялық мағынасы жоғалады және нақты ертегі дискурсының қағидалары біртіндеп дами бастады. Әр түрлі ғылыми пәндердің дамуына байланысты ертегі зерттеу нысаны ретінде филология, тарих, фольклор, этнология, дін тарихы және басқа ғылымдар үшін қызықты болғандығын атап көрсетті [10, 156].

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсының зерттелуіне шолу жасай келе, дискурс ұғымы кең және күрделі екенін көруге болады. Соның ішінде көп қырлы болып табылатын ертегі дискурсы халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен тұратынын атап кеткен жөн. Бұл антропологиялық ұғымдардан бөлек, жақсылық пен жамандық, ақиқат пен шындық, махаббат пен жеккөрушілік, зұлымдық пен әділдік ұғымдарының болуымен расталады. Ертегі дискурсының ең басты ерекшелігі қоғамда адамгершілік нормаларының қалыптастыруы. Ертегі дискурсының өзектелуіне әлеуметтік талаптар себеп болды. Дамудың алғашқы кезеңінде бәрімізге белгілі ертегі дискурсы ситуациялық рөлдік ойын түрінде өтті, оның тікелей өзінің баяндаушылары және тыңдаушылары болды. Ауызшадан жазбаша қарым-қатынасқа көшу ертегіде елеулі өзгерістер тудырды. Біртіндеп ертегі дискурсы барған сайын эстетикалық құндылыққа және моральдық қасиеттерге толы бола бастады. Қорытындылай келе, ертегі дискурсы бұл күрделі лингвомәдени құбылыс. Әрбір халықтың тілдік тұлғасының этикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Астафурова Т.Н., Акименко Н.А. Лингвокультурное пространство англосаксонского сказочного дискурса // Вестник ВолГУ. Серия 2: Языкознание, 2007. – № 6. – С.130-136
2. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2005. – 23 с.
3. Бережкова, Д. В. Понятие «доброта» в концептуальном пространстве английской народной сказки: автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 2011. 26 с.
4. Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики. – Алматы, 2006. – 69 с.
5. Исакова С.С. Университеттік дискурстағы терминдердің қолданылу принциптері // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – 98 б.
6. Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 207 с.
7. Антипова А. М. Система английской речевой интонации. – М., 1979. – 129 с. Аппатова В. С. Атрибутика персонажей Британской народной

- волшебной сказки (Семасиологическое исследование): Автореф. дис... канд. филол. наук: - Одесса, 1990. - 21 с.
8. Большой энциклопедический словарь / под ред. А.М. Прохорова. – СПб.: Норинт, 2004. – 1456 с. (БЭС)
 9. Deutsches Woerterbuch / ed. by J. Grimm. Leipzig S. Hirzel, 1860. – 718 p. (DW)
 10. Соборная И.С. Этнокультурные особенности сказочного дискурса: лингвориторический аспект (на материале русских, польских и немецких сказок): дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Сочи, 2004. – 156 с.
 11. Күдеринова Қ.Б. Қазақ дискурсының (ауызша) ұлттық және заманауи ерекшеліктері // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – 55 б.
 12. Пропп В.Я. Структурное и историческое изучение волшебной сказки. – М.: Академический проспект, 2001. – 702 с.
 13. Каримова У.В. Лингвокультурологические характеристики сказочного дискурса.: автореф. дис. ... канд. филол. наук.- Ташкент, 2013. – 82 с.
 14. Мамонова Н.В. О специфике британского сказочного дискурса. - Вестник Челябинского государственного университета. 2013. № 37 (328). Филология. Искусствоведение. Вып. 86. С. 153–155.
 15. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – Москва: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.
 16. Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: Сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 2000. – С. 5-20.
 17. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2005. – 23 с.
 18. Дейк Т. А. ван Язык. Познание. Коммуникация: Пер. с англ. / Сост. В. В. Петрова; под ред. В. И. Герасимова; вступ. ст. Ю. Н. Караулова и В. В. Петрова. - М.: Прогресс, 1989. - 312 с.
 19. Городова Ю.С. Специфика сказочного дискурса в англоязычном эпосе: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Белгород, 2017. – 69 с.
 20. Серио П. Квадратура смысла: французская школа анализа дискурса. – М.:Прогресс, 1999. - 413 с.
 21. Harris Z. Discourse analysis // Language. 1952. V. 28. № 1. P. 1–30

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Исакова С.С.

GENERAL FEATURES OF ONOMASTICS AND THE IMPACT OF FAIRY TALES ON THE DEVELOPMENT OF A PERSONALITY

Nugmanova A.S., Zhetesova Zh.A.

aina.nugmanova99@gmail.com

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Onomastics is a branch of linguistics that studies proper names, the history of their emergence and transformation as a result of long-term use in the source language or in connection with borrowing from other languages. In a narrower sense, onomastics are proper names of various types, a set of onomastic words, - onomastic vocabulary.

The features of onomastic research are diverse. For example, there are such types of onomastics like: descriptive onomastics, represent the objective base of onomastic research, giving a generic philological analysis and linguistic elucidation of the collected material, theoretical onomastics, studies common patterns of development and functioning of onomastic systems, applied onomastics is related to the convention of naming, the functioning of names in existing speech and the difficulties of naming and renaming and giving useful advice to cartographers, biographers, bibliographers and lawyers, onomastics of works of art, which is a subdivision of poetics, historical onomastics studies the chronicle occurrence of names and their manifestation in the names of realities of different eras, ethnic onomastics studies the occurrence of the names of ethnic groups and their position in relation with the history of ethnic groups, as well as, the percentage of ethnonyms with names of other types along with the development of ethnonyms that leads to the creation of various toponyms, anthroponyms, zoonyms and also the link of ethnonyms with the names of languages.

One of the most important areas of research in modern linguistics is the study of the problems of nomination. So, many researchers note the special position of proper names among the units of the nominative class. Traditionally, it is argued that the specificity of onomastic units is due to both their linguistic status and extralinguistic factors that influence the formation of the semantic structure and functioning of onyms. At the same time, scientists often also emphasize the functional and aesthetic value of a proper name in a literary text.

Many names of heroes of folk tales are either "speaking" name, the sense of which the child should catch easily while reading, or are based on onomatopoeia, that also allows the child to associate easier heroes with any action, event or even a sign of an animal. (Перевезенцевой Н.В. «Особенности перевода имен собственных на примере сказок»: <http://nauka-shop.com/mod/shop/proper/names/43303/.html>).

The fairy tales not only aid children in the process of development of their personality through narratives, as they are also essential in the development of child's imagination. They not only help to understand the world around them better but they also tell the children about the importance of the reading and education.

According to Bettelheim, fairy tales have a unique significance, as they “offer new dimensions to the child’s imagination,” and the shape and arrangement of these tales “suggest images to the child by which he can structure his daydreams and with them give better direction to his life”. [77]; [7].

An important feature of these stories is how they represent protagonists that children can relate to, and show how those heroes overcome the obstacles they face, obstacle children are afraid of having to face themselves. Hearing these stories give the children reassurance that even though the situation seems desperate, the clever and dexterous child can take care of himself. The protagonist displayed in fairy tales is often the youngest child of the family or a stepchild, and, as a result, is often isolated from his other siblings or from his parents, even ill-treated and deprived. The central characters are generally small, seemingly unable to take care of themselves and have to rely on others, but over the course of the story manage breakthrough their hardships. Grimm’s “Cinderella” is a clear example of such an act. The story revolves around a young girl named Ella, who’s being oppressed enslaved by her stepmother and stepsisters, left with no love and the feeling of amity. Eventually, she has risen from the ashes of the blaze and marries a prince, with the help from her godmother and her magic that is a characteristic feature of a fairy tale. Cinderella’s transition from a battered, defeated young girl into a princess is also characteristic of a fairy tale central character. The story underlines the changes a child has to go through in order to become an adult. Children learn that a painful process like that is not necessarily a bad thing, as it’s the way of life.

Aside from being a lesson for the child, some fairy tales are built in such a way that they teach some lessons to the parent as well, Snow White is one of the examples. Beauty is a essential part in the story; it is the origin for the self-centered personality of the step mother and the reason for a detrimental jealousy that threatens to eradicate possible rivals. In psychology, this is viewed as the self-involved parent who feels that his aging, as his child becomes an independent person apt to replace his parent in the society. The way it builds psychological issues, the Snow White tale offers this as an age-old phenomenon (Bettelheim). As Snow White reaches adolescence, she’s also enchanted by beauty and material things and this could have cost her life when she took the laces and the comb from the hands of the malevolent queen. Children are shown that pride and love for trivial things is badly chastened. [15; 16]

I deem the outcome to be beyond satisfactory as regardless of age, occupation or gender, fairy tales have a great impact in people’s lives. They are not only the first encounter with the world of literature but also one of the most important associations we have with the real world. They allure our perception, as well as, emotions and leave their trace forever. As fairy tales disclose to us the complex reality, provide answers for unspoken inquiry and state the others the things we preserve deep inside our minds, things that may be adverse, they remind us of our childhood, they bring us joy and feel us with the sense of purity, they help us escape the reality into a world of dream and fantasy.

Literature:

1. (Irene, Koutsompou. (2016). The Child and the Fairy Tale: The Psychological Perspective of Children's Literature. International Journal of Languages, Literature and Linguistics. 2. 213-218. 10.18178/IJLL.2016.2.4.98.
2. Leilani VisikoKnox-JohnsonEnglish 345/University of Hawai i at Hilo HOHONU 2016 Vol. 14. The Positive Impacts of Fairy Tales for Children [77]
3. Bettelheim, Bruno. The Uses of Enchantment. New York: Vintage Books, 1989. Print [7]
4. Grimm, Jacob and Wilhelm Grimm. "Cinderella." World of Tales. Web. 14 March 2014
5. Ritgerð til BA-prófs í ensku Helga Benediktsdóttir Maí 2014- The Impact of Fairy Tales. An Exploration of the Relationships of Parents and Children in Selected Fairy Tales [10]
6. Bettelheim, Bruno. 1976. The uses of enchantment: The meaning and importance of fairy tales. The Atlantic, Boston
7. Bettina Boka -LUCRARE DE LICENȚĂ. The Psychological Impact of Fairy Tales and Their Evolution from Oral Folktales to Cinematographic Masterworks [15; 16]
8. <http://nauka-shop.com/mod/shop/proper/names/43303/.html> - (Перевезенцева Н.В. «Особенности перевода имен собственных на примере сказок»)

Supervisor: **Lecturer, Master of Pedagogics and Psychology
Zhetessova Zh.A.**

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ

Нүрғазина Р.А.

nurgazyna@mail.ru.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

В то время как философы акцентируют внимание на характер и качество критическое мышление как продукт, психологи подчеркивают когнитивные процессы, компоненты и приложения, используемые для изучения практических проблем. Критическое мышление включает в себя три компонента: 1) посткомпоненты; 2) компоненты производительности; и 3) компоненты получения знаний. Компоненты Post - это исполнительные компоненты интеллекта, используемые для проектирования. Компоненты производительности помогают реализовать инструкцию post components. Они-исполнительная часть интеллекта. Компоненты получения знаний относятся к способности к изучению и использованию языка. Поэтому они помогают

людям использовать знаки для решения проблем и получения новой информации. Согласно этим компонентам критического мышления, каждый должен распознать природу проблемы, попытаться ее решить, подготовить дизайн и проверить его сообщения и обратную связь.

Психологи пытаются установить связь между критическим мышлением и навыками высокого уровня, но большинство из них предпочитают использовать высокие навыки вместо критического мышления и делают акцент на навыках критического мышления. В результате можно утверждать, что консенсус педагогов-психологов должен оспаривать идеи учащихся, но это невозможно сделать без навыков критического мышления. Большинство когнитивных психологов делают акцент на тестировании когнитивных схем среди начинающих и специалистов в различных областях. Исследования, проведенные о структуре когнитивных навыков, показывают, что, как процесс решения проблем меняется, увеличивая знания и опыт, но развитие психологи делают акцент на обучении навыкам критического мышления.

Литература показывает, какие они осуществлялись в разные эпохи. В первую эпоху исследователи уделяли внимание логике, дискуссии и рассуждениям, а также чувствам и привязанностям. Рассуждения и логика на этой стадии были отрывочными, поэтому произошел разрыв между формальной и неформальной логикой. У учащихся было много проблем в интерпретации и понимании критического мышления, когда они определяли его как логику и анализ. Результаты показали то, что один или два отдельных предмета не могут изменить критическое мышление студентов, а критическое мышление не может быть должным образом преподано в конкретном классе, было положено начало второму этапу исследований. На втором этапе важным было обучение когнитивным навыкам критического мышления, а не запоминанию фактов, но специалист по учебной программе не знал, как они могут использовать эти навыки в учебниках. На этом этапе они делают акцент на когнитивных навыках психологии, поэтому обучение критическому мышлению на других специальностях было мотивировано. На третьем этапе исследователи попытались устранить слабость первая и вторая эпохи. На первом этапе исследования использовались эмпирические исследования и содержание логики; на втором этапе они были сосредоточены на эмпирических навыках и исследованиях; однако тенденции критического мышления были результатом третьего этапа. На третьем этапе были важны такие элементы, как этические рассуждения, эмоции, понимание, ценности и эмоциональные области.

Обучение студентов критическому мышлению должно включать в себя предоставление им возможности прийти к собственным выводам. Подразумевается, что учитель обязан обучать студентов, чтобы они могли обеспечить эффективную программу развития критического мышления, которая создает культуру мышления в группе. Для этого педагогическая программа должна обеспечивать модели хорошего рассуждающего поведения. Цель критерия модели состоит в том, чтобы убедиться, что учащиеся

обеспечены примерами того, как мыслительные диспозиции выглядят на практике; программа также должна давать прямые объяснения о цели, понятиях и методах хорошего рассуждения. Другими словами, студентам следует объяснить, почему важно хорошее рассуждение, и непосредственно обучить некоторым ключевым понятиям и ходам рассуждения; программа обучения рассуждению должна предоставлять много возможностей для взаимодействия сверстников вокруг рассуждения. Это взаимодействие, в котором студенты рассуждают вместе, обсуждают рассуждения друг с другом, оценивают рассуждения вместе и так далее. Цель этого критерия состоит в том, чтобы оживить мышление студента, закрепив его в значимых межличностных взаимодействиях; и последнее, но, безусловно, не менее важное, программа должна предоставлять множество возможностей для формальной и неформальной обратной связи вокруг мыслительных диспозиций. Благодаря обратной связи с преподавателем, обратной связи с одногруппниками и обратной связи с самим собой студенты должны узнать о сильных и слабых сторонах своего рассуждающего поведения. Кроме того, студенты должны быть привлечены к критичности, и это может быть сделано только путем оповещения их о социальных условиях, которые привели к этому. Короче говоря, мы можем сформулировать проблему следующим образом: утверждение критического мышления, по сути, состоит в том, чтобы научить критически мыслить .

Всякое образование состоит в передаче студентам двух различных вещей: что думать и как думать. Мы отлично справляемся с первым, однако нам не удалось научить студентов критически мыслить о представленном нам содержании [[1-http://psihdocs.ru/kriticheskoe-mishlenie.html](http://psihdocs.ru/kriticheskoe-mishlenie.html)] . Если мы не учим студентов критически мыслить, мы неявно приводим их к вредному мышлению—в частности, к нелогичному мышлению и эмоциональному мышлению. Первое понимается как ошибочное рассуждение, подкрепленное неадекватным или ненадежным рассуждением, а второе—как эмоциональное мышление, которое опирается на эмоции для поиска и открытия истины или знания. Критическое мышление предполагает, что человек отвергает мнения и предположения, которые были доказаны как неправильные. Бесспорно, что дети не рождаются с способностью критически мыслить. Это приобретенная способность, которой нужно обучаться. Люди с рождения приучены следовать за авторитетными фигурами и не подвергать их сомнению, поскольку цель образования—привить традиционные ценности, такие как уважение к авторитету, настойчивость, верность долгу, уважение к другим и практичность. Такое обусловливание осуществляется родителями и учителями с использованием широкого спектра методов позитивного и негативного подкрепления. Результат такой обусловленности противоречит тезису как научного исследования, так и критического мышления. Чтобы развить способность критически мыслить, предлагаются следующие стратегии:

1) аннотирование, которое относится к подчеркиванию ключевого слова, написанию комментариев, постановке вопросов на полях, заметкам всего, что

кажется вам интересным, заключению в скобки важных частей или выделению важных частей;

2) предварительный просмотр, который помогает иметь предварительное представление о том, о чем текст и как он отформатирован. Таким образом, критическому мыслителю предлагается бегло просмотреть текст и взглянуть на картинки (если таковые имеются), заголовки отрывка, чтобы уловить молчаливое понимание текста;

3) контекстуализация, которая относится к понятию, что, когда человек читает текст, для него критически важно читать его через свой объектив. Мышление будет иметь решающее значение, если студенты обеспечат связь между тем, что находится в их фоновом режиме, и тем, что находится в тексте. По сути, это подразумевает коммуникативную перспективу, что смысл находится не в тексте, а в сознании студентов. Мы считаем, что эти три стратегии могут быть объединены, если они сопровождаются постановкой Сократических вопросов со стороны студентов и укреплением студентов в выражении своих мыслей. На первых этапах роль преподавателя, как подмостка во взаимодействии с аудиторией, является ключевой. Чтобы научить студентов быть критическими мыслителями, преподаватели должны помочь им озвучить свои слова, то есть позволить им говорить с их позиций. Постепенно педагог может держаться на обочине и выступает в роли фасилитатора процесса обучения. Здесь Сократическое вопрошание постепенно прививается учителями. Сократическое вопрошание может быть использовано для того, чтобы преследовать мысли во многих направлениях и для многих целей, в том числе: исследовать сложные идеи, постигать истину вещей, открывать вопросы и проблемы и т. д. Искусство Сократического вопрошания тесно связано с критическим мышлением, потому что искусство вопрошания важно для совершенства мышления. Слово "Сократ" придает искусству вопрошания систематичность и глубину в оценке фактов и мнений. И критическое мышление, и Сократическое вопрошание имеют общую цель. И те и другие находятся в погоне за смыслом и истиной. Короче говоря, в преподавании учителя могут использовать Сократическое вопрошание по крайней мере для двух целей :

1) помочь студентам начать различать то, что они знают, или то, чего они не знают; 2) развить у студентов способность задавать Сократические вопросы, помочь студентам приобрести мощные инструменты Сократического диалога, чтобы они могли использовать эти инструменты в повседневной жизни. С этой целью учителя могут моделировать стратегии опроса, которые они хотят, чтобы студенты подражали и использовали. На самом деле критическое мышление с помощью Сократического вопрошания учит студентов копать под поверхностью идей. Она учит нас ценности развития вопрошающего ума в развитии глубокого обучения. В том же направлении некоторые из Сократических вопросов, которые при осторожном использовании, безусловно, помогут студентам развить свое критическое мышление, заключаются в следующем:

1) заставить студентов прояснить свое мышление, например: "почему вы так говорите?";

2) бросить вызов студентам относительно предположений, например: "всегда ли это так?";

3) альтернативные точки зрения и перспективы, например, " в чем заключается контраргумент?", и самый тщательный

4) вопрос, например, " почему вы думаете, что я задал этот вопрос?"

В основу технологии критического мышления легли идеи свободного воспитания и творческого саморазвития личности (Ж. Ж. Руссо, Л. Н. Толстой, Дж. Дьюи, Ж. Пиаже, М. Монтессори), деятельностного подхода к обучению (Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн), принципы личностно-ориентированного образования (Э.Фромм, К. Роджерс). Проблему развития критического мышления разрабатывали зарубежные ученые Брюшинкин В. Н., Загашев И.О, Калинин Л. А., Соруна Г. В., Темпл Ч., Мередит К., Стил Дж. Содержание критического мышления определяется с трех научных позиций, философского, когнитивного и прикладного. «Философский подход сводится, главным образом, к обоснованию теоретических основ изучения и описания термина «критическое мышление», его задач, целей, выполняемых функций. Когнитивное направление носит описательный характер и сосредоточено на проблеме самой природы критического мышления, на выявлении и описании психологических механизмов, интеллектуальных навыков и умений, составляющих его основу. И третье, прикладное направление, имеет своей целью разработку методик и тренингов формирования и развития критического мышления. Все три подхода тесным образом взаимосвязаны и взаимозависимы, поэтому большинство современных исследований стремится к разработке единой целостной концепции с учетом всех составляющих» [2-<http://facultycenter.ischool.syr.edu>]. Идеальное критическое мышление человека обычно связано:

– с любознательностью,

– хорошей осведомленностью,

– непредубежденностью,

– гибкостью,

– справедливостью в оценке,

– честностью в столкновении с личными убеждениями,

– благоразумием в суждениях,

– желанием пересматривать, прояснять проблемы и сложные вопросы,

– тщательностью в поиске нужной информации,

– разумностью в выборе критериев,

– постоянностью в поиске результатов, которые являются столь же точными, как использованные первоисточники. Анализ психолого-педагогической литературы позволил рассматривать содержание критического мышления как совокупность компонентов:

– внутренняя мотивация, установка на развитие критического мышления;

– интеллектуальные навыки и умения, что включает способность к распознаванию проблемы, систематизации собранной информации, распознавании научных и оценочных суждений; формировании собственной системы убеждений на основе объективных суждений о явлениях повседневной жизни;

– сформированные знания и накопленный опыт. Основным направлением нашего исследования является изучение процесса организации и осуществления производственной практики студентов как формы учебной деятельности, способствующей развитию стремления обучающихся к глубокому пониманию проблемы с учетом особенностей реальной ситуации, к поиску новых гипотез, альтернативных решений, к осознанию собственных убеждений, поиску аргументов и обоснованных доводов в защиту собственной позиции.

Использованные источники:

1. Критическое мышление как образовательная ценность [Электронный ресурс] Н. Л. Московская, В. П.Муякина. Режим доступа: <http://psihdocs.ru/kriticheskoe-mishlenie.html>
2. Шаферсман, С. Д. (1991). Введение в критическое мышление. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://facultycenter.ischool.syr.edu/WP>

Научный руководитель: д.ф.н., профессор Курманова Б.Ж.

АР-ҰЯТ КОНЦЕПТІСІ

(қазақ-ағылшын тілдері материалдары бойынша)

Нұрлыбай Айдана

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ар ұят – адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауапкершілігін сезінуі және адамның өзін-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуін бейнелейтін эдептанулық категория [1, 2003-1076.]. Этикалық әдебиетте «ар» туралы көптеген анықтамалар мен ережелер кездеседі. Діни танымда оны адам бойындағы имандылық деп қарастырады. Мұхаммед пайғамбар хадистерінде «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген пікір қалдырған. Ал, ағылшындар этикасында ардың беделшілдік және гуманистік түсініктері айқындалған, біріншісі сырттан танылған құндылықтарға икемделумен байланысты болса, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне қатысты

«Can lose Money and, conscience you will lose trouble you will learn» ақшанды жоғалтып алғаның ештеңе емес, бастысы арыңды жолғалтпа. «We all know how painful and toothaches it is, to get rid of them and how much they exhaust a person»

арлы болу – ең бастысы. Біз тісіміз ауырғандағы қиналыстан оңай құтыламыз, ал ар алдындағы қиналыстан мәңгі тұтыламыз. Ардың тазалығы – адамның іс-әрекетін сүзгіден өткізетін шынайы көрінісі. Ар алдында жауап беру – екі дүниеге де тән. «A bad conscience keeps you awake, the meaning of the proverb is that if you did some bad deed then it will remain on your conscience and you will have to remember and reproach yourself about it all the time» - таза емес ар тіпті саған ұйықтауға мүмкіндік бермейді [2, 189-203].

Қазақ халқының дәстүрлі әдеп жүйесінде ар ұғымы жоғары бағаланды. Кісіліктің негізгі қасиеттерінің бірі – арға кір түсірмеу. «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» дейді халық мақалы. Қазақта «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақал бар. Абай арды «надандық ұят және шын ұят» деп екіге бөледі. Надандық ұят дегеніміз – жас баланың сөз айтудан ұялғаны сияқты ақылы қысқа, өрісі тар, ойы таяз жанның ұялмайтын нәрсеге ұялуы. Ал шын ұят – шарифатқа, абыройға теріс, ақылға сыйымсыз сөкет қылықтан ұялу. Бұл – есті адамға тән қасиет [3].

Абырой – адамның өзіне деген айырықша моральдік көзқарасын білдіретін этикалық категория. **Абырой** - 1. Ар, ұят. 2. Атақ, дәреже, бедел, атақ. **Абырой алды** {тапты, әперді әкелді, берді} – құрметке бөленді, беделге ие болды. **Абыройға бөленді** – даңқы артты, атын шығарды. **Абыройдан айырды** - беделі түсті, ұятқа қалды, масқара болды. **Абыройын{айрандай} төкті** – ар-ұяттан жұрдай болды. **Абыройы артты {асты}** – атағы елге жайылды, беделі өсті. **Абыройы ашылды** – тәні көрініп, ұятқа қалды. **Абыройын алды {кетірді}** – беделін түсірді, қадірін кетірді. **Абыройын аяққа басты** – масқара етті, қоралады. **Абыройын жапты** – намысын қорғады, ұятқа қалдыр қалдырмады. **Абыройы түсті {кетті, жойылды}** – қадір-қасиетінен айрылды, бағасы түсті. **Абырой-атақ** – ел таныған ізгі қасиет, бедел. **Абыройлы** – абыройы бар, қадірлі, беделді. **Абыройсыз** – беделсіз, қадірсіз. **Абыройсыздық** – беделсіздік, қадірсіздік. [4, 2008- 968 б.]

Т.Жанұзақов «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» дегендегі «**Намыс**» - арлы адамның өзіне, айналасына ұлтына кір келтірмес үшін күресте бойына қайрат беретін сезімі екенін айтады [5]. Қазақ халқы ұлттық намысқа ерекше мән беріп, халықтық тілім- тәрибе жүргізеді. «**Ұждан**» дегеніміз – адамның өз мінез – құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты [6, 16 б.]. Ұстаздың абыройы болмаса – шәкірті оның сақалымен ойнайды. Нысап пен ұят әділеттен шығады. Бір аяқ сусын – екі кісінің құны: су табылмаса, шөлдеген өледі, ұяттан тауып бермеген өледі. Арынды сатып тапқан мал – харам. Пайда ойлама – ар ойла. Ар- намыссыз – ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. [7, 2-3 б.]. Өлімнен ұят күшті. Арсыз – жеңдім дейді, арлы - көндім дейді. Жарлы болсаң да, арлы бол. **Ары таза** - **Кінәсі жоқ**, ешкімге қиянат жасамаған **Арын арлады** - Намысын жыртып. **Намысын (жыртысын) жыртып** [жоқтады] – Арын қорғады: есе-кегін, ар-кегін іздеді. Бір жақтағы Матай қызының намысын жыртып, жөн-жосығын білмейтін жат біреумен арандасудың саған орны жоқ [8, 36 б.]. Оразекең ел намысын жоқтап, Көкшенің жаңағы еліне сөз салыпты.

Лексические единицы казахского языка входят в речь русских не периодически, а постоянно, постепенно закрепляясь в ней. В настоящее время в русском языке Казахстана не воспринимаются чуждо такие единицы, как «Наурыз», «шанырак», «дастархан», «акын», «тенге», «аким», «мажилис», «баурсак» и другие, они не требуют перевода или пояснения, так как достаточно хорошо распространены и усвоены; точно так же, как в русском языке в России не требуют перевода такие тюркские заимствования, как «сундук», «башмак», «карандаш» и другие. Данные включения, в связи с их сравнительно небольшим количеством по отношению к основному массиву лексики русского языка, не могут повлиять на целостность лексической системы, но показывают их региональную отнесенность и самобытность.

Своеобразие лексической системы русского языка Казахстана проявляется в общественно-политической, социально-культурной, гастрономической и ономастической сферах коммуникации. Это те сферы, в которых языковая личность может реализовать себя в соответствии с принятыми в данном социуме языковыми, когнитивными и прагматическими правилами, выразить необходимые потребности своего бытия. Все они в той или иной степени дают представление о сформированной лексической базе русского языка Казахстана, вариативный характер которой проявляется в единицах, отражающих знания пространственно-временного континуума. В указанных сферах коммуникации проявляются организующие картину мира единицы – когнитивные (ментальные и феноменологические) структуры, обеспечивающие реализацию коммуникативных потребностей личности в социокультурном пространстве Казахстана [3].

После распада СССР в Казахстане, ставшем суверенным государством, сложилась, можно сказать, уникальная языковая ситуация: вплоть до настоящего времени русским языком владеет около 85% населения, независимо от национальной принадлежности.

Особенность языковой ситуации заключается в том, что большинство представителей коренной нации являются двуязычными (билингвами), одинаково владеющими родным (казахским) и русским языками.

Слово «билингвизм» происходит от двух латинских: *bi* – «двойной», «двоякий» и слова *lingua* – «язык». Билингвизм, в сущности, не представляет собой исключительного явления, хотя долгое время было «принято, в том числе и среди лингвистов, рассматривать одноязычие как правило, а многоязычие – как нечто исключительное». Сегодня же стал вполне очевидным тот факт, что билингвизм был характерен для многих языковых ситуаций на протяжении веков и, кроме того, является типичным признаком многих нынешних языковых сообществ, имея тенденцию к расширению. Следовательно, для человечества это вполне закономерный факт.

Таким образом, билингвизм – это способность владения двумя языками. Отсюда, билингв – человек, который может разговаривать на двух и более языках. Однако к знанию более двух языков можно отнести и многоязычие, другими словами полилингвизм. «Особенность полилингвизма заключается в том, что оно бывает двух видов – национальное (употребление нескольких языков в определенной социальной общности) и индивидуальное (употребление индивидуумом нескольких языков, каждый из которых предпочитается в соответствии с определенной коммуникативной ситуацией)» [5].

Мы разделили лексические заимствования на виды:

- 1) Казахимы-переименования;
- 2) Казахизмы-именования;
- 3) Экзотизмы;
- 4) Онимы-наименования;
- 5) Окказиональные слова

Таким образом, что казахизмы вливаются в русский язык в результате экономических, политических и культурных связей. А также из-за тесного межнационального общения этнических русских, проживающих на территории Казахстана. Нужно отметить, что достаточно продолжительная по времени интенсификация процесса заимствования слов из казахского языка, относящихся к разным сферам коммуникации, привела к заметному пополнению словаря носителей русского языка Казахстана.

Использованные источники:

1. http://www.perspektivy.info/oykumena/krug/russkiy_yazik_v_kazakhstan.html
2. <http://uapryal.com.ua/training/zhuravleva-e-a-russkiy-yazyik-v-kazakhstan-status-sferyi-ispolzovaniya-i-osobnosti-leksicheskoy-sistemy/>
3. <https://works.doklad.ru/view/IOntTVdM04w/3.html>
4. [inoyazychnye-vkrapleniya-v-russkom-yazyke-kazahstana-na-materiale-publitsistiki-poslednego-vremeni.pdf](#)
5. Коньрова А. «О некоторых тенденциях влияния казахского языка на русский» <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/>

Научный руководитель: к.ф.н., доцент Курманова Б.Ж.

PECULIARITIES OF TEXTS IN TECHNICAL SPHERE

Torebayev M., Amangeldi E., Shabayev A.
K.Zhubanov Regional University of Aktobe

Special language is utterly dialogued in all its exterior forms, whether it is written or oral speech, as professional sphere always assumes the discussion of problems of the particular matter or fact. Researches put a deep meaning in the terms

of "scientific dialogue", as they see in it "type of speech activity in which we see the realization of not only the process of scientific communication, but the process of collective scientific work in its dynamic". Dialogue, for a scientist, very often becomes "not only the speech form, but the form of the thought". [1, 96]

1. Special language of construction - verbal language, but with rather developed tendency in bringing to its structure non-verbal means used also in special notion naming function and in its function of definition (as the additional material in the form of drawings, sketches, schemes, etc).

2. Special language of construction - national language in its basis with a constant traditional tendency to internationalization. This tendency inevitable corollary of the fact that professional knowledge (and first of all, science) do not have public, national, ideological and other borders. Internalization of languages for specific purposes assumes, first of all, harmonization of them on a definition level, content level and the volume of basic notions.

3. Special language of construction - polyfunctional language formation. Being the one of functional variety of highly developed literature language, special language of construction occupies a broad area of the language space and performs the most considerable functions of the language: reflection of reality and storage of knowledge (epistemic function), receive of new knowledge (cognitive function), rendering of special information (communicative function).

4. Special language of construction - polystructural language system. Polyfunctional language system should naturally have the property in poly structure in order to ensure various communicative needs.

In the sphere of information technology professional jargon, the following multilayered models were developed:

- First layer - scientific language for the exception of trivial names and general special words.

- Second layer - colloquial spoken language (workshop language, process language, laboratory jargon), which first of all, consists of non-strictly determined professional words and jargons and serves mainly for everyday human intercourse, who works in the same industry sector.

- Third layer - distributive language; It includes sellers' language, commercial language. [2, 52]

5. Lexico-semantic system of language of information technology - differential factor of this functional language. It was substantially organized which determined particular addressing of special speech, forms of its functioning, genre-stylistical variety. Objectifications of content coupled with communicative character of scientific or other type of work required relevant expression means.

Selected texts belonging to this style may have a greater or lesser degree. However, all these texts reveal preferential use of linguistic resources that contribute to meeting the needs of the given sphere of communication.

T.A Kazakova, like many other authors, defines the following characteristic features of the scientific-technical style: informative richness, consistency (strong consistency, a clear link between the main idea and details), the accuracy and

objectivity and the resulting characteristics of the clarity and understandability. She highlights the following features of scientific and technical texts style:

1) In the lexicon it is primarily the use of scientific and technical terminology, and the so-called special vocabulary. Terms are called keywords and phrases denoting specific objects and concepts with which specialists operate certain science or engineering. Much attention is paid to systematic re-created terms. In many areas, there have been developed special rules for the formation of terms to concepts or objects of a certain class. The same purpose is the widespread use of terms, phrases, which are created by adding a term for the generic concept, specifying attributes in order to obtain specific concepts that are directly related to the source.

2) Contribution to the understanding of experts and extensive use of so-called special general technical vocabulary, which also is one of the specific features of the scientific-technical style. This is - the words and combinations that do not have the property of the term to identify the concepts and objects in a certain area, but is used almost exclusively in the field of communication, selected by a narrow circle of specialists, familiar to them, allowing them not to think about the way of expressing thoughts and focus on the fact. Special vocabulary includes all sorts of terms derived from the words used in describing the connections and relationships between concepts and terminology designated objects, their properties and characteristics, as well as a number of nation-wide words used but well-defined combinations, and thus specialized. This vocabulary is usually not recorded in terminological dictionaries, its value is not defined scientific definitions, but it is no less characteristic of the scientific-technical style than terms.

3) The scientific and technical materials used are not just terminology and specialized vocabulary. They found a large number of nation-wide words used in any functional styles. In translating such lexical units a translator of scientific and technical literature faces the same difficulties and applies the same techniques as do his colleagues working in other fields. Found in the scientific and technical materials and lexical items, more typical of colloquial style, the translation which the translator faced with the choice of expressive and stylistic options. Scientific and technical description is often not neutral and objective.

4) The British scientific and technical materials, which exhibit a number of grammatical features. For these materials there is a special characteristic of the definitions and descriptions of real objects by specifying their properties. [3, 84]

The distinctive features of the scientific and technical style are informality (content), logic (strict sequence, clear connection between the main idea and small things), accuracy and truthfulness, and clear differentiation and clarity arising from these features. Individual texts related to this style, to a greater or lesser extent, may have these features. However, in all such texts, there is a predominance of language techniques that contribute to the satisfaction of the need for communication in this area.

Despite the absence of expressive elements that give the language an impressive completeness, accurate and accurate presentation of the material is the main stylistic feature of the scientific and technical text, while the main attention is paid to its

consistent presentation, without paying attention to the impressiveness of the text being presented.

The author of the scientific and technical article tries to exclude the possibility of a free interpretation of the subject subject, which is fundamentally studied, so such words as metaphor, metonymy and other stylistic variables, which are widely used in fiction to give speech an expressive, figurative character, are not used in scientific literature. Authors of scientific works often do not use these expressive techniques, so as not to violate the basic principle of the scientific and technical language, that is, an accurate and clear presentation of thoughts. Of course, this leads to the fact that the scientific and technical text is a somewhat dry text, devoid of elements that give it an impressive character. But it should be noted that no matter how far away the actual scientific technical text is from the language of colloquial speech, which is stylistically rich in various expressive techniques, the scientific technical text contains phraseological phrases of a technical nature, which are somewhat neutral in style.

References:

1. Славгородская Л.В. О логико-смысловых связях в научном диалоге. М.: “Знание”, 1979.
2. Ментруп В. К проблеме лексикографического описания общенародного языка и профессиональных языков: Пер. с англ. М.: Прогресс, 1983.
3. Казакова Т.А. Теория перевода (лингвистические аспекты). СПб.: Союз, 2000.

Scientific supervisor: Master of Humanities Kuchshanova A.N.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ

Тыныштық Н.А., Өтеген А.Ғ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті

Жалпы сатира арқылы халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті қай дәуірде, қай уақыт, қай кезеңде, қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Сатиралық шығармалардың басты ерекшелігі жеңіл юмордан фельетонға дейінгі аралықтардың даму сатысын көрсетеді. Ол жеке адамның басындағы кішкентай кемшіліктерінен бастап, бүкіл қоғамдық проблемаларды сынға алады. Көбінде қозғағалы отырған объектісін тақырыптарынан-ақ анық, оңай байқауға болады.

Қазақ сатирасы халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Ең бірінші, Алдар Көсе туралы аңыз әңгімелерде ащы мысқыл, улы кекесін, сынап-мінеу сарыны басым болса, Қожанасыр туралы күлдіргі әңгімелер юмор, достық рәуіштегі сын, астарлы әзілге құрылып жазылады. Екінші, Тазша бала туралы немесе өтірік өлеңдерде әсірелеу, гротеск тәсілі мол кездеседі және ұлттық

ауыз әдебиетінде ғана кездесетін Шық бермес Шығайбай, Қарабай сияқты сараң байлардың да типтік бейнелері жасалған. Жыраулық поэзия (Шалкиіз Тіленшіұлы, Тәтіқара, Бұқар жырау, Шал ақын, т.б.) өлеңдерінде кездесетін үстем топ өкілдерін сынау, шенеу сарыны Махамбеттің өлең-жырларында өзінің шырқау шыңына жетіп, батыл айыптауға ұласады.

Сатира жөнінде М.Әуезовтің: «Сатира әсте өмір шындығынан тыс тұрған жағдайдан тумайды. Қайта өмірдегі мол міннен, сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен туады. Соларды жиып топтайды да, сатира обобщение жасайды» [1,68],-деген пікір білдірсе, ал Т.Қожакеев болса «Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, үкім айту, адам қиналысын аңдау, адам жүрегінің түкпіріне үңілу, көңілділік пен күрсініс, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Сөйтіп, сатира қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды» [2,7]деген пікір білдіреді.

Әрине, еркіндік, сөз бостандығы жазушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейте түседі. Ал қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік тартыстар да сатириктеріміздің назарынан тыс қалған емес. Дей тұрғанмен халықтық дертке айналып бара жатқан адамзаттық проблемаларды М.Рәштің сатирасынан кең аңғаруға болады. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері қарай, бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда балалар үйіндегі жетімдер жыл санап артып бара жатыр. Сондай қоғамдық маңызды мәселелерді сатирик шығармаларынан байқасақ болады.

Сатиралық шығарманың өзі адам мен адам, адам мен қоғамның өзара қайшылыққа түсуінен туындайды. Айналамыздағы жағымсыз құбылыстар бейне бір маздап тұтана бастаған от сияқты. Белгілі тұлғаның оған қарсы дер кезінде тосқауыл қоярлықтай, қоғамдық пікір туғызатын және оны қайталамауға, одан жиіркенуге шақыратын тілдік құралы. Оған сатирик жазушыларымыздың шығармалары дәлел. Қазақ әдебиеттану ғылымында сатираны, оның негіздері мен дамуын, жанрлық ерекшеліктері мен жүйесін жан-жақты зерттеген ғалым ретінде бірінші кезекте филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев сынды үлкен зерттеушіні атап өту әділдік болар еді. Оның «Сатира негіздері» монографиясы – көп жылдық зерттеудің жемісі. Қазақ сатирасы мен юморының теориялық негіздері мен қалыптасу кезеңдерін саралауда, әлемдік әдеби дәстүрмен сабақтас көкейкесті мәселелері мен жеке авторлар шығармашылықтарындағы көркемдік ізденістерін айқындауда, бүгінгі таңдағы көкейкесті жайларын анықтауда ғалым жүйелі еңбектенді, маңызды ғылыми тұжырымдар жасады

Қазақ сатирасының дамуындағы ерекше кезең 1960-1990 жылдарда қазақ оқырмандарына ана тілінде ұсынылған шығармалардың дені орыс тілінен аударылғандықтан, түпнұсқамен тең дәрежелес тәржімалануы деген шартты түрде алынады. Қашанда автордың өз нұсқасының шоқтығы биік тұрары анық.

Қазіргі қазақ сатирасы жаңа ғасырдың жаңаша талаптарына сәйкес адамды жан-жақты жетілдіруде тәуелсіз еліміздің алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін кесір-кесепаттарға қарсы күресте айбынды қаруға

айналып отыр. Алпысыншы жылдардың орта шеніне дейін поэзиялық сатира алдыңғы қатарда болды, ал одан беріректе прозалық сатираға ойысу, сықақ әңгімелерге бой ұру байқалды. Әрине, сатирада автордың идеясы мен көзқарасы, арманы мен аңсағаны жағымды түрде ашық айтылып, көпке жария етіле бермейді. Әшкереленіп, сықаққа 4 ілінген болмыс құбылыстар оның қарама-қарсы идеалы ретінде түсіндіріледі.

XIX ғасыр сатирасының дамуында әлемдік әдеби дәстүрдің ықпалы, тәжірибесі мол болды. Мұның бір ғана көрінісі – Абай сатирасының көркемдік әлемі. Ұлы ақын сатирасы өзіне дейінгі әдеби дәстүрді жалғастырғанмен, халықтық сипатымен, заманның өткір жайларын қозғауымен, орыс әдебиетінің классикалық үлгісімен нәрленуімен, ақынның биік таным-білігімен жаңа сатыға көтерілді. Біздің пайымдауымызша, Абай – данышпан ақын болуымен қатар ұлы сатирик те. Оның мұндай ұлы сатирик ақынға айналуы – халқын шын сүйген, оның бойындағы мінді көріп, болашағына алаңдаған зор халықтық-қайраткерлік тұлғасымен байланысты. Абай сатирасының объектісі де өз заманының шындығынан туындады. Өз кезеңінің өткір мәселелерін қозғады. Ұлы ақынның сатиралық туындылары туралы ғалым Т.Кәкішев «Абай сатирасында саяси сарыннан гөрі, моралистік сарын басым болды» [3,85] десе, академик Қ.Жұмалиев ақын сатирасының объектісіне былай деп сипаттама береді: «Ақын ең алдымен өз дәуіріндегі және өзінен бұрынғы мәдениетсіздікті, жалқаулықты, ру тартысын, пәлекорлық сықылды оңбағандықты көрді.

Қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдің қатырына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де тұсау болатын, бөгет болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Оларға қаламы арқылы күрес ашты. Оларды қатты шенеп, мысқылдарға айналдырды. Ол әділетсіздік атаулының бәрімен де жалғыз жауласты, ел бойындағы, әсіресе үстем тап адамдарындағы ұсақ, пәлекор мінездерді әшкереледі. Күншілдік, шамасын білмес мақтаншақтық, өтірік, өсек, кербездік, жалқаулық сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі болған. Әсіресе ұлыққа арқа сүйеген пәлекор пысықтардың сұрқиялығы шектен асады» [4,76].

Қазақ сатирасы бүгінгі күнге дейін даму сатыларынан өтіп, тамырын тереңге жайып, өркендеп келеді. Қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік тартыстарды өзінің басты тақырыбы етіп алған. Тәуелсіздік кезеңдегі сатира жанрлық салаларға болініп, жаңа түр, жаңа форма қалыптастырып, өз ауқымын кеңейте түскенін, өз деңгейінде шарықтап өскенін көруге болады. Бүгінгі күннің талабынан шығу үшін сыртқы формасын ғана емес, ішкі мазмұнын да байыта, жандандырып келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан жазушыларының III съезі, 1956, 68-б.
2. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық.- Алматы, «Санат», 1996.- 464 б.
3. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1986.- 432 б.

4. Жұмалиев Қ. «Кектеніп надан зұлымға...» Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1986.- 432 б.

Ғылыми жетекшісі: PhD., доцент Кушқимбаева А.С.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СЕМАНТИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР (экономикалық терминдердің қолдану үлгілері)

Увайсова А., Сәндібек А., Ахмедов А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазіргі қазақ тілінің айналымда жүрген көптеген экономикалық терминдер талдаулар мен түсініктемелер беруді талап етуде. Дегенмен еліміздің экономикасында болып жатқан жаңа экономикалық өзгерістер белгілі бір жағдайларда лингвистикалық интеграцияға түскеннен кейін талдауды қажет етеді. Қазіргі уақытта егеменді Қазақстан Республикасының экономикасы қарқынды дамып, дүниежүзінің басқа да мемлекеттерімен бәсекелестігі артқан кезде өткен уақыттағы экономикалық дамуымызға талдау жасау қажет және жаңаша ойлау тұрғысынан бағалауда бұқаралық-ақпарат құралдарында айтылып жүрген әкімшілік-командылық жүйе, мемлекеттік социализм, казармалық коммунизм және т.б. осы сияқты бағалаулар мен түсініктерге шолу қажеттілігі туындауда. Редистрибуцияның шығу тегі арқылы әр түрлі принципті екі түрде қалыптасқан заттардың алмасуын үрдісін көрсетеді. Мысалы, эквивалентті алмасу - құн заңына негізделген яғни тауар – ақша типі немесе нарық; эквиваленттік емес алмасу - экономикадан тыс әкімшілдік-саяси тәртіппен алу яғни редитрибуция. Редистрибуция - бұл «вертикаль» жүйемен қалыптасқан экономикалық құрылым. Осы редистрибуция – экономикалық құрылым негізінен импульсті түрде, жоғарыдан жіберілетін бұйрықтар, өкілдер мен үндеулер түрінде жұмыс жүргізіледі. Мысалы, команда беру, жоғарыдан төмен түсіру және т.б. Ал төменнен жоғарыға мәлімдемелер жасау, есеп беру, сол еңбек барысындағы жаңашыл бастамалар жоғарыдан берілген дайын үлгі бойынша жүзеге асады. Мысалы, өткен ғасырдың 70 - ші жылдардың Семей облысы, Шұбартау ауданындағы жастардың қой шаруашылығына бару туралы бастамасы, Байкал-Амур темір жол магистралін салу және т.б. айтуға болады. Ал, саясиландырылған – дерективалық экономикадан нарықтық-экономикаға көшуде Кеңес заманы кезіндегі қалыптасқан, дәстүрге айналған нормадан айырылу, кеңес экономикасының құндылықтарынан бас тарту, өте ауыр жағдайда өтті. Нарық экономикасы заманында әрбір адам талдау жасауға, есептеуге, болжам жасауға және осындай күрделі кезеңде заман ағамына қарай өмір сүруге дағдыланды. Жаңа құндылықтар, жаңа табыстарға қас жеткізудің кретерийлері, нарық экономикасы кезіндегі қалыптасқан психология және т.б. өзгерістер жаңа экономикалық стереотиптердің қалыптасуына әсер етті. Мысалы, Кеңес өкіметі кезінде жеке адамдардың сауда жасауы, делдалдық

қызмет көрсетуі сол заманның өміріне қайшы деп есептелінді. Ал қазіргі уақытта «делдал» сөзі іскери сөзге айналып, белгілі бір қоғамдық ортада үнмен әрі белсенді қызмет атқаруда. Мысалы, жұмысқа қабылдау және т.б. арналған, БАҚ- да жарық көрген хабарландырулар мен жарнамаларда : халықаралық бірлескен компания белсенді әрі жігерлі....; белсенді әрі коммуникабельді; белсенді әрі іскерлі; белсенді әрі жаңашыл, еңбексүйгіш, талантты жастарды және т.б. осы сияқты жаңа мағынадағы сөздер мен сөз тіркестерін көруге болады. Сонымен бірге қазіргі баспа сөз беттерінде орыс және ағылшын тілдерінен енген терминдік экономикалық мәні бар сөздер жиі қолданылады.

Мысалы, «TRG Еуро-5 стандартының мұнай өнімдерін өндіруді және жөнелтуді бастады».. «КазМұнайгаз» TRG(The Rompetrot Group) RON-95 марка(жанармай), Total фирма, Petromedia МӨЗ. «КазНет: жаңа даму жолы» МДО- (интернет Дата орталығы) веб-сайт.«ЕҚ»26.12.2008. «Өркениет үрдісінде еліміздің бәсекелестігін арттырайық» КДБ-Лизинг, «ПКФ», ЮТЕКС», «ЕҚ» газ., 20.12.2008. КЕГОС. ҰЭЖ-Ұлттық энергетикалық жүйесі.БЭЖ- біріккен электр энергетикалық жүйесі,ФБТ- фазалы бұрылыстық трансформатор. «ЕҚ»газ., 19.12.2008. ҚСПК - Қазақстанның салыстырмалы педагогика кеңесі. «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ пен «Жетісу» ЗАИБЖҰ акционері жарғылық капиталды ұлғайтады». (ЗАИБЖҰ)- зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымы. «Казкоммерцбанк», Компания Инвест».«ЕҚ» газ., 6.12.2008. «Аффиницирленген алтынның биржалық саудасы өтті». АӨҚО - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы, ҚРҰБ- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі.«ЕҚ» газ., 25.10.2008.

Қазіргі баспасөз беттеріндегі нарық экономикасының термин сөздер мен осы салаға қатысты пайда болған жаңа сөздер бос, таза жерден пайда болған емес. Мұндай кеңес дәуірі кезеңіндегі экономикалық терминдер яғни лексиканың негізінде келіп шығады. Дегенмен сол кездегі «жоспарлы» экономиканың мән-мағынасын білдіру мақсатында қолданылған сөздер тарихи сөздерге айналды. Мысалы, *жоспар, жоспарлау, социалистік жарыс, асыра орындау, бесжылдық және т.б.* Қалған кейбір сөздері жаңа мән-мағынаға, стильдік бояумен реңкте болып отыр. Жаңа заман мен жаңа экономикалық саясаттың кезінде жаңа атауларға ұғым мен мағына беру кезінде әлеуметтік фактор үлкен роль атқарады. Осы жаңа атаулар мен экономикалық мәні бар сөздердің мағыналары тарылып, қолданысы мен белсенділігі бәсеңдей бастайды. Мысалы, кооператор, саудагер және т.б. Сондықтан нақтыланған терминдік сферада өзіне қатысты сөздерді жасау, жаңа терминдерді жасап енгізу үрдісі қалыптаса бастады. Қазақ елінің тәуелсіздігін алған өткен ғасырдың аяғындағы әлеуметтік саяси және қоғамдық өзгерістер қазіргі қазақ тілінің үлгілеріндегі қолданылып келген әр түрлі сферадағы сөздік құрамға өзінің үлкен «төңкерісшіл әсерін» тигізді. Бұл – қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамына, тіл дамуына әсер ететін сыртқы жағдаяттардың, яғни экстралингвистикалық факторлардың әсері болып табылады. Қоғам өзгерісінің, ғылым мен техниканың, мәдениет пен шаруашылық салаларындағы жаңалықтардың негізгі үлгілері еңбек үдерісінің күрделенуі, еңбекке қатысты

мамандықтар мен кәсіптердің құрал-жабдықтардың жаңаша өркендеуінің ықпалынан пайда болды.

Қазіргі қазақ тіліне өз әсерін тигізетін «төңкерісшіл» жағдаят, қоғамдағы жаңаша қарым-қатынастар неологизмдердің, қазақ тілінің үлгісімен жасалған жаңа сөздердің, экономика саласындағы қазақ тілінің қолданысына өз әсерін тигізуде. Осы тілдік әсерлердің, ең алдымен тілге енген кірме сөздердің, экономикалық терминдердің жасалу үлгілері, олардың қолданысы мен оны игеру мәселесі болып отыр. Осындай құбылыстарға талдау жасай келіп, ең алдымен қазақ лексикасындағы семантикалық өзгерістердің үдерісін «қайта құру», басқа тілдерден әсіресе орыс тілінен енген кірме сөздер, экономика саласындағы сөздер «орысша термин» ыңғайында бағаланды. Қазақ тілінің лексикалық жүйесін жаңаша қалыптастыру және ғылым мен техника әр алуан саласының негізгі тілдік тамыры – жаңа сөздерді, яғни экономикалық термин сөздерді төл тіліміздің өз әлеуетіне негіздей отырып жасау қажеттілігі туындады. Сонымен бірге әліпби мен графикаға өзгерістер енгізу туралы айтылып, ұсыныстар жасала бастаған тұста кірме сөздерді «қазақыландыру» бағдары бойынша осы қайта құру «төңкерісшіл» бет бұрыстың екпінімен экономика саласына қатысты сөздердің және терминдердің қазақша үлгілері жасала бастады. Тарихтан белгілі болғандай, сол қоғамдағы көптеген әлеуметтік, мәдени және қоғамдық-саяси өзгерістер көптеген кеңес заманын бейнелеген экономикалық сөздердің қазіргі тілдік айналымда деактуализацияға ұшарағаны байқалуда. Бұл – заңды құбылыс, тілдік үдеріс деп қабылдауымыз қажет. Бұған дәлел, сол кездердегі белсенді қызмет атқарған, қазіргі кезде ондай актуалдығынан айрылған, семантикалық архаизмге айналып бара жатқан сөздер. Кеңес заманы кезеңіндегі «аванс, құн заңы, деколонизация, демпинг, ақша рентасы, КССР-дағы өндірістің заемдік құралдары» деген ұғымдар өзінің актуалдығынан айырылды. Мысалы сол кезеңдегі контексте қолданыста жиі қолданылған «халық шаруашылығын жоспарлы түрде басқару, пропорциональды дамыту заңы, еңбегіне қарай бөлу заңы, социализм кезіндегі баға заңы және т.б.» деп айтылған әрі солай жазылған сөз тіркестері мен сөз үлгілері қазіргі уақытта жаңаша пайымдаулар мен тұжырымдамаларды қажет етіп отыр. Мысалы, «бірлескен компания, қаржы рыногы, акционерлік қоғам, электронды үкімет, инвестиция тарту, ақпараттық-коммуникациялық технология, сапалы экономикалық негіздеме» деген қазақша үлгіде жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық құрылымы айқын көрініп тұр. «Халық шаруашылығын жоспарлау, пропорциональды дамыту заңы, еңбегіне қарай бөлу заңы, социализм кезіндегі баға заңы және т.б.» деген сөздердің мағаналарының белсенділігі төмендеп, бұл үлгілердің өз қызметінің бәсеңдеп, деактуализацияға ұшарай бастады. Сол сияқты «колхоз, совхоз, социалистік жарыс, бесжылдық» деген сөздердің мағынасы, семантикалық өрісі тарылып, оларды қазіргі уақытта еліміздегі әртүрлі компаниялар, холдингтер, ұлттық қорлар, бірлескен кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атауларының алмастырғандығын көреміз. Мысалы, «Богатырь Аксес Көмір» ЖШС –ның жарты акциясы, Холдинг ахуалы талқыланды,

венчурлық қорлар, «Ұлттық инновациялық қор»АҚ, қаржы нарықтарының ретсіз дамуы жағдайларында өткізді, биыл өз кезегінде өңірлік қаржы орталығының стратегиясы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, банктерден алынатын несие, замануи технологиялар. /«ЕҚ»газ/

Бұлар көпшілік жағдайда түсіндірмелі әдіспен, яғни күрделі қазақша атауы қоса көрсетіліп беріледі немесе тексте ең алдымен күрделі атау толық жазылып, оның жаңадан жасалған қысқартылған үлгісі жақша ішінде беріледі де, баяндауда одан әрі қарай күрделі атау түсіріліп, бірыңғай қысқартылған тұлға қолданылады. Сол сияқты *«актив, пассив, аукцион, жалға беру /аренда/, банк, валюта, валюта курсы, ипотека, акционерлік қоғам, үлескерлер, «жылауық үлескерлер», құрылыс бизнесі және т.б.»* деген экономикалық мағынасы мен терминдік мәні басым осындай сөздер қазіргі уақытта жалпы халыққа мағыналары түсінікті әрі күнделікті тілдік айналымда актив қолданылатын сөздер болып табылады. Сонымен бірге және т.б. экономикалық мағынасы мен терминдік мәні басым осындай сөздер сөздер мен сөз тіркестері жарыса қолданылып келеді. Бұл да қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бір семантикалық үрдістердің бір көрінісі деп қарауға болады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің экономика, ғылым мен техника, білім мен мәдениет, мемлекеттік басқару мен бұқаралық ақпарат құралдарында және шаруашылық пен өнеркәсіптің барлық салаларында белсенді қызмет етуіне қажетті алғышарттар жасалған. Бұл күнде республикамыздағы мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшірудің нақты шаралары белгіленіп, кей органдарда іске асырыла бастады. Демек, бұл бағытта «сең қозғалып», сөзден іске көшу кезеңі басталды. Әрине, еліміздің маңызды салаларының бірі – экономика саласындағы мемлекеттік тілдің қолдануында да бірқатар бірлесе шешетін мәселелер аз емес. Маңызды мәселелерінің бірі – терминдердің қазақшаға дұрыс аударылуы. Бұл мәселе төңірегінде біршама жұмыстар жасалып та жатыр. Бірталай терминдер мемлекеттік тілге аударылып, олар қазақ тілінің лексикалық қорына еніп те кетті, яғни лексикаланды. Бірақ кейбір терминдердің қазақша баламасы бола тұрып, әлі күнге шейін ресми тілде қолданылады. Кірме сөздердің ішінде ерекше көзге түсетіні экономикалық атауларға предикаттар үстеу болып отыр. Бұл негізгі үрдістерді көрсетеді. Мысалы, экономикадағы өсу, көбею азайу, төмендеу, құлау, құбылу және т.б. Сол сияқты «экономикалық қосымшаларға» әр түрлі экономикалық қарым-қатынастар жатады. Мысалы, өндіріс - өндіруші, тұтыну - тұтынушы, сатушы-алушы, жеткізу - жеткізуші, тасымал - тасымалдаушы, демеу - демеуші, сақтау - сақтаушы, жалға беру - жалға – алу, эмиссияны жүзеге асыру, несие алу, несие беру, жалдау - жалдап алу, инвестиция - инвестиция тарту, лицензия - лицензия алу, баға - бағалау және т.б. Кешегі халықаралық валюта биржасында АҚШ долларының құлауы байқалды. «ЕҚ»газ., АҚШ долларының мұндай дәрежеге дейін төмендеуін халықаралық саапшылар заңды деп есептейді. «ЕҚ»газ., «Тұран Әлем Банкісі » шақырады. («ЕҚ»газ.) Кірме сөздердің ішінде экономика терминдерінің қолдану аясында өзіне тән ерекшеліктері бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шаденов Ө.Қ., Жүнісов Б.А., Байжомартов Ү.С., Мүсіров Ғ.М. Экономикалық ілімдер тарихы. Алматы – Ақтөбе, 2006 ж.
2. Краткий эконимический словарь. Под редак. Г.А.Козлова, С.В.Первушина. Гос.издат., Москва, 1958 г.
3. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. А., «Қазақстан», 1965 ж.
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А., «Ғылым», 1984 ж.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. (XV-XIX ғасырлар). - Алматы: «Ана тілі», 1993 ж.
6. Қайдаров Ә. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. -Алматы: Ғылым, 1990.
7. Әуезов М.О. Ғылым тілі. - Кітапта: М.О.Әуезов XX том.таңд.шығ.тол. жинағы, 15 –том, мақалалар мен зерттеулер, 1984 ж., 14-15 беттер.
8. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы./Мерзімді баспасөз беттерінен/А.,1973 ж.
9. Айтбаев Ә. Ғылым тілі // Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы: "ГОК-ТИРО" Редакциялық-Баспа орталығы, 1998.
10. Алдашев Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. канд.дисс.автореф. А.,1996 ж.
11. Шнанов Р. Ғылыми стильдің кейбір ерекшеліктері / Қазақ әдебиеті мен әдеби тіл. -Алматы, 1980 ж.
12. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. - Алматы, 1996 ж.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к.,доцент Н.М.Алдашев

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ҚЫРЛАРЫ

Умирзакова Н.А.

unurshat@inbox.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Әдебиет - кей адамның бар өмірінің бөлшегі. Қазақта ақындар көп. Сөзі жеңіл, айтары жоқ, мәні аз. Қазақта ақын қыздар аз – жүрегі әдебиет деп соққан. Қазақта ақын қыз бар – Жанат Әскербекқызы Аймұханбетова.

«Өлең жазылса, оған уақыт та табылады. Қиыны - өленді табу, оған кездесу»,- деп [1] сұқбаттарының бірінде осылай жауап берген ақын, филология ғылымдарының докторы, аудармашы Жанат Әскербекқызының шығармашылық шеберлігі кімді болса да таңқалдырмай қоймасы анық.

Әдебиет - жан дүниесінің алтын қақпасына айналған Жанат Әскербек қазақ арулары да асыл сөзден құр алақан емес екенін дәлелдей білді.

Әлем сүйген ақындардың өлеңін қазақша жырлата білген ақынның шығармашылығын тек өлеңмен ғана шектеп, айту қате пікір. «Ж.Әскербекқызы аударма саласында да жемісті еңбек етіп жүрген майталман аудармашы. Ол қырғыз, орыс ақындарымен қатар өлеңдерінің өлшемі мен мазмұны бөлек ертеректе өмір сүрген жапон ақындарының да біраз шығармаларын қазақша сөйлетті»[2, 99].

Жанымның түкпірінде
Саған деген махаббатым маздаған,
Қайғы мендеп, мұң жұтсам да
Тағдыр бізге кездесуді жазбаған.

Тек алыстан аңсап, соған мәз болам [3, 6]. Орыс тілінен аударылған шығармалар сәтті шыққаны сөзсіз. Құдды ақынның туған талантының жемісі іспетті. «Сакура гүлдегенде» атпен аталған бұл туынды Ж.Әскербекқызының бір емес бірнеше басшылық еткен шығармаларының тұсауын кескендей.

Өлеңдерінің тақырыптық алуандылығы Тарбағатайдың сұлу табиғатымен бірдей. Туған жер, яки атамекен, табиғат лирикасы ақынның арналы тақырыптарының бірі. Әр алуан. Ерекше үйлесім таба білетін Ж.Әскербекқызының өлеңдерінде тілді құбылту және айшықтау тәсілдерін өнімді қолдана білген.

Бағзы заман... шіркін ай, баяғы күн,
Баяғының бар сырын жаяды кім.
Бастауынан адасқан болмысы бар
Біздер үшін баяғы саялы ұғым. [4,7 бет]

Жалғызтал,
Жапанға бітіп, жабықтың ба екен,
Жалғыздық көріп, қамықтың ба екен,
Жапырақтарың жамырай жылап,
Жалғыз жолаушыны налыттың ба екен...
Жанат Әскербекқызы өз өлеңдерінде эпитеттерді өте көп пайдаланған.

ӨЛЕҢГЕ АРЗУ

Аялда, өкпелетсем, кешір, өлең,
Ала кет, не болса да көшіңе ерем.
Түңіліп ақынынан бұ заманның,
Аспанға кетпексің бе, есіл өлең?!

Тұлғанның іші қандай, сырты қандай!
Тұрғанда сол қалпыңды құртып алмай.
Көшсең көш, хас өлеңнің қадіріне
Жете алмай ақындықтың жұрты қалғай. [4,10 бет].

«Ж. Әскербекқызы поэзиясында сыршылдық басым. Ол өзінің басынан өткізген көңіл-күй құбылыстарын әрдайым өзіне ғана тән нақышпен, сезімді қозғайтын нәзік иірімдерді суретті сөзге айналдыруда өзгелерде көп кездесе бермейтін қарама-қайшы құбылыстарды салыстыра суреттеу тәсіліне жиі жүгінеді. Бұны оның осал тұсы емес, керісінше мықтылығы деп бағалау керек. Сол қарама-қайшылықтың әсерінен шындықтың бейнесі айқын да әсем көрінеді. Ж.Әскербекқызының лирикалық қаһарманының бойынан тасыған қуанышты, асқақтаған тәкаппарлықты көп кездестіре алмаймыз. Оның лирикалық «мені» көбіне мұңлы, ойлы, сырын тереңге жасырған жұмбақ сипатта көрініс береді. Ол өзгелерден басқашалау ойлайтын ерекше пайымдауларымен де оқырманын елең еткізіп отыратын шығармашыл тұлға»[3, 98]. Тек ақын ғана емес, аудармашы-ғалым ретінде де Ж.Әскербекқызының шығарашылық тақырыбы әр алуан. Ұлттық рух та, табиғат лирикасы да, ұмытылмас тарихты да өз өлеңдеріне арқау ете білген биік интеллектуальдық қасиетті де бойына сіңірген тұлғаның шығармашылық жолы сөзсіз әдемі.

Тарихты зерделеу кез келген ақынның қолынан келе бермейтін өнер. Келсе де оқырманды ерекше күйге бөлері белгісіз. Ал Жанат ақынның тарихты өлеңмен жырлауы бұл - шедевр.

Ғұн тауы еді паналар жері,
Бөрілер бүгін құрыған.
Тау жүрегі де жарадар ма еді,
Бір үн естимін ұлыған.
...Көне ғұн тауын аңсадым, аға...

Қазақ мифологиясына алғашқылардың бірі болып зерттеу жасаған да Әскербекқызы еді. «Мифтің поэтикадағы қызметі» атты еңбегін ғалымның тың туындысына айналды. Мифтің поэтикадағы қазіргі поэзиядағы қызметін әдебиетімізде әлі ашыла қоймаған тақырыпты өз диссертациясына арқау етті. Сол арқылы ұлттық әдебиеттанудағы әдебиет пен мифологияның ара қатынасындағы мәселелерге өз тарапынан онды баға берді.

Қорыта айтқанда, Жанат Әскербекқызы қазақ поэзиясына, әдебиет, ғылымына өз үлесін қосқан дара стиль иесі. Қалай айтсақ та ақынның шығармашылық әлемі – ең сұлу, ең асқақ һәм қайталанбас шығарма жинағы, әдебиет айнасы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Abai.kz ақпараттық порталы, Жанат Әскербекқызы: «Поэзияға кеуденің керегі жоқ», 2012ж.
2. Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журналы, №6 маусым, 2016ж.
3. Сакура гүлдегенде (жапон поэзиясы) орыс тіліне аударған Жанат Ә..- Астана: аударма, 2010.-192 бет.
4. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Астана, 2015.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Тәшімбаева С.Ж.

М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР ТАҒДЫРЫ

Утеулиев К.К., Тауменова Н.Д.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың шығармаларындағы қиыстыруды, қаншама сөздік қорды, оқиғалардың үйлесімділігін көрген кезде кереметтей жазушыға таң қаласың. Тек осы бір ерекшелігіне сырттай баға бересің. Алайда шығармаға тереңірек үңілген кезде, ондағы оқиғалардың шынтуайтындағы сырын ұғынған кезде еріксіз бас шайқайсың. Осыншама энциклопедия адамның кітап жазудағы әдісі, жан-жақты зерттеуі, үйлесімді түрде оқиғаларды ретімен келтіруінде сөз жоқ. Осы күні Әуезовтың әдіснамасын бейбіт күнде туған кейінгілер сынға да алып жатыр. Олай істейтұғын реті жоқ-ақ. Қылышынан қан тамып тұрған отарлаушы елдің саясатының ықпалымен талай дүниелер орнын таппай қалғаны жасырын емес. Бір Абайды әлемге таныту мақсатында, оның текті әкесі Құнанбай қажыны құрбан етуінде үлкен сыр бар. Мұны бірі жөнімен ұғынғанымен, бірі санасының жеткеніне дейін ғана шолақ ойлап жатады. Тек бір ғана «Абай жолынан» қаншама мысал келтіруге болады.

Ең алдымен, Құнанбай кім? Құнанбай қажы Өскенбайұлы 1804 жылы Шыңғыстаудың бөктеріндегі Ақшоқы қыстауындағы Өскенбай бидің отбасында дүниеге келген. Яғни тышқан жылы. Бір қызығы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дерегіне сүйенсек қажы қой жылында туылған екен. Бізге жеткен мәліметтермен салыстырсақ, 1804 жылдан кері қарай қой жылы – 1799 ал, алға қарай санасақ – 1811 жылды мегзейді. Демек, дәлел мен дәйек нақты емес, қолдағы бары болжам ғана. Сонымен қажының Анасы – Зере. 1785 жылы жалғанның есігін ашқан. Өскенбай бидің бәйбішесі. Азан шақырып қойған есім – Тоқбала. Өскенбай би 5 әйелінен 10 бала сүйген екен. Зереден – Құттымұхамбет (жасында дүниеден озған), Құнанбай, Тайбала атты 3 сәби дүниеге келеді. Зере ананы Ырғызбай жұрты, барша ауыл адамдары «кәрі ана» деп атаған көрінеді. Көз көргендер: Зере ананы «өте сөзге шешен, қисса-дастандарды жатқа білетін, әңгіменің ажарын келтіретін жан еді» деп сипаттайды. 88 жасында дүние салған.

Әкесі – Өскенбай Ырғызбайұлы. Жастайынан зерек, есті болып өседі. Кеңгірбай би Ырғызбай жастай қайтыс болған соң, інісінің орнына осы баласы Өскенбайды сүйеніш еткен-ді. Қартайған кезінде жол өз баласы Ералынікі болса да, батасын беріп, Өскенбайды би сайлайды. Ел аузында «Ісің адал болса, Өскенбайға бар» деген сөз текке айтылмаса керек. Адалдығымен, еліне деген сүйіспеншілігі арқасында бұқара халықтың қошеметіне бөленген. 1850 жылы 72 жасында қайтыс болады.[1]

Осындай шынжырлы әулеттен шыққан Құнанбай «Абай жолындағыдай» кейіпкер емес. Иманына берік жан. Мұхамеджан Тазабековтың:

Кешегі Құнанбайлар бұрқасындай,

Салмақты болған екен кір тасындай.

Арсызға қанша қатты болғанменен,

Халқына болған құстың ұлпасындай[2]-деген өлең жолодарынан қандай адам болғанын аңғару қиын емес. Құнанбайдың бір көзінің соқырлығы оның халқын басқаруда кедергі болмаған. Бірақ жазушы Абайдың өмірі арқылы қазақ халқының тұрмысын, әдеп-ибасын танытуды көздеген. Сол жолда Абай заманында болмаған сюжеттерді қоса отырып, әкесін қарама-қарсы қойған. Құнанбайды ескіліктің көйлегін кигізу арқылы жас Абайды мейлінше қанық суреттеген. Жазушы шығармада жанынан арының садақасын биік көрген толағай тұлғадан алған Абай тәлімінің барлығын шынайы бейнелемейді.

Мұхтар Әуезов өзінің қолжазбасында: «Мен өз жұмысымда, сөз жоқ өзіміздің совет жазушыларының тәжірибесін пайдаландым» деп оқырманға түсінік береді де «бұл ретте мен қоғамдағы ескі мен жаңаның күресі туралы айтқан И.В.Сталин пікірлеріне барымша зер салдым... Абай кезіндегі қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар»[3,108-б]

Жазушының түпкі мақсаты – әке мен баланы бір-бірінен аластату емес-ті. Мұханның жоғарыдағы сөзі – социалистік реализм бағытында қолданған негізгі қаруы. Кеңес идеологиясының ырқынан шыға алмағандықтан алдағы екі жолдың бірін таңдау Мұхаңа ауыр тигені даусыз. Мұнымен Құнекемнің бейнесі түгелімен терістеліп кетпейді ғой. Асан қайғының сөзімен айтқанда: «таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатпайды».

Жаратушының разылығы үшін адамгершілік жолында мал сарып қылған, әділетсіздік атаулының тамырына балта шауып, иманын құрметтеп, насыбай атуға тыйым салған қажы халықтың пайдасы мен қамы үшін, рухани болмысы бөлек тұлғаға айналғанына сеніміміз кәміл. Алайда көшпелі қазақ қоғамының тыныш өмірін бұзған, Абай туардан ілгерірек және қазақ сахарасында болған, елдің жағасын ұстатарлық тарихи трагедия болған-ды. Бұл жағдай кейіннен басқалай бұрмаланып, қалың оқырманға көркемдік шындық тұрғысында берілді. («Абай» романы арқылы) Ол – «Қамқа мен Қодар» оқиғасы. Ел аузы: «Қамқа мен Қодар» зинақорлыққа барған деседі. Қамқа – келіні, Қодар – атасы. Қодардың Құтжан атты ұлы болған, күндердің күнінде бұл баласы ауыр індетке ұшырап о дүниелік болады да кейіннен халық арасында: «келіні мен атасы қосылып жүр» деген сыбыстың оты ұшқындайды. Құнанбай Қодардың қыстауына астыртын жорға Жұмабай секілді шабармандарын жіберіп бүгінгінің тілімен айтқанда барлау жүргізеді. Мәселенің ақ-қарасы ашылғаннан кейін Құнекем Ахмет Ризаның фәтуасын алады. Бір ойландыратыны жазушы эпопеяда екі кейіпкерге жағылған қараны ақтамайды. «Тегі, жиын ішінде бүгін екі сөз ауыздан-ауызға көшкен тәрізді. Екеуі де Қодар сөзі деп айтылған. Біреуі бұрып алған сөз де, біреуі дәл өз сөзі. Соның алғашқысы Қодарды кінәлаушы сөз. Бүгінгі қатал жазаның дәлелі, тірегі. Ол: «Құдай маған қылса, мен Құдайға қылам!» депті деп, өлтірушілердің қайта-қайта айтатын сөзі.»[5,42-бет]

Романдағы күрмеулі ойды Шәкерімнің «Қодардың өлімі» дастаны да қуаттайды:

Арғы атамыз Олжайдан үш болар,
Айдос, Қайдос, Жігітек – міне осылар.
Қайдостың бір баласы Борсақ деген,
Соның бір тұқымы еді батыр Қодар.

Бар еді сол кісінің бір жақсы ұлы,
Қаза жетіп өліпті сол бір жылы.
Жесір қалған келінін Қодар алып,
Қылмайтын істі қылған Құдай құлы.

Жасырмай айта берсем, сөздің шыны –
Құдайға ерегісіп қылды мұны.
«Баламды алсаң, мен де алдым келінімді,
Қане, ата ғой деп қылдым» - дейді осыны, -

деген жолдар келтірілген. Бұл оқиғаның негізі романда былай басталады: «Бірақ энеугіні Құнекең мына Сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны бетіне салық қыпты. Мына кісі төреге насыбайды тастасаңшы дегенде, анау: «Мен насыбайымды тастайын, бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі шашты сайтаныңды сенде тыйсаңшы!» деп, бетінен алыпты дейді. Соған намысы келіп, Құнекеңнің қатуланып отырғаны әлгі ғой, - деді.»[5,26-бет]

Кітапта «Қодар мен Қамқаның» жақындығы төмендегідей суреттелген: «Өзінің әкелік жүрегі өзіне мәлім. Балалық жақындығы Қамқаның да өзіне мәлім – берік. Сол қайғы үстінде күндегі бір-біріне мұң айту, күрсіне отырып зарларын шағу, екеуін әбден келін мен ата халінен кетіріп, ортақ қайғыдағы ене менен келіндей немесе әке мен баладай жақындатқан. Адам мен адам боп танысып, табысқан-ды.»[5,31-бет] Аталмыш кейіпкерлерді кеңестік кезең бейшара, әділетсіздіктің бейкүнә құрбандары етіп бейнелеген. Құнанбайды қатыгез, шарифат үкімдерін жамылып алып, жазықсыз жандардың жанын қиған зұлым етіп көрсеткен. Ал бұл оқиға романда Абай қаладан Шыңғысқа қайтып келген уақытта 13 жасар бала кейпінде куә болады. Түптеп келгенде бұл оқиға Абайдан ілгерірек заманда болған екен, шамамен 1834-1840 жылдары. Романды оқып отырсақ, бұл деректердің тарихи шындықпен жанаспайтындығын көреміз.

Қорытындылай келе, цензураның ықпалы әсерінен жазушы үлкен тәуекелділікке барған. Жалпы сол кездегі адуынды кеңес жазушылары танытқысы келген идеясын осылайша бұрмалап жазған. Себебі қазақылықты дәріптеу бар жерде, ешқандай дүние жарық көрмейтін болған. Отарлаушы елдің негізгі миссиясы да дәстүрімізді осындай теріс жағынан көрсету. 1583 жылы Хақназар хан тұсынан бастап елші жіберіп, мәдениетіміздегі танып-білудегі басты ойы –қазақты түп-тамырымен жою. «Отарланушы елдің тарихын отарлаушы ел жазады» дегендей бізге белгілі мұрамыздың барлығын жат қылып, мәдениеттен ада етіп көрсетуіндегі мән осы. Бірақ шын талант қалыпқа сыймайтыны рас. Ол кездегі негізгі ақпарат құралы кітап болған себепті қазақ

жұртына осылайша бұрмаланып жетті. Бұл – шынайы талант иесіне ғана тән қасиет. Осы тұрғыдан алғанда Мұхтар Омарханұлы Әуезовті жазушылардың шыңына қоюға болады. Әрбір оқырман қайсыбір шығарманы оқымас бұрын жан-жақты зерттеп алғаны дұрыс. Бірде Шыңғыс Айтматов өзінің естелігінде Мәскеуге баратын кезінен мәлімет келтіреді. Онда Мұхтар Әуезов ұшаққа мінбес бұрын Құнанбай бейітінің басына барып, ұзақ уақыт жасқа ерік беріп, қалың ойға шомады. Өзінің айыбын сезінгендей кейіпте басын төменге салып, дұға бағыштайды. Демек, Құнанбай бейнесі тек шығарманы танытуға бағытталған образ. Оның ақиқатында қандай адам болғанына тарих куә, жылуын сезінген жұрты куә. Әуезов шығармаларындағы осындай шытырман тұстардың барлығы бір Абай өмір сүрген кезеңде болмаған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://stud.kz/referat/show/97669>
2. <https://www.zharar.com/kz/olen/5213-islam.html>
3. Тұрсын Жұртбай «Құнанбай» Алматы «Алаш» 2004
4. Мұхтар Әуезов «Он екінші том» Алматы «Жазушы» 1969
5. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» 1-2 том Алматы «Жазушы» 2002

Ғылыми жетекші: PhD., доцент Кушкимбаева А.С.

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ЛИНГВОКОНЦЕПТОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ КІСІ АТТАРЫ («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы есімдер)

Үсенова Г., Нұрболатқызы Ф., Сағынова А.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: қазақ эпосындағы кісі аттары қалыптасуының ғасырлар бойы қалыптасып, халық арасында кеңінен тараған батырлық эпостар мен лиро-эпикалық дастандардағы кісі, ру-тайпа аттарын лингвомөдени зерттеудің ономастикасаласындағы орны бөлек. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері эпос антропонимдеріне тән ерекшелік - олардың көнелігі. Қазақ эпосындағы кісі аттары эпос топонимиясы мен антропонимиясының басқа салаларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері көп. Қазақ эпосымен, этникалық мәдениетімен тікелей байланысты, қазақ топырағында дүниеге келіп, халық арасына кеңінен тараған, тіпті Қазақстаннан тыс көршілес өлкелерге де жайышқан эпостардың бірі - “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”. Профессор Е.Қ.Жұбановтың тұжырымдауынша қазақ эпосындағы кісі аттары адам немесе адамға қарата айтылған кейбір ономастикалық атаулар қазақ эпостарының негізгі идеялық мазмұнымен астасып жатады. Академик- жазушы М. Әуезов : «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында ғибрат беру сарыны күшті. Қаһармандарының бір парасы

жамандықтың үлгісі болса, екінші парасы жақсылықтың үлгісі болып көрсетіледі. Қатты Қарабай, жауыз Қодар, сұм мыстан, Сасан би, опасыз жеңге — зұлымдықтың жоқшылары болса, Қозы, Баян, Айбас, Ай, Таңсық ізгіліктің, әділеттің жоқшылары. Жырда жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы суреттеледі», - деп жазған ғылыми тұжырымдамасықарама-қарсы екі күштің шендесуі жырдағы Қарабай мен Сарыбайдың аттарынан да байқалады деп есептейді. Бұл атаулардағы кара - жаманшылықтың символы болса, сары - жақсылықтың нышаны болуы тиіс. Ал бұлардың соңындағы *бай* қосымшасы кейіннен қосылған титулдеп есептеген профессор Е.Қ.Жұбанов жырдың Радлов жазып алған нұсқасында бұл екі кейіпкер - *бай* емес, *хан* деп аталады деп көрсетеді: «Қара хан, Сары хандай бай өтіпті, Екеуі заманында болып орай.» Эпос тілін зерттеуші ғалымдар Ә.Қайдар, Е.Жұбанов, А.Мұқатаева мынандай ерекшелікті атап өтеді: Мәселен, «Қозы Көрпеш поэмасындағы кездесетін мына есімдер: Таңсық, Айбас, Кодар, Қарақатын, Бұланқара, Нұрқара, Көсемсары, Ай, Күлік, Шақшақ т.б. бүгінде қолданылмайды, не сирек кездеседі.

Қазақ эпостарындағы кісі аттарының ерекшелігі көп жағдайда кейіпкер, есімдерінің алдынан да, артынан да (препозитивті, постпозитивті) анықтауыштардың қолданылуы: Қозы Көрпеш, Қарахан, Сары хан (Қарабай, Сарыбайдың варианттары), Қыз Жібек, Ер Тарғын. Оның дәлелдері ретінде Ә.Бөкейхановтың, Х.Досмұхамедовтің, М.Әуезовтің, Ә.Қоңыратбаевтың пікірлерін айтуға болады. Мысалы, Гүлбаршын атының этимологиясы туралы пікірлер әртүрлі. Оны парчин (парча - мата атауы) деп ұғынатындар бар, қыздардың сұлулығын, нәзіктігін гүл, жібекке теңеу түркі тайпаларында кең етек алған үрдіс десек, бұл пайымдаудың лингвомәдени негізі болуға тиіс. Сол сияқты антропонимдік тұлғадағы көне атауды бір ғана эпитет деңгейінде ұғыну жеткіліксіз болар еді. Оның (баршынның) «көк» деген мәнін де назардан тыс қалдыруға болмайды.[11] Сол сияқты академик Ә.Марғұланның анықтаған шежірелік деректеріне сүйеніп, Алпамыс антропонимін де лингвомәдени негізде анықтауға талпыныс жасауға болады: «Алып мамыш».[2] Профессор Е.Жұбанов «Қобыланды» сөзінің этимологиясын Қобылан + ды < құба + оғлан деп қарайды.[1.2.] Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: қазақ эпосындағы кісі аттары «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырын да ерекше орын алады. Сондай ерекше есімдердің бірі - жырдағы символикалық мәні бар — Қозы Көрпеш. Қазақ эпосындағы кісі аттары туралы айтқанда қосақталып жүретін атауларды айтуға болады. Мысалы, Қозының есіміне қосақталып жүрген «Көрпеш» дейтін метафоралық айқындаушы осы жайдан хабар беріп тұр. [1.2] Зерттеуші – ғалым Ә. Қоңыратбаев *Қозы* деген сөздің түпкі төркіні «қой» атынан шықпаса керек деп жазады.[1.2] Профессор Е.Қ.Жұбанов бұл аттың алтайларда *Қозюке*, *Қозын* бізде *Қозы*, *Қозыке* болса, ұйғырларда «Бози Көрпеш» болып айтылуына қарап, зерттеуші қазақтың «Боз жігіт», өзбектің «Боз ұғлан» дейтін қиссаларындағы «боз» сөзі де осы «қозы» атауымен түбірлес деп есептейді. Содан келіп, «боз» элементі әуел баста «ғуз» («ұғыз»), кейде «ғұр» сөзінен туған сияқты, «Дозы» да басында осы *ғуз*, *ғузан*,

гү- зан -хан, гүзақ (ғизақ), гызай (қазақ) сөздерімен байланысты болған ба дейміз деп жорамалдайды. [2] Яғни бір кездегі «Боз» кейін келе «Дозы» болып, одан тағы да сол ертедегі гүз, гүр атауларына жанасқан деу үшін толып жатқан дыбыс алмасуларды фонетикалық заадылықтар тұрғысынан қисындап шығу қажет. Немесе «ұғлан» сөзі бұрын «батыр» дегенді білдірген, мысалы, Көрұғлы — ұлы батыр, Гурхан дегеннен шыққан дей тұра Гурхан деген де солай деп жазады. Ал *Гурхан* сөзінің құрамында *ұғлан* деген атау жоқ. *Ұғлан* сөзі әрдайым батыр дегенді білдірмейді, оның негізгі мағынасы - бала, ұл. *Қозы* халықтың жақсы эмоциямен «қоз» сөзіне қосылып, күрделі есім жасап тұрған «көрпеш» сөзі қозының жайсыз туғанын білдіреді.[1] А.М.Щербак әзербайжан сөзінде «корпа» сөзі туғанына он күн болған қозы деген мағынаны білдіретінін айтады.[2]ол қазақ тіліндегі «көпей, көбе, көрпеш» диалектілік сипаты бар «көбе, көрпелдеш» деген мал атауларын қырғыздың «көрпең» сөзімен салыстырып келтірген. Қазақ тілінің диалектологиясына қатысты материалдарда және ауыз әдебиетінде осы сөздерді көптеп кездестіруге болады.«Көрпеш» сөзі Маңғыстау облысы,бұрынғы Гурьев,қазіргі Атырау облысынан да жазылып алынған. Алматы облысының Қоғалы ауданынан жазылған *көрпелдеш* тұлғасыда бар. Қарақалпақ тілінде *көрпеш* сөзі малға ғана айтылмайды, кой қамайтын *қотан* дегенді де білдіреді.[8.9]Жырда кейде «көрпештің» орынына «көрпелдес» сөзі де айтылады. Сондай – ақ мезгілсіз туылған ешкі, бұзауларды «көрпе» деп атаған. Алматы облысында жазылған диалектілерде жоңышқаның үшінші орындысы «көрпекөк» деп аталады.[8.9] «Көк майса» мағынасында «көрпе» сөзі түрікмен тілінде де айтылады.[3.4.]Жырда бұлардан басқа да адам аттары кездеседі. Жырды зерттеуші ғалымдар олардың көпшілігі оқиғаға жанамалап қатысатын бөгде кейіпкерлер болғандықтан эпостың идеялық мазмұнымен ол есімдердің аралығында тікелей мән, астарлы мағына жоқ секілдідеп есептейді.[1.2.3.4.] Сол секілді жырдағы «ысты», «тілеу», «жаңыс», «шеркеш», «ноғайлы», «түрікмен», «қазақ», «қалмақ» сөздерінің этнонимиялық сипаты болағанымен, жырдың тарихына қатысты типогониялық мән байқалады. [9.11] Сөз соңында айтарымыз,қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері:қазақ эпосындағы кісі аттарықалыптасуының ерекшеліктерін өз алдына зерттеу қажеттігі сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Е.Қ. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Монография. "Ғылым". Алматы, 1996. Жалпы редакциясын қараған проф. М.Арынов.
2. Жұбанов Е.Қ. Эпос тілініңөрнектері. Монография. "Ғылым". Алматы, 1978. Редакторы акад. І. Кеңесбаев.
3. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. "Ғылым". Алматы, 1989. Жауапты редакторы - Е. Жұбанов.
4. Жұбанов Е., Малбақов М. «ҚозыКөрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы. Алматы, «Ғылым», 1994ж.
5. «Толғауы тоқсан қызыл тіл... (Лингво – мәдениеттанымының

- көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер) Жалпы редакциясын басқарған проф. К.К.Кенжебаев. Ақтөбе. 2010 ж.
6. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, Алматы. - 2001. - № 4. - 39-43 б.
 7. Аманжолов С. Вопросы диалектологии истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 392.
 8. Қалиев Ғ. Арал говоруның кейбір ерекшеліктері. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1953. 143-б.
 9. Болатов Ж. Аякөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Қазақ диалектологиясы. 1-шығуы. Алматы, 1955. 64-б.
 10. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. - Алматы: 2006. Арыс, 2006, - 277б.
 11. Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік. Алматы, 2010.
 12. Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер. Кан.дисс.автор. А., 1995.
 13. Ахметов Ә. Табу мен эффемизм. А., 2002.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Н.М.Алдашев

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ БОЛЫМСЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Шамығұлова Б.Қ.

akbaton_1990@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тілдегі болымсыздық категориясы жалпы тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Ол ең алдымен мазмұн мен форманың арақатынасы, дәлірек айтқанда сөйлем құрылымы, сөйлемдегі негізгі ойды білдіреді. Ұзақ уақыт бойы теріске шығару формальды логика мен лингвистиканың зерттеу нысаны болды. Дегенмен, болымсыздық, теріске шығару мәселелері әлі де жеткілікті зерттелген жоқ. Осы тұрғыда болымсыздық категориясын және оның ерекшеліктерін зерттеген, қарастырған бірқатар зерттеулерге тоқталып өтейік [1, 3 б.].

Болымсыздық категориясының тарихы тереңде және әрқашан ғалымдардың назарын аударған. Болымсыздық ғылымның әртүрлі салаларында зерттеу нысаны болып табылады: ресми логика, философия, лингвистика. Болымсыздық категориясын ұғынудағы құбылыс белгілі бір ғылымға тән ерекшеліктер тұрғысынан түсіндіріледі. Тіл білімінде болымсыздық категориясы маңызды рөл атқарады және сөйлемдегі мағынаның құрамдас бөлігін, нақты әрі шынайы өмірде кездеспейтін сөйлем элементтері арасында қалыптасқан байланысты немесе оған қарама-қарсы мәлімдемені сөйлеуші жалған деп қабылдауын білдіреді. Әр түрлі формада болымсыздық категориясы

әлемнің барлық тілдерінде кездеседі және негізінен сөйлемдерде көрінеді. Болымсыздық шындық пен оған қарама-қайшылықты басты назарға ала отырып, мәлімдемеге жаңа нақты реңк береді [2, 3б.].

Болымсыздық (ағылш. *negation*) лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік және тілдің басқа құралдарын қолдана отырып, сөйлеу элементтері арасында орнатылған байланыстың шын мәнінде болмауын білдіреді. О. Ахманова өзінің «Лингвистикалық терминдер сөздігі» атты еңбегінде болымсыздық терминінің мағынасын ашып көрсетеді, оның классификациясын анықтайды. Абсолютті болымсыздық (ағылш. *absolute negation*) - жалпы мазмұнға қатысты теріске шығару. Қосарлы болымсыздық (ағылш. *double negation*)- бір мәлімдеменің құрамында екі рет айтылған теріске шығару; етістіктің аффективті және теріс формаларын саралау нәтижесінде кейбір әдеби тілдердің, мысалы, ағылшын тілінің ережелеріне жол бермей, сөйлемнің екі мүшесінде болымсыздықты қайталау. Логикалық болымсыздық (ағылш. *logical negation*) - логикалық-математикалық мағынада теріске шығару, соған сәйкес теріске шығарудың екі еселенуі өзара жойылады. Мысалы, ағылш. *infrequently = often*; қаз. *ол маған жағымсыз емес, таңданбауға болмайды = таңқалу* деген мағыналарды білдіреді. Көптүрлі болымсыздық (ағылш. *multiple negation*) – сөйлемнің барлық мүшелерінде кездесетін болымсыздықтың түрі. Мысалы, қаз. *ешкім ештеңе көрмеді*. Жалғаспалы болымсыздық (ағылш. *resumptive negation*) - таутологиялық одақтық сөйлемнің бөлігі болып табылатын болымсыздық. Мысалы, ағылш. *He will not write poetry, nor will he read it any more*. Қарапайым болымсыздық (ағылш. *Simple negation*) – бір реттік қолданылған болымсыздық. Мысалы, қаз. *Ол келген жоқ немесе Ол келмеді*. Синтактикалық болымсыздық (ағылш. *syntactic negation*) - просодикалық құралдармен көрсетілген теріске шығару, мысалы, риторикалық сұрақ түріндегі болымсыздық. Сөздік болымсыздық (ағылш. *negation*) - лексикалық бірліктермен көрсетілген теріске шығару [3, 292б.].

Болымсыздық аймағы кең тілдік негізге сүйенеді. Болымсыз сөйлем "теріс конституенттердің оң ұсынысына қосу арқылы немесе оң ұсыныстың координаталық-аймақтық компонентін жою арқылы жасалады [4, 20 б.].

Қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздық мәселесі түркі тілдерінде де күрделі проблемалардың біріне саналады. А. Байтұрсынов еңбегінде жалаң, жайылма, болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлем және құрмалас сөйлем түрлерін бөліп қарастырады. Автор сөйлемдердің түрін жеке бөліп қарастырғанымен, етістікті, есімді сөйлем түрлері туралы пікір қозғамайды. Соның ішінде болымсыз сөйлемге тоқталсақ. Болымсыз сөйлем: *Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес* деген сөйлемде мұрат емес, ұят емес зат есімдері мен болымсыз етістік арқылы жасалған құрама баяндауыштар сөйлемді тиянақтап тұр. Сондай-ақ келесі мысалдардан да болымсыздықты көруге болады: *Поэзия – ажарлап құраған сөз тізбегі емес...* (Т. Нұртазин). *Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ* (Мақал) [5, 10 б.].

Қазақ тілі грамматикасындағы етістіктің болымды түрі етістіктің түбір, туынды және күрделі түрлері арқылы берілсе, болымсыз түрі сол тұлғаларға белгілі бір грамматикалық көрсеткіштердің жалғануы арқылы беріледі. Етістіктің болымсыз мағынасы *-ma/-me, ba/-be, na/-ne* жұрнақтарының жалғануы және етістіктің есімше, көсемше тұлғаларына *емес, жоқ* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *барма, барған жоқ, барған емес, барғысы келмеді, т.б.* Тілде болымды мағынаның болымсыз тұлғалар арқылы берілетін жағдайлары да кездеседі. Мысалы: *айтпады емес, көрмейді емес* деген тіркестер арқылы, етістік түбіріне болымсыз етістіктің жұрнағы мен болымсыз мағына білдіретін *емес* сөзі тіркесіп тұрғанымен, *айтты, айтып бақты, көретін* деген болымды мағына берілген. Болымдылық-болымсыздық категориясы өзіндік грамматикалық мағынасы және сол мағынаны білдіретін арнаулы грамматикалық формалары бар, жалпы етістікке қатысты грамматикалық категориялардың бірі болып табылады [6, 82 б.].

Ағылшын тіліндегі көптеген зерттеулерде теріске шығару саласы келесі компоненттердің жиынтығы ретінде көрсетілген:

1. "not" бөлшегі;
2. "no" есімдігі;
3. болымсыз есімдіктер мен үстеулер (*nobody, no one, nothing, nowhere, neither, hardly, rarely және т.б.*);
4. привативті фразеологиялық бірліктер (*be in someone 's bad book, close one' s eyes to something, get one 's marching orders, go back one' s word, turn a deaf ear to something, dig one ' s own grave және т.б.*);
5. болымсыз мәннің префикстері мен жұрнақтары (*a-, un-, non-, im-, ir-, il-, -les және т.б.*);
6. привативті етістіктер (*reject, refuse, fail, lock, object және т.б.*).

Ф.Гусейнова өз зерттеуінде ағылшын тілінің құрылымын әртүрлі лингвистикалық байланыстар ретінде ұсыну арқылы болымсыздық категориясын келесідей бейнелейді:

1. «not» бөлшегі (кейбір әдеби ресурстарда «not» бөлшегі қате түсіндіріледі) және оның байланысты аймақтары – *not any, not of course, not certainly, not anot her, not at all, more often than not, last but not least, not worth....., not even, not as...as, not far, not a bit, not until, like as not, not as I do, not to worry*)

2. бас тарту есімдіктері және бірқатар есімдіктер: *-nobody, no one, nothing, never, nevermore, never-theless, nowhere және т.б.*;

3. «жоқ» модальды сөзі;

4. *lack, fail, hardly, empty, rarely, seldom, free, reject, fewer than, odd, refuse* және т. б. осыған ұқсас негізгі компоненттер;

5. болымсыз тұрақты сөз тіркестері немесе фразеологиялық болымсыз тіркестер – *Never trouble trouble until trouble troubles you!, Tomorrow never comes, Lightning never strikes twice, Nothing is certain but death and takes* және т.б.;

6. «neither ... nor» шылауы;

7. Бас тарту аффикстері: *not-, un-, ab-, mis-, dis-, de-, ir-, im-, in-, il-, a-, -less*. Мысалы, *irregular, illegal, misunderstand, unhappy, dishonest, impossible, salt less, nontaxable, incorrect* және т. б.;

8. Привативті етістіктер және привативті тұрақты сөз тіркестер (*reject, refuse, deny, lack, omit*);

9. Риторикалық сұрақтар мен императивті сөйлемдер – *who wants to fail?, Who knows / cares?*

10. Экспрессивті-ирониялық формулалар: *What sort of a fortress, it is!, The fuss they made!, A fine daughter you raised!, The clothes she wears!, Much I care!*

11. Күрделі ұсыныстардың транспозициясы, мысалы, *I wish I had won the game. We played hard but we lost versus. It is false that this man is not caught red handed. It is not false that this man is caught red handed* [7, 126 б.].

Теріске шығару категориясында теріске шығару элементтері күрделі семантикалық және функционалды-прагматикалық жағдайлар аясында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оған сәйкес келетін логика категориясын толық көрсете отырып, лингвистикалық құралдарды құрылымдық-семантикалық және коммуникативті прагматикалық зерттеу талабы туындайды. Теріске шығару ағылшын тіліндегі синтаксистік процестердің алғашқы ассимиляциясын үйренудің тамаша саласы болып табылады, өйткені оның ана тілінде дамуы реттелген және жақсы құжатталған схемаға сәйкес келеді [8, 137 б.].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі болымсыздық категориясын қарастыра келе синтактикалық және семантикалық айырмашылықтар мен ұқсастықтарды көруге болады. Қазақ тілінде етістіктің болымсыз мағынасы *-ма/-ме, ба/-бе, на/-не* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалса, ағылшын тілінде *not* бөлшегі және *no* есімдігі арқылы жасалады. Бұл қазақ тіліндегі етістіктің есімше, көсемше тұлғаларына *емес, жоқ* сөздерінің тіркесуіне ұқсас келеді. Ағылшын тіліндегі болымсыз есімдіктер мен үстеулер (*nobody, no one, nothing, nowhere, neither, hardly, rarely* және т.б.) қазақ тілінде де кездеседі. Мысалы, *ешкім, ештеңе, ешқайда, ешнәрсе* және т.б.

Түйіндей келе, болымсыздық категориясының түрлері зерттеу еңбектері мен оқулықтарда берілген үлгілерінен әлдеқайда күрделірек көрінеді. Олардың көбісі шақ түрлерінің болымды тұлғасындағы ұғымының болымсыз мәнін бере бермейді. Яғни, осы күнге дейін зерттеліп келген болымсыздық категориялары күнделікті қолданыста көрініс таба бермейтіндігіне назар аударуға тура келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бондаренко В.Н. Отрицание как логико-грамматическая категория. – Наука, 1983.
2. Соловьева В.И. Отрицание как лексико-грамматическая категория в современном английском языке (на материале произведений С. Шелдона). – 2018.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Рипол Классик, 2013.

4. Орлова М.Н. О лингвистической сущности отрицания и типах отрицательных предложений в русском языке. – Уфа, 1973.
5. Борібаева С.Б. "Абай жолы" роман-эпопеясындағы есімді сөйлемдер: монография. – Симферополь, 2012
6. Сыздықова Г.О. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. - Алматы, 2012
7. Гусейнова Ф. Болымсыздық категориясының ағылшын тіліндегі қолданылу принциптері. - Евразийский журнал филологии: Наука и Образование, 2020.
8. Милон Дж. П. Развитие отрицания в английском языке у изучающего второй язык. - TESOL quarterly, 1974.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Тектігүл Ж.О.

К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ РОК-МУЗЫКИ В КАЗАХСТАНЕ

Шаңдыбай М.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Ярким культурным музыкальным явлением 20 века стала рок-музыка, под которой обычно понимается «эксцентрическая эстрадная музыка, насыщенная социально-драматической экспрессией, исполняемая в быстрых ритмах, чаще на электронных инструментах, с участием голоса (голосов)» [1, 437].

«Большой энциклопедический словарь» дает более полное определение рок-музыке: «(англ. Rock music от rock – качаться, трястись), тип современной поп-музыки, ведущий свое происхождение от песенно-танцевальных жанров негритянского городского фольклора 1920-30-х гг., ритм-энд-блюза и рок-н-ролла. Важными характеристиками рок-музыки являются ее социальные функции, формы бытования, техническое оснащение. С музыкальной стороны наиболее характерными ее признаками можно считать наличие в ней трансформированных элементов блюза в сочетании со специфической ритмикой» [2].

Особую популярность этому виду музыки принесла легендарная ливерпульская четверка. Композиции супер популярной британской рок-группы The Beatles положили начало признания рок-музыки в мировом масштабе. Песни The Beatles не смог сдержать даже «железный занавес», разделявший СССР с другим миром. Новый музыкальный жанр покоряет просторы Советского союза, и в 1960-годы появляются первые советские рок-группы. Рок-музыка воспринималась в то время как вызов официальной культуре, когда со сцен страны Советов звучали песни в исполнении Клавдии Шульженко, Марка Бернеса, Георга Отса, Людмилы Зыкиной, Эдиты Пьехи и др. Среди вокально-инструментальных ансамблей были популярны «Самоцветы», «Ариэль», «Синяя птица», «Песняры», «Поющие сердца» и пр.

Рок на фоне патриотической официальной музыки, естественно, воспринимался как некий хаос, как громкое «нет» установленному порядку коммунистов. Получила популярность рок-музыка и в советском Казахстане. Конечно, поэзию музыкантов сдерживала цензура, номенклатурная власть, но тем не менее рок получил широкое распространение в Алматы, Караганде, Целинограде, Актюбинске и многих других городах КазССР.

В эпоху перестройки и гласности, в 1980-х в начале 1990-х годах, рок-музыка была на особом подъеме. Этому способствовали чувство независимости, свобода печати, это открывало новые границы для рока.

В это время власти не накладывают особых ограничений на организацию выступлений и содержание песен рок-исполнителей.

Казахстан не стал исключением: рок приобретает все больше поклонников, образуются новые группы, открываются рок-н-ролл-клубы. 1980-е - начало 1990-х годов время взлета рок-музыки в Казахстане. Так, в культурном центре республики, в городе Алма-Ата, создавались местные рок-н-ролл-группы, такие как: «Триумвират», «Акцент», «Альтернативная космонавтика», «Молот ведьм», «Черный принц» и многие другие.

Основными рок-городами страны считаются Алматы, Караганда и Павлодар. Южная столица Казахстана является одним из самых крупных музыкальных городов в стране. Рок-музыкантов в Алматы можно встретить на каждом шагу, имеется даже собственный «Арбат», где проходят спонтанные концерты групп.

В 1980-е в Алматы проходит ряд больших музыкальных фестивалей. Они, конечно, значительно скромнее, нежели в соседней Российской Федерации, но также имеют довольно активных и верных поклонников, приезжающих со всего Казахстана.

Особо из казахстанских выделяется рок-группа «Субкультура» из Усть-Каменогорска, деятельность которой началась 28 лет назад. Участник группы Владислав Яборов говорит, что рок был всегда для души, т.к. заработать на роке в Казахстане как тогда было невозможно, так и сейчас – весьма нелегко. «Мы лишь недавно начали рассматривать собственную деятельность как работу, где можно прилично заработать. До этого музыка была не более чем увлечением, хобби», – заявляет певец [1].

Группа «Субкультура» и в настоящее время имеет своего слушателя, активно продолжает свою музыкальную деятельность. У них есть около 20 альбомов. Выступая на сценах не только Казахстана, но и России, «Субкультура» имела огромную честь выступать на одной сцене с такими популярными группами как «Агата Кристи», «Чай», «Lumen» и «Калинов Мост». Своеобразный стиль исполнения данной рок-группы дает возможность им находить своих поклонников везде и в достаточном количестве. Помимо таких жанров как этно, фолк, рок, в творчестве группы можно встретить и мелодичные композиции.

Привлекли к себе внимание публики и такие казахстанские группы, как: «Мотор-Роллер», «Fridays», «Blus Motel» из Алма-Аты, группа «Cry Baby» из Караганды, актюбинская рок-группа «Адаптация» и другие.

Конечно, каждая из вышеупомянутых рок-групп заслуживает особого внимания к своему творчеству.

История группы «Мотор-роллер» началась еще в далеких 90-х годах, на сегодняшний день это одна из признанных групп в Казахстане. Творчество рок-группы покоряло публику не только в Казахстане, но и было достаточно популярно на России. В частности, их произведение, под названием «Песня о войне» и способствовало особой популярности «Мотор-роллера». Музыкальный клип, снятый на вышеупомянутую песню в 2010 году, всего за два дня набрал более чем 150 000 просмотров. Стоит упомянуть об их легендарной победе во всероссийском конкурсе, посвященном дню Великой Победы.

Особо следует отметить алматинскую рок-группу «Holy Dragons», которая с 1992 года первоначально выступала под названием «Святые драконы». Состав группы довольно часто менялся, однако это никак не сказалось на качестве и оригинальности их творчества. Музыкальная карьера группы ознаменовалась записью 17 альбомов, а самый последний из них выпущен в 2016 году. К слову, этот альбом был записан в результате сотрудничества с Pitch Black records. Рок-группа «Святые драконы» в основном придерживается направления хеви-метал.

В Караганде есть также еще одна рок-группа, покоряющая музыкальную сцену с 2009 года. Юный состав группы «Fugawz» с первых своих выступлений привлек довольно широкую аудиторию, группе также принесли известность выступления на казахстанском радио. Первый альбом группы был выпущен еще в 2012-м году, под названием «Один». В 2015 году появляется второй альбом, известный под названием «Музыка». Более того, данная рок-группа сняла еще два видеоклипа. Репертуар группы разнообразный: от альтернативного рока до отдельных музыкальных предпочтений каждого из участников.

Невозможно говорить о казахстанском роке без упоминания о творчестве алматинской «Эклетики». Фишкой группы является эмоциональная виртуозная игра на гитаре. Рок-группа сложилась еще в начале 2000-х годов и сразу привлекла внимание ценителей рока своим необычным направлением. Исполнители сочетают гранжу с брит-попом, в результате чего композиции группы отличаются эмоциональностью и душевностью, что не оставляет равнодушным ни одного слушателя.

Казахстанский рок ширится и развивается, он выходит за рамки одной страны, находит свою аудиторию за пределами республики. Ярким примером могут служить творческие судьбы групп «Адаптация», «Cardio Beat» и др. Свою публику эти группы завоевали в России. Так, актюбинская «Адаптация» получила признание в Санкт-Петербурге, а алматинская «Cardio Beat» – в Москве. Основателем и солистом группы «Cardio Beat» (2000 г.) стал Владимир

Золотухин, а группу «Адаптацию» (1992 г.) возглавил и вдохновлял Ермен «Анти» Ержанов.

Творчество не всех рок-групп можно назвать самобытным. Не каждая группа создает что-то значимое, индивидуальное в области музыки и поэзии. Обычно, рок-группы выступают в клубах и ресторанах, чаще всего исполняя на заказ публики мировые рок-хиты, и намного реже собственные произведения. Поэтому естественен вопрос о том, существует ли казахстанский рок в наше время? Согласно мнению социолога, ученого Евразийского гуманитарного института города Нур-Султан Александра Тесленко, казахстанские субкультуры, в том числе музыкальные, до сих пор остаются второстепенными. «Мы ничего пока собственного никак не творим и вряд ли в ближайшем будущем создадим. Мы вступили во всемирное пространство и пока являемся пассивными пользователями, покупателями каких-либо массовых познаний, достижений, имиджей, существующих на мировом пространстве», – свидетельствует Александр Тесленко [3]. Частично соглашаясь с данным высказыванием, рок-музыкант Владислав Яборов («Субкультура») все же полагает, что в Казахстане все-таки есть незначительная часть рок-коллективов, творчество которых можно считать самобытным.

К примеру, фолк-рок, опирающийся на казахскую народную музыку. Яркий пример жанра – группы «Уркер» и «Улытау».

Таким образом, следует заметить, что несмотря на первоначально бурное развитие рок-музыки в Казахстане, на сегодня рок недостаточно развит в сравнении с другими музыкальными жанрами. Профессиональный уровень казахстанского рока оставляет желать лучшего (многие известные талантливые музыканты и поэты продолжают гастролировать, но не в Казахстане). При этом все же рок-музыка в Казахстане имеет своих верных поклонников и ценителей, поэтому есть возможности развивать этот музыкальный жанр.

Использованные источники:

1. Ожегов, С.И. Толковый словарь русского языка. / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова – М.: Издательство «Азъ», 1992.
2. Большой энциклопедический словарь. – М.: Наука, 2012. – [Электронный ресурс] vedu.ru/bigenctic
3. Тесленко А.Н. Музыкальные субкультуры в Казахстане. – [Электронный ресурс] teslenko.kz

Научный руководитель: магистр г.н., ст. преп. Коробкова Т.В.

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ШКОЛЬНИКОВ

Шарипова А.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

Казахстан – полиэтнокультурное и полилингвистическое государство, что открывает огромные возможности для осуществления целей и задач межкультурного обучения и развития у учащихся лингвокультурной компетенции. Школьник сумеет увидеть, что мир вокруг него разнообразный и неповторимый, а он – лишь маленькая частичка в тех событиях, которые происходят вокруг него и сверкают разными этнокультурными оттенками.

Необходимо учитывать, что формирование лингвокультурной компетенции формируется за становлением личности ученика, его готовностью коммуницировать, основываясь на принципах толерантности, кооперации и взаимоуважения.

Сама же лингвокультурная компетенция обладает довольно сложным и многоаспектным характером, что проявляется в ее интегративной сути и разных уровнях владения ее главными компонентами (например, разное представление о культуре, но не обладание коммуникативными умениями). Отсюда вытекает, что данная компетенция отличается своей «подвижностью», является естественным, с учетом быстрой стабилизации лингвокультурной компетенции в родном языке и не обладание иной компетенцией стабильных очертаний и форм. Наличие в сознании каждого человека своего собственного багажа, другими словами – своего личного представления о культуре и так или иначе противоположного ему иноязычного мира (другого образа сознания) опосредует диалогичность личности [1, с. 137].

Поэтому именно этот элемент выступает главным показателем развития личности и, как следствие, делает ее готовой принять участие в диалоге культур.

Постановка этого вопроса актуальна и свидетельствует о том, что диалог культур, по своей сути, происходит в сознании носителя той или иной культуры. Кроме того, родная культура способствует познанию не только другой, но и своей национальной культуры. Из всего вышеизложенного следует, что в процессе знакомства с чужой культурой ученик опирается на познавательные средства своей культуры. Эти средства используются с целью осознания чужой культуры, получения новых сведений о ней и для приобретения знаний о своей культуре, созданных при познании чужой культуры [2, с. 16].

В этом и заключается смысл формирования у школьников лингвокультурной компетенции как главной составляющей его способности к адекватному участию в межкультурной коммуникации. Характеризуя специфику предмета «Русский язык в школах с нерусским языком обучения», можно выделить основные подходы, которые определяют стратегию его преподавания, а именно формирования лингвокультурной компетенции учеников. Под подходом мы подразумеваем научно обоснованный выбор характера взаимного общения учителя и учащегося в ходе учебного процесса [3].

И.И.Халеева предполагает, что при осуществлении задач межкультурного образования и воспитания учеников, следует в лингвосоциокультурном плане учитывать два подхода: лингвоэкологический и интерлингвокультурный [4, с. 29].

Первый подход связан с формированием у школьников желания знать свой родной язык и культуру.

Второй подход — интерлингвокультурный — направлен на изучение и приобщение к обычаям и традициям мировой и русской культур.

При организации межкультурного обучения, направленного на формирование у учеников лингвокультурной компетенции, необходимо особо бережно относиться к родной лингвоэтнокультуре, т.к. то, как человек воспринимает чужую культуру, замечает ее особенности, всегда находит отражение в его толкованиях и понятиях через призму собственных лингвокультурных норм.

Наш культурный опыт обычно выступает отправной точкой для восприятия иной культуры. Осваивая новые лингвокультурные феномены, ученику предоставляются возможности восприятия мира самим собой, и данный процесс проявляется на фоне уже существующего культурного и языкового опыта, что, в то же время, может привести к неверным толкованиям и непониманию подобных феноменов.

При формировании у школьников лингвокультурной компетенции наиболее важным является знакомство с национальными реалиями, основными историческими событиями и мастерами литературы и искусства, их произведениями, со стандартными ситуациями общения, типичными для данной страны.

Для национально-культурного компонента свойственна коннотативная лексика. Коннотативная лексика — это лексемы с дополнительным символическим значением (от лат. *connotatio* — обозначение, то есть слова, имеющие созначение (добавочное значение).

Данная группа лексем отличается яркой национально-культурной особенностью, так как в разных культурах одно и то же слово может иметь разную символическую и коннотативную семантику.

Для любого языка, для любой культуры свойственно возникновение особых созначений — коннотаций, хотя возможны и совпадения коннотативных значений во многих языках: медведь — неуклюжий, лиса — хитрая, заяц — трусливый и др.

В основном содержание культурной коннотации обуславливают также компоненты словосочетаний с символическим прочтением. Коннотативная семантика кодифицируется в ассоциативных словарях.

Такое понятие, как культурно-коннотативная лексика - национальная окраска, принадлежащая к данному классу лексем, проявляется не в предметно-логической части их семантического значения, а в дополнительной, обычно эмоционально-экспрессивной информации.

К данной группе лексем относятся слова речевого этикета, так называемые «мелкие слова» (например, спасибо), а так же философские понятия. Особой культурной семантикой обладают и топонимистическая лексика (фитонимы, зоонимы, дендронимы, антропонимы), терминологическая лексика и имена личные.

Для носителей конкретного языка культурный компонент значения лексем непосредственно обнаруживается в текстах, в которых так или иначе, по тому или иному поводу сравниваются социально-исторические срезы эпох, сформировавшиеся стереотипы мышления, речевого поведения представителей различных общественных слоев, политических групп, профессий и т.п. Это обычно отражается в так называемых оценках речи, в более развернутом виде – в детализированных интерпретациях слов, в комментирующих контекстах. Культурный компонент семантики лексем особо проявляется при сравнении, столкновении мастером художественного текста социально-речевых характеристик персонажей.

Термин «реалия» в значении «языковая реалия», «реалия-слово» включает в себя разные экстралингвистические объекты либо социальные, политические или экономические процессы. По своим функциям и свойствам реалии близки к именам личным и терминам. Исследователи культурно-маркированных единиц не раз обращали внимание на то, что граница между реалиями и терминами довольно условна и динамична. В некоторых случаях очень сложно установить разницу между языковыми реалиями и терминами.

Реалии – уровень действительности. В трудах некоторых ученых культурно-маркированная лексика – реалии-слова, которые входят в отдельную группу безэквивалентной лексики.

Однако имеются кое-какие признаки, по которым можно установить отличия реалий от терминов. Термин «реалия» в семантике реалии-слова, в роли знака реалии-предмета и как элемент лексики этого языка, имеет в переводческой литературе большое распространение.

Отсутствие самого эквивалента, реалии в культуре народа, язык которого изучается, приводит к тому, что семантическая структура слова, включая его денотат и лексический фон, становится культурно-своеобразным. Так, реалии – довольно необычный и интересный лексический уровень языка.

На данный момент в научной литературе по лингвистике имеются разные классификации реалий по фонетическим, грамматическим, временным, семантическим и другим признакам.

На основе вышеизложенного, можно резюмировать, что помимо лексического и грамматического значений, лексема обладает лексическим фоном, т.е. определенными знаниями о реальности, культуре, традициях, скрывающихся за данной лексемой в сознании носителей языка.

Таким образом, наряду с традиционными, обыденными приемами изучения лексики требуется лингвокультурологическое толкование лексем, раскрытие национально-культурного компонента их семантики. Изучение лексики в национально-культурном плане предоставляет возможность

«проникнуть» в языковую картину мира другой лингвокультурной общности, погрузиться и понять национально-культурную специфику языковых средств.

К лингвокультурологическим единицам при формировании лингвокультурной компетенции можно отнести и устойчивые сочетания слов (лед тронулся, взять реванш и т. п.).

Использованная литература:

1. Ушакова Т.Н. Речь как когнитивный процесс и как средство общения // Когнитивная психология. – М.: Наука, 1986.
2. Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века // Язык и наука конца 20 века. – М.: Институт языкознания РАН, 1995. – С.239-320.
3. Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепции и технологии. – Волгоград: Перемена, 1994. – 152с.
4. Халеева И.И. «Лингвауни» – вклад в культуру мира // Лингвауни: материалы 3-й Междунар. конф. ЮНЕСКО/ Московский госуд. лингв. ун-т. – М., 2000. – С. 29 – 34.

Научный руководитель: к.п.н., доцент Куздыбаева А.А.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Шетей К.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Өмірдің әр алуан құбылысын, адамдар арасындағы тартыс, қарым-қатынастарды көркемсөз өнері арқылы басқаларға жеткізу тілегі – ең алғаш рет өлеңмен жасалғандығы ақиқат.. [1]

Өтежан Нұрғалиев – XX ғасырдың 60 жылдарынан қазақ поэзиясының шыңына өзінің ерекше қолтаңбасымен келген ақын. 1938 жылы 15 тамызда Байғанин ауданының Жарқамыс поселкесінде, «Ақжар» кеңшарында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қазақ өлеңіне тың өрнек, жана тыныс әкелген көрнекті қаламгер. Алғаш шығармалары сезімге толы жүректі тебіренерлік ой салса, одан әрі жазған туындылары қоғаммен үндесе отырып өз оқырмандарын тапқан.

Ақынның алғашқы кітабы «Менің махаббатым» (1962) деп аталып, осы жинағына енген өлеңдерінің өзі тосын мінезді, тың бояулы, ерекше ырғақты болмысымен өлеңсүйер халықтың ықыласына бөленді.. Бұдан кейінгі «Ақ нөсер»(1968 ж.), «Нөсерден кейін»(1969 ж.), “Кемпіркосақ”(1970 ж.), “Кәмелет”(1971 ж.), «Ай астында ақбоз үй» (1972 ж.), «Қайыңды тоғай»(1973 ж.), «Тыныштық»(1987 ж.), «Афина мектебі» (1987 ж.) кітаптары, «Соғыстың

соңғы жазы»(1977-1984 ж.ж.) атты балладалар жинағы қазақ әдебиетінің құнды қазынасына айналды.

Елуінші-алпысыншы жылдарда қазақ поэзиясы біршама дамыды. Ойы да айқын, сөзі де айқын Өтежан Нұрғалиев – «бүкіл табиғаты: жүрген жүрісі, мінез-құлық, қимыл-қарекеті, бүкіл болмысы тек поэзия үшін жаралған. Ақын қандай болады десе, ақын мынадай болады деп Өтежанды көрсетуге болады» - деп Мұқағали Мақатаев атап көрсеткен Өтежан Нұрғалиев болатын.

Ө.Нұрғалиев поэзиясының шоқтықты тұсының бірі – соғыс тақырыбы, соғыстың соңғы жылдарындағы ел ішінің өмірі, халықтың тұрмыс жағдайы.

Ақынның өлеңдерінде, негізінен образдылық басым. Өтежанның барша өлеңі ассоциацияларға, жарыстырма салыстырулардан құралып қана қоймай, аралық дәуірдегі тілдік колорит молырақ сезіледі. Ақынның жеке көңіл күйі, табиғат, махаббат лирикалары оқырман жүрегіне жылы қабылданады. «Өтежан ізденіс үстіндегі ақын. Оның ұзақ жылдардағы үнсіздігі ақынға тән суреткерлік ерекшелігін ұштай түседі деген сенімдеміз. Онсыз да ауқымды сезім, бай сурет иесі Өтежан қазақ поэзиясының тұлғалы ақындарының қатарынан саналады» - дейді ғалым Б.Кәрібаева [1,79-б.].

Өтежан ақынның бүгінгі жайлы толғауынан өркеш-өркеш замана шегіне сәт сайын алмасып жатқандай. Тағы бір талантты ақынымыз Қуандық Шаңғытбаев «Ақынның асқақ жырын ғажайып ғұлама жылдардың шежірелі беттерінде сөйлем тұрған сырға балап, осынау сыр жылдар парағы аударылғанда жабылып кетуі мүмкін екенін тыңнан тауып айту арқылы өлімнің өзін сылқым образға айналдырған» [3, 67б.].

Өтежани Нұрғалиев – қазақ әдебиетімен бірге жасасып келген ақындарымыздың бірі. Ол поэзия саласында өндіре жазып өз өнерін танытқан, өзіндік өрнегі мен айшығын жасаған бірегей тұлға. Тобық Жармағамбетовтің «Қазақ әдебиетінде мұндай ұлттық бояуымен поэзияны әбден меңгерген Қасымнан кейінгі ірі құбылыс»[4, 58-б] - деп әділ баға беруі де жайдан жай емес.

Ақын Өтежан Нұрғалиев поэзиясында лиро-эпикалық жанр балладалардың да үлгілері бар. Махаббат лирикасына арналған алғашқы кітаптарынан соң прозамен поэзияның ажыратусыз деңгейге жеткізген «Соғыстың соңғы жазы» циклына бірнеше кітап шығарады. Бұл өте көлемді, форма жағынан жыр, дастан, эпопеясына талпыныс жасаған ақынның жаңа бір қадамы еді. Осы қадамнан бастап ақын қазақ түсінігіне жат құбылыс ретінде көріне бастайды. Соғыстан кейінгі кезеңді қазақ өмірінің тек жетім мен жесір, ластық пен кедейлік, аштық пен қастықтан тұратынын бейнелеген. Мұндай шындықты сол кездегі идеология мүлде көтермеді. Ақынның ойынша тығырықтан шығаратын бір-ақ жол бар, ол – шындық жолы. Шындықтың жолы ықылым заманнан бері ауыр екенін дәлелді тұжырымдармен жеткізген даналарымыз жетерлік. Ол үшін бұрынғы қаз-қалпында қайталай беруден гөрі жаңаша үрдіс жасауға талпынған тиімдірек. Соғыс тақырыбы – қазақ лирикасында маңызға ие тақырып, өзектілігін әлі күнге жоймай келе жатқан, тамыры тереңге кеткен тақырыптардың бірі. Бұл тақырып Ө.Нұрғалиев лирикасында жоғары сипат

алып, сыпайы бітім-болмысқа және эстетикалық мәні мол туындылары болып қалыптасты. Бұл шығармада сол кездегі тұтас бір өмірдің, бүтін бір дәуірдің, қиын да қытымыр уақыттың әлеуметтік шындыққа толы суреттерін бейнелеген. Соғыс тақырыбында жарық көрген шығармаларының бас кейіпкері – ақынның өзі. Ақын шындықтан жаралған өз болмысын ел тағдырымен тұтастыра білді. Шығармадан жаңашылдық пен ақиқатты, боямасыз шындықты іздеген жан, ол ояу жан. Ақынның әр туындысы, боямасыз шындыққа толы.

Ө.Нұрғалиев лирикасында ізденіс мол, тақырыптары ауқымды, көзқарасы айқын, шығармашылығында шындыққа табан тіреу басым, жыр жолдарында халқына адалдық, туған өлкеге сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттері айқын көрінеді. Ақынның өлеңдері оқырманын отанына, халқына деген махаббатын арттырып, тәлім-тәрбиелік қасиетке тәрбиелейтін боямасыз қалпымен келешек ұрпаққа өнеге.

Зерттеу жұмысының мәні – ақынның «Соғыстың соңғы жазы» шығармасына енген өлеңдері, соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыртпалық, балалықсыз өткен сәби шақ, қиын кезеңдегі тұрмыс тауқыметіне мойымаған адамдар бойындағы жігер, қажыр, содан қуат алып тасыған жасампаздық, достық, махаббат, ізгілік сезімдері бедерлі тіл, бейнелі образдар арқылы боямасыз өрнектелген заман шындығы [7].

Бітім-болмысы өмірде де өлеңде де өзгелерден қой ішіндегі құлжадай бөлек көрінетін Өтағаң ерекше киінетін мәнерімен де, таудан жаңа түскен альпинске ұқсап жалпы сырт келбетімен де өзгешеленеіп, кейде қайшылықты, кейде аяқ астынан тапқыр ой айтып тастайтын шабыт иесі [8].

Ө.Нұрғалиев өлеңдеріндегі негізгі тақырыптарға санамалап тоқталатын болсақ:

Біріншіден, Ө.Нұрғалиев поэзиясында ақынның Туған жеріне, еліне, халқына деген сүйіспеншілігін көруге болады.

Екіншіден, Ө.Нұрғалиев кез келген құбылысты үстірт суреттемеген, көз жеткізіп, сана биігіне шолып, жүрек пернесінен шығара білген.

Үшіншіден, ақындық өнер табиғатынан дарыған тәрізді, дархан даланың тамашасын шынайы әрі көркем суреттей білген.

Төртіншіден, Ө.Нұрғалиевтің өр өлеңдері сол заманның шындығын анық жеткізген.

Бесіншіден, Ө.Нұрғалиев жырлары - қазақ поэзиясының асқар шыңында, шынайылығымен дараланатын өміршең туынды.

Талантты ақын Ө.Нұрғалиевтың «Соғыстың соңғы жазы» деп аталатын балладалар жинағы – сонау соғыс жылдарындағы бір ауылдың өмір суреті сияқты. Егер ол суретші болса да дәл осы оқиғаларды бейнелер еді. Өйткені өзі көрген, көзі көрген, көңілінің түкпірінде қарайып қалған қаяулы жылдар суреті өткенді еске түсіре береді. Бір ауылдың, бір ауыл адамдарының, бәрінен бұрын нанға, киімге, қағазға, қарындашқа телмеңдей қараған қаршадай баланың қатал тағдыры – көз алдыңызға келеді. Бұл оқиғалар бір ауылда, Байғанин ауылында, болғаны ақиқат, бірақ ол бүкіл бір кезеңге, бүкіл елге тән, ортақ тағдыр. Бала жүрегінде қалған қатал кек арада 30 жылдан астам уақыт өтсе де, азамат ақын

жанын сыздата береді, кеудесіне сыймай, көкейіне лықсып келіп, ақыры, айтылып тынады. Бұл жырларды оқығанда сол соғысқа қарсы бар даусымен айғайлаған бала даусы құлағымызға келеді [5].

Көркем шығарма, яғни мұра (мәтін) неғұрлым ұзақ жасаса, яки автор мен қабылдаушы арасын бөліп тұрған уақыт өлшемі молайған сайын өз кезегімен адресаттар да ауысып отырады. Ал адресаттардың ауысуы – мәтінді басқаша қабылдауға әкеледі, бұл – жаңарған мәтін пайда болғандығының белгісі. Көркем мәтін жазылған (айтылған) уақыттың әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстері мәтінде сақталатын кілт (код) ретінде тілдік тұлғаның ұлттық ғалам бейнесін танытатын тіл бірліктерін, әсіресе «ертеден сақталған мәдени ақпараттардың (бұл ақпараттар мәдени сема, мәдени концепт, мәдени коннотация, мәдени стереотиптер түрінде сақталады) мәнін» [3, б. 11] анықтауға мүмкіндік беретін Ө.Нұрғалиев шығармаларындағы тілдік мағыналардағы лингвомәдени бірліктерді танимыз. Біздің мақаламызда ұлттық болмысты танытатын тіл бірліктері мағыналарының прагматикалық мәні ұлттың дәстүрі, салт-жоралғысы, тарихы, өзіндік ерекшеліктері туралы ақпараттың бейнеленуінен көрінеді.

Мысалы: Алғашқы сөз-қиын сөз, таптырмайтын,
Сыншы болса тыңдаушың-жақтырмайтын.
Келесі сөз-жай ғана келелі сөз
Қиын жерде бәйгеге шаптырмайтын. [5, 3 б.]

Бәйгеге шабу лингвомәдени бірлігіне тоқталар болсақ, сөздің, тілдің құдіретін бәйгедей жылдамдыққа теңеп тұрғанын көруге болады.

Бәйге - ұлттық спорт ойындарының бір түрі [6, 221 б.]

“Бәйгеге шаптырмайтын” тіркесі арқылы адресанттың ойына сөздің қасиетін байқатады.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындайтын лингвомәдени бірліктерді анықтау оңай емес. Себебі кейбір сөздердің мағыналық құрылымында лингвомәдени компоненттер ашық кездесе, енді біреулерінде мәдени ақпараттар мағына тасасында қалады.

Есігі ашық Өмір деген дүкеннен
Әлі талай *сыбағаны* күтем мен.
Тұңғыш рет ащы сөзді үйренгем
Моп-момақан бота менен тікеннен [5, 21 б.]

Сыбаға тілдік бірлігінің мағынасын түсіндіру үшін ақын дүниеден көп нәрсе күтетінін баяндаған.

Сыбаға – құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған мәделі ет мүшелері, тағам [6, 122 б.].

Келіншегі құйып қойған сүгірет,
Әбіл оның саусағында жүгіред...
Тілсізгеде тіл бітіген дүние-ай,
Әйелдердің бойындағы құдірет [5, 86 б.].

Ақын осы бір шумағы арқылы керемет дүниені жеткізе білді.

Келіншек – ауылға жаңа түскен келін, жас әйел [6, 485 б.].

Сонымен қатар, келіншек сөзімен үндесіп жатқан, *қалыңдық* сөзінің тілдік бірлігінің мағынасында айта кетуге болады. Көңілімде көп болған соң тапшылық,

Түс көргенде-көретінім-жақсылық,
Қалыңдыққа бара жатам түсімде
Омырауыма қызыл гүлді жапсырып.

Қалыңдық – тұрмысқа шығатын бойжеткен, дәстүрлі қазақ қоғамында-айттырылған қыз [6, 509 б.].

Суреттерді өткен күннің көлбеңдеп,
Шақырып жүр кетейік деп елден кеп.
Мамам марқұм алай рет айтып ед:

“Өз еліңде ақ сақалды шал бол!” – деп.

“Өз еліңде ақ сақалды шал бол!” – бата, ниет ретінде айтылған.

Бата, бата беру- адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұттық дәстүрі [7, 178б.].

Осы секілді халқымыздың ұлттық салт-дәстүр, сана-сезімінен автор біршама хабар береді. Қазақ халқы үшін ежелден тұрмыс-салт, әдет-ғұрып маңызды рол атқаратыны анық.

Ө. Нұрғалиев поэзиясында тілімізде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымыздың мұрасы, тәжірибесі, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрініс тапқан. Халқымыздың дүниетанымынан, тұрмыс-тіршілігінен мол ақпарат беретін, тағылымдық – танымдық мәні зор, парасатты ойлар мен өнегеге толы, ұлттық болмысты айрықша көрсететін жоғарыда келтірілген мысалдар – мәдениетті танудың негізі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы, 2. 1988. – 346 б.
3. Нұрғалиев Ө. Таңдамалы. Өлеңдер. – Алматы, 1977. – 236б. 6-132б
4. Шаңғытбаев Қ. Таңдамалары. - Алматы, 1987. – 229 б.
5. Мектеп-тегі А. Байғанин мен үшін - Скифия, мен – Еврипидпін.
6. /<https://abai.kz/post/77819>.
7. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. – Алматы, 2015. – Т.2. – 288 б.
8. Қазақ энциклопедиясы

Ғылыми жетекші: PhD, доцент Кушкимбаева А.С.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН РУХАНИ ҮНДЕСТІК

Шыманова Г.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ежелгі тарихымыз бен дәстүрімізді, дініміз бен тілімізді ұмыттырмай бүгінгі ұрпаққа жалғастырып отырған көркем сөз, халық әдебиеті екені белгілі. Жалпы алғанда халқымыздың көркем сөз өнерінің даму жолы ұзақ та күрделі. Бірде жырау, бірде ақын аталып келген жеке өнер иесінің ауыз әдебиетінен бөлініп шығу процесі бірнеше ғасырға созылды. Алғашқы ақын-жыраулар XIV-XV ғасырлардан бастап көрінсе де, олар ұзақ уақыт бойы ауыз әдебиеті аясында еңбектеніп, өз туындыларын сол арнада жасады, көбінесе үлкен бір оқиғалар мен тарихи адамдар төңірегінде толғанудан әрі бара алмады. Соның нәтижесінде көркемдік қуаты өзгеше күшті, ескірмес, өшпес сөз туғызған немесе сөз өнерімен бірге, ірі қимыл-әрекетімен халық жадында сақталған бірен-сараңынан басқасы сол алыс заманның өзінде ұмыт болып, азды-көпті шығармалары ауыз әдебиеті сияқты телегей теңіз коллективтік көркемдік дүниесіне сіңіп кетіп отырды [1].

Ұлы ақын – қашан да халықпен, қоғаммен бірге, бөлінбес, біртұтас құбылыс. Сондықтан қоғам өмірінің терең қатпарларында жүріп жатқан күрделі процестер, қозғалыс пен тың тенденция ақынның жан дүниесінде де жүріп жататыны белгілі. Барша халықты аузына қарата білген адуынды ақын – табиғаттың құдіретті құбылысы. Ол өз тыңдаушысын бірде қыран-топан күлкіге қарық қылса, артынша ел еңсесін басқан ауыр азаптың сырына қанықтырып, жұртты қатты ойландырып тастайды. Ақын-жыраулар қашан да игілік жолды көздеп, қашан да адалдыққа ұмтылған, ақиқатты айта білген тарихи тұлғалар қауымы. Олардан қалған жыр-дастандарға қарап, жыраулар поэзиясындағы түбі бір тектілікті, рухани адамдық пен патриоттық сезімді аңғаруға болады. Олар қай кезде болмасын елдің мұң-мұқтажы мен жердің дауын жырлап, адамгершілік қасиетті ұстанып келген. Мәселен Доспамбеттің мына бір толғауында кешегі ата-бабамыз басынан өткерген тарихи жағдай қаз қалпында берілген:

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз,
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусанда егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес,- деп табиғаты кең шеңберде адам тірлігімен бірлікте толғаса, жыраудың ұшқыр қиялына, терең ойына бір серпіліп аласыз.

Осы Доспамбет жыраудың туындысына үндес Т.Медетбектің «Құс жолы» атты толғау бар:

Туған жерді аңсап жүрек тілінер,
Жата алмаспын ондай кезде түнімен.
Сол бір кезде жұлдыздары шаңытқан,
Құс жолына түсіп алып жүгірем.
Шығамын да шырқау биік ұшып-ақ,
Жүгіремін Құс жолына түсіп ап.
Жол-жөнекей қолға қонған жұлдызды,
Көкірегіме қысып ап,
Жүгіремін құс жолына түсіп ап ...

Доспамбет жырау туған жері үшін шыбын жанын аямайтынын толғай келіп: «Бетегелі сары арқаның бойында соғысып өлген өкінбес» дейді. Жырауға туған жерден, өскен ортадан артық еш нәрсе жоқ. Ол қай толғауында болса да өз елі, өз жерімен бірлікте екенін, өз атамекенінен артық жер жоқ екенін жырлайды.

Т.Медетбек те өз Отанын, өз өскен өлкесін айрықша толғайды: «Туған жерді аңсап, жүрек тілінер, жата алмаспын ондай кезде түнімен», - десе, адам баласы үшін өз елі, өз жерінен артық дүние жоқ екені байқалады. Бұл жердегі басты нәрсе – кешегі заманда өткен жыраулар поэзиясындағы туған елге деген сүйіспеншілік, Отанға деген патриоттық сезім, ұлттық идея кейінгі заман ақындарына дейін өшпей жеткендігі [2].

